

## Қазақстан Республикасы Көлік кодексінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 қыркүйектегі N 927 Қаулысы

*Ескерту. Заңның жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2008.06.05. N 538 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасы Көлік кодексінің жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

### **Қазақстан Республикасының Көлік кодексі**

Осы Кодекс Қазақстан Республикасындағы көлік саласындағы қоғамдық қатынастардың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін реттейді.

## **ЖАЛПЫ БӨЛІМ**

### **1-Бөлім. Жалпы ережелер**

#### **1-тарау. Көліктік қызметтің негіздері**

#### **1-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

1. Көлік және коммуникациялар саласында пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) акт - тасымалдарды жүзеге асыру кезінде тікелей аралас тасымалдау операторының, тасымалдаушының, жөнелтушінің, алушының мүліктік жауапкершілігінен негіз бола алатын жағдайларды куәландыратын құжат (коммерциялық акт, жалпы нысандағы акт, өзге акт);

2) аялдама - көлік құралының қозғалысын 5 минутқа дейін және егер бұл көлік құралына жолаушыларды отырғызу мен (немесе) түсіру үшін және (немесе) жүк тиеу мен (немесе) түсіру үшін қажет болса одан артық уақытқа әдейі тоқтату;

3) арнайы көлік құралы - әртүрлі, негізінен көліктік емес жұмыстарды орындауға арналған көлік құралы;

4) әскери тасымалдар - темір жол, автомобиль, теңіз, ішкі су және әуе көліктерімен әскери бөлімшелерді, мекемелерді, әскери командаларды, жекелеген әскери жолаушылар мен әскери жүктерді тасымалдау;

5) әлеуметтік маңызды қатынастар - әлеуметтік маңыздылығын былайша анықталатын қатынастар:

а) облысаралықта - Қазақстан Республикасының Үкіметі;

б) облысшілік, қалалық және қаламаңындықта - облыстардың (республикалық

маңызы бар қалаларда, астанад) және аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) жергілікті өкілетті және атқарушы органдар;

6) багаж - Жолаушылар мен багаж тасымалы ережелеріне сәйкес буылып-түйілген және көлік құралының арнайы бейімделген бөлімшесінде және/немесе осы көлік құралы үшін белгіленген арнайы бейімделген көлікте тасымалданатын жолаушы мүлкі;

7) бақылаулық қарап тексеру - навигация кезеңінде инспекциялау кезінде кемеңі қ а р а п т е к с е р у ;

8) жүк - Жүк тасымалы ережелеріне сәйкес көліктің белгілі бір түрі үшін белгіленген көлік құралында тасымалданатын жолаушы мүлкі;

9) жүк жөнелтуші - оның атынан жүк жөнелту ресімделетін, тасымалдау құжаттарында көрсетілген жеке немесе заңды тұлға;

10) жүк алушы - тасымалдау құжаттарында көрсетілген және тасымалдау шарты негізінде немесе өзге заңды негіздерде жүкті алуға уәкілетті жеке немесе заңды тұлға;

11) жолаушылар мен багажды тапсырыстық тасымалдаулар жолаушыларды жұмыс, оқу орындарына немесе басқа мақсаттар үшін алдын ала келісілген маршруттар, қозғалыс кестелері бойынша немесе жолаушыларды тиеу мен түсірудің бастапқы және соңғы пункттері белгіленген белгілі бір аралықта тасымалдау шартының негізінде тасымалдаушылар жүзеге асыратын жолаушылардың жекелеген топтарын тасымалдау;

12) жолаушы - тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша нысанда тасымалдау ш а р т ы н ж а с а с қ а н ж е к е т ұ л ғ а ;

13) жалпы қолданыстағы жолаушылар тасымалы - әлеуметтік мұқтаждықтар үшін арналған көлік құралымен жолаушыларды, багажды (жүк-багажды) тұрақты т а с ы м а л д а у ;

14) жылжымалы құрам - жолаушыларды, багажды, жүкті, жүк-багажды және почталық жөнелтілімдерді тасымалдауға арналған тартқыш, өздігінен жүретін және өзге м е х а н и к а л ы қ қ ұ р а л д а р ;

15) жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдау - тасымалдаушылар алдын ала келісілген жол жүру маршруттары, бастапқы және соңғы пункттері, жолаушылар отырғызу және түсіру пункттері белгіленген қозғалыс кестелері бойынша жүзеге а с ы р а т ы н т а с ы м а л д а р ;

16) жүктерді арнайы тасымалдау - мемлекет қажеттеріне арналған жүктерді т а с ы м а л д а у ;

17) жалпы қолданыстағы көлік - жария шарт негізінде, яғни кез келген жеке немесе заңды тұлғаның өтініші бойынша реттелетін немесе хабарланған тарифтер бойынша жолаушыларды, багажды (жүк-багажды), жүктерді тасымалдауды орындау үшін п а й д а л а н ы л а т ы н к ө л і к ;

18) жолаушылар мен багажды туристік тасымалдау - алдын ала келісілген жол жүру маршруты бойынша туристік жолдамалары бар белгілі бір адамдар тобын тасымалдау

үшін туристік фирмалармен келісім бойынша тасымалдаушылар жүзеге асыратын т а с ы м а л д а р ;

19) жалдау ақысы (фрахт) - жалдау шарты бойынша алынатын ақы;

20) жалдаушы (фрахователь) - бір немесе бірнеше рейсте жолаушыларды, багажды (жүк-багажды), жүкті және почталық жөнелтілімдерді тасымалдау үшін бір немесе бірнеше көлік құралының толық сыйымдылығын немесе сыйымдылығының бір бөлігін ақысын алып жалға беруге тасымалдаушымен жалдау шартын (чартер) жасасқан жеке н е м е с е з а ң д ы т ұ л ғ а ;

21) жалданушы (фраховщик) - бір немесе бірнеше рейсте жолаушыларды, багажды (жүк-багажды), жүкті және почталық жөнелтілімдерді тасымалдау үшін бір немесе бірнеше көлік құралының толық сыйымдылығын немесе сыйымдылығының бір бөлігін ақысын алып екінші жаққа беруге жалдау шартын (чартер) жасасқан жеке немесе заңды т ұ л ғ а ;

22) жолаушылар мен багажды экскурсиялық тасымалдау - алдын ала келісілген маршруттар бойынша жергілікті жердің көрікті орындарымен таныстыру үшін жеткізу мақсатында жолаушылардың белгілі бір тобын тасымалдауды тасымалдаушылар жүзеге а с ы р а т ы н т а с ы м а л д а р ;

23) инспекциялау - адамдардың өмірінің қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғауды және көлік қызметін қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасының көлік заңнамасының, Қазақстан Республикасы көлік және коммуникациялар саласындағы халықаралық шарттарының талаптарының сақталуын тексеру;

24) коносамент - тасымалдаушы жөнелтушіге беретін және жүктің тасымалдауға қабылданғанын к у ә л а н д ы р а т ы н к ұ ж а т ;

25) клиент - шарттық негізде көлікті және (немесе) көлік инфрақұрылымы объектісін пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;

26) контейнер - жүктерді тасымалдауға арналған көп рет пайдаланылатын әмбебап көлік жабдығы;

27) көлік және коммуникациялар саласындағы бақылау - жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасын сақтауларын тексеру мақсатында уәкілетті орган өзінің шегінде жүргізетін іс-шаралардың ж и ы н т ы ғ ы ;

28) куәландыру - арнайы аспаптар мен құрал саймандарды пайдалану жолымен көлік құралын оның Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға , соның ішінде техникалық регламенттерге сәйкестігін тексеру;

29) көлік - темір жол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе, қалалық электр, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан магистральдық құбыр көлігі;

30) көлік коммуникациялары (бұдан әрі - коммуникациялар) - автомобиль жолдарының, әуе жолдарының, темір жол, теңіз және ішкі су жолдарының, жол айырымдары мен жол өткелдерінің жиынтығы;

31) көлік инфрақұрылымы - көлік коммуникацияларының, порттардың және жағалық құрылыстардың, көлік құралдарына, жолаушыларға, жүктерге (жүк-багажға) қызмет көрсету объектілерінің, көліктің жұмысын және вокзалдардың, станциялардың, қойма жайлары мен аумақтарының, санитарлық-қорғау және күзет аймақтарының, сондай-ақ аталған объектілерге бекітілген жерлердің ондағы жылжымайтын мүлік объектілерінің, мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің ғимараттары мен құрылыстарының, қалалық электр көлігі электр желілерінің функционалдық қызметін инженерлік қамтамасыз етудің жиынтығы;

32) көлік жүкқағазы - жүктерді тасымалдау кезінде ресімделетін тасымалдау құжаттары;

33) көлік ұйымы - жолаушыларды, багажды (жүк-багажды), жүктерді және почталық жөнелтілімдерді тасымалдау және қызмет көрсету, көлік құралдарын сақтау, техникалық қызмет көрсету және жөндеуді жүзеге асыру жөніндегі шаруашылық-коммерциялық қызметпен айналысатын заңды тұлға;

34) көлік құралы - қандай да бір көліктің жылжымалы құрамының бірлігі;

35) көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - көлік саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын, көлік қызметіне мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

36) қозғалыс қауіпсіздігі - азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, қоршаған ортаны күзетуге, тасымалдау процесіне қатысушылардың авариясыз жұмысына, көлік құралдары мен көлік инфрақұрылымын ақаусыз күтіп ұстауға бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешені;

37) қарап тексеру - уәкілетті органның объектіні оның қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеруі;

38) қауіпті жүк - өзіне тән қасиеттеріне қарай тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу және сақтау кезінде техникалық құралдардың, қондырғылардың, ғимараттар мен құрылыстардың жарылысына, өртенуіне немесе зақымдануына, сондай-ақ адамдардың, жануарлардың мерт болуына, жарақаттануына немесе ауыруына, қоршаған ортаға зиян келтіруге себеп болуы мүмкін жүк;

39) қатынас - жөнелтетін және баратын пункттері арасында жолаушыларды, багажды (жүк-багажды), жүктерді және почталық жөнелтілімдерді көлік құралымен тасымалдау, оның мына түрлері:

а) халықаралық - Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасында және (немесе) Қазақстан Республикасы арқылы транзитпен тасымалдау;

б) облысаралық - Қазақстан Республикасының әртүрлі облыстарында орналасқан жөнелтетін және баратын пункттері арасындағы тасымалдау;

в) облысшілік - бір облыстың шегіндегі елді мекендер арасындағы тасымалдау;

г) қалалық - қала (аудан) шегіндегі тасымалдау;  
д) қаламаңындық - қаламаңындық аймақтағы тасымалдау;  
е) тікелей аралас қатынас - бірыңғай көлік құжаты бойынша әртүрлі көлік түрімен т а с ы м а л д а у ;

40) қол жүгі - салмақ және көлем өлшемдері Көліктің осы түрімен жолаушылар және багаж тасымалдау ережелерінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін, жолаушының көлік құралында тасымалдайтын жеке заттары;

41) литерлік мәртебе - күзетілетін тұлғаларды тасымалдау кезінде әуе, темір жол, теңіз, ішкі су көлігі құралдарына, сондай-ақ олардың жүру маршруттарына (рейстеріне) б е р і л е т і н м ә р т е б е ;

42) маршрут - тасымалдауды ұйымдастыру процесінде белгіленген жөнелтетін және баратын пункттері арасындағы көлік құралының жүру жолы;

43) мамандандырылған көлік құралы - жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға а р н а л ғ а н к ө л і к қ ұ р а л ы ;

44) отандық тасымалдаушы - Қазақстан Республикасында тіркелген, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тасымалдауға рұқсат етілген тасымалдаушы;

45) орталықтандырылған диспетчерлік сүйемелдеу - жолаушыларды, багажды, жүкті (жүк-багажды) тасымалдау сапасына бақылау жасаудың орындалуын қамтамасыз е т у ж ө н і н д е г і ш а р а л а р к е ш е н і ;

46) рейс - белгілі бір уақыт аралығында географиялық пункттер немесе аудандар арасында жолаушыларды, багажды (жүк-багажды) тасымалдаудың көліктік процесі;

47) тасымалдау - көліктің сәйкес түрімен жолаушыларды, багажды тасымалдау жөніндегі жеке және заңды тұлғалардың қызметі;

48) тасымалдау процесі - тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде орындалатын ұйымдастырушылық және технологиялық тұрғыдан өзара байланысты іс-әрекеттер мен о п е р а ц и я л а р ж и ы н т ы ғ ы ;

49) тасымалдау құжаттары - ресімделуі арқылы тасымалдау шарттары жасалатын құжаттар (жол жүру құжаттары (билет, жолдама), багаж бен жүк-багаж квитанциясы, темір жол көлігі және тауарлық-көліктік жүкқұжаттары, жол парағы, теңіз жол парағы, коносамент және чартер, тікелей аралас тасымалдау құжаты);

50) тасымалдаушы - меншік құқығымен немесе өзге заңды негіздерде көлік құралын иеленуші және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тасымалдарды жүзеге асыруға құқығы бар жеке немесе заңды тұлға;

51) тасымалдау ережелері - тасымалдауды жүзеге асыру кезінде және барлық тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара іс-әрекетін реттейтін нормативтік қ ұ қ ы қ т ы қ а к т і л е р ;

52) тіркеме - қозғалтқышпен жабдықталмаған және механикалық көлік құралымен құрамда қозғалысқа арналған көлік құралы. Термин сондай-ақ жартылай тіркеме мен тіркеме-ұзартылмаға да т а р а ы д ы ;

53) тексеру - осы Кодекске сәйкес көлік және коммуникациялар саласында бақылау функцияларын жүзеге асыратын органдардың Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасын шаруашылық жүргізуші субъектілердің сақтауларын анықтау мақсатында жасайтын іс-әрекеті;

54) тез бұзылатын багаж (жүк-багаж), жүк - жарамдылық мерзімі шектеулі және тасымалдау мен сақтаудың ерекше жағдайын талап ететін багаж (жүк-багаж), жүк;

55) тасымалдануға болатын мерзім - без бүлінетін багаждың (жүк-багаждың), жүктің сертификатта (сапалық куәлікте) көрсетілген деректер негізінде алынып, жолда болуының барынша шекті мерзімі;

56) техникалық пайдалану - көлік құралдарын қауіпсіз пайдалануды ұйымдастыру мен қамтамасыз етуге бағытталған техникалық әсер ету (диагностикалау, техникалық қызмет көрсету жөндеу) іс-шараларының кешені;

57) тасымалдау - багажды (жүк-багажды), жүктерді жөнелту пунктінен жеткізу пунктіне орын ауыстыру мақсатында орындалатын тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара байланысты іс-әрекеттерінің жиынтығы;

58) тасымалдау процесіне қатысушылар - тасымалдау процесінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы тұлғалар;

59) Ұлттық тасымалдаушы - мәртебесін Қазақстан Республикасының Үкіметін анықтайтын, арнайы және әскери жүктерді тасымалдауды орындайтын және жылжымалы құраммен жолаушыларды, багажды (жүк-багажды), жүктерді және почталық жөнелтімдерді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін тасымалдаушы;

60) халықаралық тұрақты емес тасымалдар - халықаралық қатынаста тасымалдаудың бастапқы және соңғы пункттері арасындағы аралық пункттерде жолаушыларды отырғызбай жүзеге асырылатын бір реттік сипаттағы тасымалдар;

61) экспедитор - тасымалдау құжаттарында көліктік экспедиция шарты негізінде тасымалдың төлеушісі ретінде көрсетілуі мүмкін, жүк тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсетуші тұлға.

2. Автомобиль көлігі саласында пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) автобус - жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден аса отыратын орны бар, жолаушылар мен багаж тасымалына арналған автокөлік құралы;

2) айрықша маңызды автомобиль - күзетілетін тұлғаны тасымалдауға арналған автокөлік құралы;

3) автомобиль көлігі - негізгі қызмет аясы автокөлік құралдары мен автомобиль жолдарын пайдалана отырып, жолаушылар, багаж, жүктер мен почта тасымалын ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылатын көлік түрі;

4) автомобиль көлігі құралы (бұдан әрі - автокөлік құралы) - автобустар, жеңіл және жүк автомобильдері, автомобиль тіркемелері, ершікті тартқыштарға жартылай тіркемелер, сондай-ақ арнайы бейімделген автомобильдер және арнаулы

автомобильдер кіретін автомобиль көлігі жылжымалы құрамының бірлігі;

5) автомобиль жолдары - көлік құралдарының белгіленген жылдамдықпен, жүктемелермен, көлемдермен үздіксіз, қауіпсіз жүрісін қамтамасыз ететін, олардың жүрісіне арналған инженерлік құрылыстар кешені, сондай-ақ осы кешенді орналастыру үшін берілген жер учаскелері (көлік жерлері) және олардың үстіндегі белгіленген көлем шегіндегі әуе кеңістігі;

б) ақылы автомобиль жолдары - жоғары, қауіпсіз жылдамдықты қамтамасыз ететін, пайдаланылғаны үшін ақы алынатын жоғары сапалы автомобиль жолдары, бұл ретте сапасы техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген мемлекеттік стандарттардың талаптарына сай келетін тегін жүретін басқа балама жол міндетті түрде болуға тиіс;

7) автомобиль жолының ұзындығы - километрлік белгілер бойынша нақты (жергілікті жерде) көрсетілген, объектілердің немесе елді мекендердің арасындағы жолдың нақты ұзындығы;

8) арнайы трасса - ол бойынша күзетілетін тұлғаны тасымалдау жүзеге асырылатын автомобиль жолына, оған жапсарлас аумаққа, су айдынына және оның үстіндегі әуе кеңістігіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен берілетін мәртебе;

9) автомобиль жолдарын басқарушылар - автомобиль жолдарының меншік иелері болып табылатын немесе автомобиль жолдарын шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығымен басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

10) автомобиль жолдарын пайдаланушылар - жол қозғалысына қатысушылар болып табылатын немесе автомобиль жолдарына бөлінген белдеу мен жол бойындағы белдеу шегінде өзге де қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

11) микроавтобус - автобус особо малого класса, имеющий не более шестнадцати мест для сидения, исключая место водителя, предусмотренных заводом-изготовителем;

12) жол қызметі - автомобиль жолдарын және олардағы құрылыстарды жобалау, салу, реконструкциялау және жөндеу, сондай-ақ оларды күтіп ұстау мен пайдалану жөніндегі қызмет;

13) жеңіл автомобиль - жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауға арналған және жүргізушінің орнын қоспағанда, отыратын орны сегізден аспайтын автокөлік құралы;

14) жолға бөлінген белдеу - автомобиль жолдары алып жатқан, автомобиль жолының тиісті құрастырмалы элементтері мен инженерлік құрылыстарын, сондай-ақ оларды пайдалану үшін қажетті ғимараттарды, құрылыстарды, қорғаныштық және әсемдік ағаштарын отырғызу және жол байланысы құрылғыларын орналастыруға арналған жерлер;

15) жол бойындағы белдеу - көлік қозғалысының және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шекарасында жер пайдаланудың ерекше шарттары белгіленетін, автомобиль жолдарына бөлінген белдеуге жалғасып жатқан жер учаскелері;

16) жолдама парақ - автокөлік құралының жұмысын есепке алуға арналған, тасымалдаушы автокөлік құралының жүргізушісіне беретін тасымалдау құжаты;

17) жол қызметін басқару - автомобиль жолдарындағы жүрісті ұйымдастыруға және қауіпсіздік пен қолайлылықты қамтамасыз етуге, автомобиль жолдары мен құрылыстардың көліктік-пайдалану жай-күйін арттыруға, оларды қорғау тәртібін қамтамасыз етуге, техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген мемлекеттік стандарттар мен озық технологияларды енгізу негізінде автомобиль жолдарын жобалауды, салуды, қайта жаңартуды, жөндеуді, күтіп ұстауды және пайдалануды ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар кешені;

18) такси тасымалдары - орталықтандырылған диспетчерлік сүйемелдеуі бар және автомобиль көлігімен жолаушылар және багаж тасымалдау ережелеріне сәйкес жабдықталған, жолаушыларды және багажды тасымалдауға арналған жеңіл автомобиль ;

19) көше (көшенің көлік жүретін бөлігі) - қалалар немесе өзге де елді мекендер шекарасының шегіндегі автомобиль жолы.

3. Қалалық электр көлігі саласында пайдаланылатын негізгі ұғымдар:  
қалалық электр көлігі - қалалық қатынаста жолаушылар мен багажды тасымалдауға арналған электр көлігі (трамвай, троллейбус, метрополитен).

4. Темір жол көлігі саласында пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) вагон - темір жол жолдарымен тасымалдау үшін арналған өздігінен жүрмейтін т і р к е м е л і к ө л і к құ р а л ы ;

2) вагондар (контейнерлер) операторы - меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде вагондарға (контейнерлерге) иелік ететін және (немесе) тасымалдаушымен жасалған шарт негізінде аталған вагондарды (контейнерлерді) пайдалана отырып тасымалдау процесін жүзеге асыруға қатысушы және тасымалдау құжаттарында к ө р с е т і л г е н т ұ л ғ а ;

3) жүк-багаж - Жолаушылар мен багаж тасымалы ережелерімен көлік құралының белгілі бір түрі үшін белгіленген талаптарға сәйкес көлік құралының жолаушылар және почта-багаж бөлімшесінде тасымалдауға қабылданған мүлік;

4) жүк жөнелтілімі - бір көлік жүкқұжатымен тасымалдауға ұсынылатын жүк п а р т и я с ы ;

5) жалпы қолданыстағы кірме жолдар - тасымалдау процесіне қатысушыларға тиесілі және тасымалдау ережелеріне сәйкес багажды (жүк-багажды), жүктерді тиеу ( түсіру) жөніндегі операцияларды орындау үшін пайдаланылатын темір жол станциясының аумағында да және одан тысқары жерлерде де арнайы бөлінетін темір ж о л д а р ;



6) контрагент - меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде рельс жанындағы қоймаларға, жүктерді сақтауға арналған алаңдарға, тиеу-түсіру механизмдеріне және (немесе) басқа тармақ иеленушінің кірме жолдарына жанасатын кірме жолдарға иелік етуші тұлға;

7) кірме жолдар - жүк жөнелтушілер мен жүк алушыларға қызмет көрсетуге арналған және магистральдық және (немесе) станциялық жолдарға тікелей немесе басқа кірме жолдар арқылы қосылатын жолдар;

8) кірме жолдардың көрсететін қызметтері - жылжымалы құрамның өтуі, маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларымен көзделмеген, жылжымалы құрамның аялдамасы үшін кірме жолдарды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтер;

9) локомотив тартымының операторы - меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тартымдық көлік құралына (локомотивке) иелік ететін, оның күтіп ұсталуын, пайдаланылуын қамтамасыз ететін және локомотив тартымының қызметін көрсететін тұлға;

10) локомотив тартымының көрсететін қызметтері - тартымдық көлік құралымен (локомотивпен) темір жолдармен жылжымалы құрамның орнын ауыстыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер;

11) магистральдық темір жол желісі - магистральдық және станциялық жолдарды, сондай-ақ олардың жұмыс істеуі үшін технологиялық қажетті электрмен жабдықтау, сигнализация, байланыс, құрылғылар, жабдықтар, ғимараттар, имараттар, құрылыстар және өзге де объектілерді қамтитын темір жол инфрақұрылымы;

12) магистральдық жолдар - Қазақстан Республикасының барлық аумағында жалпы қолданыстағы темір жол қозғалысының жұмыс істеуі және басқа мемлекеттермен темір жол қатынасын қамтамасыз ету үшін арналған темір жол станцияларын жалғастыратын темір жолдар;

13) магистральдық темір жол желісінің операторы - магистральдық темір жол желісінің қызметтерін көрсету және тасымалдау процесін басқару үшін мемлекет құрған ұйым;

14) магистральдық темір жол желісінің көрсететін қызметтері - магистральдық темір жол желісін пайдалануға беру және/немесе онымен жылжымалы құрамды өткізуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер;

15) станциялық жолдар - кірме жолдарды қоспағанда, темір жол станциясының шекарасындағы жолдар;

16) тармақ иеленуші - меншік құқығында немесе өзге заңды негізде темір жолдың кірме жолдарын иеленуші тұлға;

17) темір жол станциясы - магистральдық жолдарды учаскелерге бөлетін, қозғалысты реттеуді, өткізу қабілетін қамтамасыз ететін және поездарды қабылдау,

жөнелту, айырылысу, озу, жолаушыларға қызмет көрсету, багажды (жүк-багажды), жүкті және почта жөнелтілімдерін қабылдау, беру жөніндегі операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін пункт;

18) темір жолдар - жылжымалы құрамның жүруі іске асырылатын жылжымайтын мүлік объектілері (магистральдық, станциялық, кірме жолдар);

19) темір жол вокзалы - жолаушыларға қызмет көрсетуге арналған құрылыстар кешені;

20) темір жол көлігі - қызметінің негізгі саласы жолаушыларды, багажды (жүк-багажды), жүкті және почта жөнелтілімдерін темір жолдармен тасымалдауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру болып табылатын көлік түрі;

21) темір жол көлігінің қорғалатын аймақтары - тасымалдау қауіпсіздігін, темір жол көлігі құрылыстарының, құрылғыларының және басқа объектілерінің сақталуын, төзімділігі мен беріктігін қамтамасыз ету үшін қажетті жер учаскелері.

5. Әуе жол көлігі саласында пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) авиациялық техника - азаматтық әуе кемелері, олардың жабдығы, жинақтаушы бұйымдары, двигательдері, тренажерлері және азаматтық әуе кемелеріне жерде қызмет көрсету құралдары;

2) авиациялық қызмет көрсетулер - азаматтық авиацияның жолаушылардың, багаждың, жүктің және почтаның әуе тасымалдарын ұйымдастыру мен қамтамасыз етуге және авиациялық жұмыстарды орындауға байланысты қызмет көрсетулері;

3) авиациялық маршрут (авиамаршрут) - үстінде авиатасымалдар пункттері арасындағы әуе қатынасы жүзеге асырылатын жер бетінің географиялық сипаттамасы немесе географиялық сипаттамалар құрастырылымы;

4) авиация персоналы - авиациялық бағдардағы кәсіби даярлығы бар, ұшуды ұйымдастыру, әуе кемелерінің қозғалысын басқару, әуе кемелеріне қызмет көрсету, авиациялық жұмыстарды орындау жөніндегі, сондай-ақ тасымалдарды, ұшу қауіпсіздігін немесе авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке адамдар;

5) авиация қауіпсіздігі - ол авиация қызметіне заңсыз қол сұғу актілерінің алдын алу және оларды болдырмау арқылы қамтамасыз етілетін авиацияның қалыпты және қауіпсіз қызметі.

6) авариялық-құтқару жұмыстары - жапа шеккендерге дер кезінде көмек көрсетуге бағытталған шаралар жиынтығы;

7) авиакомпания - азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының қолданыстағы сертификаты және жолаушылардың, жүктің, багаж бен почта жөнелтілімдерінің әуе тасымалдарын және (немесе) авиациялық жұмыстарды орындауға лицензиясы бар заңды тұлға;

8) авиациялық жұмыстар - жеке шаруашылық салаларындағы (ауыл шаруашылығындағы, құрылыстағы, экспедициялар мен тағы басқаларға қызмет

көрсетудегі) тапсырыс берушілердің технологиялық және өндірістік процестерін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ эксперименттік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын, санитарлық және табиғатты қорғау шараларын жүргізу, халыққа медициналық көмек көрсету, табиғи зілзала, авариялар мен апаттар зардаптарын жою үшін авиация құралдарымен атқарылатын мамандандырылған операциялар;

9) авиациялық тосын оқиға - ұшуды орындау мақсатында әуе кемесі пайдаланылған кезде осы әуе кемесінің, оның экипажының, басқа авиация қызметкерлерінің қалыпты қызмет атқаруының бұзылуына байланысты немесе сыртқы жағдайлардың әсеріне байланысты туындаған, бірақ авиациялық уақиғаға әкеп соқтыра қоймаған оқиға.

10) авиациялық оқиғалар - ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатер төнген немесе нақты қатер төнуі мүмкін болған, сондай-ақ әуе көлігі субъектісінің әрекетінің (әрекетсіздігінің) күтілетін нәтижесінен нашар жағына қарай кез келген ауытқулар пайда болуы мүмкін әуе кемесін пайдаланумен байланысты оқиғалар;

11) авиациялық оқиға - әуе кемесі ұшуды орындау мақсатында пайдаланылған кезде осы әуе кемесінің, оның экипажының, басқа авиация қызметшілерінің қалыпты қызмет атқару жағдайының бұзылуына байланысты немесе сыртқы жағдайлардың әсеріне байланысты туындаған және адамдардың қаза табуына, елеулі зақымдарға, әуе кемесінің қирауына немесе мүлдем істен шығуына әкеп соқтыратын оқиға;

12) аэродром - әуе кемелерінің ұшып-көтерілуін, қонуын, рульдеуін, аялдауын және оларға қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету үшін арнайы әзірленіп, жабдықталған жер немесе учаскесі;

13) аэронавигациялық ұйым - әуе қозғалысына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, аэронавигациялық және метеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз ететін ұйым;

14) аэронавигациялық құрылғылар - әуе қозғалысына қызмет көрсету, ұшулар мен авиациялық электр байланысын радиотехникалық қамтамасыз ету жөніндегі құрылғылар, сондай-ақ әуе кемелері ұшуларының қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты телекоммуникациялар желісі мен инженерлік желілер;

15) апатқа ұшыраған әуе кемесі - ұшып көтерілген, қонған немесе құлаған кезде қатты зақымдалған болмаса толық қираған әуе кемесі, сондай-ақ амалсыздан аэродромнан тысқары жерге қонған әуе кемесі;

16) азаматтық әуе кемесі - азаматтық авиацияда пайдаланылатын және Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген әуе кемесі;

17) авиация қызметіне заңсыз қол сұғу - авиацияның қалыпты және қауіпсіз қызметіне қол сұғу арқылы адамдардың бақытсыз жағдайға ұшырауына, материалдық зиян шегуге, әуе кемесінің күшпен басып алынуына немесе қуылып кетуіне әкеп соқтыратын немесе осындай зардаптардың туындау қаупін төндіретін заңсыз әрекет немесе әрекетсіздік.

18) азаматтық авиация ұйымы - азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

19) айрықша маңызды ұшулар - бортында Қазақстан Республикасының күзетілетін тұлғалары бар әуе кемесінің ұшулары;

20) аса жеңіл авиация - ең үлкен массасы екі мың жеті жүз килограмнан аспайтын аса жеңіл ұшу аппараттарын, спорттық мақсаттағы және әуесқойлық конструкциядағы басқа да әуе кемелерін, аэростаттық аппараттар мен көмекші құрылғыларды пайдаланатын азаматтық авиация;

21) авиамаршрутқа арналған куәлік - авиациялық маршрутты пайдалану құқығына берілген құжат;

22) азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының сертификаты азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды сертификаттау ережелерінде белгіленген талаптарға пайдаланушының сәйкестігін куәландыратын, уәкілетті орган берген құжат;

23) аэродром жарамдылығының сертификаты - аэродромдарды пайдалану жарамдылығының нормаларына аэродромның сәйкестігін куәландыратын, уәкілетті орган берген құжат;

24) әуежай - әуе кемелерін қабылдау мен жөнелтуге, әуе тасымалдарына қызмет көрсетуге арналған және осы мақсаттар үшін аэродромы, аэровокзалы, басқадай ғимараттары, сондай-ақ қажетті жабдықтары бар құрылыстар кешені;

25) әуежай қызметі - заңды тұлғалар әуе тасымалдарын, әуежайларда авиациялық қауіпсіздік пен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты жүзеге асыратын қызмет;

26) әуе навигациясы - бағдарламалық траектория бойынша әуе кемесін ұшыру туралы қолданбалы ғылым;

27) әуе жолы - әуе кемелерінің ұшуына арналған және әуе қозғалысын басқару жүйесінің аэронавигациялық құрылғылармен бақыланатын дәліз түріндегі әуе кеңістігі;

28) әуе кемесі - жер (су) бетінен шағылысқан ауамен өзара әрекеттесуден өзгеше ауамен өзара әрекеттесу есебінен атмосферада қалықтайтын ұшу аппараты;

29) әуе көлігі - қызметінің негізгі саласы әуе кемелерімен жолаушыларды, багажды (жүк-багажды), жүкті және почта жөнелтілімдерін тасымалдау болып табылатын көлікті үрші;

30) әуежайдың бақыланатын аумағы - әуежайдың, аэродромның, ұшуды аэронавигациялық қамтамасыз ету объектілерінің жұмыс алаңы және кіруді авиациялық қауіпсіздік қызметі бақылайтын жанасып жатқан аумақ, қызметтік ғимараттар, құрылыстар, қоймалар;

31) әуе кемесінің ұшуы - ұшып көтерілу алдындағы зымыраудан (тік көтерілген кезде - жер немесе су бетінен ажыраудан) бастап зымырауының соңына (ұшып-кону алаңын аялдаусыз босатуына) дейінгі немесе тік қонған кезде жер (су) бетіне табан тірегенге дейінгі жер (су) бетімен және әуе кеңістігінде әуе кемесінің қозғалып жүруі;

32) әуе еркіндігі - халықаралық әуе тасымалдарына қатысты тұрақты тасымалдарға

бір мемлекет екінші мемлекетке немесе мемлекеттерге жолаушылар, багаж, жүк және почта тасымалдау үшін өз аумағында ұшу мен қонуды жүзеге асыруға беретін т а с ы м а л д а у қ ұ қ ы ғ ы ;

33) Біртұтас авиациялық іздестіру-құтқару қызметі (БАІҚҚ) иелігінде әуе кемелері бар мемлекеттік органдары мен авиакомпаниялардың авиациялық іздестіру және құтқару қызметтері, авиациялық-құтқару және парашюттік қызметтері;

34) дана сертификаты - Қазақстан Республикасында жасалған азаматтық әуе кемесі конструкциясының, сипаттамалары мен пайдалану-техникалық құжаттамасының Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін сертификаттау ережелерімен көзделген талаптарға сәйкестігін куәландыратын, уәкілетті орган берген құжат;

35) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі - Қазақстан Республикасының құрлықтық және сулы аумағының, соның ішінде оның аумақтық суларының үстіндегі ә у е к е ң і с т і г і ;

36) қатер төнген әуе кемесі - өзіне немесе оның бортындағы адамдарға тікелей қауіп төнген не онымен радиобайланысы үзілген және тұрған жері беймәлім әуе кемесі;

37) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімі - Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу жүргізілетін құжат;

38) навигациялық құралдар - ұшақты ұшыру мақсатында қажетті ақпарат алып отыруға мүмкіндік беретін арнайы техникалық құрылғылар;

39) навигациялық жүйелер - жұмыс істеу принциптері әр алуан бірнеше борттық құрылғылардың, сондай-ақ борттағы және жердегі жабдықтарды бірлесе пайдалануға негізделген құралдардың жиынтығы болып табылатын навигациялық құралдар.

40) пайдаланушы - әуе кемелерін пайдалану мен айналысатын немесе осы салада өзінің қызметін ұсынатын заңды немесе жеке тұлға;

41) тұрақты емес авиа тасымал - кестеден тыс жүзеге асырылатын тасымал;

42) тексеру жүргізу - авиациялық оқиғаларды болдырмау мақсатында оқиға себебін анықтау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдарды қоса алғанда, ақпарат жинау мен талдауды, қорытындылар әзірлеуді қамтитын процесс;

43) тұрақты авиатасымал - уәкілетті орган бекіткен кесте бойынша жүзеге а с ы р ы л а т ы н т а с ы м а л ;

44) уақытша басқару - әуежай пайдаланушыдағы лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе оны кері қайтарып алу кезінде енгізілетін басқару;

45) ұшу қауіпсіздігі - ұшудың қауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз ететін шаралар кешені, азаматтық әуе кемесінің және авиациялық қызметтер мен (немесе) жұмыстардың адам өмірі мен денсаулығына қатерсіз ұшуды орындауға қабілеттілігін а й қ ы н д а й т ы н к е ш е н д і с и п а т т а м а с ы ;

46) ұшу жарамдылығы - азаматтық әуе кемесінің қауіпсіздігі мен ұшу - техникалық сипаттамаларына және ұшу сапаларына сай азаматтық әуе кемесінің техникалық

ж а й - к ү й і ;

47) ұшу жарамдылығының нормалары - әуе кемелерінің конструкциясына, параметрлері мен ұшу сапасына және олардың ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған компоненттеріне қойылатын талаптар;

48) ұшу жарамдылығының сертификаты - уәкілетті орган үлгі сертификаты негізінде берген, азаматтық әуе кемесінің ұшу жарамдылығының нормаларына сәйкестігін куәландыратын құжат.

49) үлгі сертификаты - әуе кемесінің, авиациялық двигатель үлгісінің және жаңа үлгідегі әуе винтінің ұшу жарамдылығының нормаларына сәйкестігін растайтын, уәкілетті орган берген құжат.

50) халықаралық әуежай - ішінде кедендік, шекаралық және санитарлық-карантиндік бақылаулар ұйымдастырылып, халықаралық әуе тасымалдарын қамтамасыз ететін әуежай;

6. Ішкі су көлігі саласында пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) жағалау белдеуі - су объектілерінің жиегінен бастап жаға желісінің түпкі жағалауына қарай ені жиырма метр жер белдеуі;

2) ішкі су жолдары - навигациялық белгілермен немесе өзге де тәсілдермен белгіленген және кеме қатынасы мақсатында пайдаланылатын табиғи немесе қолдан жасалған қатынас жолдары;

3) ішкі су көлігі - қызметінің негізгі түрі ішкі су жолдарында кеме қатынасы мен кеме қатынасына байланысты өзге де қызметті жүзеге асыратын көлік түрі;

4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімі - онда кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу жүргізілетін құжат;

5) дебаркадер - жолаушылар кемелерін немесе жүк кемелерін арқандап байлауға және оларға қызмет көрсетуге арналған жүзбелі айлақ;

6) навигация - кеме қатынасын жасау мүмкін болатын уақыт кезеңі;

7) кемені куәландыру - кеменің тағайындалуы мен класын растауды ескере отырып, оның жүзуінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған Кеме қатынастарының тіркелімінің техникалық регламенттерімен және ережелерімен белгіленген талаптарға сәйкес кеменің техникалық жағдайын анықтау мақсатында оны қарап тексеру;

8) уәкілетті органның кәсіпорны - қызмет көрсететін шекаралар шегінде кемелердің қауіпсіз жүзуін қамтамасыз ету мақсатында ішкі су жолдарын тиісінше күтіп ұстау мен дамыту үшін өндірістік қызметті жүзеге асыру негізгі міндеті болып табылатын ішкі су көлігінің мемлекеттік кәсіпорны;

9) тұру пункті - кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін жөндеу, олардың жылдың жазғы және қысқы мерзімдерінде тұруы, оларды техникалық байқаудан өткізу мақсатында жайластырылған және жабдықталған жер учаскесі мен су беті объектісінің акваториясы;

10) жол жұмыстары - ішкі су жолдарындағы су түбін тереңдету, түзеп - жөндеу,

тральдау, су түбін тазарту, іздестіру жұмыстары және навигациялық құрал-жабдықтарды орналастыру мен күтіп ұстау жөніндегі басқа да жұмыстар;

11) кеме қатынасының тіркелімі - ішкі суларда жүзетін кемелерді сыныптайтын және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме;

12) өзен порты - жолаушылар мен кемелерге қызмет көрсету, жүктерді тиеу, түсіру, қабылдау, сақтау және беру, көліктің басқа да түрлерімен өзара іс-қимыл жасасу мақсатында жайластырылған және жабдықталған жер учаскесінде және ішкі су жолдары акваториясында орналасқан құрылыстар кешені;

13) кеме жолы - белгілі бір көлемдегі кемелердің кедергісіз жүзуіне жол берілетін шектерде жолдың бағыты мен шекараларын көрсететін навигациялық жағдайдың белгілері қойылған ішкі су жолдарындағы су беті;

14) кеме жүргізу - ішкі су жолдарымен жүзуді жүзеге асыратын кемемені басқаруға байланысты қызмет;

15) кеме қатынасы - ішкі су жолдарында жолаушылар мен багажды, жүктерді, почта жөнелтілімдерін тасымалдау, кемелерді және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреуге, пайдалы қазбаларды іздеу, барлау және өндіру, балық аулау және өзге де кәсіпшілік, құрылыс, жол, гидротехникалық, су асты-техникалық және басқа осы сияқты жұмыстар, кемелерді лоцмандық алып өту, құтқару операциялары, су объектілерін қорғау, оларды ластану мен қоқыстанудан сақтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, суға батқан мүлікті көтеру, санитарлық-эпидемиологиялық және басқа да бақылау, ғылыми зерттеулер жүргізу, оқу, спорттық, мәдени және өзге де мақсаттар үшін кемелерді пайдалануға байланысты қызмет;

16) кеме кітабы - Мемлекеттік кеме тізіліміне енген кемелер мен оларға құқықтар тіркелетін құжат;

17) кеме қатынасы шлюзі - кемемені судың бір деңгейінен екінші деңгейіне көтеруге немесе түсіруге арналған гидротехникалық құрылыс;

18) такелаж - жүк көтеру жұмыстарына, тулар мен белгілерді көтеруге және түсіруге арналған кеме жабдықтарының жиынтығы;

19) техникалық байқау - құрамына сауда мақсатында теңізде жүзу және ішкі су көлігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын кезең-кезеңмен тексеру енетін, кемелердің қауіпсіздігін техникалық қамтамасыз етуге бағытталған біліктілік қызметінің құрамдас бөлігі;

"Порт акваториясы", "диспач", "диспаша", "диспашерлер", "лоцман", "кемелерді лоцмандық алып өту", "рейд", "навигациялық жағдайдың құралдары", "кеме" ұғымдары осы баптың 7-тармағында көрсетілген мағыналарында пайдаланылады.

7. Теңіз көлігі саласында пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) авариялық жарна - тасымалдаушыға жүк берген кезде жалпы авария жағдайындағы шығыстарды өтеу үшін оның жалпыавариялық шығыстардағы үлесін төлеуді қамтамасыз ету ретінде алушы тасымалдаушыға енгізуге міндетті болатын

а қ ш а

с о м а с ы ;

2) порт акваториясы - кемелер мен составтар жүгінің өңделуін немесе рейске жөнелтуді күтіп тұратын, сондай-ақ қажетті операциялар орындалатын айлаққа және рейдтер құрылғысына кемелердің келуі мен онда тұруы үшін қызмет ететін су бетінің ш е к т е у л і у ч а с к е с і ;

3) бербоут-чартер - ол бойынша жолаушылар, багаж бен жүк тасымалдауға және сауда мақсатында теңізде жүзудің өзге де мақсаттарына арнап жарақтандырылмаған және экипажбен жасақталмаған кемені немесе бірнеше кемені жалдаушының иеленуіне және пайдалануына кемемен жалданушы келісілген ақы (жалдау ақысын) алып, белгілі бір мерзімге беруге міндеттенетін шарттың түрі;

4) сүйреткіш кеме - басқа кемелерді және жүзбелі құрылыстарды сүйрету мен жиекке келтіруге арналған кеме;

5) кеменің сыйымдылығы - порттардағы есеп айырысуға және флоттың статистикалық есебін жүргізуге қызмет ететін, Қазақстан Республикасының кемелерді өлшеу жөніндегі халықаралық шарттарына сәйкес белгіленетін сыйымдылық;

6) жүк таситын кеме - жолаушылар тасымалдамайтын кеме (құрғақ жүк, құйылатын жүк таситын, көліктік рефрижератор, мұзжарғыш сүйреткіш, итермелегіш, құтқарушы, техникалық флот, кабельді, арнаулы мақсаттағы және басқа да жолаушылар т а с ы м а л д а м а й т ы н к е м е ) ;

7) демерредж - контрсталиялық уақыт үшін төленетін ақы;

8) димайз-чартер - ол бойынша кеме жалдаушының иелігі мен пайдалануына өтетін және оның экипажы немесе бір бөлігі қызметке кіретін бербоут-чартер шартының түрі;

9) диспач - кемені жалдаушыға кемеге жүк тиеуді сталиялық уақыт біткенге дейін аяқтағаны үшін төленетін сыйақы;

10) диспаша - жалпы авария бойынша залалдар мен шығыстарды есептеу және оларды жалпы теңіз кәсіпорнына қатысушы тараптар арасында бөлу;

11) диспашерлер - теңіз құқығы саласында білімі мен тәжірибесі бар, диспашаны анықтау жөнінде есеп жасайтын тұлғалар;

12) инцидент - нәтижесінде зиян келтірген немесе сондай зиян келтірудің елеулі және тікелей қаупі төнген оқиға немесе шығу жағдайы белгілі дәрежеде ұқсас бірқатар о қ и ғ а л а р ;

13) каботаж - Қазақстан Республикасының теңіз порттары арасындағы қатынаста, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңды құзырындағы тиеу портынан (пунктінен) түсіру портына (пунктіне) дейінгі сауда мақсатында теңізде жүзумен байланысты қ ы з м е т ;

14) сыныптау қоғамы - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі таныған, халықаралық жүзуге шығатын кемелерді техникалық куәландыруды және сыныптауды жүзеге а с ы р а т ы н ұ й ы м ;



- 15) контрсталиялық уақыт - кеме сталиялық уақыттан тыс жүк тиеліп тұратын у а қ ы т к е з е ң і ;
- 16) кемелерді лоцмандық алып өту - кемелерді лоцман жүзеге асыратын алып өту;
- 17) теңізде сүйрету - кеме не немесе өзге де жүзбелі объектіні белгілі бір қ а ш ы қ т ы қ қ а с ү й р е т у ;
- 18) теңіз жүкқұжаты - жүктерді теңіз көлігімен тасымалдау кезінде ресімделетін т а с ы м а л қ ұ ж а т ы ;
- 19) теңіз порты - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен берілген жер учаскелерінде орналасқан, кемелерге, жолаушыларға, багажға қызмет көрсетуге және жүктермен жасалатын операцияларды жүзеге асыруға, сондай-ақ теңіз көлігі қызметінің өзге де мақсаттарына арналған құрылыстар кешені;
- 20) теңіз көлігі - сауда мақсатында теңізде жүзу үшін пайдаланылатын көлік түрі;
- 21) теңіз терминалы - жүктерді тиеуге (түсіруге), оларды сақтауға, теңіз көлігінің түрімен сабақтас көлік құралдарын жөнге келтіруге, сондай-ақ жолаушыларды отырғызуға, түсіруге және оларға өзге де қызмет көрсетуге арналған жағдайларды қамтамасыз ететін техникалық құралдардың, инженерлік құрылыстардың, көтергіш-көліктік және өзге де жабдықтардың жиынтығын қамтитын теңіз портындағы м а м а н д а н д ы р ы л ғ а н у ч а с к е ;
- 22) теңіз талабы - кемелерді сауда мақсатында теңізде жүзуді көздеп пайдалануға байланысты мәлімделетін талап (зиянның орнын толтыру, алымдар төлеу және өзгелер) ;
- 23) кемеге теңіздегі кепіл - осы Кодекс негізінде онда аталған мән-жайлар туған кезде п а й д а б о л а т ы н к е м е и п о т е к а с ы ;
- 24) теңіздегі қарсылық - кеме жүзіп бара жатқан немесе тұрған кезеңде орын алған оқиға туралы кеме капитанының дәлелдемелерді қамтамасыз ету мақсатында кеме иесіне мүліктік талаптар қоюға негіздеме бола алатын мәлімдемесі;
- 25) мұнай құйылатын кеме - теңіз кемелері үшін тұтану температурасы Цельсия бойынша алпыс градус және одан да төмен, ішкі суларда жүзетін кемелер үшін Цельсия бойынша елу бес градус және одан да төмен, Рейд бойынша бу қысымы атмосфералық қысымнан төмен шикі мұнайды және мұнай өнімдерін құйып тасымалдауға арналған к е м е ;
- 26) жалпы теңіз кәсіпорны - жалпы авария бойынша шығындар соның есебінен өтелуге тиіс мүлік (кеме, жалдау ақысы және жүк);
- 27) дағдылы маршрут - теңіз практикасында жалпы қабылданған кеме жүретін м а р ш р у т ;
- 28) теңіз терминалының операторы - теңіз портындағы терминалға меншік немесе өзге де заңды негіздерде құқығы бар және тиеу-түсіру жұмыстары мен өзге де техникалық операцияларды жүзеге асырушы тұлға;
- 29) жолаушылық куәлік - жолаушылардың кемеге алуға жол берілетін ең көп саны

туралы мәліметтер бар кеме құжаты;

30) жолаушылар тасымалдайтын кеме - жолаушылар тасымалдауға арналған және он екіден астам жолаушы тасымалдайтын кеме;

31) жүзбелі бұрғылау қондырғысы - теңіз түбіндегі жерасты ресурстарын барлау және (немесе) өндіру жөніндегі бұрғылау жұмыстарын орындауға арналған кеме (жүзбелі құрылыс);

32) есеп айырысу бірлігі - қарызға алудың арнайы құқығының Халықаралық валюта қоры белгілейтін бірлігі;

33) рейдтер - кемелердің зәкір салып тұруына, маневр жасауына немесе жүктерді қайта тиеуге арналған кеме жолы шегінен тыс порт акваториясының бөлігі;

34) өткізу коносаменті - тасымалдаушы жөнелтушіге беретін және жүктің тасымалдауға қабылданғанын куәландыратын құжат, онда тасымалдың бір бөлігін басқа тасымалдаушының жүзеге асыруға тиіс екендігі көзделеді;

35) сталиялық уақыт - жалдау ақысына қосымша төлемсіз, кеме жүк тиеуде тұратын уақыт кезеңі;

36) навигациялық жағдайдың құралдары - жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маяктар, қалқымалар және басқа да навигациялық жабдықтар;

37) суббербоут-чартер - кемеңі жалдау шарты, ол бойынша кемеңі жалдаушы жолаушыларды, багаж бен жүкті тасуға және сауда мақсатында теңізде жүзудің өзге де мақсаттарына арнап жарақтандырылмаған және экипажбен жасақталмаған кемеңі немесе бірнеше кемеңі келісілген ақы (жалдау ақысын) алып, үшінші тұлғаларға белгілі бір мерзімге иелену және пайдалану үшін беруге міндеттенеді;

38) субтайм-чартер - кемеңі жалдау шарты, ол бойынша кемеңі жалдаушы жолаушыларды, багаж бен жүкті тасымалдауға және сауда мақсатында теңізде жүзудің өзге де мақсаттарына арнап жарақталған және экипажбен жасақталған кемеңі немесе бірнеше кемеңі сыйақы алып, үшінші тұлғаларға белгілі бір мерзімге беруге міндеттенеді;

39) тайм-чартер - ол бойынша кемемен жалданушы келісілген ақыға (жалдау ақысы) кемеңі жалдаушыға кемеңі және кеме экипажы мүшелерінің көрсететін қызметтерін жолаушыларды, багаж бен жүкті тасымалдау және сауда мақсатында теңізде жүзудің өзге де мақсаттары үшін белгілі бір мерзімге пайдалануға беруге міндеттенетін уақытқа кемеңі жалдау шартының бір түрі;

40) сауда мақсатында теңізде жүзу - жолаушыларды, багажды, жүкті және почта жөнелтілімдерін тасымалдау, су биологиялық ресурстары кәсіпшілігі, теңіз түбінің минералды және өзге тірі емес ресурстары мен оның қойнауын барлау және қазу, лоцмандық және мұз жарып алып жүру, теңізге батып кеткен мүлікті іздеу, құтқару және сүйрету операцияларын, гидротехникалық, су асты-техникалық және басқа осындай жұмыстарды, санитарлық-карантиндік, кедендік және басқа бақылауды, теңіз ортасын қорғау мен сақтау, соның ішінде теңіздегі қалдықтарды жинау, теңіз ғылыми

зерттеулерін жүргізу, оқу, спорттық және мәдени мақсаттар мен өзге осындай мақсаттар үшін кемеңі пайдаланумен байланысты қызмет.

8. Тікелей аралас тасымалдар саласында пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) тікелей аралас тасымалдау шарты - оның негізінде оператор ақы үшін жүкті тікелей аралас тасымалдауды жүзеге асыруға немесе жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге міндеттеме алатын тікелей аралас тасымалдау операторының жүк жөнелтушімен (жүк алушымен) жасасқан шарты;

2) тікелей аралас тасымалдау құжаты - тікелей аралас қатынас шартын, оператордың жүкті өз иелігіне қабылдауын, сондай-ақ осы шарт жағдайларына сәйкес оның жүкті жеткізу міндеттемелерін куәландыратын біртұтас құжат;

3) тікелей аралас тасымалдау операторы - тікелей аралас тасымалды өз атынан немесе оның атынан әрекет жасайтын басқа тұлға арқылы тікелей аралас тасымалды ұйымдастыруды жүзеге асырушы, тікелей аралас тасымалдау шартын жасаушы және шарттың орындалуы үшін өзіне жауапкершілік алатын тұлға;

4) жүк аудару - жүкті тікелей бір көлік құралынан екіншісіне немесе қойма арқылы орын ауыстырумен байланысты тиеу-түсіру операциялары;

5) тікелей аралас тасымалдау - тікелей тасымалдау операторы тасымалдауға қатысушы тасымалдаушылардың санына қарамастан, барлық тасымалға тікелей аралас тасымалдау құжатын ресімдеу жолымен ұйымдастыратын көліктің екі және одан артық түрімен жүзеге асырылатын жүк тасымалдау;

6) тікелей аралас тасымалдау пункті - онда жүктерді қабылдау, аудару және беру жүзеге асырылатын станция, порт, әуежай, жүк терминалы және өзге пункт;

7) есеп айырысу бірлігі - қарызға алудың арнайы құқығының Халықаралық валюта қоры белгілейтін бірлігі.

Қарыз алудың арнайы құқығының бірлігіндегі ұлттық валютаның құны Халықаралық валюта қоры өзінің операциялары мен мәмілелері үшін тиісті датаға қолданатын құнын анықтау әдісіне сәйкес есептеледі. Қарыз алудың арнайы құқығының бірлігіндегі ұлттық валютаның құнына сәйкес ұлттық валютаны аудару сот шешімі қабылданған датада немесе тараптардың келісімімен белгіленген датада жүзеге асырылады.

9. Қазақстан Республикасының көлік заңнамасындағы басқа арнайы түсініктер мен терминдер осы Кодекстің тиісті баптарында анықталатын мағыналарда қолданылады.

10. Осы Кодексте қолданылатын Қазақстан Республикасының азаматтық және басқа салаларының түсініктер мен терминдері заңнаманың осы салаларында қолданылатын мағыналарда қолданылады.

## **2-бап. Қазақстан Республикасындағы көлік қызметі**

Көлік қызметі автомобиль жолдарын басқарудан, көлік коммуникацияларын жұмылдыруға дайындаудан, шарттық негізде немесе басқа заңды негіздерде орындалатын көліктің темір жол, автомобиль, әуе, су, қалалық электр түрлерімен

немесе тікелей аралас тасымалдарда жолаушыларды, багажды (жүк-багажды), жүктерді , почталық жөнелтімдерді тасымалдау және қызмет көрсетуді дайындау, ұйымдастыру және орындаудан тұрады.

### **3-бап. Көлік қызметі саласындағы мемлекеттік саясат**

1. Көлік қызметі саласындағы мемлекеттік саясат:

- 1) тұтынушылардың көліктің барлық түрлерінің көрсететін қызметіне еркін қол ж е т к і з у і ;
- 2) көрсетілетін қызметтер мен процестердің адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға, сондай-ақ мәдени құндылықтарға қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 3) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету;
- 4) тасымалдардың барлық қатысушылары үшін құқықтық және экономикалық кепілдіктердің бірыңғай стандарттарын қолдану принциптерін негізге алып, халықтың, экономиканың және мемлекеттің тасымалдарға қажеттігін қанағаттандыру үшін жағдай ж а с а у ғ а б а ғ ы т т а л ғ а н .

2. Көлік қызметі саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты:

- 1) көлік инфрақұрылымын дамыту;
- 2) т а с ы м а л д а р д ы д а м ы т у ;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік саласында тарифтік, салық және кеден саясатын жүзеге асыру;
- 4) халықтың тасымалдар мен көрсетілетін қызметтерге деген мұқтажын қамтамасыз ету, экономиканың тіршілік әрекеті мен мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау;
- 5) б ә с е к е л е с т і к т і д а м ы т у ;
- 6) қоршаған ортаны қорғау болып табылады.

3. Осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінде көзделгеннен өзге реттерде мемлекеттік органдардың көлік қызметін жүзеге асырушы тұлғалардың шаруашылық қызметіне араласуына құқығы жоқ.

4. Көлік қызметі саласындағы мемлекеттік саясат мемлекеттік реттеу жолымен іске а с ы р ы л а д ы .

Көлік қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру уәкілетті органға оның құзыретіне сәйкес жүктеледі.

### **4-бап. Қазақстан Республикасының көлік заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпытанылған қағидаттары мен нормаларына негізделеді, осы Кодекстен және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады .

2. Өсімдіктер мен жануарлар әлемін, әуе кеңістігін, су объектілерін, жер қойнауын, жерді, атмосфералық ауаны, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану мен қорғау саласындағы қоғамдық қатынастар Қазақстан Республикасының арнайы заңнамасымен реттеледі .

3. Егер Қазақстан Республикасы ратификацияланған халықаралық шарттарда осы Кодекстегіден өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шартқа сәйкес ережелер қолданылады.

#### **5-бап. Көлік және коммуникациялар саласындағы меншік**

1. Магистральдық темір жол желісі, метрополитен, жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары, кеме жүретін су жолдары, олардағы шлюздер, навигациялық жабдықтар құралдары, аэронавигациялық құрылғылар, магистральдық электр беру желілері, мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің ғимараттары мен құрылыстары мемлекет меншігінде болады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілгендерден басқа магистральдық мұнай және газ құбырлары, темір жолдар, сондай-ақ автомобиль жолдары мемлекеттік меншікте де, жеке меншікте де болуы мүмкін.

3. Концессиялар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары немесе олардың учаскелері концессияға берілуі мүмкін.

#### **6-бап. Ақпарат, қызметтік іс жүргізу және байланыс**

1. Тасымалдауды жүзеге асырушы тұлғалар клиенттерге өзінің көрсететін қызметтері туралы қажетті және дұрыс ақпарат беруге міндетті.

Көрсетілетін қызметтер туралы анықтамалық ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде берілуі тиіс.

2. Жолаушылар, багаж (жүк-багаж), жүк, почталық жөнелтілімдер тасымалдау құнын өзгерту туралы мәліметтер, оларды енгізуден кем дегенде, отыз күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Почталық жөнелтілімдерді тасымалдау құнының өзгеруі туралы мәліметтер почта операторына, егер шартпен өзге қарастырылмаса, кем дегенде бір ай бұрын х а б а р л а н а д ы .

3. Көліктегі қызметтік іс қағаздарын жүргізу мен байланыс мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.

4. Көлік қызметін халықаралық қатынастарда жүзеге асыру кезінде тасымалдардың технологиялық тілі Қазақстан Республикасында күшіне енген халықаралық шартқа сәйкес белгіленеді.

#### **2-тарау. Көлік және коммуникациялар саласындағы мемлекеттік реттеу**

##### **7-бап. Көлік қызметін реттеу саласындағы Үкіметтің құзыреті**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне:

1) көлік қызметін реттеу саласында:

көлік және коммуникациялар саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оны жүзеге асырудың стратегиялық және тактикалық шараларын әзірлеу; көлік және коммуникациялар саласында мемлекетаралық және халықаралық

ынтымақтастықты жүзеге асыру;  
көлік және коммуникациялар саласында лицензиялау ережесін, соның ішінде лицензиаттарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;  
көлік саласындағы техникалық регламенттерді бекіту;  
Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көліктің жекелеген түрлерімен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктерді тасымалдау ережелерін, сондай-ақ қауіпті жүктер тасымалдайтын көлік құралдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;  
Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдауға жол берілген қауіпті жүктердің тізбесін бекіту;  
көлік кәсіпорындары мен тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды жоюға тарту тәртібін айқындау әлеуметтік маңызды облысаралық қатынастарды анықтау;  
көліктегі қозғалыс қауіпсіздігін есепке алу және жіктеу ережелерін анықтау;  
әскери және арнайы жүк тасымалдарының ережелерін бекіту;  
нысанды киім берілетін көлік қызметкерлері лауазымдарының (мамандықтарының) тізбесін, киім нысаны үлгілерін және айырым белгілерін, нысанды киім киіп жүру тәртібін және олармен қамтамасыз ету нормаларын бекіту;  
әлеуметтік маңызды маршруттар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау ережелерін бекіту;  
әскери-көліктік міндеттемелердің орындалу тәртібін анықтау;  
2) автомобиль көлігі, автомобиль жолдары және жол қызметі саласында:  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінің тізбесін бекіту;  
Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты үйлестіру және жүргізу;  
Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүру ережелерін бекіту және рұқсат құжаттарын беру;  
Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алымдар ставкасын бекіту;  
ақылы автомобиль жолдарының, ақылы көпір өткелдерінің тізбесін, оларды пайдалану тәртібі мен жағдайларын, сондай-ақ ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойынша жүріп өткені үшін алым ставкаларын бекіту;  
ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін пайдаланудың тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ жүріп өткені үшін алым ставкаларын бекіту;  
ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін бекіту;  
халықаралық қатынаста тез бұзылатын азық-түлік өнімдерін тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдарын бақылау мен куәландыруды ұйымдастыру жөніндегі ережелерді бекіту;

автомобиль көлігіндегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелерін бекіту;  
жолаушылардың еңбегі мен демалысын ұйымдастыру ережелерін, автокөлік құралдарын еңбек және демалыс режимін тіркеудің бақылау құрылғылары құралдарымен (тахографтармен) жарақтандыру жөніндегі талаптарды бекіту;

автомобиль жолдарын, қорғаныстық маңызды жолдарды пайдалану ережелерін, жалпы қолданыстағы халықаралық және республикалық автомобиль жолдары желісінің тізбесін, автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп ұстауға арналған қаржыландыру нормативтерін бекіту;

автомобиль жолдары желісі мен жол қызметін дамытудың перспективалық бағдарламаларын бекіту;

жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын жіктеу ережелері мен шарттарын бекіту;

республикалық маңызды жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту;

республикалық маңызды жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін бекіту;

жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының бөлінген алқаптарында сервис, жарнама объектілерін орналастыру және сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ақы төлеу тәртібін анықтау;

адамдардың жекелеген санаттарына көліктің көрсететін қызметтеріне арналған, тегін жүру құқығын қоса алғанда жеңілдіктер белгілеу;

3) қалалық электр көлігі саласында:

қалалық электр көлігі саласында метрополитен және көлік инфрақұрылымы объектілері құрылысын қаржыландыру мәселелерін шешу;

4) темір жол көлігі саласында:

Ұлттық темір жол компаниясын анықтау;

Ұлттық темір жол тасымалдаушысын анықтау;

магистральдық темір жол желісін пайдалану ережелерін бекіту;

магистральдық темір жол желісіне кіретін магистральдық жолдардың тізбесін бекіту;

жүкті тасымалдау кезінде көлікте әскерилендірілген күзетпен қамтамасыз ету тәртібін анықтау;

темір жол көлігіндегі қауіпсіздік ережелерін бекіту;

темір жолдарды техникалық пайдалану ережелерін бекіту;

күзетілетін аймақтардың жерлерінің көлемін, пайдалану режимін және темір жол көлігінің қажеттіліктері үшін бөлінген алқапта жерлерді пайдалану жөніндегі ережелерді бекіту;

темір жол өткелдерін пайдалану ережелерін бекіту;

темір жол көлігінде өрт қауіпсіздігі бойынша профилактикалық жұмыстарды

жүргізу ережелерін бекіту;  
темір жол көлігіндегі өрттердің салдарларын жою ережелерін бекіту;  
сигнализация, орталықтандыру, бұғаттау, ақпарат және ақпараттандыру қауіпсіздігі  
ережелерін бекіту;

қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтардың түрлері, олардың жіктелуі және қозғалыс  
қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бақылау жасау туралы ережелерді бекіту;

5) әуе көлігі саласында:

авиамаршрутқа конкурстар өткізу ережелерін бекіту;

авиамаршруттарға куәліктер беру ережелерін бекіту;

авиамаршруттарға субсидиялар жұмсау тәртібін бекіту;

Ұлттық әуе тасымалдаушысын анықтау;

флагмандық әуе тасымалдаушысын анықтау және оны анықтау ережелерін бекіту;

әуежайды уақытша басқаруды енгізу туралы шешім қабылдау;

Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін азаматтық авиация  
саласындағы қызметті жүзеге асыратын шетел авиакомпаниялары мен ұйымдарын,  
олардың филиалдары мен өкілдіктерін аккредиттеу тәртібі мен шарттарын айқындау;

азаматтық және эксперименттік авиация аэродромдарын тіркеу және Мемлекеттік  
тізілімін жүргізу ережелерін бекіту;

азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормаларын белгілеу;

әуе кемелерін және аса жеңіл авиацияның әуе кемелерін сертификаттау және  
пайдаланушы сертификатын, үлгі сертификатын, аэродромның жарамдылығы  
сертификатын, ұшуға жарамдылық сертификатын және дана сертификатын беру  
тәртібін бекіту;

азаматтық авиация саласында, сондай-ақ ұшуларға авианавигациялық қызмет  
көрсету бойынша еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік санитарияны қамтамасыз ету  
тәртібін анықтайтын нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

авиациялық жұмыстар тізбесін бекіту;

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі ұшулардың негізгі ережелерін бекіту  
;

6) Ішкі су және теңіз көлігі салаларында:

теңіз порттарының, оларды салу үшін порт құрылыстарының орналасу тәртібін  
бекіту;

кемелер экипаждары мүшелеріне диплом беру тәртібін анықтау;

Қазақстан Республикасының теңізшісі төлқұжатының үлгісін, оны ресімдеу, беру,  
мерзімін ұзарту, алып қою тәртібін бекіту;

шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелердің каботажды жүзеге асыруына  
рұқсаттар беру тәртібін бекіту;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде кемелерді  
техникалық куәландыру мен сыныптауды жүзеге асыратын сыныптау қоғамын тану





авиацияны қоспағанда, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### **11-бап. Сақтандыру**

1. Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарын пайдалануға тек Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес олардың иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылған жағдайда ғана жол беріледі.

2. Көлік және коммуникациялар саласындағы міндетті сақтандырудың түрлері, тәртібі және шарттары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленеді.

3. Халықаралық тасымалдар саласындағы сақтандыру Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Ерікті сақтандырудың түрлері (кластары), шарттары және тәртібі тараптардың келісімімен анықталады.

### **12-бап. Әскери-көліктік міндет туралы**

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа әскерлері мен әскери құрамаларын жұмылдыру кезеңінде және соғыс уақытында Қазақстан Республикасында әскери-көліктік міндет белгіленеді.

2. Әскери-көліктік міндет Қазақстан Республикасының орталық және атқарушы органдарына, көлік құралдары мен көлік инфрақұрылымы бар ұйымдар мен азаматтарға, сондай-ақ көлік қызметін жүзеге асырушы өзге де ұйымдарға таратылады.

Әскери-көліктік міндетті орындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

3. Көлік құралдарын алу нормасы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен лимитпен белгіленеді.

4. Мемлекеттің қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдар мен азаматтардың олардың меншігіндегі көлік құралдары мен көлік инфрақұрылымы объектілерін берумен байланысты шеккен шығындарын мемлекеттің өтеуі Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

### **13-бап. Көлік және коммуникациялар саласындағы бақылау**

1. Көлік және коммуникациялар саласындағы бақылауды көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

2. Мүлік пен құжаттарды алу; көлік құралын, шағын көлемді кемені басқарудан аластату, көлік құралын, шағын көлемді кемені кідірту, көлік құралын, шағын көлемді кемені қарап тексеру, аумақтарды, жайларды, көлік құралдарын, тауарларды, сондай-ақ тиісті құжаттарды қарап тексеру тек Қазақстан Республикасының заңнамалық актілермен көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана жүргізілуі мүмкін.

### **14-бап. Тексерулердің түрлері мен жүзеге асыру кезеңділігі**

1. Көлік және коммуникациялар саласындағы бақылауды жүзеге асырушы органдар тексерулердің мынадай түрлерін жүргізеді:

1) жоспарлы - бақылаушы орган жоспарлаған, осы Кодекспен алдындағы тексерулерге қатысты уақыт интервалын ескере отырып, жүргізілетін тексеру;

2) жоспардан тыс - халықтың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, қоғамдық тәртіпке, ұлттық қауіпсіздікке қатерді шұғыл шешуді талап ететін қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық ахуалға байланысты тағайындалатын, сондай-ақ шағымдарға, сауалдар мен өтініштерге шұғыл көңіл аударуды талап ететін, тексеру;

3) қарсы - үшінші тұлғаларға қатысты, егер тексерулер жүргізу кезінде мемлекеттік органдарда аталған тұлғаларға қатысты қосымша ақпарат алу қажеттігі пайда болса жүргізілетін тексеру;

4) рейдтік - лицензияның, тіркеу және өзге де рұқсат беруші құжаттардың болуын, сондай-ақ мемлекеттік органның бақылау объектісі болып табылатын бақылау жабдығының пайдаланылуының дұрыстығын тексеру;

5) камералдық - мемлекеттік органға келіп түскен есептілік пен басқа да құжаттарды зерделеу мен талдауға негізделген тексеру;

6) кешенді - бірнеше бақылаушы органның Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуы мәселелері бойынша шаруашылық жүргізу субъектісінің қызметін тексеру.

2. Тексеру жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлардан басқада, көлік қызметін жүзеге асырушы тұлғаның қызметін тоқтатпауы тиіс.

Көлік және коммуникациялар саласындағы бақылауды жүзеге асырушы органдар заңды тұлғаның өзіне тексеру жүргізілуіне қарамастан заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерін тексеруге құқылы.

3. Жоспарлы, рейдтік, камералдық және кешенді тексерулер жылына бір реттен артық емес жүргізілуі мүмкін.

### **15-бап. Тексерулерді жүргізу мерзімдері**

1. Тексеру жүргізу мерзімі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге белгіленбесе, актіні тапсырған сәттен бастап отыз күнтізбе күнінен аспауы тиіс.

2. Құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлғаға тексеру жүргізу кезінде көлік және коммуникациялар саласындағы бақылауды жүзеге асырушы орган тексеру жүргізу мерзімін он бес күнтізбе күніне дейінгі мерзімге ұзартуы мүмкін.

3. Ерекше жағдайларда арнайы зерттеулер, сынақтар, сараптамалар жүргізу қажеттілігі кезінде, сондай-ақ тексеру көлемінің елеулілігіне байланысты көлік және коммуникациялар саласындағы бақылауды жүзеге асырушы орган басшысымен (немесе оның орнындағы тұлғамен) тексеру мерзімін құрылымдық бөлімшесі жоқ заңды тұлға үшін жиырма күнтізбе күніне дейінгі мерзімге, ал құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлға үшін отыз күнтізбе күніне дейінгі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

4. Тексеру жүргізу мерзімін тексерілетін тұлғаға құжаттарды ұсыну туралы көлік және коммуникациялар саласындағы бақылауды жүзеге асырушы органның талаптарын тапсырған және тексеру жүргізу кезінде сұратылған құжаттарды тексерілуші тұлғаның тапсырған сәттері арасындағы уақыт кезеңінде, сондай-ақ уәкілетті органның сауалы бойынша мәліметтер мен құжаттарды алуы сәтіне тексеру жүргізу мерзімін тоқтату немесе жалғастыру туралы актіні шығару жолымен құқықтық статистика органын хабардар ете отырып, көлік және коммуникациялар саласындағы бақылауды жүзеге асырушы орган тексеру жүргізу мерзімін тоқтатады немесе жалғастырады.

#### **16-бап. Көлік және коммуникациялар саласындағы бақылауды жүзеге асырушы лауазымды тұлғалардың құқықтары**

1. Көлік және коммуникациялар саласындағы бақылауды жүзеге асырушы лауазымды тұлғалар :

1) мемлекеттік органдарға, лауазымды, жеке және заңды тұлғаларға олардың орындауы үшін міндетті Қазақстан Республикасының көлік заңнамасы нормаларының орындалуы туралы талаптар қоюға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен қызмет түрлеріне арналған лицензияның немесе рұқсаттың қолданысын тоқтату немесе кері шақырту туралы ұсыныстар енгізуге;

3) жазбаша өкім негізінде қызметтік куәлігін көрсету бойынша көлік қызметін жүзеге асырушы тұлғаларға баруға, көлік инфрақұрылымын пайдалану жағдайына тексеруді жүзеге асыруға, анықталған бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті жазбаша өкімдер беруге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен лауазымды, жеке және заңды тұлғалардан тексеру жүргізу үшін қажетті мәліметтерді алуға;

5) Қазақстан Республикасының көлік заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар толтыруға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарды бұза отырып жүзеге асырылған көлік қызметін шектеу, тоқтату және тыйым салу, сондай-ақ жекелеген өндірістік объектілердің, цехтар мен ұйымдардың қызметін тоқтату туралы ұсыныстар енгізуге;

7) ұйымдардың лауазымды тұлғаларына, басшыларына Қазақстан Республикасының көлік заңнамасын бұзуға жол берген жауапты тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар беруге, сондай-ақ қажетті жағдайларда кінәлі тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін материалдарды құқық қорғау органдарына беруге құқылы.

2. Көлік және коммуникациялар саласындағы бақылауды жүзеге асырушы

лауазымды тұлғалар қабылдаған шешімдер барлық жеке және заңды тұлғалар үшін орындауға міндетті және жоғары тұрған мемлекеттік органға және (немесе) тұлғаға немесе сотқа шағымдалуы мүмкін.

### **17-бап. Көлік және коммуникациялар саласындағы бақылауды жүзеге асырушы лауазымды тұлғалардың міндеттері**

Көлік және коммуникациялар саласындағы бақылауды жүзеге асырушы лауазымды тұлғалар өз құзыреті шегінде:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының орындалуына бақылау жасауға;
- 2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарды Қазақстан Республикасының көлік заңнамасын бұзу фактілері туралы хабардар етуге;
- 3) бақылауды жүзеге асыру кезінде қызметтік униформада болуы, нөмірлік төске тағатын белгілері болуы және талап ету бойынша қызметтік куәлігін көрсетуге міндетті.

### **3-бөлім. Тарифтер**

#### **18-бап. Экономикалық және шаруашылық қызметтің негіздері**

1. Көлік кәсіпорындары мен тасымалдаушылар өз қызметін коммерциялық негізде жүзеге асырады.

Көлік кәсіпорындары мен тасымалдаушылар жоспарды дербес әзірлейді, клиент қажеттеріне сәйкес жұмыстар мен қызметтерді орындауға шарттар жасасады.

2. Кеме жолдарын, шлюздерді күтіп ұстау, кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша инспекциялау бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3. Магистральдық темір жол желісінің көрсететін қызметі және терминалдар мен порттарды, аэродромдарды, әуежайлық кешендерді пайдаланғаны үшін, әуе кеңістігінде ұшуды басқару мен аэронавигациялық қызмет көрсетілгені үшін заңды және жеке тұлғалар, соның ішінде шетелдіктер Қазақстан Республикасының көлік заңнамасында белгіленген тәртіп пен мөлшерде төлемдер төлейді.

4. Қазақстан Республикасының кеме жүретін су жолдарын пайдалану ақылы түрде жүзеге асырылады.

Кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген тәртіппен ақы алынады.

#### **19-бап. Көлік тасымалдары саласында тарифтер белгілеу**

1. Жүктерді, жолаушыларды, багажды (жүк-багажды), почта жөнелтілімдерін тасымалдауға және тасымалдауларға байланысты қызметтерге көлік қызметімен айналысатын шаруашылық жүргізуші субъектілері қызметін қамтамасыз ететін ерікті (шарттық) тарифтер (осы баптың 2, 4-бөліктерінде көзделгеннен басқа реттерде) белгіленеді.

2. Табиғи монополиялар субъектілерінің, белгілі бір тауар рыногында басым (

монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің реттелетін көрсетілетін қызметтерінің түрлері бойынша тарифтер Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталатын тәртіппен белгіленеді (келісіледі).

3. Рентабельділігі реттелетін тарифтермен қамтамасыз етілмейтін жолаушылар тасымалын ұйымдастыру туралы шешімдер қабылдаған облыстардың (республикалық маңызды қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары тиісті бюджеттен субсидияларды қамтамасыз етеді.

4. Жолаушылар мен багажды тұрақты облысшілік, қалалық және қаламаңындағы автомобиль тасымалдарына арналған тарифтер уәкілетті орган бекіткен, аталған жолаушылар және багаж тасымалына арналған тарифтерді есептеу әдістемесіне сәйкес анықталады.

Осы тармақта аталған тасымалдарға арналған тарифтер шығыстарды жаппаған жағдайда облыстардың (республикалық маңызды қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары белгіленген тарифтер мен тасымалдардың нақты шығыны арасындағы айырмашылықты тасымалдаушыға әлеуметтік маңызды қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығындарын субсидиялау ережелеріне сәйкес тиісті бюджеттің қаражаты есебіне өтейді.

## **20-бап. Жолаушылардың жекелеген санаттарының жолақысын төлеу жөніндегі жеңілдіктер**

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеңілдіктер белгіленген жағдайда тасымалдаушылар жолаушылардың жекелеген санатын ақысыз тасымалдауды немесе оларға жолақысын төлеу жөніндегі өзге де жеңілдіктерді беруге міндетті.

Қазақстан Республикасы Үкіметі, облыстардың (республикалық маңызды қалалардың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызды қалалардың) жергілікті өкілетті және атқарушы органдары адамдардың жекелеген санаттарына көліктің көрсететін қызметтеріне, ақысыз жүру құқығын қоса алғанда, жеңілдіктер белгілеген жағдайда қаржыландыру көзі анықталады, бұл ретте атқарушы органдар тасымалдаушылармен шарт жасасады.

Жолаушының ақы төлеу бойынша:

1) таксиден басқа көліктің барлық түрлерінде, өзімен бірге 7 жасқа дейінгі, ал халықаралық тасымалда 5 жасқа дейінгі бір баланы балаға жеке орын берілмей тегін алып жүруге;

2) таксиден басқа көліктің барлық түрлерінде, билеттің толық құнының 50 пайызын төлей отырып, халықаралық тасымалда 5 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға билеттер сатып алуға;

3) Қазақстан Республикасының тасымалдаушысы жүзеге асыратын тасымалдау кезінде таксиден басқа көліктің барлық түрлерінде, билеттің толық құнының 50

пайызын төлей отырып, 7 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға билеттер сатып алуға;

4) өзімен бірге 2 жасқа дейінгі бір баланы, ал әуе көлігінде, оған жеке орын берілмей тегін алып жүруге;

5) халықаралық тасымалдарды қоспағанда, әуе көлігінде 2 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға билетті оның толық құнының 50 пайызын төлей отырып, сатып алуға;

6) Қазақстан Республикасының тасымалдаушысы жүзеге асыратын халықаралық тасымалдауларда әуе көлігінде 2 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға билетті оның толық құнының 50 пайызын төлей отырып, сатып алуға жеңілдіктері бар.

3. Тасымалдаушылар тиісті бюджеттен субсидияланбайтын өзге де жеңілдіктер белгілеуге құқылы.

4. Халықаралық қатынаста тасымалдау төлемдері Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес белгіленеді.

#### **4-бөлім. Жолаушыларды, багажды (жүк-багажды) және почта жөнелтілімдерін тасымалдау**

##### **21-бап. Жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау тәртібі мен түрлері**

1. Көлік ұсынатын жолаушыларды тасымалдау оның шарттарына, ұзақтығына, қашықтығына және сапасына қарай:

1) көліктік;

2) туристік;

3) экскурсиялық;

4) тапсырыстық сипаттағы түрлерге бөлінеді.

2. Жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, осы Кодекске, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау шартына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Көліктің белгілі бір түрінде жолаушыларды және багажды (жүк-багажды) тасымалдау тәртібін (бұдан әрі - жолаушыларды және багажды (жүк-багажды) тасымалдау ережелері) уәкілетті орган бекітеді.

Жолаушыларды және багажды (жүк-багажды) тасымалдау ережелерінде:

1) жол жүру құжаттарының (билеттердің, жолдамалардың), багаж квитанцияларының нысаны, сату тәртібі мен қолданыс мерзімі;

2) жолаушыларды және багажды (жүк-багажды) тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру, жолаушыларды және багажды (жүк-багажды) тұрақты тасымалдау маршруттарын ашу және жабу тәртібі, тасымалдардың аталған түрлерін орындау үшін пайдаланылатын көлік құралдарының санитарлық-эпидемиологиялық жағдайына, сыртқы безендірілуі мен жабдықталуына қойылатын талаптар;

3) маршрутқа қызмет көрсету құқығына арналған куәлікті беру, тоқтату және кері

шақырту, беруден бас тарту жағдайлары мен негіздері, сондай-ақ нысаны;

4) жолаушыларды және багажды (жүк-багажды) туристік, экскурсиялық тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі;

5) тапсырыстық сипаттағы жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі;

6) багажды (жүк-багажды) қабылдау, сақтау және беру тәртібі;

7) жол жүру билеттері мен жүк квитанцияларын және олардың құнын қайтару тәртібі мен жағдайлары;

8) отырғызу және түсіру пункттерінің безендірілуі мен күтіп ұсталуына қойылатын талаптар;

9) жолаушыларды және багажды (жүк-багажды) тасымалдауды тікелей жүзеге асыратын тұлғаны рейс алдындағы (ауысым алдындағы) медициналық куәландыруды ұйымдастыру және өткізу тәртібі;

10) актілердің нысаны және жасау тәртібі;

11) орталықтандырылған диспетчерлік сүйемелдеу пункттерін, соның ішінде вокзалдарды, станцияларды және кассалық пункттерді ашу және жабу тәртібі;

12) таксимен жүзеге асырылатын тасымалдарды ұйымдастыру тәртібі оларды анықтау, нормативтеріне, тасымалдаушыларды іріктеу механизміне сәйкес анықталады.

## **22-бап. Жолаушылар мен багажды тасымалдау шарты**

1. Жолаушыны және багажды (жүк-багажды) тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы жолаушыны тағайындалу пунктіне тасымалдауға, ал жолаушы багаж тапсырған жағдайда - сондай-ақ багажды тағайындалу пунктіне жеткізуге және оны жолаушыға немесе багажды алуға уәкілетті тұлғаға беруге міндеттеме алады, жолаушы жол жүру үшін ақы төлеуге, ал багаж тапсырған кезде - багажды тасымалдағаны үшін де ақы төлеуге міндеттеме алады.

2. Тұрақты маршруттарда жолаушыны және багажды (жүк-багажды) тасымалдау шарты тиісінше жол жүру билетімен және багаж квитанциясымен ресімделеді.

Аталған тасымалдау құжаттарының нысаны, оларды сату тәртібі мен қолданыс мерзімі тасымалдау ережелерімен белгіленеді.

3. Жолаушыны экскурсиялық және туристік маршруттар бойынша тасымалдау шарты жолдама немесе жолаушылар тобын тасымалдауға арналған билет нысанында ресімделуі мүмкін.

## **23-бап. Жолаушыларды және багажды (жүк-багажды) тасымалдауды ұйымдастыру**

1. Жолаушыларға қызмет көрсету орындарында, соның ішінде билеттер сату пункттерінде жолаушылар мен багажды (жүк-багажды) тасымалдауды ұйымдастыру туралы дер кезіндегі және шүбәсіз ақпарат көрнекі және қол жетерлік нысанда берілуі тиіс.

2. Мемлекетаралық тасымалдар және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы



транзит кезінде билеттерді сату Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен өзгеше көзделмесе, шетелге шығуға құқық беретін құжат болғанда жүзеге асырылады.

3. Жолаушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тасымалдау шарттары қамтамасыз етіледі.

#### **24-бап. Жолаушының және жолаушыны және багажды (жүк-багажды) тасымалдаушының құқықтары мен міндеттері**

##### **1. Жолаушының :**

1) кез келген көлік түріне көлік құралының жол жүру маршруты бойынша жолаушылар операциясы үшін ашық ол айтқан тағайындалу пунктіне дейін тасымалдау құжатын сатып алуға ;

2) сатып алған тасымалдау құжатына сәйкес көлік құралында орын алуға ;

3) тасымалдауға тасымалдау құжатын қайтаруға және тасымалдаушыдан жол жүру және багаж тасымалдау үшін ақыны (ал жөнелтуші багажды (жүк-багажды) тасымалдағаны үшін ақыны) тасымалдау ережелерімен белгіленген тәртіппен қайтарып алуға ;

4) тасымалдау құжатының қолданыс мерзімін жолаушыларды және багаж (жүк-багаж) тасымалдау ережелерімен белгіленген тәртіппен ұзартуға ;

5) жүру жолында аялдама жасауға және тасымалдау құжатының қолданыс мерзімін автомобиль мен ішкі су көлігі тасымалдарынан басқада, жолаушыларды және багажды (жүк-багажды) тасымалдау ережелерімен белгіленген тәртіппен он күннен артық емес мерзімге ұзартуға ;

6) багажды (жүк-багажды) белгіленген ақымен тасымалдауға тапсыруға ;

7) көлік құралын жөнелту кешіктірілген жағдайда тасымалдау шартынан бас тартуға және жол жүру үшін ақыны қайтарып алуға ;

8) багажды тасымалдауға тапсыру кезінде құндылығын мәлімдеуге ;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен тасымалдау сапасы деңгейінің оның сертификатына сәйкестігін даулауға құқығы бар.

##### **2. Жолаушы :**

1) қала маңындағы темір жол, қала маңындағы және қалалық автомобиль қатынастарынан басқасында, тасымалдау құжатын сатып алу кезінде, көлік құралына отырғызу кезінде және жүру жолында тасымалдау құжатын тексеру кезінде жеке басын куәландыратын құжат ұсынуға ;

2) көлік құралына отырғызу және жол жүру кезінде сапар аяқталғанға дейін тасымалдау құжаты болуға ;

3) мемлекетаралық тасымалдар кезінде азаматтардың өзара жол жүруі мәселелері жөніндегі халықаралық шарттармен белгіленген Қазақстан Республикасының, баратын елінің заңнамасының паспорттық-визалық талаптарын сақтауға ;

4) қоғамдық тәртіпті, жолаушылар тасымалына қызмет көрсетуге арналған көлік

құралдары мен объектілерін пайдалану ережелерін сақтауға, сондай-ақ тасымалдаушының мүлкіне ұқыпты қарауға міндетті.

Осы Кодекспен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және тасымалдау шартымен белгіленген жолаушының өзге де құқықтары мен міндеттерінің болуы м ү м к і н .

3. Жолаушыны және багажды (жүк-багажды) тасымалдаушы:

1) реттелетін тасымалдардан басқа тасымалдарға бағаларды (тарифті) еркін тағайындауға ;

2) осы Кодекспен қарастырылған жағдайдан басқасында, жолаушыдан тасымалдау құжатын сатып алу кезінде, көлік құралына отырғызу кезінде және жүру жолында тасымалдау құжатын тексеру кезінде жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуін талап етуге ;

3) егер заңнамамен, тасымалдау шартымен өзгеше белгіленбесе, (жүк-багажды) оған тиесілі төлемақы мен тасымалдау бойынша басқа да төлемдерді қамтамасыз ету үшін оған тасымалдау үшін берілген багажды ұстап қалуға;

4) өзінің құқықтар мен мүдделерін қорғау мақсатында қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ қауымдастықтар (одақтар) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестіктерін құруға ;

5) демалысқа және қауіпсіздік және гигиена танаптарын жауап беретін еңбек жағдайына құқылы .

4. Жолаушыны және багажды (жүк-багажды) тасымалдаушы:

1) тасымалдауға арналған құқықты қамтамасыз ететін лицензиясы болуға;

2) сәйкестігін растау саласында құжаты бар көлік құралдарын ұсынуға;

3) көлік құралында тасымалдау құжатында көрсетілген орынды ұсынуға;

4) жолаушыға және үшінші тұлғаға келтірілген шығынды, соның ішінде уақытты жоғалтудың ақшалай эквивалентін өтеуге;

5) жолаушының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оған қажетті қолайлылық пен қызмет көрсету жағдайын жасауға, ал жолаушы багаж тапсырған жағдайда сондай-ақ оның багажының уақытында тасымалдануы мен сақталуын қамтамасыз етуге;

6) көлік құралы қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, экипажбен және тасымалдаудың барлық уақытында оны тиісті жағдайда ұстау үшін барлық қажетті заттармен жабдықтауға ;

7) әлеуметтік маңызды және әскери тасымалдарды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік органдардың талаптарын орындауға;

8) Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті сақтандыруды жүзеге асыруға;

9) жолаушыны, багажды (жүк-багажды) тасымалдау шартымен, көлік заңнамасымен анықталған мерзімде тағайындалу пунктіне жеткізуге;

10) багаждың уақтылы тасымалдануы мен сақталуын қамтамасыз етуге;

11) тарифтердің өзгеруі туралы жолаушыларды алдын ала хабардар етуге міндетті. Осы Кодекспен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және тасымалдау шартымен белгіленген тасымалдаушының өзге де құқықтары мен міндеттері болуы мүмкін.

**25-бап. Жолаушыларды және багажды (жүк-багажды) тасымалдау шартын бұзу және өзгертудің негіздері мен салдарлары**

1. Жолаушыларды, багажды (жүк-багажды) тасымалдау шарты тасымалдаушының немесе жолаушының бастамасы бойынша бір жақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.

2. Жолаушы көлік құралы жөнелтілгенге дейін, сондай-ақ рейс басталғаннан кейін көлік құралы жолаушыларды отырғызу немесе түсіру үшін кіретін кез келген пунктте жолаушыны тасымалдау шартынан бас тартуға құқылы.

Жолаушы тасымалдау шартын орындаудан көлік құралы жөнелтілгенге дейін бас тартқан кезде оған жол жүру және багажды тасымалдау үшін төленген сома жолаушыларды, багажды (жүк-багажды) тасымалдау ережелерімен белгіленген мөлшерде, ал рейс басталғаннан кейін - жолаушыны тасымалдау жүзеге асырылмаған қашықтыққа пара-пар мөлшерде жол жүру, багажды (жүк-багажды) тасымалдау үшін төленген соманың бөлігі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге белгіленбесе, қайтарылады.

3. Тасымалдаушы жолаушыны тасымалдау шартын мына жағдайда:

1) тойтарылмас күш, соғыс қимылдары, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың немесе тасымалдаушыға байланысты емес өзгелердің салдарынан жолаушыны тағайындалу пунктіне жеткізу мүмкін болмағанда;

2) тиісті мемлекеттік органның шешімдерінің негізінде көлік құралын бөгелткен немесе көлік құралын жұмылдыру кезеңі мен соғыс уақытында бас тартқанда;

3) жолаушы тасымалдау ережелерін бұзғанда немесе жолаушы осындай ережелерді сақтаудан бас тартқанда;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де жағдайда бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы.

4. Тасымалдау шарты тасымалдаушының бастамасы бойынша көлік құралы жөнелтілгенге дейін бұзылған жағдайда жолаушыға жол жүргені және багажды (жүк-багажды) тасымалдағаны үшін ақы, ал аталған шарт рейс аяқталғанға дейін бұзылған жағдайда - жол жүргені және багажды (жүк-багажды) тасымалдағаны үшін ақы көлік құралы жүріп өтпеген қашықтық үшін төленеді.

Аталған шартты тоқтату жолаушының жолаушыларды багажды (жүк-багажды) тасымалдау ережесін бұзуымен немесе оның көлік құралының қауіпсіздігіне, басқа жолаушылардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін іс-қимылдарымен туындаса жолаушыға жол жүргені және багажды (жүк-багажды) тасымалдағаны үшін ақы қайтарылмайды.

5. Тасымалдау шарты тасымалдаушының бастамасы бойынша осы баптың 3-

тармағының 4) тармақшасында аталған жағдайлардан басқа, рейс кезінде тоқтатылған жағдайда тасымалдаушы жолаушының тағайындалу пунктіне жетуін қамтамасыз ету мақсатында жолаушыны оның талабы бойынша өз есебінен жөнелту пунктіне немесе ең жақын елді мекенге дейін жеткізуге, сондай-ақ жолаушыға тасымалдаушының кінәсы бойынша келтірілген шығындарды өтеуге міндетті.

6. Тасымалдаушының бастамасы бойынша көлік құралын жөнелтудің бөгелуі, жолаушыны тасымалдау маршрутының, жолаушыны отырғызу және (немесе) түсіру орнының өзгертілуі бұндай іс-әрекет жөнелту пунктінде, тағайындалу пунктінде немесе жолаушыларды тасымалдау маршруты бойынша жүру жолында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарынан, сондай-ақ тасымалдаушыға байланысты емес басқа да себептердің салдарынан қажет жағдайда мүмкін.

Осы тармақта аталған жағдайларда тасымалдаушы жолаушыны және оның багажын (жүк-багажын) өз есебінен жөнелту пунктіне жеткізуге немесе жолаушыға оның тартқан шығындарын өтеуге міндетті.

7. Осы баптың 6-бөлігінде белгіленген ережелер жолаушының жолаушыны және багажды (жүк-багажды) тасымалдау шартынан бас тарту құқығына қатысты емес.

8. Жол жүру және багажды (жүк-багажды) тасымалдау үшін ақыны қайтару тасымалдау ережелерімен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

#### **26-бап. Багажды (жүк-багажды) сақтау**

1. Жолаушы, алушы багажын (жүк-багажын) тасымалдаушыға қатысы жоқ себептермен алмаған жағдайда тасымалдаушы тағайындалу пунктінде оны келіп жеткен күнінен бастап отыз күн бойы сақталуын, ал кедендік бақылау арқылы өтетін багаждың (жүк-багаждың) - он бес күн бойы сақталуын ұйымдастыруға міндетті. Тағайындалу пунктіне келіп жеткен багажды (жүк-багажды) бір тәулік ішінде сақтағаны үшін ақы алынбайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген сақтаудың шекті мерзімдері өткен соң кедендік бақылаудағы жүктерден басқа талап етілмеген багаж (жүк-багаж) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен сатылуы мүмкін.

3. Багаж квитанциясын көрсетуші талап-арыз қою мерзімі ішінде тасымалдаушыға талап етілмеген багажды (жүк-багажды) сақтау және оны сату кезінде келтірілген шығындар шегеріле отырып, осы баптың 2-бөлігіне сәйкес сатудан түскен соманы алуға құқылы.

4. Багаж (жүк-багаж) (алынған, тәркіленген, иесіз деп танылған) соттың және өзге де уәкілетті органдардың шешімдері бойынша сатылған жағдайда тасымалдаушының тасымалдаумен және сақтаумен байланысты тартқан шығындары, құзыретіне сот шешімдерін және өзге де уәкілетті органдардың шешімдерін орындау жататын тұлғалардың атқарушылық іс-әрекетін жасау жөніндегі шығыстар ретінде өтеледі.

Осындай багажды (жүк-багажды) сақтау және иелік ету тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

## **27-бап. Почта жөнелтілімдерін тасымалдау**

1. Тасымалдаушылар почта жөнелтілімдерін тасымалдауды почта операторымен жасалған почтаны тасымалдау шарты негізінде жүзеге асырады.

Облысшілік, облысаралық және халықаралық жол жүру маршруттары бойынша тұрақты тасымалдарды жүзеге асыратын көлік ұйымдары почта операторларына, арнайы фельдъегерлік байланыс қызметтеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тасымалдау бойынша қызмет көрсету мүмкін емес жағдайлардан басқада, почта және арнайы жөнелтілімдерді тасымалдауға арналған шарттар жасасудан бас тартуға құқылы емес.

### **2. Көлік ұйымдары :**

1) фельдъегерлік және арнайы байланыс қызметкерлеріне олардың қызметтік міндеттерін орындаулары кезінде билеттерді кезектен тыс сатып алу;

2) фельдъегерлік және арнайы байланыс қызметтерінің автомобильдік көлік құралдарының темір жол, теңіз, ішкі су, әуе және автомобиль көлігі тұрақтарының орнына өтуі ;

3) фельдъегерлік және арнайы байланыс қызметтерінің қарулы қызметкерлерінің жолаушылардың жалпы отырғызылуына дейін отырғызылу құқығын қамтамасыз етеді.

3. Почтаны тасымалдау үшін әдейілеп арналған көлік құралы немесе ондағы жай почтаны тасымалдау шартына сәйкес қатаң тікелей мақсатында пайдаланылуға тиіс. Мұндай көлік құралында немесе ондағы жайда почтаны тасымалдауға қатысы жоқ бөгде адамдарды тасымалдауға тыйым салынады.

4. Почта байланысының жалпыға бірдей қол жетімді қызметтерін көрсететін почта операторы көлігінің автомобиль, темір жол, су станциялары мен вокзалдарының, әуежайлардың аумағында орналасқан жүк және багаж кешендеріне өтуі почта жөнелтілімдерін алмасу үшін бірінші кезекте және ақысыз жүзеге асырылады.

5. Егер почтаны тасымалдау шартында өзгеше белгіленбесе, почтаны тиеуді және түсіруді, сондай-ақ оған ілесіп жүруді және оның жүру жолында сақталуын почта операторы қамтамасыз етеді.

6. Почта жөнелтілімдерін көлікпен тасымалдау тәртібін почта байланысы саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган белгілейді.

## **5-бөлім. Жүк тасымалдау**

### **28-бап. Жүк тасымалдауды жүзеге асыру тәртібі**

1. Жүкті көлікпен тасымалдау Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, осы Кодекске, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және жүктерді тасымалдау шартына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Жүкті көлікпен тасымалдауды жүзеге асыру тәртібін (бұдан әрі-жүктерді тасымалдау ережелері) уәкілетті орган белгілейді.

**Жүкті тасымалдау ережелерінде:**

1) жүкті тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

- 2) жүкті тасымалдау үшін ұсыну және қабылдау;
  - 3) тасымалдау құжаттарын ресімдеу;
  - 4) жүкті тиеу және түсіру пункттеріне қойылатын талаптар;
  - 5) жүкті тиеу және түсіру
  - 6) жүк массасын анықтау;
  - 7) жүкті таңбалау тәртібін;
  - 8) актілер жасау;
  - 9) жүкті тасымалдау шарттарын өзгерту және бұзу;
  - 10) жүктің жекелеген түрлерін тасымалдау
  - 11) тасымалдар бойынша есеп айырысулар;
  - 12) жүкті жеткізу мерзімдері мен жеткізу мерзімдерін есептеу;
  - 13) жүкке иелік ету, барар жерін өзгерту және қайтару;
  - 14) жүкті сақтау, ұстап қалу және беру;
  - 15) жүкті сату жағдайлары мен тәртібі;
- 16) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де жағдайлар анықталады.

### **29-бап. Жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт**

1. Тасымалдаушы мен жүк жөнелтуші жүктерді жүйелі тасымалдауды жүзеге асыру қажеттілігі кезінде жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұзақ мерзімді шарттар ж а с а с у ф а қ ұ қ ы л ы .

2. Жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарттарға сәйкес тасымалдаушы белгіленген мерзімдерде жүктерді қабылдауға, ал жүк жөнелтуші - оларды шарттасқан көлемде тасымалдау үшін ұсынуға міндеттеме алады.

3. Жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру шартымен көлік құралдарын берудің және тасымалдауға арналған жүктерді ұсынудың көлемдері, мерзімдері, есеп айырысу тәртібі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылмаған жүктерді тасымалдауды ұйымдастырудың өзге жағдайлары белгіленеді.

### **30-бап. Жүк тасымалдау шарты**

1. Жүк тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы жүк жөнелтуші өзіне сеніп тапсырған жүкті оның тасымалдау талаптарын сақтай отырып, тағайындалу пунктіне дер кезінде әрі сол күйінде жеткізіп беруге және оны жүк алуға уәкілетті тұлғаға (жүк алушыға) тапсыруға міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші (жүк алушы немесе экспедитор) шартқа немесе тарифке сәйкес жүк тасымалы үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Жүк тасымалдау шартын жасау тасымалдау құжаттарымен ресімделеді.

Аталған тасымалдау құжаттарының нысандары мен толтыру тәртібі жүк тасымалдау ережелерімен белгіленеді және жүк тасымалдаумен байланысты жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

3. Жүк жөнелтушіге тиісті тасымалдау құжатының негізінде жүк қабылданғаны

туралы квитанция берілген кезден бастап жүк тасымалдау шарты жасалды деп е с е п т е л е д і .

4. Жүк тасымалдау шарты өзгерген немесе бұзылған жағдайда, егер шартпен өзге қарастырылмаса, талаптар шарт өзгергенге немесе бұзылғанға дейін шарт талаптарын орындаумен байланысты тартқан шығындарын өтеуді талап етуге құқылы.

### **31-бап. Тасымалдау шартының талаптарын өзгерту**

1. Тасымалдау шартының талаптарын өзгерту соның ішінде жүктің барар жерін өзгерту талаптардың келісімі бойынша тасымалдау ережелеріне сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Кедендік бақылаудағы жүктің барар жерін өзгерту тиісті кеден органының келісімі болған кезде жүргізіледі.

3. Экспорттық бақылаудағы жүктің барар жерін өзгерту тиісті уәкілетті органның келісімі болған кезде жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар өздерінің құзыретіне сәйкес жүкті тасымалдаушыдан алып қоюға құқылы. Бұл орайда тасымалдаушының жүкті тасымалдау және сақтау жөніндегі шығыстарын, сондай-ақ оған келтірілген зиянды кінәлі тарап өтеуге тиіс.

### **32-бап. Тасымалдауға арналған талаптар құқығын беру**

Жүк жөнелтушіге қатысты себептер бойынша жүзеге асырылмаған (толық емес көлемде жүзеге асырылған) тасымалдар үшін алдын ала төлем енгізілген жағдайда соңғысы ақшалай қаражаттың қайтарылуын талап етуге немесе тасымалдаушының келісімі бойынша осы тасымалдауға талап құқығын қайта беруге құқылы.

### **33-бап. Жүк тасымалдаушының, жүк жөнелтушінің құқықтары мен міндеттері**

1. Тасымалдаушы жүк тасымалдау шарты бойынша:

1) өзінің сипаты, салмақ және көлем өлшемдері бойынша тасымалдау құжаттарында көрсетілген жүк туралы деректерге сәйкес келмейтін жүкті тасымалдаудан бас тартуға;

2) егер жүкті одан әрі тасымалдау жүкті тасымалдау қауіпсіздігіне және оның сақталуына қатер төндірсе, жүкті түсіруге;

3) егер шартта өзгеше көзделмесе, осы баптың 2-тармағының 1), 4) тармақшаларына сәйкес, жүктерді тасымалдау қауіпсіздігін немесе олардың сақталуын қамтамасыз етуге байланысты шығарған шығындарын өтеуге;

4) жүк жөнелтуші (жүк алушы) көрсеткен жаңа межелі пунктіне еңсерілмейтін күштің салдарынан жүкті жеткізуге мүмкіндік болмаған жағдайда, тасымалдаудан бас тартуға және жүк жөнелтушіні бұл туралы алдын ала хабардар етіп, жүкті оған қайтаруға құқығы бар. Егер шартта өзгеше көзделмесе, тасымалдаушының осыларға байланысты қосымша шығыстарын жүк жөнелтуші (жүк алушы) төлейді.

Тасымалдаушының Қазақстан Республикасының заңдарымен және шартпен белгіленген өзге де құқықтары бар.

2. Тасымалдаушы жүк тасымалдау шарты бойынша:

1) жүктерді тасымалдау қауіпсіздігіне және олардың сақталуына қатер төнгені туралы жүк жөнелтушіні (жүк алушыны) дереу хабардар етуге, бұл орайда жүк жөнелтушіден (жүк алушыдан) алынған нұсқауларды сақтауға, сондай-ақ жүктерді тасымалдау қауіпсіздігін және олардың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде өзі жүргізген әрекеттер туралы дереу хабардар етуі;

2) жүкті қабылдау кезінде тиісті жүкқұжатындағы жүк орындарының санына, олардың таңбалануы мен нөмірлеріне қатысты жазбалардың дәлме-дәлдігін, сондай-ақ жүктің және оның орамасының сыртқы жай-күйін тексеруге;

3) көлік құралына тиеудің белгіленген нормаларын сақтау, тиісті көлікпен тасымалдауды орындау қауіпсіздігін және жүктің сақталуын қамтамасыз ету мақсаттарында жүктің салынуы мен бекітілуін бақылауға;

4) жүкті тағайындалу пунктіне тасымалдар ережелеріне сәйкес шартпен белгіленген мерзімде жеткізуге.

Жүк жеткізу мерзімі аяқталғанға дейін тасымалдаушы оны түсірсе немесе түсіру (жүктен босату) үшін белгіленген орындарда жүк алушыға түсіруге (жүктен босатуға) берілсе мерзімінде жеткізілген деп саналады.

Жүкті түсіруге (жүктен босатуға) беру жүк жөнелтушінің, жүк алушының, тармақ иеленушінің кінәсі бойынша (түсіру шебінің бос болмауы, жүкті тасымалдау үшін ақыны және тасымалдаушыға тиесілі өзге төлемдерді енгізбеу) кідірітілген жағдайда жүк мерзімінде жеткізілген деп саналады;

5) жүк алушы тасымалдаушыға қатысы жоқ себептермен жүкті алмаған жағдайда, жүкті тағайындалу пунктінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзім ішінде сақтауға;

6) жолаушыларды, азық-түлік өнімдерін, азық-түлік шикізаттарын, шаруашылық-ауыз суды, химиялық улы заттарды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдарына санитарлық паспорттары болуы;

7) жолаушыларды тарифтердің өзгеруі туралы алдын ала ескертуге міндетті.

Тасымалдаушы Қазақстан Республикасының заңдарымен және шартпен белгіленген өзге де міндеттерді мойнына алады.

3. Жүк жөнелтушінің жүк тасымалдау шарты бойынша:

1) мәлімделген жүкті тасу үшін тиеудің алдында көлік құралының жарамдылығын тексеруге;

2) мәлімделген жүкті тасу үшін көлік құралы жарамсыз болған жағдайда, тасымалдаушының қызметінен бас тартуға құқығы бар.

Жүк жөнелтушінің Қазақстан Республикасының заңына және шартқа сәйкес өзге де құқықтары бар.

4. Жүк жөнелтуші жүк тасымалдау шарты бойынша:

1) автокөлік құралының келу және кету уақыты туралы тасымалдау құжатына белгі соғуға;



2) көлік құралының жарамсыздығы себепті тасымалдаушының қызметінен бас тартқан жағдайда тиісті акт жасауға;

3) көлік құралына жүк тиеу процесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген рұқсат етілген салмақ пен көлем өлшемдерінен асыруға жол бермеуге;

4) тасымалдаушыға тасымалдау құжатын, ал Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген қажетті жағдайларда, жүк тасымалы үшін қажетті өзге де құжаттарды (сертификат, лицензия, ветеринариялық құжаттар, кеден декларациясы) көрсетуге міндетті;

5) жүк жөнелтуші тасымалдау құжатына енгізілген мәліметтердің дұрыстығы үшін, сондай-ақ мәліметтердің қателігі, дәлсіздігі немесе толық еместігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған жауапкершілік артады.

### **34-бап. Қауіпті жүкті тасымалдау ерекшеліктері**

1. Қауіпті жүктерді тасымалдауға Ұсынған кезде жүк жөнелтуші қауіпті жүкті тасымалдауға тікелей қабылдаушы тасымалдаушының өкілі мен экспедиторды тасымалдау құжаттарында көрсетілген қауіпті жүктердің нақты түрін немесе тобын қауіпсіз тасымалдау талаптарымен таныстыруға міндетті.

Көлік құралының жүргізушісіне арналған жазбаша нұсқаулықтар тасымалдаушыға қауіпті жүкті тасымалдауға арналған тапсырыс түскеннен кешіктірілмей берілуге тиіс және тасымалдау құжаттарының ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Қауіпті жүктерді тиеуді және түсіруді осы жұмыстарды жүргізуге рұқсаты бар (жіберілген) жүк жөнелтуші, жүк алушы жүргізеді.

3. Қауіпті жүкті тапсыру кезінде оның атауы және қауіпті ерекшеліктері туралы қате мәліметтерді берген және тасымалдаушының сырттай қарап тексеру арқылы оның ерекшеліктеріне көз жеткізуі мүмкін болмаған жағдайда тасымалдаушы жүк жөнелтушіні хабардар еткеннен кейін кез келген уақытта жөнелтушінің есебінен осындай жүкті оған шығындарын өтеусіз түсіруді, жоюды және залалсыздандыруды жүзеге асыруға құқылы.

Жөнелтуші тасымалдаушының алдында осындай жүкті тиеудің нәтижесінде шеккен зияндары үшін жауапкершілік артады.

### **35-бап. Ірі габаритті және ауыр салмақты жүкті тасымалдау**

1. Көлік құралының габаритін және салмағын ескере отырып, көлік құралдарына Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген рұқсат етілген габарит және салмақ өлшемдерінен асатын жүктер ірі габаритті және ауыр салмақты жүктер деп танылады.

2. Ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру, сондай-ақ арнайы көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағында жол жүруінің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

### **36-бап. Әскери және арнайы жүкті тасымалдау**

1. Әскери және арнайы жүкті тасымалдау тәртібі мен талаптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

2. Сотталған және қамауға алынған тұлғаларды тасымалдау тәртібі мен талаптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

### **37-бап. Тікелей аралас қатынастағы жүк тасымалы**

1. Тікелей аралас қатынаста жүк тасымалдау автомобиль, темір жол, ішкі су, теңіз, әуе көліктерінің өзара іс-қимылының көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Тікелей аралас қатынаста жүк тасымалдау жүктің барлық жүру жолына жасалған бірыңғай тікелей аралас тасымалдау құжатының негізінде жүзеге асырылады.

2. Тікелей аралас қатынаста жүк тасымалдау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті көлік түрлерінің ұйымдары арасында жасалған келісімдермен анықталады.

3. Тікелей аралас қатынаста жүк тасымалдауға қатысатын тасымалдаушылардың арақатынастары осы Кодекстің Ерекше бөлімімен анықталады.

### **38-бап. Жүкті беру тәртібі**

1. Тасымалдаушының жауапкершілігіндегі жүктің бүлінуі немесе бұзылуы салдарынан оның сапасының және (немесе) санының соншалықты өзгеруінен, жүкті тікелей мақсатында толық немесе ішінара пайдалану мүмкін болмайтын жағдайда ғана жүк алушы жүкті қабылдаудан бас тартуы мүмкін.

2. Жүктерді тасымалдау кезінде тасымалдаушыға байланысты емес себептер бойынша жүкті жүк алушыға беру мүмкін болмаған жағдайда, жүк жөнелтуші тиісті көлік құралымен жүк тасымалдау ережелерінде белгіленген тәртіппен тасымалдаушыға жүкті жаңа межелі пунктіне жеткізу туралы нұсқау беруге міндетті.

3. Жүкті тағайындалу пунктіне жеткізген сәттен бастап екі тәулік бойы жүк жөнелтушінің жүкті сақтау оның бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін кезде тез бұзылатын жүкке иелік ету туралы нұсқауы болмаған жағдайда тасымалдаушы кедендік бақылауда тұрған жүктен басқа жүкті сатуға құқылы.

4. Осы баптың 6-тармағында көрсетілген жүктен басқасын осы Кодексте қарастырылған жағдайда сату:

1) жүктің құнын төлеу туралы құжаттармен расталған оның бағасына қарай сатып алу - сату шартына сәйкес;

2) осы тармақтың 1-тармақшасындағы шарттарда жүкті сату мүмкін емес жағдайда жүкті сату салыстырмалы жағдай кезінде осындай тауар үшін олардың орналасқан жері бойынша қалыпты жағдайда алынатын бағаға қарай тараптардың келісуі бойынша жүзеге асырылады.

5. Жүкті сатудан алынған сома, тасымалдаушыға тиесілі төлемдер мен оларды сатуға жұмсалған шығындарды шегеріп, ол олардың құнын төлеген жағдайда депозит шартымен нотариустың атына жүк алушы үшін немесе басқа жағдайларда жүк жөнелтуші үшін салынады.

Жүкті сатудан түскен сома тасымалдаушыға тиесілі төлемдер мен жүкті сақтау мен сатуға жұмсалған шығындарды жабу үшін жеткіліксіз болған жағдайда тасымалдаушы толық алынбаған соманы жүк жөнелтушіден өндіріп алуға құқылы.

6. Тасымалдаушы егер жүк тез бұзылатын болып табылса немесе жүкті аталған мерзімдерде сақтауға арналған шығыстар жүктің құнынан асып кетсе, жүкті Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіппен осы Кодекспен қарастырылған мерзімдерден бұрын сатуға құқылы.

### **39-бап. Жүктің тиісті емес жүк алушының атына келуі**

1. Жүк алушының атына берілуі шартта көзделмеген жүк, сондай-ақ атауы темір жол көлігі жүкқұжатында көрсетілген атауға сәйкес келмейтін жүк келген жағдайда:

1) жүк алушы жүктің келгені жөнінде хабарлама алған кезден бастап бір тәулік ішінде тасымалдау шарты бойынша өзінің тиісті тарап еместігі туралы тасымалдаушыға жазбаша хабарлама жіберуге міндетті;

2) тасымалдаушы жүк жөнелтушіні жүкке иелік ету қажеттігі туралы дереу хабардар етуге міндетті, ал жүк жөнелтуші төрт тәулік (тез бүлінетін жүктерге қатысты - екі тәулік) ішінде жүкке иелік ету туралы жазбаша нұсқау беруге міндетті.

2. Тасымалдау құжатында көрсетілген жүк алушы тасымалдаушыға тиісті барлық төлемдерді төлеген жағдайда, оның жүкті алуға құқығы бар.

3. Жүк жөнелтушінің жүкке иелік ету туралы нұсқауын осы баптың 1-тармағында көзделген мерзімде алмаған жағдайда, тасымалдаушы жүкті жүк жөнелтушіге оның есебінен қайтаруға, ал тез бүлінетін жүкті осы Кодекстің 38-бабының 3-6 тармақтарына сәйкес сатуға құқылы.

### **40-бап. Жүк тасымалдауға кедергілер**

1. Тасымалдаушы жүк жөнелтушінің немесе экспедитордың кінәсінен жүкті тасымалдауға кедергілер туындағаны, мемлекеттік органдардың кідіртуі және мұндай жүкті одан әрі тасымалдау үшін басқа тасымалдаушыларға тапсыру мүмкін еместігі туралы жасалған шартқа сәйкес, дереу телеграф арқылы немесе өзге тәсілмен оларды х а б а р д а р е т у г е м і н д е т т і .

Жүк жөнелтуші, сондай-ақ экспедитор, егер шартта оған осындай міндеттемелер жүктелген болса, жүк тасымалдауға кедергілерді жою жөнінде шаралар қолдануға м і н д е т т і .

2. Тасымалдаушы үшін белгіленген жүкті жеткізіп беру мерзімдері жүк жөнелтушінің, экспедитордың кінәсінен жүкті кідірткен уақытқа ұзартылады.

3. Экспорттық және импорттық жүкті кідірткен уақыты үшін кінәлі тұлға тасымалдаушыға - вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін ақы, ал транзиттік жүкті кідірткен уақыты үшін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген мөлшерде ақы төлейді.

4. Жүк жөнелтуші немесе жүк алушы тасымалдаушыдан хабарлама алған кезден бастап сегіз тәулік ішінде (тез бүлінетін жүктерге қатысты

санитарлық-эпидемиологиялық ережелермен және нормалармен белгіленген мерзім ішінде) кідірілген жүктерге қатысты шара қолданбаған жағдайда, тасымалдаушы жүкті жүк жөнелтушіге оның есебінен қайтаруға, ал тез бүлінетін жүкті осы Кодекстің 38-бабының 3-6 тармақтарына сәйкес сатуға құқылы.

## **6-бөлім. Көлік құралдарының қауіпсіздігі.**

### **Қозғалыс қауіпсіздігі. Көліктің жүктері мен объектілерін күзету**

#### **41-бап. Жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, көліктің әр түрлерінің көлік және өзге де техникалық құралдарын пайдалануды ұйымдастыру**

1. Тасымалдау процесіне қатысушылар адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жолаушылардың жол жүруіне қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етуге, сондай-ақ белгіленген қозғалыс қауіпсіздігі талаптарын сақтауға міндетті.

2. Тасымалдаушылардың құрылымдарында қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ішкі бақылауды жүзеге асыратын қозғалыс қауіпсіздігі қызметі болуы тиіс (бөлімдер және/немесе жауапты лауазымды тұлға).

Қозғалыс қауіпсіздігі туралы ереже нысанын уәкілетті орган әзірлейтін үлгі ереже негізінде әзірленеді.

3. Қозғалыс қауіпсіздігі адамның өмірі мен денсаулығын сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға, тасымалдау процесіне қатысушыларының авариясыз жұмыс істеуіне жағдайлар туғызуға, көлік құралдары мен көлік инфрақұрылымын ақаусыз күтіп ұстауға, сондай-ақ болуы ықтимал авариялардың зардаптарын жоюға бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етіледі.

4. Көлік құралдарының иелері олардың көлік құралдарымен болған көлік оқиғаларына тексеру жүргізу кезінде қажетті жағдайда мемлекеттік органдарға көмек көрсетуге міндетті.

5. Техникалық регламенттер талаптарын, қозғалыс қауіпсіздігі, жылжымалы құрамды, жолдың үстіңгі құрылыстарын және темір жол көлігін және тасымалдау процесімен байланысты басқа да техникалық құралдарды пайдалану ережелерін бұзғаны, сондай-ақ жол берілген бұзушылықтарды жасырғаны үшін кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жауаптылықта болады.

#### **42-бап. Көлік құралын басқару құқығы**

Көлік құралын басқару құқығы тиісті біліктілігі бар және белгіленген үлгідегі құжат беріліп, денсаулық жағдайы туралы медициналық куәландырудан өткен тұлғаға беріледі.

Қызметкерлердің көлік құралын басқару жөніндегі біліктілік талаптары мен кәсібі бойынша негізгі міндеттерін орындауға денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен анықталады.

#### **43-бап. Көлік құралдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

Көлік құралдары көлік саласындағы техникалық регламенттермен белгіленген адамның өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптары

мен нормаларына сәйкес келуі, сәйкестігін растау саласында құжаты, сондай-ақ заңнамамен белгіленген тәртіппен тіркелуі тиіс.

Көлік құралдарының сәйкестігін растау тәртібі техникалық реттеу саласында Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады.

Көлік құралдары егер олар адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін болса рынокқа шығарылмауы және сатылмауы тиіс.

#### **44-бап. Көліктегі жүкті және көлік инфрақұрылымын күзету**

1. Жүкті және әуе көлігіне басқа барлық көлік инфрақұрылымын күзетуді әскерилендірілген күзет қызметтері жүзеге асырады.

2. Көлік инфрақұрылымы объектілерінде мемлекеттік өртке қарсы бақылауды өртке қарсы қызмет органдары жүзеге асырады, өрттерді сөндіру Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органы мен тиісті заңды тұлғалар арасындағы келісіммен реттеледі.

3. Автомобиль, темір жол, әуе, теңіз және ішкі су көлігінде өрт қауіпсіздігі талаптарының қамтамасыз етілуіне бақылау жасау мен өрттерді сөндіруді салалық өртке қарсы қызметтердің бөлімшелері жүзеге асырады.

4. Әскерилендірілген күзет қызметінің бөлімшелері оқатар қарумен және арнайы құралдармен қамтамасыз етіледі.

Қаруды және арнайы құралдарды қолдану тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

5. Көлік инфрақұрылымының неғұрлым маңызды объектілері (әуежайлардан басқасы) мен арнайы жүктерді күзетуді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскері, Республикалық ұлан, қорғаныс саласындағы уәкілетті органның арнайы бөлімшелері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы бөлімшелері, сондай-ақ әскерилендірілген күзеттің арнайы қызметтері жүзеге асырады.

#### **45-бап. Төтенше жағдайлар кезінде көліктің жұмысын ұйымдастыру**

1. Төтенше жағдайлар (жер сілкіністері, су тасқындары, өрттер, басып қалулар, жұқпалы аурулар және басқа да табиғи апаттар) туындаған жағдайда, көлік кәсіпорындарының шарттық қатынастары Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыстардың (республикалық маңызды қаланың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызды қаланың) жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша апаттарды және олардың салдарларын жою жөнінде шаралар қабылдау үшін осы у а қ ы т қ а т о қ т а т ы л у ы м ү м к і н .

2. Қазақстан Республикасында төтенше жағдайлар және олардың салдарларын жою кезіндегі жұмылдыру дайындығын, азаматтық қорғаныс жөніндегі іс шараларды және авариялық-құтқару жұмыстарын қамтамасыз етумен байланысты тасымалдарды жүзеге асыру жөніндегі көлік ұйымдарының шығындары тиісті бюджеттің қаражатынан ө т е л е д і .

3. Көлік кәсіпорындары табиғи апаттар мен авариялардың, сондай-ақ төтенше жағдай сипатындағы өзге де жағдайлардың салдарларын жою жөнінде дереу шаралар қабылдауға міндетті.

**46-бап. Өнеркәсіп қауіпсіздігін, көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық, өртке қарсы ережелер мен нормаларды, қоршаған орта сапасының нормативтерін қамтамасыз ету**

1. Тасымалдаушылар көрсетілетін қызметтер мен процестердің адамның өмірі мен денсаулығы мен айналадағы ортаның, соның ішінде өсімдіктер мен жануарлар әлемінің қауіпсіздігін, көлік құралдары қозғалысының, кеме қатынасы мен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.

2. Көлік құралдары қозғалысы және жүк тиеу-түсіру жұмыстары жүзеге асырылатын станциялардың, порттардың, айлақтардың, әуежайлардың, автокөлік кәсіпорындары мен теміржол тораптарының аумақтары, сондай-ақ су жолдары аса қауіпті аймақтар болып табылады.

Қауіптілігі жоғары аймақта болу және онда жұмыстар жүргізу ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Аталған ережелердің бұзылуы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жауапкершілікке әкеп соқтырады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша қауіпті жүктерді күзету мен алып жүруді бүкіл жол бойында жүкті жөнелтушілер немесе алушылар қамтамасыз етеді.

4. Жарылғыш, тез тұтанғыш, радиоактивті, улы және басқа қауіпті жүктерді жөнелтуші және алушы тұлғалар оларды тасымалдау қауіпсіздігіне кепілдік беруге, өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі саласындағы ережелер талаптарын сақтауға, жүктерді тасымалдау кезінде авариялық жағдайлардың алдын алуға, сондай-ақ авариялар зардаптарын жоюға қажетті құралдар мен жедел қимылдайтын бөлімдерді ұстауға міндетті.

5. Көлік, оның ішінде Қазақстан аумағында орналасқан немесе оны кесіп өтетін шетел көліктері мен көлік құралдары қызметі процесінде экологиялық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығын қорғауға кепілдік беретін, қоршаған ортаның ластауына жол бермеуді, табиғи ресурстарды молайту мен ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін қоршаған орта сапасының гигиеналық нормативтері сақталуы тиіс.

6. Пайдалы қазбалар қабаттары алаңдарында көлік кәсіпорындарын жобалау мен салуға, олар жатқан жерлерде жерасты құрылыстарын орналастыруға тыйым салынады. Айрықша жағдайларда бұларға жер қойнауын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органының рұқсаты бойынша жол беріледі.

7. Көлік кәсіпорындары мен тасымалдаушылар табиғат қорғау шараларын жоспарлауға, ұйымдастыруға және қаржыландыруға, айналадағы табиғи орта мен жер қойнауын қорғау саласында өндірістік және ведомстволық бақылау жасауға міндетті.

8. Тасымалдаушылар қоршаған ортаны, әуе бассейнін, су қоймаларын, жерді қорғауға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға қажетті шаралардың бәрін жүзеге асыруға міндетті. Қоршаған ортаға келтірілген зиян үшін тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен жауапкершілікте болады.

#### **47-бап. Литерлік тасымалдарға жіберу**

1. Көлік қызметкерлерін литерлік тасымалдарды орындау мен қызмет көрсетуге, сондай-ақ арнайы тағайындалған автомобильдерді пайдалану мен қызмет көрсетуге жіберу ұлттық қауіпсіздік органдарымен, ал Алматы және Астана қалаларында - Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметімен келісу бойынша жүзеге асырылады.

#### **7-тарау. Көліктегі жауапкершілік**

##### **48-бап. Көлік құралын пайдалану және басқару тәртібін бұзушылықтар**

1. Көлік құралдары қауіпсіздік талаптарына, техникалық, медициналық-санитарлық ережелер мен нормаларға, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға және гигиеналық нормативтерге, еңбекті қорғау, өнеркәсіп және экологияны қорғау нормаларына, техникалық регламенттерге, қауіпті жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес келуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен тіркелуі тиіс.

2. Осы баптың 1-бөлігіндегі талаптарға сәйкес келмейтін және белгіленген тәртіпте тіркелмеген көлік құралдары пайдалануға жіберілмейді және Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген жауапкершілікті тудырады.

Көлік құралының пайдалануға жарамдылығын растау болып белгіленген үлгідегі құжат табылады.

3. Тиісті біліктілігі бар және белгіленген үлгідегі құжат беріліп, денсаулық жағдайы туралы медициналық куәландырудан өтпеген тұлғалар көлік құралын басқаруға жіберілмейді және Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген жауапкершілікті тудырады.

##### **49-бап. Тасымалдау бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік**

1. Тасымалдаудан туындайтын міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Кодекспен, сондай-ақ осылардың негізінде жасалған шарттарда белгіленген негіздер бойынша және мөлшерде жауапкершілік алады.

2. Тасымалдау жөніндегі, соның ішінде тікелей аралас және халықаралық қатынастағы міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тасымалдаушылардың өзара жауапкершіліктері осы Кодекспен, сондай-ақ тасымалдаушылар арасындағы шарттармен белгіленеді.

3. Тасымалды бірнеше тасымалдаушы жүзеге асырған жағдайда олар жүк жөнелтушінің, жүк алушының алдында жүктің, багаждың (жүк-багаждың) жоғалғаны,

жетіспеушілігі, бұзылғаны (бүлінгені) үшін ортақ жауапкершілікте болады.

4. Басқа тұлғалар келтірген зиянды өтеген тасымалдаушының, егер басқа мөлшер Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленбесе, осы тұлғаға кері талап қою қ ұ қ ы ғ ы б а р .

5. Жүк жөнелтуші, жүк алушы және тасымалдаушы қауіпті жүктердің қауіпсіз тасымалдануын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ж а у а п к е р ш і л і к а р т а д ы .

6. Тасымалдаушы және көлік қызметіне басқа қатысушылар төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарларын жоюға арналған күштер мен құралдардың құрылуы, дайындығы және дайындықта ұстауы үшін жауапкершілік артады.

7. Тасымалдаушы олардың әрекетінің (әрекетсіздігінің) нәтижесінде тасымалдаушының міндеттемелерінің бұзылуы болған басқа тұлғаларға кері талап қоюға құқылы.

#### **50-бап. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету**

1. Міндеттемелердің орындалуы тұрақсыздық айыбы, кепілзат, қарызгердің мүлкін ұстап қалу, кепілге алу, кепілдік, кепілақы арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін.

2. Жүк тасымалы бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кінәлі тарап келтірілген шығындарды өтеуден басқа, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Кодексте немесе шартта белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

3. Тасымалдаушыға тиісті төлемді мерзімін өткізіп төлегені үшін, егер тасымалдау шартымен өзге белгіленбесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде бөтен адамдардың ақша қаражатын заңсыз пайдаланғаны үшін белгіленген жауапкершілік мөлшерінде тұрақсыздық айыбы алынады.

4. Тараптардың өзге келісімдері болмаған ретте төлем жасалған сомадан, ең алдымен - тұрақсыздық айыбының сомасы, ал қалған бөлігінен борыштың негізгі сомасы өтеледі.

#### **51-бап. Жолаушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін тасымалдаушының жауапкершілігі**

1. Тасымалдаушы жолаушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және белгіленген шектерде жауапкершілік алады.

2. Жолаушының өмірі мен денсаулығына келтірген зиян үшін тасымалдаушының жауапкершілігі ол көлік құралында отырған кезінде туындайды.

#### **52-бап. Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды жеткізіп беру мерзімдерін бұзғаны үшін жауапкершілік**

1. Көлік құралының жөнелтілуін кідірткені немесе оның тағайындалу пунктіне кешігіп келгені үшін (қалалық және қаламаңындық тасымалдардан, сондай-ақ өткелдердегіден басқасы) тасымалдаушы, егер кідіру немесе кешігу тежеусіз күштің



салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, оған кешіккен әр сағат үшін тасымалдау ақысының үш пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді.

Өндіріп алынған айыппұлдың сомасы тасымалдау ақысының мөлшерінен аспауы т и і с .

Рейстер 10 сағатқа және одан да көп уақытқа кідірген жағдайда тасымалдаушы уәкілетті орган белгілеген нормаларға сәйкес жолаушыларға өз есебінен мейманханадан орын алып беруге және тамақтандыруға міндетті.

2. Багажды (жүк-багажды) жеткізіп беруді кешіктіргені үшін тасымалдаушы багажды (жүк-багажды) алушыға кешіктірген мерзімнің әрбір тәулігіне тасымал үшін төленген ақының 10 пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді, бірақ ол тасымалдау үшін төленетін ақының 50 пайызынан аспауы тиіс.

3. Тасымалдаушының кінәсі анықталған болса, багажды (жүк-багажды) жеткізіп беруді кешіктіргені үшін тасымалдаушы багажды (жүк-багажды) алушыға кешіктірген мерзімнің әрбір тәулігіне тасымал үшін төленген ақының 5 пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді, бірақ ол тасымалдау үшін төленетін ақының 50 пайызынан аспауы т и і с .

4. Аталған айыппұлдарды төлеу жолаушыларды тасымалдау ережелеріне сәйкес жолаушының өтініші бойынша жүргізіледі.

Жолаушының өтініші бойынша оған тасымалдың кідіру себебі туралы ресми құжат беріледі немесе билетіне белгі соғылады.

**53-бап. Багажды (жүк-багажды), жүкті жоғалтқаны, олардың жетіспеуі немесе бұзылуы (бүлінуі) үшін жауапкершілік**

1. Тасымалдаушы багажды (жүк-багажды), жүкті тасымалдауға алған кезден бастап алушыға (жүк алушыға) берген кезге дейін олардың сақталуын қамтамасыз етуге м і н д е т т і .

2. Багажды (жүк-багажды), жүкті жоғалтқаны, оның жетіспеуі, бұзылуы (бүлінуі) үшін мүлтік жауапкершілік оларды қабылдаған - тапсырған кезден бастап ауысады.

Багажды (жүк-багажды), жүкті тасымалдау кезінде келтірілген шығын Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мөлшерде өтеледі.

3. Егер тасымалдаушы багаждың (жүк-багаждың), жүктің жоғалуы, жетіспеуі немесе бұзылуы (бүлінуі) өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, багаждың (жүк-багаждың), жүктің жоғалуына жауап береді.

Тасымалдаушының кінәсінен багаждың бүліну жағдайларын қоспағанда, жолаушы қол жүгі ретінде өзімен бірге алып жүретін багаждың сақталуына тасымалдаушы ж а у а п т ы б о л м а й д ы .

4. Тасымалдаушы белгіленген зиянның орнын толтырумен бірге, ал темір жол тасымалдары кезінде 57-баптың 4-тармағында көзделген зиянның орнын толтырумен бірге, егер тасымал ақысы жүктің құнына кірмейтін болса, жөнелтушіге (алушыға, жүк алушыға) жоғалтқан, жетіспеген, бүлінген немесе бұзылған багажды (жүк-багажды),

жүкті тасымалдау үшін алған тасымал ақысын қайтарады.

5. Багаж (жүк-багаж), жүк жеткізіп беру мерзімінен жеті күн өткеннен кейін жоғалды деп есептеледі.

Багаж (жүк-багаж), жүк аталған мерзім өткеннен кейін келген жағдайда, алушы оларды қабылдай алады және тасымалдаушының жоғалтқаны үшін төлеген сомасын қайтара алады.

#### **54-бап. Багаждың (жүк-багаждың), жүктің жетіспеу, бұзылу (бүліну) мөлшерін анықтау**

1. Багаждың (жүк-багаждың), жүктің жоғалғаны, жетіспейтіні немесе бұзылғаны (бүлінгені) байқалған жағдайда тасымалдаушы мен жүк алушы нақты зиянның мөлшерін бірлесіп анықтайды.

2. Тасымалдаушының немесе жүк алушының бастамасы бойынша багаждың (жүк-багаждың), жүктің жетіспеуінен, бүлінуінен немесе бұзылуынан болған нақты зиянның мөлшерін анықтау жөнінде сараптама немесе өзге де қажетті зерттеу жүргізілуі мүмкін.

3. Сараптама немесе өзге де қажетті зерттеу жүргізуге байланысты шығыстар кінәлі тарапқа жүктеледі.

4. Тасымалдаушы багажды (жүк-багажды), жүкті тасымалдау кезінде келтірілген нұқсанды:

1) багаж (жүк-багаж), жүк жоғалған немесе жетіспеген жағдайда жоғалған немесе жетіспеген багаждың (жүк-багаждың), жүктің құны мөлшерінде;

2) багаж (жүк-багаж), жүк, зақымданған (бүлінген) жағдайда - оның құны төмендеген сома мөлшерінде, ал зақымданған багаж (жүк-багаж), жүк қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда - оның құны мөлшерінде;

3) құндылығы жарияланып, тасымалдауға тапсырылған багаж (жүк-багаж), жүк, жоғалған жағдайда - багаждың (жүк-багаждың), жүктің жарияланған құны мөлшерінде өтейді.

5. Жүктің жоғалуы, кем шығуы немесе зақымдануы (бүлінуі) туғызғаны анықталған залалды өтеумен қатар, тасымалдаушы жоғалған, кем шыққан немесе зақымданған (бүлінген) жүкті тасығаны үшін өндіріп алынған жалдау ақысын, егер ол жүктің құнына кірмесе, жүк жөнелтушіге (жүк алушыға) қайтарып береді.

6. Тасымалдау құжатында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келмейтін жүкті (жүк-багажды) берген жағдайда, мұндай жүкті (жүк-багажды) тасымалдаушы тиеген болса, ол жүк алушы алдында жүктің (жүк-багаждың) тасымалдау құжатында көрсетілген құны мөлшерінде, оны жоғалтқанмен бірдей жауапкершілікте болады.

7. Тасымалдауға өткізілген жүктің (жүк-багаждың) құны оның сатушы шотында көрсетілген немесе шартта көзделген бағасы негізге алына отырып, ал шот болмаған немесе шартта бағасы көрсетілмеген жағдайда - мән-жайлар (жүкті, жүк-багажды тасымалдау шартына сәйкес жүк (жүк-багаж) түсірілген немесе түсірілуге тиіс болған

жердегі және сол күнгі) салыстырыла отырып, әдетте сондай тауарлардан алынатын баға негізге алына отырып анықталады.

8. Жүктің, багаждың (жүк-багаждың) жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін өтелуге тиісті сомадан жүк иесі, жолаушы жасауға тиіс болған, бірақ жүктің, багаждың (жүк-багаждың) жоғалуы кем шығуы немесе зақымдануы (бүлінуі) салдарынан жасалмаған жүк, багаж (жүк-багаж) тасымалына жұмсалған шығыстар (жалдау ақысы, баж және басқалар) шегерілмейді.

**55-бап. Жолаушылардың билетсіз жол жүргені мен тасымалдағаны және қол жүгі мен багажды (жүк-багажды) ақысыз тасымалдағаны үшін жауапкершілік**

Жолаушылардың билетсіз жол жүргені мен тасымалдағаны және қол жүгі мен багажды (жүк-багажды) ақысыз тасымалдағаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексімен қарастырылған тәртіппен жауап береді.

**56-бап. Жолаушының, жүк немесе багаж (жүк-багаж) жөнелтуші мен алушының жауапкершілігі**

Жолаушылар, жүк немесе багаж (жүк-багаж) жөнелтуші мен алушы өздерінің кінәсінен басқа адамдарға, тасымалдаушының мүлкіне және тасымалдаушы жауап беретін басқа адамдардың мүлкіне келтірген зияны үшін жауапты болады.

Жүк жөнелтуші тасымалдау құжаттарында көрсетілген мағлұматтардың дұрыс болмауына, дәл болмауына немесе толық болмауына байланысты тасымалдаушыға немесе тасымалдаушы жауап беретін басқа адамға келтірген зияны үшін жауапты болады.

Жүк жөнелтуші тасымалдау құжаттарында көрсетілген мағлұматтардың дәл болмауына, толық болмауына немесе дұрыс болмауына байланысты барлық зиян үшін тасымалдаушының алдында жауапты болады.

**57-бап. Жауапкершіліктен босату**

1. Тараптар тасымалдау шартынан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген негіздер бойынша жауапкершіліктен босатылуы мүмкін.

2. Егер міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау:

1) бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және т.б.);

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасында күшіне енген халықаралық шарттарда белгіленген тәртіппен жарияланған жүк тасымалын, поездардың жүруін тоқтатудың немесе шектеудің салдарынан болса, тараптар жауапкершіліктен босатылады.

**8-бөлім. Актілер, кінә қою, талап қою**

**58-бап. Кінә қоюдың шарттары мен тәртібі**

1. Тасымалдаушыға тасымалдау шартынан туындайтын талап қоюға дейін кінә қою м і н д е т т і .

2. Тасымалдаушыға тасымалдау шартынан туындайтын кінә қоюға жолаушының, жөнелтушінің (жүк жөнелтушінің), алушының (жүк алушының), сондай-ақ тасымалдаушының тасымалдау жөніндегі міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін жөнелтушіге (жүк жөнелтушіге), алушыға (жүк алушыға) сақтандыруды өтеуді төлеген сақтандырушының құқығы бар.

3. Кінә қоюға өтініш берушінің талаптарын растайтын мына құжаттар түпнұсқа түрінде қоса тіркелуге тиіс:

1) жүк жоғалған жағдайда - жүк квитанциясы;

2) жүк жетіспеген, бұзылған (бүлінген), жүкті беру кешіктірілген жағдайда - темір жол келіп жүкқұжаты немесе тауарлық-көліктік жүкқұжаты, сондай-ақ коммерциялық а к т ;

3) жүкті жеткізіп беру мерзімдері бұзылған жағдайда - темір жол көлігі жүкқұжаты немесе тауарлық-көліктік жүкқұжаты;

4) жүкті тасымалдау үшін артық төленген тасымалдау төлемдерін қайтару үшін - темір жол көлік жүкқағазы немесе жүкті қабылдағаны туралы квитанция.

4. Жүктің жоғалуына, жетіспеуіне немесе бұзылуына (бүлінуіне) қатысты кінә қоюға осы баптың 3-тармағында аталған құжаттардан басқа жүктің құнын, сондай-ақ жүкке меншік құқығын немесе өзге де заңды негізде иелік етуді растайтын құжаттар қоса берілуі тиіс .

Сақтандырушы тасымалдаушының тасымалдау жөніндегі міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін жөнелтушіге (жүк жөнелтушіге), алушыға (жүк алушыға) сақтандыруды өтеуді төлеген жағдайда кінә қоюға сақтандыруды өтеуді төлегенін растайтын құжаттар қоса тіркелуі тиіс.

### **59-бап. Кінә қоюдың мерзімдері**

1. Тасымалдау шартынан туындайтын кінәні тасымалдаушыға талап қою мерзімі і ш і н д е қ о ю ғ а б о л а д ы .

Кінә қою мерзімдері мыналарға қатысты:

1) жүктің жоғалғаны үшін шығынды өтеуге - жеткізіп беру мерзімі аяқталғаннан жеті тәулік өткеннен кейін;

2) жүктің жетіспеушілігі, бұзылғаны (бүлінгені) үшін - шығынды өтеуге берілген күннен бастап;

3) жүк тасымалына артық төленген тасымал төлемдерін қайтаруға - берілген күннен б а с т а п ;

4) багажды, жүкті жеткізіп беру мерзімі өтіп кетуіне - берілген күннен бастап;

5) жүк тасымалына қабылданған өтінімді орындамағаны үшін айыппұл өндіріп алуға - өтінімді орындау үшін тасымалдау ережелерінде белгіленген мерзім аяқталған соң е с е п т е л е д і .

Өзге жағдайларда - талап қоюға негіз болған оқиға туындаған күннен бастап е с е п т е л е д і .

2. Тасымалдаушы, егер кінә қою мерзімі өтіп кетуінің себебін дәлелді деп таныса, қойылған кінәні белгіленген мерзім өткеннен кейін де қарауға құқығы бар.

### **60-бап. Кінә қоюды қараудың тәртібі мен мерзімдері**

1. Кінә қою ол алынған күннен бастап бір ай мерзімде қаралуға тиіс.

2. Кінә қоюды тасымалдаушы толығымен немесе ішінара қанағаттандыруы немесе қабылдамай тастауы мүмкін. Тасымалдаушы кінә қоюды қараудың нәтижесі туралы өтініш берушіге жазбаша түрде хабарлайды.

3. Өтініш берушінің талабын ішінара қанағаттандырған немесе қабылдамай тастаған жағдайда тасымалдаушының хабарламасында қабылданған шешімінің негіздемесі көрсетілуі тиіс. Хабарлама өтініш берушіге кінә қоюға қоса тіркелген құжаттармен бірге жіберіледі.

### **61-бап. Актілер**

1. Тасымалдарды жүзеге асырған кезде тасымалдаушының, жөнелтушінің (жүк жөнелтушінің), алушының (жүк алушының), экспедитордың немесе жолаушының мүліктік жауапкершілігі үшін негіз болатын мән-жайлар коммерциялық актілермен немесе жалпы нысандағы актілермен куәландырылады.

Коммерциялық актінің және жалпы нысандағы актінің нысандары, сондай-ақ оларды жасау ережелері тасымалдау ережелерімен белгіленеді.

2. Тасымалдаушы багажды, жүкті, жүк-багажды берген кезде мына мән-жайларды:

1) нақты атауының, сондай-ақ салмағы мен орын санының тасымалдау құжаттарында көрсетілген деректерге сәйкес келмеуін;

2) б ұ з ы л у ы н ( б ү л і н у і н );

3) тасымалдау құжаты жоқ багажды, жүкті не жүк-багажды немесе багажсыз, жүксіз не жүк-багажсыз тасымалдау құжатын тапқанын;

4) тасымалдаушыға ұрланған багажды, жүкті немесе жүк-багажды қайтарғанын;

5) жүк беру туралы құжаттарды ресімдегеннен кейін жиырма төрт сағат ішінде тасымалдаушының түсіретін (жүктен босататын) орынға жүкті бермегенін куәландыру үшін коммерциялық акт жасауға міндетті. Бұл жағдайда коммерциялық акт жүк алушының талабы бойынша ғана жасалады;

6) багажды, жүкті немесе жүк-багажды өткізуге бергенін куәландыру үшін коммерциялық акт жасауға міндетті.

Тасымалдаушы тасымалдау құжаттарына коммерциялық акт жасалғандығы туралы белгі соғуға міндетті.

3. Жалпы нысандағы актілер осы баптың 2-тармағында көзделмеген мән-жайларды куәландыру үшін жасалады.

4. Актіні жасауға қатысатын тараптардың оған қол қоюдан бас тартуға құқығы жоқ. Актінің мазмұнымен келіспеген жағдайда тараптардың онда өз пікірлерін жазуға

5. Дұрыс емес ақпараты бар коммерциялық актіні жасаған немесе оған қол қойған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауаптылықта болады.

### **62-бап. Талап қою мерзімі**

1. Тасымалдаушыға тасымалдаудан туындайтын талап қою ол кінә қоюды қанағаттандырудан толық не ішінара бас тартқан жағдайда немесе тасымалдаушыдан қойылған кінәға жауап алынбаған жағдайда осы Кодекспен белгіленген кінә қоюды қарау мерзімі аяқталғаннан кейін жасалуы мүмкін.

2. Жүк, почта жөнелтілімдерін тасымалдау шарты бойынша талап қою мерзімі - бір жыл, жолаушыны, багажды (жүк-багажды) тасымалдау шарты бойынша - алты ай.

Кемелердің соқтығысуына және құтқару операцияларын жүзеге асыруға байланысты туындаған қажеттіліктер бойынша талап қоюлар екі жыл ішінде ұсынылуы мүмкін.

Теңіздің кемеден аққан мұнаймен ластануы келтірген залалды және теңізде қауіпті жүктерді тасымалдауға байланысты залалды өтеу туралы талаптар бойынша талап қою мерзімі зардап шегуші мұндай залал келтірілгенін білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап үш жылдан соң бітеді.

Бұл орайда залалды өтеу туралы талап қоюды:

1) теңіздің кемеден аққан мұнаймен ластануы келтірген залалды өтеу туралы талаптар бойынша - оқыс жағдай салдарынан осындай залал келтірілген күннен бастап алты жылдан кейін;

2) теңізде қауіпті жүктерді тасымалдауға байланысты залалды өтеу талаптары бойынша - оқыс жағдай салдарынан осындай залал келтірілген күннен бастап он жылдан кейін беруге болмайды.

Осы Кодексте талап қою мерзімдері белгіленбеген талаптар бойынша Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген талап қою мерзімінің жалпы мерзімі қолданылады.

### **3. Талап қою мерзімі:**

1) жүктің жоғалуынан және кем шығуынан келген залалды өтеу туралы талаптар бойынша - жүк берілуі тиіс болған күннен бастап бір ай өткен соң, аралас қатынастағы тасымал кезінде - тасымалдау үшін жүкті қабылдаған күннен бастап төрт ай өткен соң;

2) жүктің зақымданғаны (бүлінгені), жүктің жеткізілу мерзімінің өткізіліп алынғаны үшін залалды өтеу, тасымалдау ақысын қайтарып беру немесе өндіріп алу туралы талаптар бойынша - жүк берілген күннен бастап, егер жүк берілмеген болса, ол берілуге тиіс күннен бастап;

3) кемеңің берілмегені немесе оның дер кезінде берілмегені үшін залалдарды өтеу демерредж бен диспач төлеу туралы талаптар бойынша - жүк тасымалдау басталған немесе тасымалдана бастауға тиіс болған айдан кейінгі ай бітетін күннен бастап;

4) сүйретіп жүзу шартынан, теңіз агенттігін жүргізу шартынан, теңіз делдалдығы

шартынан, тайм-чартерден және бербоут-чартерден туындайтын талаптар бойынша - талап қою құқық пайда болған күннен бастап;

5) жалпы авариядан туындайтын талаптар бойынша - диспаша алынған күннен б а с т а п ;

б) зардап шегушіге бірлесіп келтірілген залалды тараптардың біреу өтеген жағдайда кері талаптар бойынша талап қою мерзімі бір жылға тиісті сома төленген күннен б а с т а п ;

7) басқа жағдайлардың бәрінде - талапты беруге негіз болған оқиға басталған күннен бастап есептеледі.

## **ЕРЕКШЕ БӨЛІМ**

### **2-бөлім. Көліктің жекелеген түрлерін мемлекеттік реттеудің ерекшеліктері**

#### **9-тарау. Автомобиль, қалалық электр көлігі саласындағы мемлекеттік реттеу мен бақылау жасаудың ерекшеліктері**

##### **1-параграф. Автомобиль және қалалық электр көлігі саласындағы мемлекеттік реттеу мен бақылау жасау**

###### **63-бап. Автомобиль және қалалық электр көлігі саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

У ә к і л е т т і                      о р г а н :

1) автомобиль көлігі, автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы бірыңғай мемлекеттік және ғылыми-техникалық саясатты әзірлейді және іске асырады;

2) өз құзыреті шегінде автомобиль көлігі саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруды және халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттерде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді;

3) автомобиль көлігі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын ә з і р л е й д і ;

4) жолаушыларды және багажды автомобильмен облысаралық тұрақты тасымалдауды ұйымдастырады, тиісті облыстардың жергілікті атқарушы органдарымен аталған маршруттар бойынша қозғалыс кестесін келіседі;

5) жолаушыларды және багажды автомобильмен халықаралық тұрақты тасымалдауды ұйымдастырады, аталған тасымалдардың маршруттары бойынша қозғалыс кестесін келіседі;

б) жолаушыларды және багажды автомобильмен халықаралық және облысаралық тұрақты тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізеді;

7) автомобиль көлігі саласында мемлекеттің қоғамдық бірлестіктермен және заңды тұлғалардың қауымдастықтар (одақтар) нысанындағы бірлестіктерімен өзара і с - қ и м ы л ы н қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

8) автомобиль көлігімен жолаушылар және багаж тасымалдау ережелерін бекітеді;

9) автомобиль көлігімен жүк тасымалдау ережелерін бекітеді;

10) әлеуметтік маңызды қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге

асырумен байланысты тасымалдаушының шығындарын субсидиялау ережелерін әзірлейді;

11) халықаралық қатынаста Қазақстан Республикасында автомобиль тасымалдарының рұқсат ету жүйесін қолдану ережелерін бекітеді;

12) қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдары жүргізушілерінің арнайы дайындығы курстарын ұйымдастыру ережелерін бекітеді;

13) жолаушыларды және багажды облысшілік, қалалық, қаламаңындық тұрақты тасымалдауларды ұйымдастыру жөніндегі облыстардың (республикалық маңызды қалалардың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызды қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

14) жолаушыларды және багажды облысшілік, қалалық, қала маңындағы тұрақты тасымалдауларға арналған тарифтерді қалыптастыру әдістемесін бекітеді;

15) "Құрметті жолшы" атағы туралы ережені бекітеді;

16) автовокзалдар мен автостанцияларды тіркеу және мемлекеттік тізілімін жүргізу ережелерін әзірлейді және бекітеді;

17) автомобиль көлігі саласында техникалық регламенттерді әзірлейді;

18) автовокзалдарды, автостанцияларды және кассалық пункттерді тіркеу және мемлекеттік тізілімін жүргізу ережелерін әзірлейді және бекітеді;

19) жолаушылар мен багажды халықаралық, облысаралық, облысшілік және қаламаңындық қатынастарда тұрақты тасымалдау үшін орталықтандырылған диспетчерлік сүйемелдеу пункттерін бекітеді;

20) көліктік бақылау қосындары туралы ережені бекітеді;

21) Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау қосындарының тізбесін бекітеді;

22) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен автомобиль көлігіндегі және автомобиль жолдарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-әрекет жасайды;

23) жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының мемлекеттік есебін жүргізеді;

24) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жол саласын қаржыландыру көздері мен мөлшерін анықтау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

25) Қазақстан Республикасының экономикасы мен қорғаныс қабілетін нығайту міндеттеріне сәйкес жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын дамытуды мемлекеттік жоспарлауды жүзеге асырады;

26) автомобиль жолдарын дамыту және пайдалану бөлігінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасуға қатысады;

27) меншік нысандарына қарамастан, жол секторының жұмыс істеу тәртібін анықтайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді;

28) автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарға жұмсалатын шығындарды қаржыландырудың ғылыми негізделген нормативтерін



ә з і р л е й д і ;

29) теңгерімінде жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық автомобиль жолдары бар мемлекеттік ұйымдарды басқарады;

30) жергілікті маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары желісін құру және дамыту жөніндегі қызметті үйлестіреді;

31) жол саласында инвестициялық және әлеуметтік саясатты іске асырады;

32) жол қызметі саласында ғылыми зерттеулер жүргізеді;

33) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу және концессиялар туралы заңдарына сәйкес республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

34) автомобиль жолдарының (көпір өткелдерінің) ақылы учаскелерін концессияға беру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, оларды пайдалану тәртібі мен шарттарын, олармен жүріп өту үшін ставкалардың мөлшерін белгілейді;

35) автомобиль жолдарын салу, жөндеу және күтіп ұстау мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді жүзеге асырады;

36) автокөлік жолдарын дамытуды, сақтауды, жөндеуді және күтіп ұстауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын жол қызметін басқарады;

37) автомобиль жолдары саласында техникалық регламенттерді әзірлейді;

38) Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде автокөлік құралдарының иелері мен тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарттың болуын тексереді;

39) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша шетелдік тасымалдаушылардың каботаждық тасымалдауларды жүзеге асыруларын анықтайды және жолын кеседі;

40) шетелдік автокөлік құралдарының уақытша кіруін тіркеуді және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес олармен халықаралық қатынастарда тасымалдардың рұқсатсыз жүйесі қолданылатын мемлекеттерде тіркелген автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына енуін тіркеу талондарын беруді жүзеге асырады;

41) Қазақстан Республикасының салық заңнамасын автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өткені үшін алым, сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ақы алуды қамтамасыз ету бөлігінде орындайды;

42) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялануға жататын автокөлік қызметін көрсету саласындағы қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;

43) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өтуіне рұқсат және Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шетел мемлекетінің аумағы бойынша өтуге рұқсат береді;

44) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ауыр салмақты және ірі габаритті

көлік құралдарының (шетелдіктерді де қоса) өтуіне арнайы рұқсат береді;

45) отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесуі кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде бақылаудың өту талонын б е р е д і ;

46) қауіпті жүктерді халықаралық қатынаста және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін дайындау жөніндегі курстарды ұйымдастырады;

47) жүргізушінің қауіпті жүктерді халықаралық қатынаста және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарымен тасымалдауды жүзеге асыруға жіберілгені туралы куәліктер береді;

48) транзиттік әлеуеттің пайдаланылуы туралы ақпарат жинауды, автокөлік құралдары қозғалысы жиілігінің есебін, жинақталған ақпаратты белгіленген нысандағы есептік құжаттар нысанында беруді ұйымдастыру мен жүзеге асыруды жүзеге асырады;

49) жол полициясы органдарымен және төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп қысылтаяң жағдайларда (қолайсыз ауа райы-климаттық жағдайлар, табиғи апаттар, өрт, автомобиль жолдарының жүргізу қабілетін жоғалтуы), сондай-ақ жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде облыстардың (республикалық маңызды қалалардың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызды қалалардың) жергілікті атқарушы органдары мен автомобиль жолдарын пайдаланушыларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етумен, тиісті жол белгілерін орнатумен көлік құралдарының қозғалысын шектеуге немесе жабуға және автомобиль жолдарын пайдалану ережелерінің сақталуын бақылайды;

50) автомобиль жолдарын пайдалану ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге а с ы р а д ы ;

51) жол элементтерін зақымдайтын немесе ластайтын көлік құралдарын, немесе өтуге арнайы рұқсаты жоқ ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдарының автомобиль жолының жүріс бөлігінен тысқары шығарылуын талап етеді ;

52) орман шаруашылығы органдарымен бірлесіп бөлінген алқап пен жол жиегінің алқабындағы жол қозғалысының қауіпсіздігіне және қарға тәуелділікке кедергі келтіретін бұталар мен ағаштарды кесуді жүргізеді.

**64-бап. Автомобиль көлігі және қалалық электр көлігі салаларындағы облыстардың (республикалық маңызды қалалардың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызды қалалардың) жергілікті өкілетті және атқарушы органдарының өкілеттіктері**

1. Облыстық (республикалық маңызды қалалардың, астананың) өкілетті органдарының өз құзыры шегіндегі өкілеттіктеріне:

1) жалпы қолданыстағы жолаушылар тасымалын жүзеге асырушы көлікті

дамытудың кешенді схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын бекіту;

2) автомобиль көлігімен жалпы қолданыстағы жолаушылар тасымалын дамыту бағдарламасын бекіту;

3) шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту;

4) облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын және коммуналдық меншіктегі елді мекендердің көшелерін дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту;

5) автомобиль жолдарының (көпір өткелдерінің) ақылы учаскелерін концессияға беру жөнінде ұсыныстар әзірлеу оларды пайдаланудың тәртібі мен шарттарын, олармен жүріп өту үшін ставкалардың мөлшерін белгілейді;

6) облыстық (республикалық маңызды қалалық, астаналық) атқарушы органдар басшыларының облыстық маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін және жалпы қолданыстағы жолаушылар тасымалын дамыту және күтіп ұстау мәселелері жөніндегі есептерін тыңдау;

7) жалпы қолданыстағы жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын қалалық электр көлігінің маршруттарын бекіту;

8) азаматтардың жекелеген санаттарына жергілікті бюджеттер есебінен-субсидияланатын көліктің көрсететін қызметтеріне арналған жеңілдіктер белгілеу туралы шешімдер қабылдау жатады.

2. Аудандық (облыстық маңызды қалалардың) жергілікті өкілетті органдардың өз құзыры шегіндегі өкілеттіктеріне:

1) жалпы қолданыстағы жолаушылар тасымалын жүзеге асырушы көлікті дамытудың кешенді схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын бекіту;

2) автомобиль көлігімен жалпы қолданыстағы жолаушылар тасымалын дамыту бағдарламасын бекіту;

3) шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту;

4) аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және коммуналдық меншіктегі елді мекендердің көшелерін дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту;

5) автомобиль жолдарының (көпір өткелдерінің) ақылы учаскелерін концессияға беру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, оларды пайдалану тәртібі мен шарттарын, олармен жүріп өту үшін ставкалардың мөлшерін белгілейді;

6) аудандық (облыстық маңызды қалалық) атқарушы органдар басшыларының аудандық маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін және жалпы қолданыстағы жолаушылар тасымалын дамыту және күтіп ұстау мәселелері жөніндегі есептерін тыңдау;

7) жалпы қолданыстағы жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын қалалық электр көлігінің маршруттарын бекіту;

8) азаматтардың жекелеген санаттарына жергілікті бюджеттер есебінен

субсидияланатын көліктің көрсететін қызметтеріне арналған жеңілдіктер белгілеу туралы шешімдер қабылдау жатады.

3. Облыстық (республикалық маңызды қалалардың, астананың) атқарушы органдардың өз құзыры шегіндегі өкілеттіктеріне:

1) жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын әзірлеу;

2) әлеуметтік маңызды маршруттар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығындарын субсидиялауды жүзеге асыру;

3) төтенше жағдайлар туындаған кезде тасымалдарды уақытша тоқтату туралы шешімдер қабылдау;

4) облысшілік, қалалық және қаламаңындық тұрақты жалпы қолданыстағы жолаушылар тасымалын ұйымдастыру, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар ұйымдастыру және өткізу;

5) автомобильмен облысшілік, қалалық және қаламаңындық жолаушылар мен багажды тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізу;

6) такси тасымалдарын ұйымдастыру;

7) шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдауды ұйымдастыру;

8) автомобиль көлігімен жалпы қолданыстағы жолаушылар тасымалын дамыту бағдарламасын әзірлеу;

9) тиісті аумақ шегінде облыстық (республикалық маңызды қалалық, астаналық) маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын, елді мекендердегі көшелерді дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

10) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес облыстық маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін салу, қайта жаңарту, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

11) уәкілетті органмен өзара іс-әрекет жасай отырып, облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары желісін, елді мекендердің көшелерін басқару;

12) коммуналдық меншіктегі облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын, коммуналдық жол кәсіпорындарын басқару;

13) қалалар мен елді мекендердің көшелерін жіктеу ережелері мен шарттарын бекіту;

14) облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін бекіту (уәкілетті органмен келісу бойынша);

15) уәкілетті органмен келісу бойынша облыстық маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін бекіту;

16) облыстық маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары үшін жер

учаскелерін беру туралы шешімдер қабылдау;

17) жалпы қолданыстағы жолаушылар тасымалын жүзеге асырушы қалалық электр көлігінің маршруттарын әзірлеу;

18) қалалық электр көлігінің маршруттарын ескере отырып, әлеуметтік маңызды маршруттарды бөліп, автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тұрақты тасымалдаудың облысшілік және қалалық маршруттарын бекіту;

19) автовокзалдар мен автостанциялардың тізілімін жүргізу;

20) қалалық қатынаста жолаушылар мен багаждың тұрақты тасымалдары үшін орталықтандырылған диспетчерлік сүйемелдеу пункттерін бекіту;

21) Қазақстан Республикасының салық заңнамасын сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ақы алуды қамтамасыз ету бөлігінде орындау болып табылады.

4. Аудандық (облыстық маңызды қалалардың) атқарушы органдардың өз құзыры шегіндегі өкілеттіктеріне:

1) қалалық және қаламаңындық тұрақты жалпы қолданыстағы жолаушылар тасымалын ұйымдастыру, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар ұйымдастыру және өткізу;

жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын әзірлеу;

2) автомобильмен қалалық және қаламаңындық жолаушылар мен багажды тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізу;

3) такси тасымалдарын ұйымдастыру;

4) шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдауды ұйымдастыру;

5) автомобиль көлігімен жалпы қолданыстағы жолаушылар тасымалын дамыту бағдарламасын әзірлеу;

6) төтенше жағдайлар туындаған кезде тасымалдарды уақытша тоқтату туралы шешімдер қабылдау;

7) тиісті аумақ шегінде аудандық (облыстық маңызды қалалық) маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын, елді мекендердегі көшелерді дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес аудандық маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін салу, қайта жаңарту, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

9) уәкілетті органмен өзара іс-әрекет жасай отырып, аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары желісін, елді мекендердің көшелерін басқару;

10) коммуналдық меншіктегі аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, коммуналдық жол кәсіпорындарын басқару;

11) қалалар мен елді мекендердің көшелерін жіктеу ережелері мен шарттарын б е к і т у ;

12) аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін бекіту (уәкілетті органмен келісу бойынша);

13) уәкілетті органмен келісу бойынша аудандық маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін бекіту;

14) аудандық маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары үшін жер учаскелерін беру туралы шешімдер қабылдау;

15) жалпы қолданыстағы жолаушылар тасымалын жүзеге асырушы қалалық электр көлігінің маршруттарын әзірлеу;

16) қалалық электр көлігінің маршруттарын ескере отырып, әлеуметтік маңызды маршруттарды бөліп, автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тұрақты тасымалдаудың қалалық маршруттарын бекіту;

17) қалалық қатынаста жолаушылар мен багаждың тұрақты тасымалдары үшін орталықтандырылған диспетчерлік сүйемелдеу пункттерін бекіту;

18) Қазақстан Республикасының салық заңнамасын сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ақы алуды қамтамасыз ету бөлігінде орындау болып табылады.

#### **65-бап. Автомобиль көлігі саласындағы бақылау**

1. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұруын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде, Қазақстан Республикасының аумағындағы көлікті бақылау қосындарында, жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарында, қалалар мен өзге де елді мекендердің шекаралары шегіндегі автомобиль жолдарында көліктік бақылау қосындарымен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде орналасқан көлік бақылау қосындары мен Қазақстан Республикасының аумағындағы көлікті бақылау қосындары күрделі ғимараттармен және құрылыстармен, техникалық бақылау, байланыс құралдарымен, деректерді жинауға, беруге және шоғырландыруға арналған қазіргі заманғы телекоммуникациялық және компьютерлік жабдықпен, сондай-ақ қажетті жағдайда автокөлік құралдарын мәжбүрлі тоқтату құралдарымен жарақталуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерін және көлікті бақылау посттарын техникалық құралдармен жабдықтамай құруға жол берілмейді.

#### **66-бап. Уәкілетті органның лауазымды тұлғаларының автомобиль көлігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі құқықтары мен міндеттері**

1. Уәкілетті органның лауазымды тұлғаларының:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда және тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік

құралдарын өткізу пункттерінде орналасқан көлік бақылау қосындары мен Қазақстан Республикасының аумағындағы көлікті бақылау қосындарында, жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарында қалалар мен өзге де елді мекендердің шекаралары шегіндегі автомобиль жолдарындағы көліктік бақылау қосындарында автокөлік құралдарын т о қ т а т у ғ а ;

2) отандық және шетелдік тасымалдаушылар жолаушылар мен багажды, жүктерді, соның ішінде ірі габаритті және ауыр салмақты, сондай-ақ қауіпті жүктерді халықаралық қатынастарда Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды орындаулары кезінде олар пайдаланатын автокөлік құралдарын қарап тексеруге;

3) тасымалдаушылардың автомобиль көлігі саласындағы субъектілердің қарым-қатынасын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарға жол берулерін анықтаған жағдайда автокөлік құралдарының одан әрі қозғалысын анықталған бұзушылықтарды жойғанға дейін кідіртуге;

4) автомобиль көлігіндегі жеке және заңды тұлғаларды тексеруді жүргізуге және автомобиль көлігі саласындағы заңнаманың бұзушылықтары туралы актілер жасауға, бұзушылықтарды жою туралы орындалуға міндетті нұсқамалар беруге;

5) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасауға, әкімшілік құқықбұзушылық жөніндегі істерді жүргізуге, тексерулерді жүзеге асыруға және шаралар (соның ішінде көлік құралдарын әкімшілік тоқтату және қарап тексеру) қ а б ы л д а у ғ а ;

6) автомобиль көлігі саласындағы қатынастарды реттейтін заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілердің жобасын әзірлеу жөнінде ұсыныстар беруге;

7) заңды тұлғаға тиесілі, әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе тікелей объектісі болып табылатын, әкімшілік құқық бұзу орнында анықталған немесе заңды тұлғаға тиесілі аумақтарды, жайларды, көлік құралдарын, тауарларды, өзге мүліктер мен заттарды қарап тексеру кезінде құжаттарды, өзге мүлік пен заттарды а л у д ы ж ү з е г е а с ы р у ғ а ;

8) жүргізушілерді автокөлік құралдарын басқарудан аластатуға және мас болу жағдайына медициналық куәландыруға жіберуге;

9) өз құзыреті шегінде заңды тұлғаға тиесілі аумақтарды, жайларды, көлік құралдарын, тауарларды, өзге мүліктер мен заттарды, сондай-ақ тиісті құжаттарды қ а р а п т е к с е р у д і жү р г і з у г е ;

10) олардың құзырына жататын мәселелер бойынша шетелдік ұйымдармен ұйымдастырушылық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қ ұ қ ы қ т а р ы б а р .

## 2. Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары:

1) жеке және заңды тұлғалардың автомобиль көлігі қызметі мәселелері жөніндегі өтініштерін қарауға және олар бойынша тиісті шаралар қолдануға;

2) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі саласындағы заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

### **67-бап. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының өтуіне көліктік бақылау жүргізу нысандары**

1. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықаралық қатынаста тасымалдарды жүзеге асыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарының орындалуына бақылау жасау көліктік бақылау қосындарында:

1) жол жүру құжатының (Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралының өтуіне рұқсат), тауарлық-көліктік жүкқағаз (CMR), халықаралық жол тасымалы кітапшасы (TIR Carnet), жолдама парақ, техникалық паспорт), автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру құқығының есептік құжаттарының (шетелдік тасымалдаушыларда - егер мұндайлар олардың мемлекеттерінің заңнамасымен көзделсе);

2) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен бөлінбейтін жүк тасымалдайтын ауыр салмақты және ірі габаритті көлік құралдарының (шетелдіктерді қоса алғанда) қозғалысына арналған арнайы рұқсаттардың болуын;

3) халықаралық қатынас үшін белгіленген жол жүру маршрутының сәйкестігін;

4) олармен рұқсатсыз жүйе қолданылатын мемлекеттерде тіркелген автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына кіруін тіркеу талондарының болуын;

5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы көлік құралдарын өткізу пунктінде автокөлік құралдары кірген кезде берілетін өту талондарының болуын;

6) мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде автокөлік құралдарының иелері мен тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарттың болуын тексеру жолымен жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасының орындалуына бақылау жасау жолаушылар мен жүктерді тасымалдау кезінде жеке және заңды тұлғаларда лицензиялардың болуын және лицензиялық нормалардың талаптарының орындалуын тексеру жолымен жүргізіледі.

3. Тасымалдаушылардың көлік құралдары жүргізушілерінің еңбек және демалыс режимін сақтауларын тексеру қосындарда жүргізушінің еңбек және демалыс режимінің бақылаулық құрылғысының (тахографтың) болуын, түзулігі мен қолданылуын, сондай-ақ оның пайдаланылуын, сондай-ақ экипаждың еңбек және демалыс режимін бақылауды тіркеу парақтарының жүргізілуін тексеру жолымен жүргізіледі.

4. Ауыр салмақты және ірі габаритті көлік құралдарының (шетелдіктерді қоса алғанда) өтуін бақылау көліктік бақылау қосындарында көлік құралының нақты салмақ және габариттік параметрлерін тексеру және олардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген шекті параметрлерден асуының шамасын анықтау жолымен



жүргізіледі және стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу құрылғыларымен немесе тасымалданатын мобильді таразылармен, өлшеу құрал-саймандарымен және габариттік рамаларды пайдаланумен жүргізіледі.

5. Қазақстан Республикасы техникалық реттеу саласындағы заңнамасының орындалуын бақылау тіршілік циклының өнімдері мен процестерінің көлік және коммуникациялар саласындағы техникалық регламенттер талаптарына сәйкестігін тексеру жолымен жүзеге асырылады.

### **68-бап. Тексеруге жататын негізгі мәселелер**

1. Жеке және заңды тұлғаларға тексеру жүргізу кезінде уәкілетті органның лауазымды тұлғалары құрылтай құжаттарын және:

1) өндірістік бағыттағы негізгі қорлардың (автокөлік құралдары, ашық және жабық (жылы) тұрақтардың, жөндеу және техникалық қызмет көрсету жайларының, қосалқы цехтардың) иелік (жалгерлік, лизинг) құқықтарын растайтын;

2) мамандар мен жүргізушілердің кәсіптік біліктілігін растайтын;

3) ж а с т а р ы н р а с т а й т ы н ;

автобустармен жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын көлік құралдарының жүргізушілері үшін 21 жастан артық;

ұйымдастырылған балалар топтарын тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілер үшін 25 жастан артық және жүргізушілік жұмыс өтілі 5 жылдан артық;

ең үлкен салмағы 7,5 тоннадан аспайтын көлік құралдарының жүргізушілері үшін 18 ж а с т а н а р т ы қ ;

4) белгіленген маршруттар бойынша тұрақты жолаушылар тасымалын жүзеге асыру үшін қажетті (куәлік, қозғалыстар кестесі, маршруттар схемалары, автовокзалдармен және автостанциялармен шарттар, паспорттар, келісім-шарттар, лицензиялар);

5) тиісті уәкілетті мемлекеттік орган берген қауіпті жүктерді тасымалдауға (лицензия (рұқсат), нақты қауіпті жүкпен қызметті жүзеге асыруға, қауіпті жүкті тасымалдау маршрутының бланкі, авариялық карточкалар, жүргізушілер мен мамандарды дайындау туралы куәлік, жүргізушіні қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлік, автокөлік құралық қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу);

6) тиісті көлік құралына арналған лицензиялар мен есептік құжаттардың (лицензиялық карточкалар) болуын және олардың жүзеге асырылатын қызметке сәйкестігін растайтын құжаттармен;

7) к ө л і к қ ұ р а л д а р ы н а :

алдын ала техникалық қарап тексеру туралы белгісі бар техникалық паспорттың, белгіленген нысандағы жолдама парақтар мен тауарлық-көліктік жүкқұжаттар, билеттік-есептік парақтар мен оларды есепке алу журналдарымен танысады.

2. Тексеруді жүргізу кезінде қажетті құжаттардың болуы және олардың Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкестігі анықталады.

3. Автомобиль көлігі саласындағы жеке және заңды тұлғаларды тексеруді жүргізу

кезінде тексеруді жүзеге асырушы уәкілетті органның лауазымды тұлғалары өз қ ұ з ы р е т і ш е к т е р і н д е :

1) жылжымалы құрамның, жөндеу және өндірістік базасының, техникалық құралдардың, тиеу-түсіру механизмдерінің, бақылау-өлшеу аппаратурасының, жабдықталған қызметтік жайдың (өзінің жөндеу және өндірістік базалары жоқ және жұмыстардың тиісті түрлерін орындауға басқа ұйымдармен шарт жасасқан ұйымдардан басқа) қолда бары және жағдайы, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың экологиялық талаптар мен жол қозғалысының қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды орындауларын;

2) автокөлік құралдарын техникалық пайдаланудың белгіленген талаптарға с ә й к е с т і г і н ;

3) автокөлік құралдарын рейс алдындағы техникалық қарап тексеруді және жүргізушілерді рейс алдындағы (ауысым алдындағы) медициналық қарап тексеруді жүргізу үшін тиісті қызметтер мен білікті персоналдың немесе осындай қызметті жүзеге асыратын тиісті ұйымдармен шарттардың болуы мен сәйкестігін;

4) жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыру немесе автовокзалдар ( автостанциялар), соның ішінде кассалық пункттер жүйесінде жұмыс істегенде автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тасымалдау ережелері талаптарының орындалуын, сондай-ақ жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдау кезінде таксиді пайдаланғаны үшін жолаушыдан тиесілі ақшалай соманы автоматты есептеу аспабының (таксометрлердің) болуын, түзулігін және қолданылуын;

5) жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде белгіленген талаптардың, соның ішінде автокөлік құралдарының салмақтық және габариттік параметрлері бойынша талаптардың орындалуын;

6) халықаралық қатынастарда жолаушыларды, багажды және жүкті тасымалдауды жүзеге асыру кезінде рұқсат жүйесін пайдалану ережелері талаптарының орындалуын;

7) жүргізушілерінің белгіленген еңбек және демалыс режимін сақтауларын, соның ішінде автобустарда, жүк, жүргізушінің еңбек және демалыс режимінің, сондай-ақ құрылғысымен (тахографпен) жабдықталуы тиіс мамандандырылған автомобильдерде тахографтардың болуын, жарамдылығын және пайдаланылуын;

8) автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау, олардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өтуінің ережелері талаптарының және қауіпті жүктерді тасымалдаушы жүргізушілер мен автокөлік құралдарына қойылатын біліктілік талаптарының орындалуын;

9) бақылау-өткізу пунктінде қажетті құжаттама мен құрал-саймандардың болуын;

10) автокөлік құралдарының тұрақ орындарын, сақталуын қамтамасыз ету және өрт қауіпсіздігі жағдайларын;

11) жүргізушілер құрамы үшін жол-көлік оқиғалары мен жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтар туралы ақпараттың әдістері мен оперативтілігін, жол-көлік

оқиғаларының алдын алу жөніндегі жүргізілген нұсқаулықтарды, іс-шаралар жоспарларын тіркеу жөніндегі журналдың болуын тексереді.

**69-бап. Көлік құралдарын жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркеудің бақылаулық құрылғыларымен (тахографтармен) жабдықтау жөніндегі талаптар**

1. Жүргізушілерінің еңбек және демалыс режимін тіркеу құрылғыларымен ( та х о г р а ф т а р м е н ) :

- 1) автомобильмен қауіпті жүктерді тасымалдауды;
- 2) автомобильмен халықаралық қатынаста жолаушыларды, багажды және жүктерді т а с ы м а л д а у д ы ;
- 3) автомобильмен облысаралық қатынаста жолаушылар мен багажды тұрақты, туристік тасымалдауды жүзеге асыратын автобустар, жүк, соның ішінде мамандандырылған автомобильдер жабдықталуға жатады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін осындай құрылғылармен жабдықталуға тиісті автокөлік құралдарындағы жүргізушілерінің еңбек және демалыс режимін тіркеудің бақылаулық құрылғыларын (тахографтарды) орнату және пайдалану жөніндегі талаптар тасымалдардың жекелеген түрлері кезінде алып тастауды қарастыруы мүмкін.

**2-параграф. Автомобиль көлігі саласындағы қауіпсіздіктің жалпы талаптары**

**70-бап. Жалпы ережелер**

1. Автомобиль көлігі саласындағы техникалық реттеу объектілері болып:  
автомобиль көлігі, оған:  
автобустар;  
жеңіл автомобильдер;  
жүк автомобильдері;  
автомобиль тіркемелері;  
ершікті тартқыштардың жартылай тіркемелері;  
мамандандырылған автомобильдер жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға  
а р н а л ғ а н ) ;  
арнайы автомобильдер (эртүрлі, негізінен көліктік емес жұмыстарды орындауға  
а р н а л ғ а н ) ;  
автомобиль көлігін жобалау;  
автомобиль көлігін жасау (жөндеу);  
автомобиль көлігін тасымалдау және сақтау;  
автомобиль көлігін кәдеге жарату және жою енеді.

2. Автокөлік құралдары егер олар адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіруі немесе оларды тиісінше орнату, қызмет көрсету және пайдалану жағдайында олардың қауіпсіздігі мен функционалдық тағайындалуына қатысты тұтынушыларды алдауы мүмкін болса рынокта сатылмауы және пайдаланылмауы тиіс.

3. Қазақстан Республикасының рыногында сәйкестігін растауы тиіс автомобиль

көлігін орналастырушы тұлға олардың осы Кодекстің талаптары мен автомобиль көлігі саласындағы техникалық регламенттерге сәйкестігін растау үшін қажетті барлық шараларды қабылдауы тиіс.

4. Қазақстан Республикасының рыногында автомобиль көлігін орналастырушы тұлға :

1) тұтынушының болуы мүмкін қатерлерді бағалауы және олардың тиісті қауіпсіздік шараларын қабылдауы үшін қажетті пайдалану құжаттамасы мен ақпаратты мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынуға;

2) автомобиль көлігін сату кезінде ішінара бақылау жүргізуге, тұтынушылардың шағымдарын тексеруге;

3) автомобиль көлігімен адамның өмірі мен денсаулығына залал келтіру қатері болған кезде тұтынушыны дер кезінде және тиімді ескерту мүмкіндігін, сондай-ақ автомобиль көлігін қайтаруға дейін қажетті іс-шараларды қамтамасыз етуі;

4) мемлекеттік бақылаудың тиісті органдарын таратылып қойған автомобиль көлігіндегі қауіпсіздік талаптарының бұзылуы және осындай бұзушылықтарды жою жөнінде ол қабылдаған шаралар туралы дереу хабардар етуге;

5) дайындаушыдан, уәкілетті өкілден, импорттаушыдан, тұтынушыдан немесе мемлекеттік бақылау органдарынан оның осы Кодекстің белгіленген талаптарына және автомобиль көлігі саласындағы техникалық регламенттерге сәйкессіздігі туралы ақпарат болса, автомобиль көлігін сатпауға міндетті.

5. Автомобиль көлігінде қауіптілігі және пайдаланудың қауіпсіз жағдайлары туралы ескерту жазбалары немесе белгілері болуы тиіс.

6. Пайдалану құжаттамасында бар қауіпсіздік талаптары осы Кодекспен және автомобиль көлігі саласындағы техникалық регламенттермен белгіленген талаптардан төмен болмауы тиіс.

#### **71-бап. Автокөлік құралдарын жобалау кезіндегі қауіпсіздік талаптары**

1. Автокөлік құралдарын жобалау кезінде тіршілік циклының барлық деңгейінде, соның ішінде қалыпты пайдалану, төтенше жағдайлар (істен шығулар мен сыртқы әсерлер), персоналдың болжамды қателіктері және жол берілмейтін пайдалану кезіндегі болуы мүмкін барлық қауіптер біріздендірілуі тиіс.

2. Пайдалану (қолдану) жөніндегі басшылықты (нұсқаулықты) және паспортты (немесе формулярды) әзірлеу автокөлік құралдарын жобалаудың ажырамас бөлігі болып табылады.

#### **72-бап. Автокөлік құралдарын өндіру кезіндегі қауіпсіздік талаптары**

1. Өндіріс кезінде автокөлік құралдарының жасалуын жобалау құжаттамасының, осы Кодекстің және автомобиль көлігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

2. Автокөлік құралдарын өндіру кезінде дайындаушы жобалау құжаттамасымен белгіленген қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың барлық кешенін

орындауы және қауіпсіздік соған байланысты болатын технологиялық операциялардың барлығының орындалуын бақылау мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Автокөлік құралдарын жасау процесінде немесе одан кейін қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сынақтар жүргізу талап етілсе, онда олар жобалау құжаттамасының барлық талаптарын орындай отырып, толық көлемде жүргізілуі тиіс.

4. Автокөлік құралдарын өндіру кезінде жобалау құжаттамасынан ауытқулар жобалаушымен келісіледі және автомобиль көлігі саласындағы техникалық регламенттермен белгіленген жол берілетін қатерден жоғары болмауы тиіс.

### **73-бап. Автокөлік құралдарын тасымалдау және сақтау кезіндегі қауіпсіздік талаптары**

1. Автокөлік құралдарын тасымалдау және сақтау процесінде олардың сақталуын қамтамасыз етуге, олардың қауіпсіздігін анықтайтын техникалық сипаттамаларын сақтауға қойылатын талаптарды, соның ішінде консервациялауға, тасымалдау және сақтау жағдайларына, тағайындалған сақтау мерзімдеріне, жағдайын қайта куәландыруға сақтау мерзімдері өтіп кеткен жекелеген элементтерін, бөлшектерін, тораптарын ауыстыруға қойылатын талаптар автокөлік құралының техникалық құжаттамасында атап көрсетілуі тиіс.

2. Автокөлік құралдарын, олардың тораптары мен бөлшектерін тасымалдау мен сақтау жобалаушы және Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған барлық қауіпсіздік талаптарын ескере отырып жүргізіледі.

3. Консервациялау үшін пайдаланылатын материалдар мен заттар қауіпсіз болуы тиіс.

### **74-бап. Автокөлік құралдарын кәдеге жарату және жою кезіндегі қауіпсіздік талаптары**

Заңды немесе жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес автокөлік құралдарын кәдеге жарату мен жоюды келесі талаптардың сақталуын ескере отырып қамтамасыз етеді:

1) автокөлік құралдарын пайдалануды тоқтатқаннан кейін оларды рұқсат етілмейтін пайдалануға жол бермеу үшін шаралар қабылдануы тиіс;

2) пайдалану процесінде улы заттармен, радиоактивті аэрозольдармен ластанған автокөлік құралдары оларды кәдеге жарату, жою кезінде қолданылатын зиянды заттардың улылығына, физикалық-химиялық ерекшеліктеріне қарай арнайы ерітінділермен (тәсілдермен) зарарсыздандыру бойынша міндетті өңдеуден өтуі тиіс.

3) автокөлік құралдарын кәдеге жарату, жоюдың барлық кезеңдерін жүргізуші персоналдың қажетті біліктілігі болуы, тиісті оқудың өтуі және еңбек қауіпсіздігінің талаптарын сақтауы тиіс.

### **3-параграф. Жолаушыларды, багажды, жүкті және почта жөнелтілімдерін автомобильмен тасымалдау ерекшеліктері. Тораптардың жауапкершіліктері**

#### **75-бап. Автомобиль көлігіндегі жолаушының құқықтары мен міндеттері**

## Автомобиль көлігіндегі жолаушының:

1) Осы Кодекспен және жолаушыларды және багажды тасымалдау ережелерімен көзделген тәртіппен кез келген автобуспен және таксимен жол жүруге;

2) егер тасымалдаушы кестеде көзделген автобустың орнына жүру ақысы қымбаттау басқа автобус ұсынса, үстемеақы төлемей, сатып алынған жол жүру билеті және багаж квитанциясы бойынша жол жүруге және багажды алып жүруге;

3) егер ол тасымалдаушыны автобус жөнелтілгенге дейін үш сағаттан кешіктірмей хабардар етсе және тасымалдаушы, автовокзал немесе автостанция жолаушының жол жүру билетін сатып алу фактісін растаса, жоғалған жол жүру билетін қалпына келтіруге;

4) Автомобиль көлігімен жолаушылар және багаж тасымалдау ережелерінде белгіленген нормалар шегінде қол жүгін өзімен бірге тегін алып жүруге құқығы бар.

### **76-бап. Автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру**

#### 1. Егер:

1) автомобиль жолдарының өткізу қабілеті белгілі бір маршруттар бойынша автобустардың, шағын автобустардың тұрақты қозғалысын жүзеге асыруға мүмкіндік берсе;

2) автомобиль жолдарының жай-күйі және олардың жайластырылуы жол жүрісі қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес келсе, жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау ұйымдастырылуы мүмкін.

Жолаушыларды және багажды облысішілік тұрақты тасымалдаудың маршруттық желісін қалыптастыру кезінде облыстардың (республикалық маңызды қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары кенттердің, ауылдардың (селолардың) аудан орталықтарымен және аудан орталықтары мен облыс орталығының және өзге жақын орналасқан облыстық маңызды қалалар арасындағы байланыстың басымдылығын басшылыққа алады.

2. Жолаушыларды және багажды автомобильмен облысішілік, қалалық, қала маңындағы тұрақты тасымалдауды аталған жолаушыларды және багажды тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығын конкурста ұтып алған және облыстардың (республикалық маңызды қаланың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызды қалалардың) жергілікті атқарушы органдарымен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыреті шегінде жасалған шарттар негізінде қызмет көрсетуге құқық беретін куәлік алған тасымалдаушылар жүзеге асырады.

2. Жолаушыларды және багажды автомобильмен облысаралық тұрақты тасымалдауды маршруттарға қызмет көрсету құқығын конкурста ұтып алған және уәкілетті орган арасында жасалған шарттар негізінде қызмет көрсетуге құқық беретін куәлік алған тасымалдаушылар жүзеге асырады.

Жолаушыларды және багажды автомобильмен халықаралық тұрақты тасымалдауды

ұйымдастыру Қазақстан Республикасында күшіне енген халықаралық шарттарға сәйкес уәкілетті орган мен шетелдік мемлекеттің құзырлы көлік органы арасындағы маршруттарды (жолаушыларды отырғызу мен түсірудің бастапқы, соңғы және аралық пункттерін көрсете отырып) және автобустар қозғалысының кестесін келісу бойынша жүзеге асырылады.

Жолаушыларды және багажды автомобильмен халықаралық тұрақты тасымалдауды орындау уәкілетті орган мен шетелдік мемлекеттің құзырлы көлік органының рұқсат ету құжаттарының негізінде жүзеге асырылады.

Жолаушыларды және багажды автомобильмен облысаралық, облысішілік, қалалық және қаламаңындық тасымалдаудың тұрақты маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурстарға конкурстық ұсыныстарда оларға тиесілі автобустардың елу пайыздан астамы меншік құқығында екендігін көрсеткен тасымалдаушылар жіберіледі.

Жолаушыларды және багажды автомобильмен облысаралық, облысішілік, қалалық және қаламаңындық тасымалдаудың тұрақты маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурстар мемлекеттік сатып алуға жатпайды.

3. Жолаушыларды және багажды автомобильмен облысаралық, облысішілік, қалалық және қаламаңындық тасымалдаудың тұрақты маршруттарын облыстардың (республикалық маңызды қаланың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызды қалалардың) жергілікті атқарушы органдары конкурстық негізде тасымалдаушылар арасына бөледі.

4. Жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың маршруттарында (халықаралықтан басқа) қозғалыстың қосымша кестелері енгізілген жағдайда оларға қызмет көрсету құқығы маршрутқа нақты қызмет көрсетуші тасымалдаушыға беріледі.

Тасымалдаушы қозғалыстың қосымша кестелеріне қызмет көрсетуден бас тартқан жағдайда ұйымдастырушының осы қозғалыс кестесін конкурстық негізде, осы маршрутқа қызмет көрсету шартының қолданыс мерзіміне бөлуге құқығы бар.

5. Жолаушыларды және багажды автомобильмен облысаралық және облысішілік қатынастарда тасымалдаудың тұрақты маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурстарды ұйымдастыру кезінде конкурсты ұйымдастырушы маршрутқа қызмет көрсетудің басымдықтарын анықтауға құқылы, бұл ретте басым бағыттар конкурста жеке қаралады.

6. Жолаушыларды және багажды автомобильмен облысаралық, облысішілік, қалалық және қала маңындағы қатынастарда тасымалдаудың тұрақты маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурста бір қатысушы тіркелсе және осы қатысушының конкурстық ұсыныстары конкурс талаптарына сәйкес келсе, онда ол жеңімпаз болып танылады.

7. Жолаушыларды және багажды қала маңындағы, облысішілік, облысаралық және

халықаралық автомобильмен тұрақты тасымалдау осы Кодекске және Автомобиль көлігімен жолаушылар және багаж тасымалдау ережелеріне сәйкес тасымалдаушылар рұқсат құжаттарын (куәліктерін) ұсынған жағдайда олардың және автовокзалдар немесе автостанциялар әкімшілігінің арасында жасалатын шарттар негізінде автовокзалдардан немесе автостанциялардан ғана жүзеге асырылады.

Автовокзалдар және автостанциялардың осы қызмет түріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен рұқсат етілген жолаушылар және багаж тасымалдаушылармен шарт жасасудан бас тартуға құқығы жоқ.

Автовокзалдармен және автостанциялармен шартты бұзуға тасымалдаушыдан рұқсат құжаттарын кері шақыртып алған кезде ғана жол беріледі.

8. Жолаушыларды және багажды халықаралық, облысаралық және облысшілік автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету кезінде тасымалдаушы маршрут бойынша қозғалыс кестесінде көрсетілген пункттерге сәйкес жолаушыларды отырғызу мен түсіруге құқылы.

9. Маршрут бойынша төрт жүз километрден артық аялдамасыз қозғалыс жағдайында тасымалдаушы жолаушылардың демалысы мен мұқтаждықтарын қамтамасыз ету үшін он минуттан кем емес технологиялық аялдамаларды қарастыруы тиіс. Технологиялық аялдамаларда жолаушыларды отырғызуға тыйым салынады.

Бұл ретте жолаушының тасымалдау шартын мерзімінен бұрын бұзу құқығына қол с ұ ғ ы л м а й д ы .

10. Жолаушыларды және багажды халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағындағы аялдама пункттері арасында жолаушыларды тасымалдауға жол берілмейді.

11. Жолаушыларды және багажды облысаралық, облысшілік, қалалық және қала маңындағы қатынастарда тасымалдаудың тұрақты маршруттарын ұйымдастырушылар жаңа маршруттар ашу кезінде жолаушылар ағынын зерделеу үшін оған қызмет көрсету құқығын екі ай мерзімге жекелеген тасымалдаушыларға бере алады. Зерделеу қорытындылары бойынша жолаушыларды және багажды автомобильмен тасымалдау ережелерімен белгіленген мерзімдерде осы маршрутқа қызмет көрсету құқығына арналған тиісті конкурсты өткізу туралы шешім қабылданады.

12. Маршрутта (маршруттарда) жұмыс істеу құқығын үшінші тарапқа беруге жол берілмейді.

### **77-бап. Автомобиль көлігімен тасымалдаушының құқықтары мен міндеттері**

1. Тасымалдаушының осы Кодекстің 24-бабына сәйкес құқықтары бар және жауапкершілік артады.

2. Автомобильмен жолаушыларды және багажды тұрақты тасымалдауды жүзеге асырушы тасымалдаушы:

1) автокөлік құралдарының техникалық жарамды күйін қамтамасыз етуге және белгіленген техникалық, экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға және



өрт қауіпсіздігі талаптарына жай-күйі сай емес автокөлік құралының маршрутқа шығуына жол бермеуге;

2) автокөлік құралдары жүргізушілеріне алдын ала және кезеңімен, соның ішінде рейс алдындағы (ауысым алдындағы) медициналық тексеру жүргізілуін, еңбек және демалыс режимі сақталуын, автобустарды рейс алдындағы (ауысым алдындағы) техникалық қарап тексеруін және олар ақаулы болған жағдайда дер кезінде ауыстырылуын қамтамасыз етуге;

3) автобустарды қозғалыс маршруты бойынша орталықтандырылған диспетчерлік сүйемелдеуді қамтамасыз етуге;

4) жолаушылардың және багаждың тұрақты қалалық, қала маңындағы, қалааралық облысшілік, қалааралық облысаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде - автовокзалдар, автостанциялар кассалары немесе автобустардың, шағын автобустардың жүргізушілері (кондукторлары) арқылы жол құжаттарын (билеттер) және багаж түбіртектерін сатуды қамтамасыз етуге міндетті.

3. Автомобиль жолаушыларды және багажды тұрақты емес тапсырыстық, экскурсиялық және туристік тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушы:

1) осы баптың 2-тармағының 1)-4) тармақшаларында аталған талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге;

2) рейс алдындағы (ауысым алдындағы) медициналық тексеруден және автокөлік құралының техникалық байқаудан өткені туралы белгісі бар борт журналы болуға;

3) жолаушылар отырғызып, түсіретін орындары және тиісті көрсеткіштермен жабдықталған автобустар тұратын арнайы бөлінген алаңдардан тасымалдар ұйымдастыруды қамтамасыз етуге;

4) жолаушылар тізімінің бар болуын қамтамасыз етуге міндетті.

**78-бап. Жолаушыларды және багажды облысаралық, облысшілік, қалалық және қала маңындағы қатынастарда тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру шартының талаптары**

1. Жолаушыларды және багажды облысаралық, облысшілік, қалалық және қала маңындағы қатынастарда тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру шартында:

1) тариф;

2) жол жүру құжаттарын (билеттер) сату тәртібі мен орны, олардың жолаушыларда болуын бақылауды жүзеге асыру;

3) облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары белгілеген тариф тасымалдау шығындарын жаппаса, сондай-ақ жолаушылар мен багажды жеңілдік жағдайларымен немесе тегін тасымалдау үшін тасымалдаушыға өтем төлеу мөлшері мен мерзімдері;

4) маршрутта пайдаланылатын автобустардың қозғалыс кестесі, үлгісі (класы) және саны;

5) тараптардың шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілігі;

б) шарттың қолданыста болуының кемінде үш жыл немесе жеті жылдан артық емес ең аз мерзімі көзделуі тиіс (маршрутта қосымша қозғалыс кестелері бойынша қызмет көрсету құқығына арналған шарттардан басқа).

2. Қазақстан Республикасының заң актілерінде жолаушыларды және багажды облысаралық, облысішілік, қалалық және қала маңындағы қатынастарда тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру шартының өзге де міндетті талаптары белгіленуі мүмкін.

3. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары жолаушыларды және багажды облысаралық, облысішілік, қалалық және қала маңындағы қатынастарда тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру шарты бойынша:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жолаушыларды отырғызудың және түсірудің белгіленген пункттерін ресімдеуді және күтіп-ұстауды қамтамасыз етуге ;

2) автобустардың белгіленген қозғалыс кестесінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті .

4. Тасымалдаушы жолаушыларды және багажды облысаралық, облысішілік, қалалық және қала маңындағы қатынастарда тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру шарты бойынша :

1) тасымал үшін автобустардың шартта көзделген санын және үлгісін (класын) пайдалануға ;

2) қозғалыс кестесін сақтауға ;

3) жол жүргенде автокөлік құралының тиісінше жарақталуын және жолаушыларға сервистік қызмет көрсетілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Тасымалдаушы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де міндеттерді атқарады .

5. Жолаушыларды және багажды облысаралық, облысішілік, қалалық және қала маңындағы қатынастарда тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шарттары, сондай-ақ автовокзалдар мен тұрақты маршруттарға қызмет көрсететін тасымалдаушылар арасындағы және автовокзалдар мен облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары арасындағы үлгі шарттары жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесімен анықталады .

6. Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайларда жолаушыларды және багажды облысаралық, облысішілік, қалалық және қала маңындағы қатынастарда тұрақты тасымалдауды ұйымдастырушының жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесімен белгіленген мерзімде жаңа конкурс өткізілгенге

дейін маршруттарға қызмет көрсету үшін басқа тасымалдаушыны тағайындауға  
қ ұ қ ы ғ ы б а р .

7. Тасымалдаушының Қазақстан Республикасының заңнамасы мен шарттың талаптарын орындамауына байланысты конкурсты ұйымдастырушылар шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда тасымалдаушы жолаушыларды және багажды облысаралық, облысшілік, қалалық және қала маңындағы қатынастарда тасымалдаудың тұрақты маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурстарға қатысуға жыл бойы жіберілмейді.

**79-бап. Жолаушыларды және багажды автомобильмен тапсырыстық, экскурсиялық, туристік және халықаралық тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру**

1. Жолаушыларды және багажды автомобильмен тапсырыстық, экскурсиялық, туристік және халықаралық тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру кезінде аялдама пункттері жолаушылардың қауіпсіз отырғызылуын және түсірілуін қамтамасыз етуі тиіс және жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерімен дәл келмеуі тиіс.

2. Жолаушыларды және багажды халықаралық тұрақты емес тасымалдауды Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен белгіленген тәртіппен осындай қызметке жіберілген тасымалдаушылар жүзеге асырады.

3. Елу километрге дейінгі қашықтыққа жолаушыларды және багажды тапсырыстық, экскурсиялық, туристік және халықаралық тұрақты емес тасымалдау кезінде автобустардың жалпы сыйымдылығы бойынша автобустарды толтыруға рұқсат етіледі, елу километрден артық қашықтыққа, сондай-ақ таулы маршруттарды және балаларды тасымалдау кезінде автобустарды толтыру автобуста отыруға арналған орындардың санынан аспауы тиіс, бұл ретте көлемі жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесімен белгіленген шамадан артық қол жүгін тасымалдауға рұқсат етілмейді.

4. Жолаушыларды және багажды тапсырыстық, экскурсиялық, туристік және халықаралық тұрақты емес тасымалдау шарты жазбаша ресімделеді, оның көшірмесі автобуста болуы тиіс.

**80-бап. Ұйымдасқан балалар тобын тасымалдау**

1. Ұйымдасқан балалар тобын тасымалдау кемінде екі есігі бар, техникалық жай-күйі автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тасымалдау ережелерінде белгіленген талаптарға сай келетін автобустармен жүзеге асырылады.

2. Ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауға арналған автобустар сары түсті шұғылалы шырақшамен жабдықталуға тиіс.

3. Бұл автобустардың алдына және артына "Балалар тасымалы" деген тану белгісі орнатылуы тиіс.

4. Ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауға жасы кемінде жиырма бестегі, тиісті

санаттағы жүргізуші куәлігі және кемінде бес жыл жұмыс стажы бар жүргізушіге  
р ұ қ с а т е т і л е д і .

5. Екі және одан көп автобустардың легіне жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган көздеген тәртіппен жол полициясының арнаулы автомобильдері ілесіп жүруі тиіс.

### **81-бап. Жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру**

1. Таксидің жұмысы іс-қимыл аймақтары бойынша бөлінеді:  
қала бойынша немесе радиусы елу километрден аспайтын одан тыс жерлерде -  
қ а л а л ы қ т а к с и ;

радиусы елу километрден артық қаладан тыс жерлерде - қала сыртына жүретін  
т а к с и .

2. Таксимен тасымалдауды жүзеге асыру үшін кем дегенде төрт есігі бар, сериялық жасалған жеңіл автомобильдерді пайдалануға рұқсат етіледі.

Таксимен тасымалдау үшін арнайы басқарылатын, соның ішінде қолмен, сондай-ақ рульдік басқаруы оң жақтағы автокөлік құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

3. Жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдау таксимен тасымалдау операторы мен облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органы арасындағы арасында өз құзыреті шектерінде жасасылатын жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарттың негізінде жүзеге асырылады. Тасымалдаушылар немесе жекелеген тасымалдаушылармен шарттармен байланысы бар диспетчерлік пункттер таксимен тасымалдау операторы болып істей  
а л а д ы .

Жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру туралы шартта тараптардың шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілігі көзделген.

4. Таксимен тасымалдау операторы:

1) автокөлік құралдарының техникалық түзу жағдайын қамтамасыз етуге және жағдайы белгіленген техникалық, экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келмейтін автокөлік құралдарының маршрутқа шығуына рұқсат бермеуге;

2) автокөлік құралдарының жүргізушілерін алдын ала және мерзімді, соның ішінде сапар алдындағы (ауысым алдындағы) медициналық қарап тексерудің жүргізілуін, олардың еңбек және демалыс режимін сақтауын қамтамасыз етуге;

3) жолаушының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оған қажетті қолайлылықтар мен қызмет көрсету жағдайларын туғызуға;

4) багаждың дер кезінде тасымалдануын және сақталуын қамтамасыз етуге;

5) автокөлік құралдарын қозғалыс маршруты бойынша орталықтандырылған диспетчерлік сүйемелдеуді қамтамасыз етуге;

6) жолаушыларды және багажды тасымалдауға арналған тарифтерді жариялауға және жарияланған тарифтерді сақтауға;

7) жолаушыларды және багажды тасымалдау үшін жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесіне сәйкес таксометрлермен жарақталған және айыру белгілері бар таксиді пайдалануға міндетті.

Таксимен тасымалдау операторы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерге жауапты болады.

5. Тасымалдаушының жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдау кезінде:

1) таксидің тұруы, жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін арнайы жабдықталған такси аялдамаларын пайдалануға;

2) автомобиль жолының кез келген учаскелерінде жолаушыларды жол қозғалысы ережелерін сақтай отырып отырғызуды және түсіруді жүргізуге құқығы бар.

Тасымалдаушының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтары бар.

6. Таксидің тиімді жұмыс істеуі және жолаушылардың оларды барлық жолаушылар жиналатын пункттерде (аэропорт, вокзалдар, ірі сауда және мәдениет орталықтары) пайдалану үшін қолайлылықтар туғызу үшін облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының көлік заңнамасына сәйкес такси аялдамаларын ұйымдастыруды және жабдықтауды қамтамасыз етеді.

## **82-бап. Жалпы пайдаланудағы көлікпен тасымалдау кезінде жолаушылардың жекелеген санаттарына арналған басымдықтар**

1. Жолаушылардың жекелеген санаттары мынадай басымдықтарға ие:

1) автобуска, таксиге кезексіз отыру құқығы;

2) автобус салонының алдыңғы бөлігінен арнаулы орын алу.

Аталған басымдықтарды мүгедектер, зейнеткерлер, жүкті әйелдер, мектеп жасына дейінгі балалары бар жолаушылар пайдаланады;

3) кезексіз билеттер сатып алу құқығы бар.

Аталған басымдықты Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар пайдаланады.

### **2. Автовокзалдарда:**

1) 5 жасқа дейінгі балалары бар жолаушыларға және жүкті әйелдерге қосымша қызмет көрсетуге арналған ана мен бала бөлмесі;

2) мүгедек-жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған қондырғылар жасалады;

3) жолаушыларды жалпы отырғызуға дейін фельдъегерлік және арнаулы байланыс қызметтерінің қарулы қызметкерлерін кедергісіз отырғызуға жағдай жасау.

3. Жалпы пайдаланудағы көлік мүгедек жолаушылардың мініп-түсуіне арналған құрылғылармен жабдыкталады.

### **83-бап. Автокөлік құралдарын беру, жүктерді тиеу және түсіру**

1. Тасымалдаушы Автомобиль көлігімен жүк тасымалдау ережелеріне және шартқа сәйкес жүктерді автомобильмен тасымалдауға жарамды автокөлік құралдарын автомобильмен жүк тасымалдауға қабылданған өтінімде (тапсырыста) немесе шартта белгіленген мерзімде тиеу үшін жүк жөнелтуге беруге міндетті.

2. Жүктерді автокөлік құралына тиеу (бекіту, жабу, байлау), сондай-ақ жүктерді түсіру Автомобиль көлігімен жүк тасымалдау ережелерінде көзделген талаптар сақтала отырып, шартта көзделген тәртіп пен мерзімдерде жүзеге асырылады.

Тасымалдаушы не жүк жөнелтуші өзінің сипатына қарай автомобиль жолдарының ластануын туғызуы және жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатер-төндіруі мүмкін жүктердің жабылуын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Жүк жөнелтуші автокөлік құралдары жүк тиейтін орынға келгенге дейін жүкті автомобильмен тасымалдауға тиеу, тасымалдау қауіпсіздігі, жүктің және автокөлік құралының сақталуы қамтамасыз етілетіндей етіп дайындауға міндетті.

### **84-бап. Құндылығы жарияланған жүктерді автомобильмен тасымалдау**

1. Тасымалдаушы жүк жөнелтушімен (жүк алушымен) келісім бойынша құндылығы жарияланған жүктер тасуы мүмкін.

2. Ілесусіз тасымалданатын бағалы металдарды (тастарды), олардан жасалған бұйымдарды, өнер заттарын, антикварлық мүліктерді және өзге де көркем құндылықтарды, бейне- және дыбыс аппаратураларын, электрондық-есептеу және көбейту техникаларын, машиналардың тәжірибелік үлгілерін, жабдықтарды, аспаптарды, жеке (тұрмыстық) қажетке арналған жүктерді тасымалдаған кезде құндылықты жариялау міндетті.

3. Құндылығы жарияланған жүктерді тасымалдау үшін жүк жөнелтушіден (жүк алушыдан) қосымша ақы алынуы мүмкін, оның мөлшері жүкті автомобильмен тасымалдау шарты бойынша тараптардың келісімімен белгіленеді.

### **85-бап. Ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді автомобильмен тасымалдау**

Бөлінбейтін ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауға рұқсат етілмейді.

Бөлінбейтін ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау кезінде жүк жөнелтуші көліктік бақылау органы беретін арнайы рұқсат алынуын қамтамасыз етуі тиіс.

### **86-бап. Автомобиль көлігімен тасымалдау жөніндегі міндеттемелердің бұзылғаны үшін жауапкершілік**

Автомобиль көлігімен тасымалдау туған міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда тараптар негіздер бойынша және осы Кодекстің 1-бөлімінің 7-тарауында белгіленген мөлшерде жауап береді.

### **4-параграф. Халықаралық қатынастағы автомобиль тасымалдары**

## **87-бап. Халықаралық қатынастағы автомобиль тасымалдарын реттеу**

1. Халықаралық қатынастағы тасымалдар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Халықаралық қатынастағы тасымалдарды орындаудың рұқсат етілген жүйесі қолданылатын елдерге халықаралық қатынастағы тасымалдарды орындау рұқсаттар негізінде жүзеге асырылады.

Шет мемлекеттің тасымалдаушыларына Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруге-рұқсаттар беру және Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жол жүруге рұқсаттар беру Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес не болмаса шет мемлекеттердің өкілетті көлік органдарымен келісім бойынша жүргізіледі.

Егер халықаралық автомобиль тасымалдарын орындаудың рұқсат ету жүйесі қолданылатын елдерге қатысты рұқсаттарға сұраныс Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына беруге арналған рұқсаттар санынан асса (шетелдік тапшы рұқсаттар), онда көліктік бақылау органының:

- 1) гуманитарлық жүктерді автомобильмен тасымалдау;
- 2) Қазақстан Республикасында өндірілетін жүктерді автомобильмен экспорттық тасымалдау;
- 3) тікелей аралас қатынаста жүктерді тасымалдау;
- 4) тез бүлінетін өнімдерді тасымалдау үшін бірінші кезекте берілетін рұқсаттар резервін айқындауға құқығы бар.

4. Рұқсаттарды, соның ішінде шетелдік тапшыларын бөлу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

5. Қазақстан Республикасы тасымалдаушыларының және шет мемлекет тасымалдаушыларының халықаралық қатынаста тасымалдарды орындаған кезде Қазақстан Республикасының көлік заңнамасын сақтауын бақылауды уәкілетті органның лауазымды адамдары жүзеге асырады.

6. Шет мемлекет тасымалдаушылары Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық қатынаста тасымалдарды орындаған кезде пайдаланатын автокөлік құралдарын көліктік бақылау органдарының лауазымды адамдары қарап тексеруі мүмкін.

7. Шетелдік автомобиль тасымалдаушыларының жолаушыларды, багажды және жүктерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауына рұқсат етілмейді.

8. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүргені үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген тәртіпте алым алынады.

## **5-параграф. Автовокзалдар және автостанциялар**

### **88-бап. Автовокзалдардың және автостанциялардың жіктелімі**

1. Автовокзалдар және автостанциялар жолаушыларға және автобустардың жүргізушілеріне қызмет көрсетуге арналған және оған автобустарды техникалық қарап тексеру, маршрутқа шығар алдында жүргізушілерді медициналық куәландыру пункттері, билет кассалары, жолаушыларға мәдени-тұрмыстық және санитарлық-гигиеналық қызмет көрсету жайлары мен автовокзалдардың, автостанциялардың қызметкерлеріне арналған өзге де қызметтік жайлар кіретін қалалық қозғалыстан оқшауландырылған құрылыстар кешені болып табылады.

Автовокзалдарға жетпіс бестен астам адам сиятын күту залы және билет кассалары бар күрделі ғимарат, жүргізушілерді медициналық куәландыру және алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету пункттері, сақтау камералары, жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған перрон, автобустар тұратын алаң, автобустарды қарау қосындары, диспетчерлік пункттер және ана мен бала бөлмесі кіреді.

Автостанцияларға жетпіс бес адамға дейін сиятын күту залы және билет кассалары бар күрделі ғимарат, сақтау камералары, жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған перрон, автобустар тұратын алаң, диспетчерлік пункттер кіреді.

2. Автовокзалдар және автостанциялар жолаушыларға және автобустардың жүргізушілеріне жолаушыларды және багажды халықаралық, облысаралық, облысшілік және қала маңындағы қатынастарда тұрақты тасымалдау маршруттары бойынша қызмет көрсетуге арналған.

3. Автовокзалдар, автостанциялар автомобиль көлігі үшін қауіпсіз кіретін жолдарды, автовокзалдарда, автостанцияларда автомобиль көлігінің қауіпсіз тұрағын, жолаушыларды, соның ішінде мүгедектерді отырғызу, түсіру, автомобиль көлігін тосып тұруы үшін құрылғылар мен тетіктерді қамтамасыз етуі тиіс.

4. Автовокзалдар, автостанциялар билеттер сатуды, соның ішінде алдын ала сатуды ұйымдастыруы, сондай-ақ анықтама қызметтерінің, сақтау камераларының демалыс бөлмелерінің және жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережелеріне сәйкес басқа да қызметтердің қызметтерін көрсетуі тиіс.

Автовокзалдарда, автостанцияларда жолаушыларды, багажды және жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау ережелері, автобустардың қозғалыс кестелері, жолаушылардың жол жүру және багаж дау шарттары, автовокзалдың көрсететін қызметтері, көліктің басқа түрлерінің жұмысы туралы ақпарат бар стендтер үшін арнаулы орындар бөлінуі тиіс.

5. Қызметтік ғимараттар мен автовокзалдардың, автостанциялардың аумағында орналасқан және пайдаланылатын басқа мүлік автовокзалдардың, автостанциялардың иелерінің есебінен жүзеге асырылады.

Автовокзалдарға, автостанцияларға іргелес аумақтарды абаттандыру олардың иелерінің есебінен жүзеге асырылады.



6. Автовокзалдардың және автостанциялардың саны мен орналасуын облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары уәкілетті органмен келісім бойынша айқындайды.

7. Автовокзалдар, автостанциялар жолаушыларды және багажды халықаралық, облысаралық, облысшілік және қала маңындағы қатынастарда 1 тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру туралы облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына ай сайын есеп берілуін қ а м т а м а с ы з е т е д і .

8. Автовокзалдардың және автостанциялардың жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережелеріне сәйкес жолаушыларды және багажды халықаралық, облысаралық, облысшілік және қала маңындағы қатынастарда тұрақты тасымалдауда орталықтандырылған диспетчерлік ілесу қызметтерін ұсынуға құқығы б а р .

Автовокзалдардың, автостанциялардың жолаушыларды және багажды тапсырыстық , экскурсиялық, туристік және халықаралық тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру кезінде орталықтандырылған диспетчерлік ілесу жөніндегі қызметтерді ұсынуға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

9. Автовокзалдардың және автостанциялардың белгілі бір тұрақты маршруттарда жолаушылар ағыны артқан жағдайда осы маршрутқа қызмет көрсететін тасымалдаушының қосымша автобустарының шығуын ұйымдастыруға, егер ол бас тартса немесе жауап болмаса сұранысты жібергеннен кейін бір сағаттың ішінде басқа тасымалдаушылардың автобустарын тартуға құқығы бар.

Жолаушылар ағыны мерзімді артқан жағдайда (маусымдық, кешкі және басқа) автовокзалдар мен автостанциялар тұрақты маршруттарды ұйымдастыру туралы облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына ұсыныс енгізеді.

10. Автовокзалдар мен автостанциялар жоқ елді мекендерде жолаушыларды және багажды халықаралық, облысаралық, облысшілік және қала маңындағы қатынастарда тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсететін автобустарда жол жүру үшін жол жүру құжаттары (билеттер) мен багаж квитанцияларын сатуға арналған кассалық пункттер а шу ға р ұ қ с а т е ті л е ді .

Кассалық пункттер автокөлік құралдарының қауіпсіз аялдауына және жолаушыларды отырғызуға, түсіруге арналған алаңмен жабдықталған, орнатылған аялдау пунктімен, сондай-ақ жолаушыларды ауа райының қолайсыз жағдайларынан қорғауға арналған павильонмен іргелес орналасуы тиіс.

## **6-параграф. Автомобиль жолдары**

### **89-бап. Автомобиль жолдарының жіктелімі**

1. Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары, шаруашылық автомобиль жолдары, сондай-ақ

қалалар мен елді мекендердің көшелері болып бөлінеді.

2. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары өздерінің маңызы бойынша халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жолдар болып бөлінеді:

1) республикалық маңызы бар автомобиль жолдарына республиканың ірі әкімшілік, мәдени және экономикалық орталықтары, көршілес мемлекеттер арасында көлік қатынасын қамтамасыз ететін автомобиль жолдары, сондай-ақ қорғаныстық маңызы бар және халықаралық келісімдерге сәйкес автомобиль жолдарының халықаралық желісіне кіретін автомобиль жолдары жатады.

Республикалық маңызы бар автомобиль жолдары тек қана мемлекет меншігінде болады және оған осы мақсат үшін құрылған мемлекеттік кәсіпорындар қызмет көрсетеді;

2) облыстық маңызы бар автомобиль жолдарына, осы пункттің 1) тармақшасында көрсетілген жолдарды қоспағанда, республиканың әкімшілік орталықтарын облыс және аудан орталықтарымен, сондай-ақ аудан орталықтарын облыс орталықтарымен және республикалық маңызы бар жолдармен жалғастырып жатқан автомобиль жолдары жатады;

3) аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына аудан орталықтарын ауылдық елді мекендермен жалғастырып жатқан автомобиль жолдары жатады.

Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары республикадағы негізгі қатынас жолдары болып табылады, мемлекет меншігінде болады және жеке шелеңдіруге жатпайды.

3. Шаруашылық автомобиль жолдарына шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірістік-шаруашылық тасымалдарына қызмет көрсететін, солардың аумағындағы автомобиль жолдары, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарынан оларға кірме жолдар, ауыл шаруашылық ұйымдарының шаруашылық ішіндегі жолдары, қызметтік, патрульдік және жеке меншік автомобиль жолдары жатады.

Шаруашылық автомобиль жолдарына меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар осы жолдар қарамағында болатын заңды тұлғалардың меншік нысанымен анықталады.

Шаруашылық автомобиль жолдарын жеке шелеңдіру Қазақстан Республикасының жеке шелеңдіру туралы заңнамасына және осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

4. Қалалар мен елді мекендердің көшелеріне, осы баптың 2-тармағында көрсетілген жолдарды қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегіндегі автомобиль жолдары жатады.

Қалалардың және елді мекендердің көшелері тиісті жергілікті атқарушы органдардың қарамағында болады және коммуналдық меншік болып табылады.

5. Геометриялық параметрлеріне, сондай-ақ жол жүрісінің жиілігіне қарай автомобиль жолдары нормативтік құқықтық актілерде белгіленген мемлекеттік стандарттарға сәйкес жіктеледі.

6. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын жіктеудің тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қалалардың және елді мекендердің көшелерін жіктеудің тәртібі мен шарттарын тиісті жергілікті атқарушы органдар белгілейді.

7. Республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбелерін уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбелерін уәкілетті органмен келісе отырып, облыстық атқарушы органдар бекітеді.

Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбелерін уәкілетті органмен келісе отырып, аудандық атқарушы органдар бекітеді.

8. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары, шаруашылық автомобиль жолдары, қалалар мен елді мекендердің көшелері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік есепке алынуы тиіс. Есеп мәліметтері жол органдарымен келісе отырып жарияланатын Қазақстан Республикасы автомобиль жолдарының карталары мен атластарын жасау үшін пайдаланылады.

9. Күзетілетін тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін автомобиль жолдарына немесе автомобиль жолдарының жекелеген учаскелеріне арнайы трасса мәртебесі берілуі тиіс. Астана және Алматы қалаларында арнайы трасса мәртебесін Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, басқа әкімшілік-аумақтық бірліктерде ұлттық қауіпсіздік органдар береді.

Жоғарыда аталған органдар арнайы трасса мәртебесін беру немесе алу туралы мүдделі тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде х а б а р д а р е т у г е м і н д е т т і .

Арнайы трассаларда жөндеу, құрылыс және басқа жұмыстардың барлық түрлерін жүргізу ұлттық қауіпсіздік органдарымен, Астана және Алматы қалаларында Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметімен келісу бойынша жүзеге асырылады.

Күзет шараларын жүргізу кезеңінде арнайы трассаларда жөндеу, құрылыс және басқа жұмыстардың барлық түрлері тоқтатылуы мүмкін.

### **90-бап. Ақылы автомобиль жолдары**

1. Қазақстан Республикасында осы Кодексте және басқа да концессиялар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақылы автомобиль жолдары (көпірлер, өткерме жолдар) салынуы мүмкін.

2. Ақылы автомобиль жолдары мынадай шарттардың орындалуы: сапасы нормативтік актілермен белгіленген мемлекеттік стандарттардың талаптарына сай келетін баламалы тегін жол жүрудің болуы, көліктің жоғары, қауіпсіз жүру жылдамдығын қамтамасыз ете отырып, ақылы жүрудің сапасын арттыру және бүкіл жол бойында жоғары сервистік қызмет көрсету ескеріліп салынады.

3. Ақылы автомобиль жолдары мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен немесе концессиялық шарттар негізінде салынуы мүмкін, бұл орайда автомобиль жолы ақылы жүруді ұйымдастыру үшін концессиялар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін тәртіппен жеке және заңды тұлғаларға пайдалануға берілуі мүмкін.

4. Ақылы автомобиль жолдарының құрылысы үшін концессионер өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

### **91-бап. Автомобиль жолдарының атауы және оларды индекстеу. Автомобиль жолдарындағы ара қашықтықты есептеу**

1. Қазақстан Республикасының жалпыға ортақ пайдаланылатын барлық автомобиль жолдарының атауы мен индексі болуы тиіс. Автомобиль жолдарының атауына бастапқы және соңғы елді мекеннің, ал қажет болған жағдайда аралық мекендердің атауы кіреді.

Автомобиль жолдарының индексі латын әліпбиінің әріптерінен және цифрлар тобынан тұрады.

2. Автомобиль жолдарының атаулары мен индекстері автомобиль жолдарының карталары мен атластарында, сондай-ақ арнаулы белгілер және таңбалар қою арқылы автомобиль жолында көрсетілуге тиіс.

Республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін халықаралық автомобиль жолдарының атаулары мен индекстері халықаралық келісімдермен белгіленеді.

Облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін уәкілетті органмен келісе отырып облыстық атқарушы органдар бекітеді.

Аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін уәкілетті органмен келісе отырып аудандық атқарушы органдар бекітеді.

3. Республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының қашықтығы бастапқы және соңғы елді мекендер аралығымен есептеледі. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының километрін есептеу:

Қазақстан Республикасының астанасынан шығатын автомобиль жолдары үшін - Қазақстан Республикасы Парламентінің үйінен;

басқа елді мекендерден шығатын автомобиль жолдары үшін - жергілікті атқарушы органдардың үйлерінен, ал олар болмаған жағдайда елді мекендердің шекараларынан бастап жүргізіледі.

Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының ұзындығы болып: елді мекендерді жалғастырып жатқан автомобиль жолдары үшін - тиісті елді

мекендер шекаралары арасындағы қашықтық;

жалпыға ортақ пайдаланылатын басқа автомобиль жолдарын өзара жалғастырып жатқан және оларға қосылатын автомобиль жолдары үшін түйісетін автомобиль жолдары осьтерінің қиылысу аралығы алынады.

Қалалар мен өзге елді мекендер көшелерінің ұзындығы болып тиісті қалалар мен елді мекендер шекарасы шегіндегі қашықтық алынады.

## **92-бап. Автомобиль жолдарын орналастыру үшін жер беру**

1. Жер пайдаланушыларға мемлекеттік жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу және күтіп ұстау үшін жол санатына байланысты және жобалау құжаттамасына сәйкес белгіленген нормалардың негізінде жолға бөлінген белдеу үшін ж е р б е р і л е д і .

Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының қажетіне арналған жер учаскелері сонымен бірге концессияға берілген автомобиль жолдары немесе учаскелері жол органдарына тұрақты немесе уақытша пайдалануға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бөлінеді.

2. Жобаланатын жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеудің мөлшері жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары үшін жер бөлу стандарттары мен нормаларына сәйкес оның санатына байланысты белгіленеді, атап айтқанда: I техникалық санаттағы жолдар үшін - жолдардың осінен 35 метрден, II техникалық санаттағы жолдар үшін 20 метрден, III техникалық санаттағы жолдар үшін - 15 метрден, IV техникалық санаттағы жолдар үшін - 13 метрден, V техникалық санаттағы жолдар үшін - 12 метрден болып белгіленеді.

3. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына арналған жер учаскелері облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының шешімімен б е р і л е д і .

4. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары алып жатқан жер учаскелері мемлекеттік меншікке жатады, бөлінбейді және жеке меншікке берілмеуге тиіс. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жерінде, осы жерлерді пайдаланудың белгіленген келісу тәртібін бұза отырып салынған кез келген құрылыстар заңсыз деп танылады және заңнамада белгіленген тәртіппен оларды өз еркімен құрылыс салуды жүзеге асырған тұлға бұзады не соның есебінен бұзылуға тиіс.

5. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу кезінде, жер төсемін тұрғызу үшін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу (қайта жаңарту) және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жасаушыларға жер резервтері мен карьерлер тікелей келіссөздер жүргізу және келісім-шарт жасасу жолымен беріледі.

6. Шаруашылық және жеке меншік автомобиль жолдары үшін жер учаскелері Қазақстан Республикасының жер туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен беріледі.

### **93-бап. Автомобиль жолдарына бөлінген белдеулерді пайдалану тәртібі**

1. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеудің жер учаскелері жол органдарының иелігінде және пайдалануында болады әрі тек автомобиль жолдарын дамытуға, көркейтуге және жол сервисі объектілерін орналастыруға арналады.

2. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде тиісті уәкілетті органның немесе концессионерлердің рұқсатынсыз жұмыстар жүргізуге немесе қандай да болмасын құрылыс орналастыруға тыйым салынады.

3. Республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына бөлінген белдеудің уәкілетті орган немесе концессионер пайдаланбайтын жер учаскелерін облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары өз құзыреті шегінде жолдың көліктік пайдаланылу сапасының төмендеуіне жол бермеген, көлік құралдары жүрісінің қауіпсіздігі, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен қоршаған ортаны қорғау нормаларын талаптарын сақтаған жағдайда сервис объектілері мен жарнаманы орналастыру үшін жеке және заңды тұлғаларға шарт негізінде уақытша қысқа мерзімге жерді пайдалануға беруі мүмкін.

### **94-бап. Жол бойындағы белдеулер**

1. Жол бойындағы белдеулер халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін және жол жүрісі қауіпсіздігі талаптарын, сондай-ақ оларды қайта жаңартуды, жөндеуді және күтіп ұстауды, жол инфрақұрылымдарының объектілерін орналастыруды жүзеге асыру мүмкіншілігін ескере отырып, автомобиль жолдарын пайдалануға жағдай жасау үшін белгіленеді.

2. Жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық автомобиль жолдары үшін жол бойындағы белдеудің ені жолға бөлінген белдеудің шекарасынан есептегенде әрбір жағынан 50 метрден кем болмауы тиіс.

Жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдары үшін жол бойындағы белдеудің ені жолға бөлінген белдеудің шекарасынан есептегенде әрбір жағынан 40 метрден кем болмауы тиіс.

3. Жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық автомобиль жолдарының бойындағы белдеулерге жол қызметі объектілерінен және жол сервисі объектілерінен басқа күрделі құрылыстар салуға тыйым салынады.

4. Жол сервисі объектілерін жол бойындағы белдеулерге немесе объектілерді олардың шегінен тыс жерлерде, егер оған кіру үшін кірме жолдар қажет болса, орналастыру үшін жер учаскелерін беру туралы шешімдерді тиісті атқарушы орган уәкілетті органмен келісе отырып, белгіленген тәртіппен қабылдайды.

5. Жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық автомобиль

жолдарының бойындағы белдеулерде орналасқан кірме жолдарды (құлама жолдарды, қосылған жолдарды) және басқа объектілерді жайғастыру, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі шығыстарды осы объектілердің иелері көтереді.

**95-бап. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының бойына сауда, қоғамдық тамақтану объектілерін және басқа да сервис объектілері мен жарнаманы орналастыру**

1. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарына бөлінген белдеудегі сауда, қоғамдық тамақтану және басқа да сервис объектілері, сондай-ақ олардың жарнамалары тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде облыстардың ( республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының келісімі бойынша, уәкілетті органдар немесе концессионерлер белгілеген жерлерге орналастырылуы м ү м к і н .

2. Жолға бөлінген белдеудің шекарасына қойылатын сыртқы жарнама, өзге де ақпараттық белгілер мен көрсеткіштер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындалуы және қойылуы тиіс.

3. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде сервис объектілері мен жарнаманы орналастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**96-бап. Автомобиль жолдарын дамыту ісін жоспарлау**

1. Автомобиль жолдарын дамыту ісін жоспарлауды мемлекеттік органдар, шаруашылық және жеке меншік автомобиль жолдарының басқарушылары бекітілген республикалық және аймақтық бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырады. Қалалар мен өзге де елді мекендердің көше-жол желісін дамыту ісін жоспарлауды тиісті жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

2. Жол саласында тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу, сондай-ақ осы бағыттағы ғылыми зерттеулер Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Автомобиль жолдарын жобалауды және салуды тиісті қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялары бар жеке және заңды тұлғалар конкурстық негізде жүзеге асырады.

4. Автомобиль жолдарын салу мен реконструкциялау үшін әзірленген жобалау құжаттамасы белгіленген тәртіппен мемлекеттік, соның ішінде экологиялық сараптамадан, ал жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу үшін - автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен ведомстволық сараптамадан өтуге тиіс.

**97-бап. Жол қызметін жүзеге асыру кезіндегі жұмыстың сапасы**

1. Автомобиль жолдарын жобалау, салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстау автомобиль жолдарының жоғары көліктік-пайдалану көрсеткіштеріне ( жылдамдық, тегістік, ұзақ мерзімділік, автокөлік жүрісінің жоғары қауіпсіздік

жағдайларына) жету мақсатында, белгіленген нормалар мен стандарттарды сақтау, сертификатталған материалдар, аспаптар, жабдықтар мен өлшеу құралдарын пайдалану принциптерінде жүзеге асырылады.

2. Жол қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар жұмысты Қазақстан Республикасы заң актілерінің талаптарын сақтай отырып орындауға міндетті.

Автомобиль жолдарын жаңғырту, салу жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізген кезде бақылауды - тапсырыс беруші, автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті орган және облыстың, аудандар мен қалалардың жергілікті атқарушы органдары, ал авторлық қадағалауды жобалау құжаттамасын әзірлеуші және өндірістік қадағалауды жұмыс орындаушы жүзеге асырады. Автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстардан басқа, аяқталған жол жұмыстарын пайдалануға қабылдауды мемлекеттік қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

3. Автомобиль жолдарын жобалау, салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды заңдардың талаптарын және мемлекеттік нормативтерді бұза отырып орындау Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

#### **98-бап. Жол қызметін қаржыландыру**

1. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын қаржыландыру жол жүрісі қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау және автокөлік тасымалдарын қамтамасыз ету талаптары негізге алына отырып, оларды жөндеу мен күтіп ұстауды қамтамасыз ететін бекітілген нормалар бойынша жүзеге асырылады және бюджет заңдарымен белгіленеді.

2. Шаруашылық автомобиль жолдарын дамыту, жөндеу және күтіп ұстау осы жолдар қарауына жататын ұйымдар мен жеке адамдардың қаражаттары есебінен қамтамасыз етіледі.

#### **99-бап. Уәкілетті органның және автомобиль жолдарын басқарушылардың жол қызметін жүзеге асыру кезіндегі жауапкершілігі**

Уәкілетті орган және автомобиль жолдарын басқарушылар:

1) қызмет көрсететін автомобиль жолдары және олардағы құрылыстар көлік құралдарының үздіксіз және қауіпсіз жүруін қамтамасыз ететін жағдайда күтіп ұсталуы үшін және табиғат қорғау заңдары талаптарының сақталуы қамтамасыз етілуі үшін;

2) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес автомобиль жолдарын пайдаланушыларға залалдың орнын толтыра отырып, жол жағдайларына байланысты туындаған жол-көлік оқиғалары салдарынан келтірілген залал үшін;

3) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес автомобиль жолдарына бөлінген белдеудің фитосанитариялық жағдайы үшін жауапты болады.

#### **100-бап. Техникалық реттеу объектілері**



Автомобиль жолдары, жолдық-құрылыс материалдары, автомобиль жолдарын жобалау, салу (қайта жаңарту, жөндеу) және пайдалану процестері автомобиль жолдарын техникалық реттеу объектілері болып табылады.

### **101-бап. Автомобиль жолдарын жобалау кезіндегі қауіпсіздік талаптары**

1. Автомобиль жолдарын жобалау жылдамдықты барынша аз шектеу және өзгерту, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарттарын және перспективалық кезеңнен тыс жолдарды қайта жаңарту мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

2. Автомобиль жолдарының жобалық шешімдері:  
көлік құралдарының есептік жылдамдықтармен ұйымшылдықпен, қауіпсіз жүруін;  
жүргізушілердің көзбен бағдарлау шарттарын сақтауын;  
жанасулар мен қиысулардың қауіпсіз орналасуын;  
автомобиль шиналарының жүру жолының бетімен қажетті ілінісуін;  
автомобиль жолдарына қажетті жабдықтардың, соның ішінде қорғаныс жол құрылыстарының орнатылуын;  
жол және автокөлік қызметтерін қажетті ғимараттармен және құрылыстармен қамтамасыз етуі тиіс.

3. Жол және автокөлік қызметтерінің өндірістік базаларын, ғимараттары мен құрылыстарын жобалау кезінде атмосфералық ауада, су объектілерінде, топырақта ластаушы заттардың және басқаның рұқсат етілген шекте шоғырлануының сақталуын қамтамасыз ететін іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру қажет.

4. Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезінде жолдардың және жол қозғалысының:

адамдарға, фауна мен флораға;  
топырақтың жағдайына, суға, микроклиматқа, ауаға;  
пейзажға, жолдағы объектілер мен мәдени мұраға тікелей немесе жанама әсерін бағалап алған жөн. Екпе ағаштарды отырғызу (жол бойына) көзбен бағдарлауды жақсартуға және анау-мынау басқа қауіптердің тууын қоспағанда жолдың көзді жалықтыратындай бір келкі болуын бұзуға мүмкіндік беруі тиіс.

5. Жолдарды жобалау кезінде орындарды белгілеу және оларды орнату тәсілдері мен жолды белгілеу схемаларымен жол белгілерін орналастыру схемаларын әзірлеу қажет.

6. Автомобиль жолдарын жобалау кезіндегі қауіпсіздік талаптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

### **102-бап. Автомобиль жолдарын салу (қайта жаңарту, жөндеу) кезіндегі қауіпсіздік талаптары**

1. Автомобиль жолдарын салу (қайта жаңарту, жөндеу) кезінде жобалау-сметалық құжаттаманың, осы Кодекстің және автомобиль жолдары саласындағы техникалық регламенттердің талаптарға сәйкес болуын қамтамасыз ету қажет.

2. Құрылыс (қайта жаңарту жөндеу) кезінде қоршаған ортаның қауіпсіздігі және

оны қорғау бойынша шаралар қабылдау қажет. Жұмыстарды және механикаландыру құралдарын таңдау кезінде тиісті санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды, ластаушы заттардың атмосфераға рұқсат етілген шекті нормаларда шығарылуын сақтау керек.

Жолдарды салу кезінде жас екпе ағаштардың сақталуы немесе олардың қалпына келтірілуі қамтамасыз етілуге міндетті.

3. Жол жұмысшылары мен жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігі қозғалысты ұйымдастыруға және жұмыс жүргізілетін орындарды қоршауға шаралар қолдану арқылы қамтамасыз етілуі тиіс, олар жұмыстарды жоспарлау барысында көзделуі және оларды жүргізу кезінде тұрақты тексеріліп отыруы тиіс.

4. Қиын инженерлік-геологиялық жағдайда жолдарды салу (қайта жаңарту, жөндеу) кезінде, жер төсемін тұрақтандыру мерзімі белгіленген құрылыс мерзімінен асып кеткенде әрбір сатыда суды бұру мен қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып жол киімін сатылап жабдықтауды көздестіруге жол беріледі.

5. Автомобиль жолдарын салу (қайта жаңарту, жөндеу) кезіндегі қауіпсіздік талаптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

### **103-бап. Автомобиль жолдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары**

1. Жолдардың жағдайы жол қозғалысы мен қоршаған ортаның қауіпсіздігі қамтамасыз етуі және көліктік-пайдалану жүктелімінің деңгейіне сәйкес болуы тиіс.

Жол бойындағы белдеудің жалпақтығы жолдың осы түрі үшін белгіленген нормалардан кем болмауы тиіс.

Ақпараттық көрсеткіштер мен белгілер қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуі және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Жолдардың құрамы өңірдің климаттық ерекшеліктері мен көліктік пайдалану жүктелімін ескере отырып пайдалану кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

2. Автомобиль жолдарының және қалалар мен елді мекендердің көшелерінің жүру бөлігі, жаяу жүретін жолдар мен велосипед жолдарының, отырғызу алаңдарының, аялдау пункттерінің жамылғылары, сондай-ақ бөлу белдеулерінің, жол жағалары мен жер төсемі құламаларының беті жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайында болуы тиіс.

Жол жамылғысының есептік жылдамдықтар мен қозғалыс қауіпсіздігі қамтамасыз ету үшін қажетті беті болуы тиіс.

Жүру бөлігі жамылғысының отыруы, шұңқыршалары, көлік құралдарының қозғалысын қиындататын басқа да зақымдары болмауы тиіс.

Қыс жағдайларында жол қозғалысының қауіпсіздігі мен оны ұйымдастыруды тиісті шаралар қолдану арқылы барынша қамтамасыз еткен жөн.

3. Жолдық-көліктік оқиғалардың және көлік құралдарының жол жұмыстарын жүргізу орындарында кідіріп қалуларын болдырмау үшін қоршау құрылғыларын,

белгілер мен таңбаларды орнатуды көздестіру, сондай-ақ тәуліктің кез келген уақытында жұмыс жүргізілетін орындардың көрініп тұруын қамтамасыз ету қажет.

Қозғалыс қауіпсіздігін ұйымдастыруда қолданылатын техникалық құралдар (қоршаулар, белгілер, таңбалар, бағытау құрылғылары, жарықтандыру желілері, бағдаршамдар, қозғалысты автоматты басқару жүйелері) тәуліктің кез келген уақытында жақсы көрінетіндей, айыратындай болуы тиіс.

4. Жол қозғалысы, жолдарға қызмет көрсету және күтіп ұстау нәтижесінде туатын шу, тербеліс және ауаны ластау деңгейін автомобиль жолдары саласындағы техникалық регламенттермен белгіленген талаптар негізінде тиісті шаралармен шектеген жөн.

#### **104-бап. Жолдық-құрылыс материалдарына қауіпсіздік талаптары**

Жолдық-құрылыс материалдары қоршаған ортаның әсеріне төзімді, сондай-ақ олардағы зиянды құрауыштар мен қоспалардың құрамы рұқсат етілген нормалардан аспауы тиіс.

#### **105-бап. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын пайдалану**

1. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, жеке және заңды тұлғалар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын пайдалану құқығына ие болады.

2. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын пайдаланушылар көлік құралдарын жол қозғалысы қауіпсіздігін, жолдардың және олардағы құрылыстардың сақталуын қамтамасыз ететін жағдайда пайдалануға, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге міндетті.

#### **106-бап. Автомобиль жолдары маңындағы жер учаскелері меншік иелерінің міндеттері**

1. Автомобиль жолдарына аумақтары жалғасатын жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар:

1) кірме жолдарды және жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарға жалғасатын жолдарды салуды жол органдарымен келісуге;

2) жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарға жалғасатын жолдарды және оларға кірме жолдарды техникалық жағынан дұрыс және тиісті санитариялық жағдайда ұстауға, қоқыстан, ластан және қардан тазартып отыруға;

3) көруді қиындататын және қозғалыс қауіпсіздігін нашарлататын материалдар мен конструкцияларды жол бойындағы белдеуге жиып қоюға жол бермеуге міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген талаптарды орындамау Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

#### **107-бап. Автомобиль жолдарын жұмылдыру дайындығы**

1. Жұмылдыру кезеңі мен соғыс уақытындағы төтенше жағдайларда пайдалану үшін автомобиль жолдарын жұмылдыру дайындығын, меншік нысандарына карамастан, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке және заңды тұлғалар

2. Қазақстанның бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайда және ішінара немесе жаппай жұмылдыру жарияланған кезде жеке меншік жолдарды жол жүрісіне қатысушылардың барлығы меншік иесінің келісімінсіз пайдаланады.

### **108-бап. Автомобиль жолдарын пайдаланушылардың жауапкершілігі**

1. Жолдың үстіңгі қабатының, жер қыртысының, көпірлердің, өткерме жолдардың, суағар құрылыстарының, автопавильондардың, жол белгілерінің, жол бойындағы екпелердің, қорғаныш құрылғылардың және автомобиль жолдарын жайғастырудың басқа да элементтерінің бұзылуына жол берген, сондай-ақ автомобиль жолдарын пайдалану ережелерін бұзған автомобиль жолдарын пайдаланушылар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

2. Пайдаланушылар автомобиль жолдары мен жол құрылыстарына келтірген залалды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өтейді.

3. Автомобиль жолдарын жобалау, салу, күтіп ұстау, жөндеу, реконструкциялау және пайдалану процесінде жол органдарымен туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаралады.

### **109-бап. Автомобиль жолдарындағы медициналық жәрдем**

Автомобиль жолдарындағы жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге жәрдемді жол жүрісіне қатысушылардың бәрі көрсетуге тиіс, олар зардап шеккендерді таяу маңдағы медициналық мекемеге жеткізуге және болған оқиға туралы жол полициясы органына хабарлауға міндетті.

### **110-бап. Қоршаған ортаны қорғау**

1. Автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу, күтіп ұстау және оларды пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдар талаптарының сақталуы қамтамасыз етілуге тиіс.

2. Автомобиль жолдарын жобалау және оларды реконструкциялау мен салуға арналған жобаларды әзірлеу кезінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралар көзделуі тиіс.

3. Автомобиль жолдары бойындағы қорғағыш екпелерді олардың иелері немесе пайдаланушылары тиісті түрде күтіп ұстауға тиіс.

4. Қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтамағаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

## **7-параграф. Қалалық электр көлі**

### **111-бап. Қалалық электр көлігінің көлік құралдарына қойылатын талаптар**

Қалалық электр көлігі көлік құралдарының сәйкестігін куәландыру саласындағы құжаттары болуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген техникалық реттеу саласындағы қауіпсіздік талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Көлік құралдары заңнамамен белгіленген тәртіпте тіркелуі тиіс. Қазақстан

Республикасы заңнамасының техникалық реттеу саласындағы талаптарына сәйкес емес және белгіленген тәртіппен тіркелмеген көлік құралдары пайдалануға жіберілмейді.

Қалалық электр көлігінің салонында жүру маршруты, жолаушының жүру жолы мен багажды алып жүру құны туралы ақпарат, сондай-ақ басқа да қажетті ақпарат болуы т и і с .

Тасымалдаушы қалалық электр көлігінде мүгедектер мен балалары бар жолаушылардың жол жүруіне қажетті қолайлылықтарды жасайды.

### **112-бап. Қалалық электр көлігінің қызметі**

1. Қалалық электр көлігінің тұрақты маршруттарының маршруттық желісі мен осы маршруттарға қызмет көрсету құқығы берілген тасымалдаушыларды қаланың жергілікті атқарушы органдары бекітеді.

2. Жолаушының осы Кодекстің 24 және 77-баптарымен жолаушылар мен багажды қалалық автомобильмен тасымалдаудың тұрақты маршруттарында жол жүруге қатысты бөлігінде көзделген құқығы мен міндеттері бар.

3. Қалалық электр көлігінің маршруттарына қызмет көрсететін тасымалдаушының осы Кодекстің 79-бабымен жолаушылар мен багажды қалалық автомобильмен тасымалдаудың тұрақты маршруттарына қызмет көрсетуге қатысты бөлігінде көзделген құқығы мен міндеттері бар.

Трамвайлар, троллейбустар мен метрополитендер белгіленген тарифке сәйкес ақыға , қозғалыс кестесіне сәйкес, белгілі бір маршруттар бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асырады.

### **113-бап. Қалалық электр көлігінің қозғалыс кестесі**

Тасымалдаушы қалалық электр көлігінің қозғалысын облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары бекітетін қозғалыс кестесіне сәйкес ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

Барлық жолаушылар станцияларында, соңғы және аялдау пункттерінде маршруттың атауы, нөмірі және жүру аралығы туралы ақпарат орналастырылады.

Метрополитеннің жолаушылар станцияларында поездар қозғалысының аралықтарын облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары белгілейді.

## **10-тарау. Темір жол көлігі саласындағы мемлекеттік реттеу және бақылау**

### **1-параграф. Темір жол көлігіндегі мемлекеттік басқару**

#### **114-бап. Уәкілетті органның темір жол көлігі саласындағы құзыреті**

Уәкілетті органның құзыретіне:

1) темір жол желісін және темір жол көлігін дамыту жөніндегі тұжырымдамалар мен бағдарламаларды әзірлеу;

- 2) темір жол көлігі саласындағы қатынастарды реттейтін заң актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;
- 3) магистральдық темір жол желісінің жұмыс істеуі үшін технологиялық қажетті станциялық жолдардың, электрмен жабдықтау, сигнализация, байланыс объектілерінің, құрылыстардың, жабдықтардың, үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың және өзге де объектілердің тізбесін табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша бекіту;
- 4) жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау ережелерін, техникалық пайдалану ережелерін бекіту;
- 5) жылжымалы құрамды тіркеу тәртібін белгілеу;
- 6) тасымалдауды ұйымдастыруға және (немесе) тасымалдауға байланысты қызметтерді орындауға жасалған шарттар бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету тәртібі мен шараларын белгілеу;
- 7) темір жол көлігімен тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетпен алып жүруге жататын жүктердің тізбесін бекіту;
- 8) халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 9) темір жол көлігі қызметкерлерін кәсіби ерекшелік белгісімен марапаттау тәртібін бекіту;
- 10) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы мәселелерді қарау;
- 11) экспедиторлар қызметінің тәртібін айқындау;
- 12) вагондар (контейнерлер) операторлары қызметінің тәртібін айқындау;
- 13) локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсетуді ұсыну тәртібін айқындау;
- 14) магистральдық темір жол желісінде көрсетілетін қызметтерге кіретін операциялардың тізбесін табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша бекіту;
- 15) кірме жолдарда көрсетілетін қызметтерге кіретін операциялардың тізбесін табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша бекіту;
- 16) темір жол көлігі саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу;
- 17) кірме жолдардағы жұмыс ережелерін бекіту;
- 18) магистральдық темір жолдар бойынша темір жол көлігі қатынасын тоқтату;
- 19) жылжымалы құрамды, рельстерді пайдаланудың, жылжымалы құрамды жөндеуді, техникалық қызмет көрсетуді жүргізу және пайдалану мерзімін ұзарту тәртібі кезеңділігінің, темір жол бойынша тоннаждарды нормативтік өткізудің және жөндеулерді жүргізудің нормативтік мерзімдерін, жылжымалы құрам мен жолдың үстіңгі құрылысына арналған техникалық паспорттың нысаны мен жүргізу тәртібін бекіту;
- 20) қозғалыс қауіпсіздігінің талаптарын бұзушылықтардың мемлекеттік статистикалық есебін жүргізу;

21) теміржолдық жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік тізілімді жүргізу және мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру;

22) теміржолдық жылжымалы құрамның кепілін мемлекеттік тіркеу, тізілімді жүргізу және теміржолдық жылжымалы құрамның кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру;

23) жылжымалы құрамның мемлекеттік тізілімін жүргізу;

24) монополияға қарсы саясат саласындағы бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органмен келісу бойынша белгілі бір тауар рыногында басым (монополиялық) жағдайға ие болып отырған субъектілер үшін шикізатты, материалдарды, отынды, энергияны жұмсау нормативтерін бекіту;

25) қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтардың себептерін ведомстволық тексеру, оларды жіктеу және есепке алу;

26) темір жол көлігі саласындағы қызметті Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес лицензиялау;

27) Қазақстан Республикасының заңнамасын көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін алым алуды қамтамасыз ету бөлігінде орындау жатады.

2. Көліктік бақылау органдарының лауазымды тұлғалары темір жол көлігінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде:

1) жеке және заңды тұлғалардан көліктік бақылау органдарының құзыреті шегінде қажетті ақпаратты, материалдарды, анықтамалық деректерді сұрауға;

2) темір жол көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың, олардың:

темір жол желісінің станциялық және магистральдық жолдары мен темір жолдың кірме жолдарын күтіп ұстауды;

жылжымалы құрамды күтіп ұстауды, пайдалануды және жөндеуді; жолаушыларды, багаж бен жүк-багажын тасымалдаудың белгіленген ережелерін, сондай-ақ жүктерді тасымалдау ережелерін сақтауды;

темір жол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық құралдарды күтіп ұстауды, пайдалануды және жөндеуді;

жасанды құрылыстарды, сондай-ақ темір жол өтпелерін күтіп ұстауды, пайдалануды және жөндеуді сақтауы бөлігіндегі қызметін тексеруге;

3) біліктілік талаптарын және лицензиялаудың белгіленген нормалары мен ережелерін сақтауды тексеруге;

4) өз құзыреті шегінде тексерулердің нәтижелері бойынша актілер жасауға және көліктің жұмыс істеу тәртібін белгілейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің, стандарттар мен нормалар талаптарының анықталған бұзылуын жою туралы нұсқамалар енгізуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес хаттамалар жасауға, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда жеке тұлғаны әкімшілік ұстауды, көлік құралын ұстауды жүзеге асыруға, тұлғаның жеке басына тексеріс және жеке тұлғаның өзіндегі заттарына тексеріс жүргізуге, көлік құралдарына тексеріс жүргізуге;

7) өз құзыреті шегінде аумақтарды, үй-жайларды, тауарларды, заңды тұлғаға тиесілі өзге мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды қарап тексеруді жүргізуге;

8) уәкілетті органның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тартуға;

9) мемлекеттік органдарға көліктік уақиғалардың, көлікті пайдалану ережесінің бұзылуының алдын алу жөніндегі шаралар туралы ұсыныстар енгізуге;

10) жай-күйі қозғалыс қауіпсіздігінің және қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына жауап бермейтін магистральдық темір жол тораптарының, темір жолдардың және жылжымалы құрамның пайдаланылуын тоқтата тұруға және тоқтатуға құқықты.

### **115-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілетті және атқарушы органдарының темір жол көлік саласындағы өкілеттіктері**

1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілетті органдарының өз құзыреті шегіндегі өкілеттіктеріне:

1) өз құзыреті шегінде жалпыға ортақ пайдаланылатын жолаушылар тасымалдарын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын жүзеге асыратын көлікті дамытудың кешенді схемасын бекіту;

2) темір жол көлігімен жалпыға ортақ пайдаланылатын жолаушылар тасымалдарын дамыту бағдарламасын бекіту;

3) алыстағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау маршруттары мен тәртібін бекіту;

4) азаматтардың жекелеген санаттарына жергілікті бюджеттер есебінен субсидияланатын көлік қызметтеріне жеңілдіктер белгілеу туралы шешімдер қабылдау ж а т а д ы .

2. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының өз құзыреті шегіндегі өкілеттіктеріне:

1) жалпыға ортақ пайдаланылатын жолаушылар тасымалдарын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын жүзеге асыратын көлікті дамытудың кешенді схемасын әзірлеу;

2) Тасымалдаушының әлеуметтік маңызы бар қатынастар (маршруттар) бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты залалдарын субсидиялауды жүзеге асыру;

3) төтенше жағдайлар туған кезде тасымалдауды уақытша тоқтата тұру туралы ш е ш і м қ а б ы л д а у ;



4) темір жол көлігінің облысшілік және қалалық (қала маңындағы) қатынастарда жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру туралы шешім қабылдау, мұндай шешімді тасымалдаушының өзі қабылдайтын жағдайларды қоспағанда;

5) жолаушылар мен багажды темір жол көлігімен тұрақты тасымалдаудың облысшілік, қалалық маршруттарын бекіту жатады.

#### **116-бап. Темір жол көлігіндегі есепке алу-есеп беру уақыты**

1. Темір жол көлігінде уәкілетті орган белгілейтін бірыңғай есепке алу-есеп беру у а қ ы т ы қ о л д а н ы л а д ы .

2. Халықаралық қатынаста есепке алу-есеп беру уақыты Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен белгіленеді.

#### **2-параграф. Темір жол көлігі қызметкерлерінің еңбек қатынастарын реттеу ерекшеліктері**

##### **117-бап. Темір жол көлігі қызметкерлерінің еңбек қатынастарын реттеу**

1. Темір жол көлігі қызметкерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

2. Темір жол көлігінің поездар қозғалысымен тікелей байланысты қызметкері кәсіби даярлығы мен денсаулығы жөнінен уәкілетті орган белгілейтін талаптарға сай болуы тиіс.

##### **118-бап. Темір жол көлігінің қызметкерін жұмыстан шеттетудің қосымша негіздері**

1. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен көзделген негіздемелерден басқа уәкілетті органның, магистральдық темір жол желісі операторының талап етуі бойынша жұмыс беруші магистральдық темір жол желісі диспетчерлік қызметінің, операторының тасымалдау процесі мен поездар қозғалысын басқаруға байланысты нұсқауларын орындамаған жағдайда темір жол көлігінің қызметкерін жұмыстан ш е т т е т у г е м і н д е т т і .

2. Жұмыстан шеттетілген кезеңге темір жол көлігі қызметкерінің жалақысы сақталмайды және жұмыс берушінің қаражаты есебінен уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақы, жүкті болуы және босануы бойынша жәрдемақыны қоспағанда, төленбейді.

3. Қызметкерді жұмыстан шеттету осыған негіз болған себеп анықталғанға және (немесе) жойылғанға дейінгі мерзімге жүзеге асырылады.

##### **119-бап. Нысанды киім және айырым белгілері**

Темір жол көлігінің жолаушыларға, жүк жөнелтушілерге және жүк алушыларға қызмет көрсетумен байланысты, сондай-ақ поездар қозғалысымен тікелей байланысты қызметкерлеріне жұмыс берушінің есебінен тиісті айырым белгісі бар нысанды киім берілуі тиіс.

#### **3-параграф. Темір жол көлігі саласындағы қауіпсіздіктің жалпы талаптары**

##### **120-бап. Жалпы ережелер**

1. Темір жол көлігі, темір жол жолдары, темір жол станцияларының аумақтары, вокзалдар және тасымал процесіне қатысушылардың темір жол тасымалдарымен байланысты өзге де объектілері, сондай-ақ олардың тіршілік циклының процестері техникалық реттеу объектілері болып табылады.

2. Тасымал процесіне қатысушылар техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарын орындауға, адамның өмірі мен денсаулығына, жолаушылардың жол жүруіне қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етуге, сондай-ақ магистральдық, станциялық және кірме жолдармен жүру қауіпсіздігі талаптарын сақтауға міндетті.

3. Жүру қауіпсіздігі адамның өмірі мен денсаулығын сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға, тасымал процесіне қатысушылардың авариясыз жұмыс істеуіне жағдайлар туғызуға, магистральдық темір жол желісін, темір жолдың жылжымалы құрамын, құрылыстарды, жабдықтарды, механизмдер мен тетіктерді ақаусыз ұстауға, сондай-ақ болуы ықтимал авариялардың зардаптарын жоюға бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етіледі.

4. Темір жолмен қиылысатын немесе оларға жақын орналасқан газ, мұнай құбырларын жүргізу және басқа құрылыстар салу мен пайдалану кезінде белгіленген нормативтердің сақталмағаны үшін, сондай-ақ аталған құрылыстарды пайдалану қауіпсіздігі үшін олардың меншік иелерімен иеленушілері ортақ жауаптылықта болады.

Аталған құрылыстардың иеленушілері тасымал процесіне қатысушыларын және мемлекеттік көлік бақылау органдарын жүру қауіпсіздігіне қатер төндіретін аварияның немесе авариялық жағдайлардың туындағаны туралы дер кезінде хабардар етуге м і н д е т т і .

5. Қауіпті жүктерді жөнелтіп және алып отыратын жөнелтуші (жүк жөнелтуші), алушы (жүк алушы), сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдайтын тасымалдаушы олардың қауіпсіз тасымалдануын қамтамасыз етуге міндетті, оларда авариялық жағдайларды және олардың зардаптарын жоюға қажетті құралдар мен жұмылдыру бөлімшелері (соның ішінде шарт бойынша) болуы тиіс.

Қауіпті жүктерді тасымалдау процесінде туындаған авариялық жағдайлар кезінде тасымал процесіне қатысушылар аталған бөлімшелердің оқиға орнына жедел түрде жіберілуін қамтамасыз етуге міндетті.

### **121-бап. Темір жол көлігі мен жабдығы рынокқа орналастыру кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары**

1. Егер темір жол көлігі мен жабдығы адамның өмірі мен денсаулығының және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптарға сәйкес келмесе немесе тұтынушыларды шатастыратын болса, олар рынокта сатылуға тиісті емес.

2. Сәйкестігін растауға жататын темір жол көлігі мен жабдығын Қазақстан Республикасының рыногына орналастырушы тұлға олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының техникалық реттеу саласындағы талаптарына сәйкестігін растау үшін

барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.

3. Темір жол көлігі мен жабдығының қауіптілік және қауіпсіз пайдалану шарттары туралы ескертетін қажетті жазулары мен белгілері болуы тиіс.

4. Темір жол көлігі мен жабдығын Қазақстан Республикасының рыногына орналастырушы тұлға таратылып кеткен темір жол көлігі мен жабдығының қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтары және өздері қолданған шаралар туралы уәкілетті органдарды дереу хабардар етуге міндетті.

5. Темір жол көлігі мен жабдығының қауіпсіздіктің белгіленген талаптарына сәйкес еместігі туралы жасаушыдан, импорттаушыдан, пайдаланушыдан немесе мемлекеттік бақылау органдарынан ақпарат алған тұлға оларды рынокқа орналастырмауы керек.

**122-бап. Темір жол көлігі мен жабдығын жобалау кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары**

1. Темір жол көлігінің объектілері, сондай-ақ қауіпті жүктерді өндіру, тиеу, түсіру (жүктен босату), сақтау және тасымалдау жүзеге асырылатын объектілер елді мекендерден, өнеркәсіп, ауылшаруашылық кәсіпорындары мен басқа да кәсіпорындардан, жекелеген ғимараттар мен құрылыстардан уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес қажетті қашықтықта болуы тиіс.

2. Жобалау кезінде темір жол көлігі немесе жабдығы жобасының Қазақстан Республикасы заңнамасының темір жол көлігі мен жабдығының жекелеген түрлеріне арналған техникалық реттеу саласындағы талаптарына сәйкестігі қамтамасыз етілуі тиіс.

3. Темір жол көлігі мен жабдығын жобалау кезінде олардың тіршілік циклындағы барлық қауіптер, соның ішінде қалыпты пайдалану, төтенше оқиғалар (істен шығу немесе сыртқы әсерлер) кезіндегі персоналдың болжамды қателіктері мен жол берілмейтін пайдалану сәйкестендірілуі тиіс.

4. Темір жол көлігінің құрылымы, оның тежегіш жабдығы, тежегіш жабдықтың ауамен қамтамасыз ету құрылғылары, сигнализация және байланыс, бақылау-өлшеу және электр жабдығы құрылғылары бүкіл пайдалану кезеңі ішінде адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздік жөніндегі талаптарға сәйкес болуы тиіс.

5. Темір жол көлігі мен жабдығының барлық түрлері үшін қатер, өрт, жарылыс, машинаның, будың немесе басқа да материалдардың тікелей өздері туғызатын қызып кету белгіленген қызмет мерзімі (арналған ресурсы) ішінде пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген рұқсат етілген мәндерден аспауы тиіс.

6. Жұмыс істеу және техникалық қызмет көрсету үшін барлық аймақтарды қауіпсіз қол жеткізу құралдарымен (сатылармен, өтпелермен) қамтамасыз ету қажет.

**123-бап. Темір жол көлігі мен жабдығын өндіру кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары**

1. Темір жол көлігі мен жабдығын өндіру кезінде темір жол көлігі мен жабдығын жасау процесінің жобалау құжаттамасының, осы Кодекс пен темір жол көлігі мен жабдығының жекелеген түрлеріне арналған техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

2. Жасаушы темір жол көлігі мен жабдығын өндіру кезінде жобалау құжаттамасымен айқындалған қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі барлық шаралар кешенін орындауға және қауіпсіздік оларға байланысты барлық технологиялық операциялардың орындалуына бақылау жасау мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Егер темір жол көлігі мен жабдығын жасау процесінде немесе жасағаннан кейін сынақтар өткізу қажет болса, олар жобалау құжаттамасының барлық талаптарын орындай отырып толық көлемде жүргізілуі тиіс.

### **124-бап. Темір жол көлігі мен жабдығын пайдалану (құрастыру және жөндеу) кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары**

1. Темір жолдар, темір жол станцияларының, вокзалдардың және тасымал процесіне қатысушылардың тасымалдау процесіне байланысты өзге де объектілерінің аумақтары аса қауіпті аймақтар болып табылады және уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес олардың сигналдық қоршауы болуға тиіс.

2. Пайдалану (құрастыру және жөндеу) кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ оның қауіпсіздігіне әсер ететін техникалық сипаттамаларды сақтауға қажетті барлық талаптар темір жол көлігі мен жабдығына арналған пайдалану құжаттамасында келтірілуі тиіс.

3. Темір жол көлігі мен жабдығын пайдалануды (құрастыруды және жөндеуді) жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар темір жол көлігі мен жабдығына арналған пайдалану құжаттамасының талаптары орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

4. Пайдалану құжаттамасында темір жол көлігі мен жабдығын пайдалану тәртібі ескерілуі тиіс.

5. Тартқыш көлік құралының (локомотивтің) иесі локомотивтік тартқыш қызметін көрсету кезінде оның жарамды жай-күйін, соның ішінде пайдалануға технологиялық дайындығын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге міндетті.

6. Магистральдық және маневрлік тепловоздардың зиянды заттар мен пайдаланылған газдарды ауаға шығаруы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мәндерден аспауы тиіс.

7. Темір жол көлігі мен жабдығы өздерінің функцияларын орындаулары, осы операцияларды орындау кезінде адамдарды қатерге душар қылмай реттеуге және техникалық қызмет көрсетуге жатуы тиіс.

8. Темір жол көлігі мен жабдығын басқару жүйелері барлық көзделген жұмыс режимдері мен пайдалану шарттары кезінде оларды пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

9. Басқару құрылғысы жеңіл айырылатын, ал қажет жағдайларда жазулармен,

символдармен немесе басқа да тәсілдермен белгіленуі тиіс.

Темір жол көлігі мен жабдығы олардың толық және қауіпсіз тоқтауын (сөндірілуін) қамтамасыз ететін қажетті жабдықпен, құрылғымен жарақталуы тиіс.

Басқару жүйелеріне шұғыл тежеу және авариялық тоқтату (сөндіру) құралдары, егер оларды пайдалану қауіпті азайтуға немесе болдырмауға мүмкіндік беретін болса, е н г і з і л у і т и і с .

10. Темір жол көлігі мен жабдығы жүйесінің орталық басқару пульті жүйенің кез келген бөлігін пайдаланудағы бұзушылықтар туралы ақпаратты бейнелеу құралдарымен, сондай-ақ авариялық тоқтату (сөндіру) құралдарымен жабдықталуы т и і с .

11. Темір жол көлігі мен жабдығын басқарудың таңдап алынған режимінің авариялық тоқтатуды (сөндіруді) қоспағанда, басқарудың басқа режимдеріне қарағанда б а с ы м д ы ғ ы б о л у ы т и і с .

12. Қоректендіру көзі мен басқару схемасының ақаулығы қауіпті жағдайлардың тууына әкеліп соқпауы тиіс.

### **125-бап. Темір жол көлігі мен жабдығын тасымалдау және сақтау кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары**

1. Темір жол көлігі мен жабдығын тасымалдау және сақтау, олардың қауіпсіздігін, соның ішінде орауға, консервациялауға, тасымалдау және сақтау шарттарына талаптарды, белгіленген сақтау мерзімдері, сақтау мерзімі өтіп кеткен жекелеген элементтердің, бөлшектердің, тораптардың жағдайын, ауыстыруды қайта куәландыру мерзімдері бойынша нұсқауларды қамтамасыз ететін техникалық сипаттаманы сақтау процесінде олардың сақталуын қамтамасыз етуге қойылатын барлық қажетті талаптар темір жол көлігі мен жабдығына арналған техникалық құжаттамада ескерілуі тиіс.

Темір жол көлігі мен жабдығының нақты түрлерін тасымалдау және сақтау қауіпсіздігінің талаптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Темір жол көлігі мен жабдығын тасымалдау және сақтау, олардың қауіпсіздігін, соның ішінде орауға, консервациялауға, тасымалдау және сақтау шарттарына талаптарды, белгіленген сақтау мерзімдері, сақтау мерзімі өтіп кеткен жекелеген элементтердің, бөлшектердің, тораптардың жағдайын, ауыстыруды қайта куәландыру мерзімдері бойынша нұсқауларды қамтамасыз ететін техникалық сипаттаманы сақтау процесінде олардың сақталуын қамтамасыз етуге қойылатын барлық қажетті талаптар темір жол көлігі мен жабдығына арналған техникалық құжаттамада ескерілуі тиіс.

3. Темір жол көлігі мен жабдығының нақты түрлерін тасымалдау және сақтау қауіпсіздігінің талаптары темір жол көлігі саласындағы техникалық регламенттермен б е л г і л е н е д і .

4. Тиеу, түсіру тасымалдау және жинап қоюды белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып үйретілген персонал жүргізуі тиіс.

## **126-бап. Темір жол көлігі мен жабдығын кәдеге жарату және жою кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары**

Жеке және заңды тұлға Қазақстан Республикасы Үкіметінің темір жол көлігінің әрбір түріне арнап белгілеген талаптарына сәйкес темір жол көлігі мен жабдығының кәдеге жаратылуын және жойылуын қамтамасыз етуі тиіс.

### **127-бап. Қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру**

1. Магистральдық, станциялық және кірме жолдардағы қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеруді уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Лауазымдар (кәсіптер) тізбесін, лауазымдарға (кәсіптерге) қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби даярлық деңгейін, лауазымға (кәсіпке) қойылатын біліктілік талаптарын айқындау тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

3. Тасымалдаушының және магистральдық темір жол желісі операторының кірме жолдармен жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың багажды, жүкті және жүк-багажды тиеу, түсіру (жүктен босату) жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырған кездегі тексеруге қатысу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

### **128-бап. Темір жол көлігінің, жылжымалы құрамның жүктерін және объектілерін күзету**

1. Тасымалдаушы және магистральдық темір жол желісінің операторы:

- 1) тасымалдау кезінде жүктердің сақталуын;
- 2) уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес өздерінің қарауындағы темір жол көлігі объектілерінің күзетілуін;
- 3) темір жол көлігінде өртке қарсы алдын алу жұмыстарының жүргізілуін және өрт сөндіруді қамтамасыз етуге міндетті.

2. Темір жол көлігімен тасымалдау кезінде тасымалдаушы немесе жүк жөнелтуші жүктердің тасымалдарын ұйымдастыру туралы шарт бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен әскерилендірілген күзетпен алып жүруге жататын жүктердің күзетін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Жүк жөнелтуші, жүк алушы тасымалдау ережелерінде белгіленген тізбе мен тәртіпке сәйкес жүктердің жекелеген түрлерін өз өкілдерінің (жолсеріктердің) жолбасшылығы арқылы тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті.

4. Жүк жөнелтуші, жүк алушы осы бапта көзделген тізбеге енбейтін жүктерді күзетуді және оларға жолбасшылық жасауды тасымалдау ережелерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асыра алады.

5. Темір жол көлігінде қоғамдық тәртіптің сақталуын және қылмысқа қарсы күресті ішкі істер органдары қамтамасыз етеді.

### **129-бап. Ерекше жағдайларда жұмысты ұйымдастыру**

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жоюға темір жол көлігін жұмылдыру және тасымалдаушыны, магистральдық темір жол

желісінің операторын, тармақ иеленушіні тарту осы Кодекстің Жалпы бөлімімен көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

Төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі шараларды жүзеге асыру және қолдану үшін оларда тізбесін уәкілетті орган айқындайтын материалдық және техникалық құралдардың қажетті қоры болуы тиіс.

2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген және тасымалдауға кедергі келтіретін өзге де жағдайлар кезінде магистральдық темір жол желісінің операторы темір жол қатынасының жекелеген бағыттарында тасымалдауға байланысты қызметтер көрсетуді уақытша тоқтату не шектеу туралы шешім қабылдай алады.

Магистральдық темір жол желісінің операторы мұндай шешімнің қолданылу мерзімін белгілеуге, сондай-ақ уәкілетті органды, тасымалдаушыларды, клиенттерді және өзге де мүдделі тұлғаларды шұғыл түрде хабардар етуге міндетті.

3. Клиентке багажды, жүкті және жүк-багажды жеткізіп беру, беру жөніндегі шартты тиісті тұрғыда орындамауға әкеп соқтырып, сақтаудың шекті мерзімінің өтіп кетуіне ұрындырған осы Кодекстің 45-бабының 1-тармағында және осы баптың 2-тармағында аталған мән-жайлар туындаған кезде тасымалдаушы багажды, жүкті және жүк-багажды жөнелтушіге, жүк жөнелтушіге олардың есебінен қайтаруға құқылы.

#### **4-параграф. Жылжымалы құрамды тіркеу**

##### **130-бап. Жылжымалы құрамды тіркеу**

Жылжымалы құрам уәкілетті орган белгілеген тәртіппен міндетті мемлекеттік тіркелуге жатады.

Жылжымалы құрамды тіркеу (қайта тіркеу), сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді растайтын құжаттың телнұсқасын алу кезінде көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген тәртіппен алым алынады.

**5-параграф. Жүктерді, жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін темір жол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру ерекшеліктері**

**131-бап. Жүктерді, жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін темір жол көлігімен тасымалдау негіздері**

1. Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін темір жол көлігімен тасымалдау осы Кодекспен белгіленген тәртіпте және жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Халықаралық және облысаралық қатынастарда жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Облысшілік және қалалық (қала маңындағы) қатынастарда жолаушылар тасымалдарының ұйымдастырылуын облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілетті және атқарушы органдары немесе

т а с ы м а л д а у ш ы

а й қ ы н д а й д ы .

3. Өзіне меншікті тартқыш көлігі (локомотиві) жоқ тасымалдау процесіне қатысушы локомотивтік тартқыштың операторымен жасалған шарт негізінде локомотивтік тартқыш көрсететін қызметтерді пайдаланады не болмаса экипажбен көлік құралын жалға алу шарты бойынша басқару және техникалық пайдалану бойынша қызмет көрсету арқылы тартқыш көлік құралын (локомотивті) уақытша иелікке және пайдалануға алады.

4. Локомотивтік тартқыш операторы шарттар негізінде және уәкілетті орган белгілеген тәртіппен локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсетеді.

Локомотивтік тартқыш операторы экипажбен көлік құралын жалға алу шарты негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте басқару және техникалық пайдалану бойынша қызмет көрсету арқылы тартқыш көлік құралын (локомотивті) уақытша иелікке және пайдалануға береді.

Тартқыш көлік құралының (локомотивтің) иесі бірінші кезекте арнайы және әскери тасымалдарды орындау үшін Ұлттық тасымалдаушыға локомотивтік тартқыш көрсететін қызметтерді ұсынуға міндетті.

### **132-бап. Жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау ережелер**

Осы Кодекстің 21-бабының 3-тармағымен көзделген шарттармен қатар жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау ережелерімен:

1) жолаушылар вагонының санаты, оның ішінде жайлылық деңгейі бойынша с а н а т ы ;

2) жолаушыларға жолаушылар поездары мен вокзалдарда жедел медициналық көмек көрсетуді қоса алғанда, міндетті түрде көрсетілетін қызметтердің тізбесі;

3) жолаушылардың жол жүру жағдайының өзгеру, поездарда төсекорын жабдықтарын беру және басқа қызметтер көрсету шарттары мен тәртібі;

4) жолаушының жол бойында аялдама жасауын (он күнге дейін) ресімдеудің тәртібі ;

5) қол жүгін алып жүру тәртібі мен шарттары;

6) тасымалдауға рұқсат етілетін жануарлардың тізбесі, оларды тасымалдаудың т ә р т і б і мен т а л а п т а р ы ;

7) жол бойында багаж бен жүк-багажды берудің тәртібі;

8) багаж бен жүк-багажды қайта жөнелтудің тәртібі мен талаптары;

9) багаж бен жүк-багажды сақтау, ұстап қалу, беру тәртібі;

10) қауіпті заттарды тасымалдаудың тәртібі;

11) кәмелетке толмаған жолаушылардың жол жүру ережелері;

12) әскери қызметшілердің әскери құжаттар бойынша жол жүру тәртібі;

13) жолаушыларды ұйымдасқан топ болып жол жүру тәртібі белгіленеді.

### **133-бап. Жолаушының құқықтары мен міндеттері**



1. Жолаушының осы Кодекстің 24-бабымен көзделген құқықтар мен міндеттері бар,  
с о н д а й - а қ о н ы ң :

1) бір толық жол жүру құжатына немесе баланың жол жүру құжатына салмағы отыз бес килограмнан аспайтын қол жүгін өзімен бірге ақысыз алып жүруге;

Салмағы бұдан асатын қол жүгі багаж вагонына тапсырылуға жатады;

2) бос орындар болған және сатып алынған жол жүру құжатына (билетіне) өзгерістер енгізген жағдайда, жол жүру құжаты (билет) сатып алынған поездан бұрын жүретін жолаушы поезымен жүруге құқығы бар.

### **134-бап. Багажды және жүк-багажды тасымалдау**

1. Тасымалдаушы жолаушыдан немесе жөнелтушіден багажды және жүк-багажды қабылдап алуға және осы операциялар үшін ашық кез келген темір жол станциясына дейін жөнелтуге міндетті.

Жөнелтушінің багажы, жүк-багажы таяу арада жүретін багаж вагоны бар поездбен жөнелтіледі. Бұл орайда тасымалдаушы жолаушының багажын, жүк-багажын бірінші кезекте жөнелтуді қамтамасыз етуге міндетті. Жолаушының жол жүру құжатында (билетінде) көрсетілген маршрут бойынша жеткізілетін багаж, жүк-багаж жолаушы отырған поездбен немесе таяу арада жүретін багаж вагоны бар поездбен жөнелтілуге тиіс.

2. Жолаушы (жөнелтуші) багажды тапсыру кезінде оның құнын жариялауға құқылы, ал жүк-багажды тапсыру кезінде оның құнын жариялауға міндетті.

3. Багажбен, жүк-багажбен тасымалдауға өзінің мөлшеріне, буып-түйілуіне және қасиеттеріне қарай багаж вагонына қиындықсыз тиеліп, орналастырылатын және тасымалдаушының мүлкіне және басқа жолаушылардың (жөнелтушілердің) багажына, жүк-багажына зиян келтірмейтін заттар мен нәрселер қабылданады.

### **135-бап. Багаж бен жүк-багажы жеткізіп беру мерзімі**

1. Багаж бен жүк-багажды жеткізіп беру мерзімі тасымалдауды жүзеге асыратын поезддың қозғалыс кестесіне сәйкес баратын темір жол станциясына дейін жүру у а қ ы т ы м е н а й қ ы н д а л а д ы .

Егер багажды, жүк-багажды тасымалдау жол жүру барысында ауыстырып тиеу арқылы жүзеге асырылса, онда жеткізіп беру мерзімі әрбір ауыстырып тиеу үшін бір т ә у л і к к е а р т т ы р ы л а д ы .

2. Жолаушыға, алушыға багаж, жүк-багаж баратын станцияда багаж, жүк-багаж квитанциясын және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткеннен кейін беріледі.

3. Багажды, жүк-багажды беру жолаушылар тасымалы жөніндегі операциялар үшін станция ашық болған уақыт ішінде жүргізіледі.

### **136-бап. Жүк тасымалдау ережелері**

1. Жүк тасымалдау ережелері осы Кодекстің 28-бабының 2-тармағымен көзделген жалпы ережелерді қамтиды, сондай-ақ мыналардың шарттары мен тәртібін:

1) тасымалдау жоспарын орындаудың есеп карточкасын жасау;

2 ) жүктерді беру ;

3) вагондар мен контейнерлерді пломбалау үшін бекіту-пломбалау құрылғыларын қолдану ;

4) жаппай тасымалданатын жүктерді маршруттармен және вагондар тобымен бір жүкқұжаты бойынша тасымалдау ;

5) құндылығы жарияланған жүктерді тасымалдау ;

6) жүк массасының табиғи азаю нормаларын ;

7) вагондарды беруге-алып кетуге шарттар жасасу және осындай шарттардың міндетті талаптары ;

8) жеткізіп беру мерзімдерінің және жеткізіп беру мерзімдерін есептеу ережелерін ;

9 ) сақтау ;

10) жүкті ұстап қалу, жүктерді мемлекеттік органдарға тапсыру ;

11) бос және үйіп тиелген жүкті тасымалдау ;

12) ашық жылжымалы құраммен тасымалдау ;

13) жолсеріктердің жолбасшылығы арқылы тасымалдау ;

14) жөнелтуші маршруттарымен тасымалдау ;

15) ұсақ және шағын тонналық жөнелтілімдермен тасымалдау ;

16) контейнерлермен және көліктік пакеттермен тасымалдау ;

17) мұз болып тоңазыған жүктерді тасымалдау ;

18) тез бүлінетін жүктерді тасымалдау ;

19) жануарлар мен құстарды тасымалдау ;

20) ветеринариялық, фитосанитариялық бақылауға жататын жүктерді тасымалдау ;

21) тар табанды темір жолдармен тасымалдау ;

22) вагондар, контейнерлер, түсіретін тасымалдау аспаптары бөліктерінің құнын өтеу ;

23) сұйық жүктерді құйып алу арқылы вагон-цистерналарда және бункерлік жартылай вагондарда тасымалдау ;

24) арнайы зерттеулер мен сараптамалар жүргізу талаптары мен тәртіптерін ;

25) тасымалдарды жоспарлау ;

26) жүктерді тасымалдауға қабылдау ;

27) жүк қағазы мен тасымалдау құжаттарын ресімдеу ;

28) вагон таразыларында жүктерді өлшеу дәлдігі нормаларын ;

29) тасымалдау ақысы мен тасымалдау жөніндегі есептеулерді ;

30) жүктерді тиеу және түсіру (босату) мерзімдерін ;

31) барар жерін өзгерту, жүк жөнелтушіге қайтару ;

32) актілер жасау ;

33) қауіпті жүктерді тасымалдау ;

34) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де шарттарды белгілейді

### **137-бап. Жүкті тиеу, түсіру (жүктен босату)**

1. Жүкті тиеуді және түсіруді (жүктен босатуды) тасымалдаушы немесе жүк жөнелтуші (жүк алушы) тасымалдау ережелерінде немесе шарттарында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырады.

1-1. Кедендік тексеріп қарау мақсатында орналасуы кеден органдарымен келісілген ортақ пайдаланылатын кірме жолдарда жүкті, жүк-багажды вагондарға, контейнерлерге тиеуді, сондай-ақ олардан түсіруді тасымал процесіне қатысушылар жүзеге асыруы м ү м к і н .

Бұл қызмет Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделген кедендік тексеріп қарау актісі көрсетілген кезде ғана жүзеге асырылады.

Тасымалдау процесіне қатысушылардың тауарларды тиеуге (түсіруге), зақымдалған буманы жөндеуге, буманы ашуға, буып-түюге немесе қайта буып-түюге, сондай-ақ вагондарды, контейнерлерді беруге және алып кетуге, санитарлық паспорттар беруге, жүктерді, контейнерлерді сақтауға байланысты шығыстары және кеден органдарының не өзге де мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының бастамасы немесе нұсқауы бойынша осы жұмыстарды орындауға байланысты туындаған басқа да шығыстары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген мөлшерде жүк жөнелтушілер, жүк алушылар есебінен өтеледі.

2. Жүк жөнелтуші жүкті тасымалдауға жүру қауіпсіздігі, жүктің және жылжымалы құрамның сақталуы қамтамасыз етілетіндей етіп дайындауға міндетті.

3. Тасымалдаушы жүк жөнелтушінің, жүк алушының құралдарымен жүкті тиеуге, түсіруге (жүктен босатуға) вагондар, контейнерлер беру уақыты туралы берерден кемінде екі сағат бұрын оларды хабардар етуге міндетті.

4. Егер тасымалдауды ұйымдастыру туралы шартта өзгеше белгіленбесе, тасымалдаушы тасымалдау ережелерінде көрсетілген тәртіппен жүктің баратын станцияға жеткізілгендігі туралы жүк келген күннен кейінгі тәулікте күндізгі сағат он екіден кешіктірмей жүк алушыны хабарлар етуге міндетті.

5. Егер шарт талаптарында көзделген болса, тасымалдаушы жүк алушыға немесе экспедиторға оның атына жүк келе жатқандығы туралы алдын ала хабар беруі мүмкін.

6. Жүк алушы өзінің атына келген жүкті қабылдап алуға, жылжымалы құрамды босатуға және оны тазалауды қамтамасыз етуге міндетті.

Жылжымалы құрамды тазалау тасымалдау ережелерінде көрсетілген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

### **138-бап. Жүк тасымалдарын жоспарлау**

1. Тасымалдаушы жүк тасымалдауды ұйымдастыру шарттарына және берілген өтінімдердің негізіндегі тасымалдау шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Жүктерді тасымалдауға берілетін өтінімнің нысаны, оны ресімдеу, толтыру, орындау, өзгерістер енгізу және есепке алу тәртібі тасымалдау ережелерімен белгіленеді.

3. Халықаралық қатынастағы тасымалдарға өтінім беру Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Тасымалдаушы, осы Кодекспен және тасымалдау ережелерімен көзделген жағдайларда, жүктерді тасымалдау өтінімін қабылдаудан бас тарта алады.

### **139-бап. Вагондарды, контейнерлерді беру және алып кету**

1. Тасымалдаушы жүк жөнелтушіге вагондарды, контейнерлерді қабылданған өтінімде және (немесе) шартта белгіленген мерзімдерде жүк тиеуге беруге және оларды алып кетуге міндетті. Берілген вагондар, контейнерлер мәлімделген жүктерді тасымалдау үшін тасымалдау ережелеріне сәйкес (жарамды, іші мен сырты тазаланған) б о л у ғ а т и і с .

2. Вагондарға жүк тиеу тасымалдаушының құралдарымен жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, мәлімделген жүктерді тасымалдау үшін жүк жөнелтуші вагондар мен контейнерлердің коммерциялық тұрғыдан жарамдылығын анықтайды.

Жүк жөнелтуші тиісті жүктерді тасымалдауға берілген жарамсыз көлік құралдарынан бас тартуға құқылы.

### **140-бап. Вагондарды, контейнерлерді пломбалау**

1. Жүк тиелген вагондар мен контейнерлер:

1) егер жүкті тасымалдаушы тиеген болса, соның бекіту-пломбалау құрылғыларымен ;

2) егер жүкті жүк жөнелтуші, порт, айлақ тиеген болса, онда жүк жөнелтушінің, порттың, айлақтың бекіту-пломбалау құрылғыларымен пломбаланады.

2. Вагондар, контейнерлер кедендік тексеру үшін ашылған жағдайда, оларды жаңа бекіту-пломбалау құрылғыларымен пломбалауды кеден органдары тасымалдау ережелеріне сәйкес, қолдануға рұқсат етілген бекіту пломбалау құрылғыларының түрлерімен жүзеге асырады .

3. Кеден органдары қолданған бекіту-пломбалау құрылғылары жүк жөнелтуші мен тасымалдаушының бекіту-пломбалау құрылғыларына тең естіріледі.

### **141-бап. Тасымалдау ақысы**

1. Егер шартта өзгеше көзделмесе, жүк тасымалдау ақысын және тасымалдаушыға тиісті өзге де төлемдерді жүк жөнелтуші, экспедитор жүк жөнелтілгенге дейін төлейді.

Бұл орайда жүк тасымалдау ақысы жүк тасымалы жүзеге асырылатын ең қысқа ара қ а ш ы қ т ы қ қ а е с е п т е п а л ы н а д ы .

2. Жүкті тасымалдауға және беруге байланысты түпкілікті есеп айырысуды жүк алушы жүк жеткізілген кезде жүргізеді.

3. Жүк жөнелтушінің, жүк алушының, экспедитордың тасымалдар үшін берешегі болған, сондай-ақ олар төлемдерді дер кезінде жасамаған жағдайда, бұдан кейін тасымалдаушы борыш өтелгенге дейін тасымалдау шартын жасасудан бас тарта алады.

4. Осы баптың 3-тармағында көзделген іс-әрекеттер жүзеге асырылған жағдайда, кінәлі тарап (жүк жөнелтуші, жүк алушы, экспедитор) тасымалдаушыға вагондар мен

контейнерлерді пайдаланғаны үшін ақыны бүкіл кідіріс уақытына қоса төлейді.

5. Жүк тасымалына ақы жүкті тасымалдауға қабылдаған күні, ал жүк жеткізілген кезде есеп айырысқан ретте жүк берілген күні төленеді.

**142-бап. Темір жолдарда вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны және олардың бос тұрғаны (кідірілгені) үшін төлем**

1. Вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін ақы тасымалдаушыға төленеді, ал тиісті шарт болғанда - жүк жөнелтуші, жүк алушы, тармақ иеленуші:

1) вагондардың, контейнерлердің өздерінде болған уақыты үшін, тиеу (түсіру) және маневрлік жұмыстар үшін қажетті уақытты қоса алғанда;

2) жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың, тармақ иеленушілердің кінәсінен магистральдық, станциялық және кірме жолдарда вагондардың бос тұрғаны және контейнерлердің кідірілгені үшін вагондарды иеленушіге төлем жасайды.

2. Тасымалдаушы жылжымалы құрамның магистральдық, станциялық және кірме жолдарда бос тұрғаны, сондай-ақ бос тұру салдарынан пайда болған тасымалдау процесіне қатысушыларға қайтаруға жататын зиянды аталған жолдардың иелеріне төлейді.

3. Жүк жөнелтушілер, жүк алушылар, тармақ иеленушілер немесе жылжымалы құрамның иелері өздерінің кінәларынан магистральдық, станциялық және кірме жолдарда жылжымалы құрамның бос тұрғаны және бос тұру салдарынан тасымалдау процесіне қатысушыларға келтірілген зиянды осы баптың 2-тармағымен көзделген төлемдерді, егер аталған жолдардың иелерімен жасасылған шарттар бойынша төлем тәртібі белгіленбеген болса, өтеуге міндетті.

4. Осы баппен көзделген төлем мөлшері Қазақстан Республикасының көлік заңнамасына сәйкес белгіленеді.

**143-бап. Жүкті беру кезінде тексеру**

1. Тасымалдаушы жүкті беру кезінде оны:

1) бұзылған вагонда, контейнерде келген;

2) жолдағы темір жол станцияларының бекіту-пломбалау құрылғыларымен бекітілген, сондай-ақ бекіту-пломбалау құрылғылары бұзылған вагондарда, контейнерде келген;

3) ашық жылжымалы құрамда немесе бекіту-пломбалау құрылғылары жоқ жабық вагондарда тасымалданған кезде, егер мұндай тасымалдар тасымалдау ережелерінде көзделген болса, жетіспеу, бұзылу (бүліну) белгілерімен келген;

4) тез бүлінетін жүктерді рефрижератор вагондарда тасымалдаған кезде жеткізіп беру мерзімі бұзылып немесе температуралық режим бұзылып келген;

5) тасымалдаушы тиеген;

6) вагондар, контейнерлер түсіруді тасымалдаушы жүзеге асырған жағдайларда тексереді.

2. Тасымалдаушы ыдыстағы және жеке-дара жүктерді тек бүлінген жерлердегі

жүктің салмағы мен жай-күйін тексеріп береді. Ыдыстың бұзылғаны немесе жүктің жай-күйіне әсер етуі мүмкін басқа да жағдайлар байқалған кезде, тасымалдаушы бұзылған жерлердегі жүкке тексеру жүргізеді.

3. Жүкті беру кезінде оның салмағын тексеру оны тиеген кездегі салмағын анықтау тәсілімен жүргізіледі.

Егер жүктің жөнелту станциясында анықталған салмағы баратын станциясындағы салмағымен салыстырғанда тасымалдау ережелеріне сәйкес белгіленген салмақтың шекті ауытқу және табиғи азаю нормасынан аспаса, жүктің салмағы дұрыс деп есептеледі.

4. Жүк алушы мен тасымалдаушыда вагонды өлшейтін таразылар болмаған жағдайда, егер тасымалдаушы келіп түскен жүкті салмағы бойынша қабылдауды өз есебінен жүргізуді талап етпесе, бос және үйіп тиелген жүктер салмақтары тексерілмей беріледі.

## **6-параграф. Темір жол тасымалдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік**

### **144-бап. Жалпы ережелер**

Осы тараудың регламенттелмеген ережелері бөлігінде темір жол тасымалынан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін осы Кодекстің Жалпы бөлімінің 7-тарауына сәйкес жауапкершілік туады.

### **145-бап. Магистральдық темір жол желісін пайдаланған кезде туындайтын міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік**

Магистральдық темір жол желісін пайдаланған кезде туындайтын міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында, магистральдық темір жол желісін пайдалану ережелерінде, сондай-ақ осылардың негізінде жасалған шарттарда белгіленген негіздер бойынша және мөлшерде жауапты болады.

### **146-бап. Жүк тасымалдау жоспары бойынша өтінімдерді орындамағаны үшін жауапкершілік**

1. Тасымалдаушы қабылданған өтінімге сәйкес көлік құралдарын бермегені, ал жүк жөнелтуші жүкті ұсынбағаны, сондай-ақ берілген көлік құралдарын пайдаланбағаны үшін, айлық есептік көрсеткіш шамасынан мынадай мөлшерде пайызбен есептелетін айыппұл түрінде өзара мүліктік жауапкершілікте болады:

1) жүкті контейнерлермен тасымалдағанда:

брутто салмағы қоса алғанда бес тоннаға дейін әр контейнер үшін он бес пайыз;

брутто салмағы қоса алғанда бес тоннадан он тоннаға дейін әр контейнер үшін отыз пайыз;

брутто салмағы он тоннадан артық әр контейнер үшін алпыс пайыз;

2) жүкті рефрижератор вагондардан, транспортерлерден басқа вагондарда

тасымалдаған кезде - әр вагон үшін бір жүз елу пайыз;

3) рефрижератор вагондарда, транспортерлерде тасымалдаған кезде - әр вагон, транспортер үшін екі жүз тоқсан пайыз.

2. Жүкті (вагондармен ғана тасымалдау белгіленген) тар табанды теміржол желілерімен тасымалдаған кезде - осы баптың 1-тармағында көзделген айыппұлдардың елу пайызы мөлшерінде мүліктік жауапкершілікте болады.

3. Жүк тасымалдау өтінімін орындамағаны үшін айыппұл вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемге қарамастан алынады.

4. Тасымалдаушының қабылданған өтінімге сәйкес жылжымалы құрамның берілмегені үшін айыппұл төлеуі оны жылжымалы құрамды беру жөніндегі одан әрі атқаратын міндеттемелерден босатпайды. Жылжымалы құрам жүк жөнелтушімен келісілген ұзартылған мерзімде берілмеген жағдайда, егер тасымалдаушы жылжымалы құрамның берілмеуі өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, тасымалдаушы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 5 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

**147-бап. Вагондар мен контейнерлерді өз бетімен иеленіп алғаны, бұзғаны немесе жоғалтқаны үшін жауапкершілік**

1. Тасымалдаушы, жүк жөнелтуші, жүк алушы, сондай-ақ басқа да тұлғалар өздеріне тиесілі емес вагондарды, контейнерлерді өздерінің тасымалдары, жүктерін сақтауы үшін пайдалануға, сондай-ақ олардың иелерінің рұқсатынсыз, егер бұл тиісті шарттарда көзделмесе, тиеу үшін пайдалануға құқығы жоқ.

2. Мұндай талапты сақтамағаны үшін кінәлі тарап вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін ақы төлеумен қатар көлік құралдары иесінің алдында вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін төленетін ақы мөлшеріндегі айыппұл түрінде мүліктік жауапкершілікте болады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген айыппұлды төлеу кінәлі тарапты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен белгіленген иеленуші алдындағы мүліктік жауапкершіліктен босатпайды.

**148-бап. Жүктерді жеткізіп беру мерзімдерін бұзғаны үшін жауапкершілік**

1. Жүкті жеткізіп беру мерзімінің өтіп кеткен әр тәулігі үшін, соның ішінде тікелей аралас қатынаста тасымалдаған кезде жолдың темір жол бөлігі үшін, егер тасымалдаушы мерзімнің өтіп кеткені өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, жүк алушыға темір жол көлігімен тасымалдағаны үшін тасымал төлемінің бес пайызы мөлшерінде, бірақ тасымал төлемінің елу пайызынан аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді. Тасымалдаушыға тиесілі емес бос вагондарды жеткізіп беру мерзімін өткізіп жібергені үшін де тасымалдаушыдан осы мөлшерде айыппұл алынады.

2. Жүк жөнелтуші, жүк алушы, экспедитор Қазақстан Республикасы заңдарының тауарлар экспортына, импортына, транзитіне арналған құжаттарды ресімдеу жөніндегі талаптарын бұзғаны, оның салдары кеден, шекара немесе бақылау жасау түрлерінің

басқа да органдарының вагондар мен контейнерлерді кідіртіп қоюына әкеп соққаны үшін тасымалдаушының пайдасына вагондарды, контейнерлерді пайдалану ақысы мөлшерінде айыппұл алынады.

#### **149-бап. Вагондарға, контейнерлерге артық жүк тиегені үшін жауапкершілік**

Вагонға, контейнерге жүк көтерімділігінен (сыйымдылығынан) артық жүк тиегені үшін жүк жөнелтушіден тасымалдаушының пайдасына келтірілген залалдарды өтеумен қатар, тасымал ақысының елу пайызы мөлшерінде айыппұл өндіріп алынады.

#### **150-бап. Вагондарды, контейнерлерді жүкті түсіргеннен кейін тазаламағаны үшін жауапкершілік**

1. Тасымалдаушының тазаланбаған вагонды, контейнерді қабылдаудан бас тартуға құқығы бар. Вагонның, контейнердің тазалауда тұрған уақытына жүк алушы тасымалдаушыға пайдаланғаны үшін ақы төлейді.

2. Вагонды, контейнерді тазалаудан бас тартқаны үшін жүк алушыдан тасымалдаушының пайдасына тазалау жөніндегі жұмыс құнының екі есе мөлшерінде айыппұл өндіріп алынады.

#### **151-бап. Жылжымалы құрамның, контейнерлердің, вагондардың және контейнерлердің алынатын қарапайым тасымалдау құралдарын, алынатын тораптары мен бөлшектерін бүлінгені немесе жоғалтылғаны үшін жауапкершілік**

Жылжымалы құрамды, контейнерлерді, вагондардың және контейнерлердің алынатын қарапайым тасымалдау құралдарын, алынатын тораптары мен бөлшектерін, пакеттеу құралдарын бұзғаны немесе жоғалтқаны үшін кінәлі тараптан меншік иесінің (иеленушінің) пайдасына жоғалған мүліктің немесе қажетті жөндеудің құны, сондай-ақ жоғалған мүлік немесе қажетті жөндеу құнының елу пайызы мөлшерінде айыппұл өндіріп алынады.

#### **152-бап. Вагондарды кірме жолдарға беруді, олардан алып кетуді кешіктіргені үшін жауапкершілік**

1. Вагондарды кірме жолдарға беру және олардан алып кету, кірме жолдарды пайдалану шарттары бойынша тасымалдаушы темір жолдардың кірме жолдарындағы тиеу және түсіру (жүктен босату) орындарына (орындарынан) вагондарды беруді, алып кетуді, қабылдауды кешіктіргені үшін әр вагонға сағатына айлық есептік көрсеткіш шамасының 1,7 пайызы мөлшерінде айыппұл төлеу түрінде жауапты болады.

Айыппұл аталған шарттарда көзделген вагондарды беру, алып кету мерзімін бұзған кезден бастап кешіктірілген бүкіл уақытқа есептеледі.

2. Вагондарды отыз минуттан аз уақытқа кешіктіру есепке алынбайды. Вагондарды отыз минуттан бір сағатқа дейінгі мерзімге кешіктіру толық бір сағатқа есептеледі.

#### **153-бап. Тасымалдаушыны жауапкершіліктен босату**

1. Тасымалдаушы осы Кодекстің 57-бабында көрсетілген негіздерден басқа м ы н а д а й :

1) жолаушының, жөнелтушінің, (жүк жөнелтушінің), алушының (жүк алушының),



экспедитордың, тасымалдау процесіне басқа қатысушылардың кінәсінен міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған;

2) онкүндіктің жекелеген күндерінде вагондарды, контейнерлерді бермеудің орнын осы күнтізбелік онкүндік ішінде жүк жіберушінің келісімі бойынша толтырған;

3) вагондар мен контейнерлерді беру осы Кодекстің 145-бабының 3-тармағымен көзделген негіздер бойынша тоқтатылған немесе жүктердің жөнелтілуі кідірілген;

4) жүк алушының жүкті дер кезінде түсірмеуі және алып кетпеуі салдарынан жүк б ұ з ы л ғ а н ( б ү л і н г е н ) ;

5) жүк ерекше табиғи қасиеттеріне байланысты, сондай-ақ оны тасымалдау құжаттарында тасымалдау немесе сақтау кезінде ерекше жағдайды немесе алдын ала сақтандыру шараларын қажет ететін ерекше қасиеттерін көрсетпей тапсыру с а л д а р ы н а н с а қ т а л м а ғ а н ;

6) егер тиеу немесе түсіру (жүктен босату) жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының құралдарымен жүргізіліп, жүк жабық вагонға, контейнерге тиелген, түсірілген ( жү к т е н б о с а т ы л ғ а н ) ;

7) жүк ашық жылжымалы құраммен тасымалдануына байланысты табиғи себептердің салдарынан сақталмаған;

8) жүк жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының жолсерігінің жолбасшылығымен т а с ы м а л д а н ғ а н ;

9) жүк жөнелтуші темір жол көлігі жүк құжатында көрсеткен мәліметтер қате, дәл емес немесе толық емес болған;

10) жүк салмағындағы табиғи азаю, ылғалдылықтың төмендеу нормалары шегіндегі айырмашылық және таразылар көрсетуіндегі нормалардың алшақтауы, сондай-ақ жүк тасымалдаушының қатысуынсыз жүк жөнелтуші белгілеген салмақ бойынша тасымалдауға қабылданған жүк салмағында айырмашылық болған;

11) тез бүлінетін жүк тасымалдаудың шекті мерзімі және температуралық режим с а қ т а л ғ а н к е з д е б ү л і н г е н ;

12) көлік ыдысының немесе олардың қасиеттерінің көзге көрінбейтін кемшіліктерінен багаж, жүк, жүк-багаж сақталмаған жағдайларда жауапкершіліктен б о с а т ы л а д ы .

2. Тасымалдаушының кінәсінен багаждың бүліну жағдайларын қоспағанда, жолаушы қол жүгі ретінде өзімен бірге алып жүретін багаждың сақталуына тасымалдаушы жауапты болмайды.

### **154-бап. Жүк жөнелтушіні, жүк алушыны жауапкершіліктен босату**

Жүк жөнелтуші немесе жүк алушы осы Кодекстің 57-бабының 2-тармағында көрсетілген негіздерден басқа мынадай:

1) өзінің алдын ала келісімінсіз берілген вагондар, контейнерлер пайдаланылмаған;

2) онкүндіктің жекелеген күндерінде жүктің жол берілген кем тиелуін осы күнтізбелік онкүндік ішінде тасымалдаушының келісімімен толтырған;

3) тығыздап тиеу нәтижесінде вагондарды, контейнерлерді өтінімде көзделген мөлшерден аз пайдаланған;

4) тасымалдаушыны вагондарды, контейнерлерді пайдаланбайтындығы туралы жүк тиейтін күннен кем дегенде үш тәулік бұрын ескерткен жағдайларда жауапкершіліктен босатылады.

#### **7-параграф. Ұлттық темір жол компаниясы**

##### **155-бап. Ұлттық темір жол компаниясы**

1. Ұлттық темір жол компаниясы - жалғыз акционері ұлттық холдинг болып табылатын Үкіметтің шешімімен құрылған және магистральдық темір жол желісін күтіп ұстауды және пайдалануды жүзеге асыратын, сондай-ақ магистральдық темір жол желісі қызметтерін көрсететін акционерлік қоғам.

2. Ұлттық темір жол компаниясы магистральдық темір жол желісі операторының функцияларын орындайды:

тасымалдау процесін орталықтандырылған басқаруды және ұйымдастыруды жүзеге асырады;

магистральдық темір жол желісін пайдалану ережелеріне сәйкес тасымалдаушылармен шарттар жасасады;

техникалық пайдалану ережелеріне сәйкес келмейтін жылжымалы құрамды магистральдық темір жол желісіне жібермейді.

3. Жолаушылар тасымалын ұйымдастырған кезде Ұлттық темір жол компаниясы мен тасымалдаушылардың мемлекеттік басқару органдарымен өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шарт талаптарымен жүзеге асырылады.

#### **8-параграф. Ұлттық темір жол тасымалдаушысы**

##### **156-бап. Ұлттық темір жол тасымалдаушысы**

Ұлттық темір жол тасымалдаушысы - мәртебесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, арнайы және әскери тасымалдарды орындайтын және жылжымалы құраммен жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін және (немесе) жүктерді тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін тасымалдаушы.

#### **9-параграф. Магистральдық темір жол желісі**

##### **157-бап. Магистральдық темір жол желісі**

1. Магистральдық темір жол желісі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында ортақ пайдаланылатын темір жол көлігінің объектісі болып табылады, жекешелендіруге жатпайды және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін шарттармен және тәртіппен Ұлттық темір жол компаниясына беріледі.

2. Магистральдық темір жол желісі бойынша тасымалдау магистральдық темір жол желісін пайдалану ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Тасымалдаушы магистральдық темір жол желісі көрсеткен қызметтер үшін магистральдық темір жол желісінің операторына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мөлшерде ақы төлейді.

4. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, өткізу қабілетінің шектелуіне байланысты тасымалдаушыларға поездар қозғалысының нақты бағытында магистральдық темір жол желісін пайдалануға беру мүмкіндігі болмаған кезде, тасымалдау тасымалдаушылардың магистральдық темір жол желісі көрсететін қызметтерге кемсітусіз қол жеткізу ережелерінде көзделген тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырылады.

5. Ұлттық темір жол компаниясы магистральдық темір жол желісін салуды, күтіп ұстауды және жаңғыртуды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен бағдарлама бойынша жүзеге асырады. Жаңа магистральдық жолдар салу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады. Магистральдық жолдарды салу, пайдалану және қолдану концессиялық келісімнің негізінде жүзеге асырылады.

#### **158-бап. Магистральдық темір жол желісін пайдалану кезінде туындайтын міндеттемелер**

Магистральдық темір жол желісін пайдалану кезінде туындайтын міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында, мемлекетаралық және/немесе ведомствоаралық келісімдерде, магистральдық темір жол желісін пайдалану ережелерінде, сондай-ақ осылардың негізінде жасалатын шарттарда белгіленген негіздер бойынша және мөлшерде жауаптылықта болады.

#### **159-бап. Магистральдық темір жол желісінің операторы**

1. Магистральдық темір жол желісінің қызметтерін көрсететін және тасымалдау процесін басқаратын заңды тұлға магистральдық темір жол желісінің операторы болып танылады.

2. Магистральдық темір жол желісінің операторы:

1) магистральдық темір жол желісі көрсететін қызметтерге кемсітусіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге және тасымалдаушыларға магистральдық темір жол желісін пайдалануға бірдей құқық беруге;

2) техникалық пайдалану ережелерінің, магистральдық желідегі қозғалыс қауіпсіздігінің және қоршаған ортаны қорғаудың талаптарына сәйкес келмейтін жылжымалы құрамды магистральдық темір жол желісіне жібермеуге;

3) жылжымалы құрамға қызмет көрсететін персоналды, ол біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, тасымалдау процесіне жібермеуге міндетті.

#### **10-параграф. Кірме жолдар**

##### **160-бап. Кірме жолдарды пайдалану шарттары**

1. Кірме жолдар, олардың құрылыстары мен құрылғылары құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына сай келуге, жылжымалы құрамды магистральдық жолдарда рұқсат етілетін техникалық жүктеме нормасымен өткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

2. Кірме жолдар, олардың құрылыстары мен құрылғылары жүкті ырғақты тиеуді,

түсіруді (жүктен босатуды), жүк айналымына сәйкес маневрлік жұмысты, сондай-ақ жылжымалы құрамды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс.

3. Кірме жолды оны салу немесе шұғыл жөндеу жұмыстарын жүргізу кезеңінде пайдалану қысқа мерзімді шарт талаптарымен жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Кірме жолдардағы қозғалысқа қызмет көрсету және оны ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулық тасымалдау ережелеріне сәйкес әзірленеді және бекітіледі.

5. Тармақ иеленуші әрбір кірме жолға техникалық паспортты, жолдың егжей-тегжейлі бойлық пішінін, жасанды құрылыстардың сызбаларын және оған жүк тиеу-түсіру (жүктен босату) орындары түсірілген, жолдар мен қойма жайларының мамандандырылуы көрсетілген жоспардың осындай құжаттарды жасауға мемлекеттік лицензиясы бар кәсіпорын жасаған масштабтық схемасын береді.

### **161-бап. Кірме жолдардың жалғасуы**

1. Кірме жолдардың магистральдық және станциялық жолдарға жалғасуы уәкілетті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

2. Жаңадан салынып жатқан кірме жолдардың жұмыс істеп тұрған кірме жолдарға жалғасуына тармақ иеленушінің келісімімен рұқсат беріледі.

3. Жаңа салынып жатқан кірме жолдар жалғасқан немесе пайдаланылып жүрген көрме жолда тасымалдау көлемі ұлғайған жағдайда, кірме жолдар, темір жол станцияларын салу, магистральдық темір жол желісінің бұрыннан бар темір жол станцияларын дамыту құрылыс бастамашысының қаражаты есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

### **162-бап. Кірме жолдар қызметтерін көрсету**

1. Тармақ иеленушілер жылжымалы құрамды өткізу, оның тұруы, вагондарды, контейнерлерді беру-алып кету және кіргізу-шығару үшін, жүктерді қабылдау, тиеу (түсіру), беру жөніндегі операцияларды, маневрлік жұмыстарды және өзге де операцияларды жүзеге асыру үшін тасымалдау процесіне қатысушыларға кірме жолдар қызметтерін көрсету жөніндегі шарттың негізінде кірме жолдар қызметтерін көрсетуге қ ұ қ ы л ы .

2. Тармақ иеленушілер кірме жолдар қызметтерін көрсеткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем алады.

3. Тармақ иеленушілер кірме жолдар қызметтерін көрсетуді тасымал процесіне қатысушылардың тең құқықпен пайдалануын қамтамасыз етуге міндетті.

### **163-бап. Кірме жолдар бойынша қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру ерекшеліктері**

1. Магистральдық темір жол желісінің операторы кірме жолдар бойынша қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуын, сондай-ақ тиеу (түсіру) жөніндегі қызметті жүзеге асыру және маневрлік жұмыс кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталуын т е к с е р у г е қ ұ қ ы л ы .

2. Уәкілетті орган, магистральдық темір жол желісінің операторы кірме жолдарда

қозғалыс қауіпсіздігіне, жылжымалы құрамның, контейнерлердің, жүктің сақталуына қатер төндіретін ақаулар тапқан жағдайда, анықталған бұзушылықтар туралы акт жасайды. Тармақ иеленуші аталған актінің негізінде кірме жолдар қызметін көрсетуді тоқтата тұруға міндетті.

Тармақ иеленуші анықталған бұзушылықтарды актіде көрсетілген мерзімдерде жоймаған жағдайда, магистральдық темір жол желісінің операторы кірме жолдарға жылжымалы құрамды беруді және оны алып кетуді тоқтатуға құқылы.

3. Анықталған жолсыздықтар актіде көрсетілген мерзімде жойылмаған жағдайда уәкілетті орган кірме жолды одан әрі пайдалануды тоқтату туралы шешім қабылдайды. Анықталған жолсыздықтар жойылғаннан кейін уәкілетті органның шешімі негізінде кірме жолды қайтадан пайдалануға жол беріледі.

4. Кірме жолдардағы жылжымалы құрамды және контейнерлерді беру мен алып кетудің, маневрлік жұмыстарды тоқтата тұрудың әрбір жағдайы туралы магистральдық темір жол желісінің операторы немесе тасымалдаушы мемлекеттік көлік бақылау органына жазбаша хабарлауға және кірме жолдағы қауіпсіздіктің бұзылуы туралы акт жасалған кезден бастап бір тәуліктен кешіктірмей осы актіні жіберуге міндетті.

Аталған жағдайда тармақ иеленуші шарт бойынша, оның ішінде контрагентпен жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін толық мүліктік жауаптылықта болады.

#### **164-бап. Магистральдық темір жол желісі операторының өкімдерін кірме жолдарда орындаудың міндеттілігі**

Кірме жолдарда қызметтік міндеттерін атқаратын қызметкерлер магистральдық темір жол, желісі операторының маневрлік жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері жөніндегі өкімін орындауға міндетті.

#### **165-бап. Кірме жолдар қызметтерін көрсетуге жасалатын шарттар**

1. Тасымалдау процесіне қатысушылардың кірме жолдар қызметтерін көрсету жөніндегі өзара қатынастары шартпен айқындалады.

2. Тармақ иеленуші бір жақты тәртіппен:

- 1) кірме жолдар қызметтерін көрсетуге жасалатын шарт талаптарын өзгертуге;
- 2) кірме жолдар қызметтерін көрсетуге жасалатын шартты бұзуға;
- 3) тасымалдау процесіне қатысушылар кірме жолдар қызметтерін көрсету шартын өздері бұзған жағдайларды қоспағанда, олардың тең қол жеткізу принципін бұзатын өзге де іс-әрекеттер жасауға құқылы емес.

3. Кірме жолдарды пайдалануға, вагондарды беруге-алып кетуге шарт жасасу кезінде туындаған дауларды, сондай-ақ оларды өзгерту мен толықтыру жөніндегі келіспеушіліктерді сотқа дейін реттеу тасымалдау ережелерінде көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

#### **166-бап. Кірме жолдарда вагондар мен контейнерлердің сақталуы үшін жауапкершілік**

Кіріме жолдарда жүктер мен жылжымалы құрамның сақталуына қабылдаушы тарап  
ж а у а п т ы б о л а д ы .

Тармақ иеленушінің алдындағы контрагенттің жауаптылығы тармақ иеленушінің тасымалдаушы алдында жауап беретін ережелері сияқты ережелермен белгіленеді.

### **167-бап. Вагондар мен контейнерлердің кіріме жолдарда тұру уақытын есепке алу**

Вагондар мен контейнерлердің кіріме жолдарда тұру уақытын есепке алу тасымалдау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Вагондар мен контейнерлерді кіріме жолдарда қабылдау орны және тәртібі шартпен белгіленеді.

## **11-тарау. Әуе көлігі саласындағы мемлекеттік реттеу және бақылау ерекшеліктері**

### **1-параграф. Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу**

#### **168-бап. Авиация қызметі және әуе кеңістігін пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау**

1. Азаматтық, эксперименттік авиация саласындағы мемлекеттік басқару мен азаматтық, эксперименттік авиация қызметіне бақылауды уәкілетті орган жүзеге а с ы р а д ы .

Мемлекеттік авиация саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылауды өз құзыреті шегінде қорғаныс саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган мен қорғаныс саласындағы уәкілетті органның өзара іс-қимылын аталған мемлекеттік органдардың шешімімен құрылған ведомствоаралық комиссия жү з е г е а с ы р а д ы .

3. Уәкілетті орган Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымының (ИКАО) талаптарына сәйкес келесі құжаттардың:

азаматтық әуе кемелері мен аса жеңіл авиация әуе кемелерін пайдаланушы с е р т и ф и к а т ы н ы ң ;

ү л г і с е р т и ф и к а т ы н ы ң ;

әуежайдың жарамдылығы сертификатының;

ұшуға жарамдылығы сертификатының;

дана сертификатының берілуін жүзеге асырады.

Аталған құжаттарды беру Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасымен реттелмейді.

#### **169-бап. Уәкілетті органның азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік реттеу және бақылау мәселелері жөніндегі құзыреті**

1. Уәкілетті органның құзыретіне:

1) азаматтық авиация қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу ж ә н е б е к і т у ;

2) халықаралық азаматтық авиация ұйымдарында халықаралық ынтымақтастықты, оның ішінде Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етуді жүзеге асыру;

3) әуе қатынасы мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының халықаралық



жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

26) әуе кемелерін есептен шығару ережелерін бекіту;

27) азаматтық авиация саласында инспекциялық қарауды және инспекциялық тексеруді жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды тұлғаларына, авиациялық персоналдың қолданылып жүрген куәліктері бар, ұшуларды техникалық жағынан қамтамасыз ететін экипаж мүшелеріне, бортсеріктерге, инженерлік техникалық құрамға және ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісілгеннен кейін әуе кемесінің ұшу кезіндегі қауіпсізден қамтамасыз ететін персоналға халықаралық үлгідегі сәйкестендіру карточкаларын беру;

28) Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін шетел авиакомпанияларын, олардың филиалдары мен өкілдіктерін аккредиттеу;

29) табиғи монополия салаларындағы және монополияға қарсы саясат саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органмен келісе отырып, әуежайлар көрсететін қызметтер құрамына кіретін операциялар тізбесін бекіту;

30) Қазақстан Республикасының азаматтық аэродромдарын пайдалануға жарамдылық нормаларына сәйкес пайдалануға және бағалау әдістемелеріне жарамдылық нормаларын бекіту;

31) қатысты құзыретті мемлекеттік органдардың келісуі бойынша халықаралық қатынастағы ұшуларға жіберілмеген әуежайлардан халықаралық қатынастағы ұшуларды орындайтын әуе кемелерін қабылдауға, шығаруға және оларға қызмет көрсетуге уақытша рұқсаттар беру;

32) азаматтық және эксперименттік авиация аэродромдарын, сондай-ақ бірлесіп пайдалану және бірлесіп орналасу аэродромдарын мемлекеттік тіркеу және олардың мемлекеттік тізілімін жүргізу;

33) азаматтық және эксперименттік авиацияның аттестаттауға жататын авиациялық персоналды лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін бекіту;

34) азаматтық және эксперименттік авиацияның айырым белгілерімен нысанды киім киіп жүруге құқығы бар авиациялық персоналды лауазымдарының тізбесін бекіту және оларды беру тәртібін айқындау;

35) сертификаттау және азаматтық әуе кемелері мен аса жеңіл авиация әуе кемелерін пайдаланушы сертификаттарын, үлгі сертификаттарын әуежайдың жарамдылығы сертификаттарын, ұшуға жарамдылығы сертификаттарын және дана сертификаттарын беру;

36) Қазақстан Республикасының көлік құралдарын, жылжымайтын мүлікке және олармен мәмілелер жасауға арналған құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін алымдар алынуын қамтамасыз ету бөлігіндегі салық заңнамасын орындау;

37) табиғи монополия салаларындағы және монополияға қарсы саясат саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органдармен



келісе отырып, әуежайлар көрсететін қызметтердің (әуежай қызметтеріне) құрамына кіретін операциялар тізбесін бекіту жатады.

## 2. Уәкілетті органның лауазымды адамдарының:

1) азаматтық авиация ұйымдарының лауазымды адамдары мен пайдаланушыларға авиациялық қауіпсіздікті және үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша орындалу мерзімін белгілей отырып нұсқаулар және инспекторлық нұсқамалар беруге;

2) азаматтық авиация ұйымдарының лауазымды адамдары мен пайдаланушылардан қажетті ақпарат, құжаттар, соның ішінде қаржылық құжаттар сұратуға, сондай-ақ өз функцияларын орындау үшін қажетті түсініктемелер мен материалдар талап етуге;

3) авиациялық персонал куәліктерін, кеме, ұшу аэродром құжаттамасын және өзге де құжаттаманы тексеруге;

4) борттық құжаттаманың болуын, сондай-ақ, шетелдік әуе кемелерін қоса алғанда, азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығының талаптарына сәйкестігін тексеруге құқығы бар.

### **170-бап. Авиакомпаниялар**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген авиациялық жұмыстардың тізбесіне сәйкес авиациялық жұмыстарды жүзеге асыратын авиакомпанияларды қоспағанда, азаматтық әуе кемелерімен жолаушылар, багаж, жүк, почта тасымалдауды жүзеге асыратын және (немесе) азаматтық әуе кемелерімен авиациялық жұмыстарды орындайтын авиакомпаниялар осы Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен акционерлік қоғам нысанында ғана құрылады.

2. Авиакомпанияның ресми мәртебесі әділет органдарында заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеумен, уәкілетті орган берген пайдаланушы сертификаты және тиісті лицензиясы болуымен айқындалады.

Авиакомпания деген ресми мәртебесі жоқ бірде бір заңды тұлға "авиакомпания" деп атала алмайды немесе өзін авиациялық қызмет көрсетулерді және (немесе) жұмыстарды жүзеге асырушы ретінде сипаттай алмайды.

3. Шетелдік авиакомпаниялар Қазақстан Республикасы аумағындағы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін шетел авиакомпаниялары, азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын шетел ұйымдары, олардың филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен аккредиттелуге жатады.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін шетел авиакомпанияларын, олардың филиалдары мен өкілдіктерін аккредиттеуден:

1) Қазақстан Республикасының шет мемлекетпен жасасқан келісімдерінің қолданылуы тоқтатылған жағдайда немесе осындай келісімдердің Қазақстан

Республикасының аумағында жұмыс істейтін шетел авиакомпанияларын, олардың филиалдары мен өкілдіктерін ашуға қатысты шарттарымен айқындалған өзге де негізді;

2) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін шетелдік авиакомпанияларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін аккредиттеудің тәртібі мен талаптары сақталмаған жағдайларда бас тартады.

Шетел авиакомпанияларын аккредиттеу мерзімі аккредиттеу үшін қажетті барлық құжаттар ұсынылған күннен бастап отыз күннен аспайды.

4. Жолаушыларды, багажды, жүкті және почтаны тасымалдау жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісті дәрежеде орындалмаған жағдайда авиакомпаниялар Осы Кодексте, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде, сондай-ақ тараптардың келісімдерінде белгіленген жауапкершілікте болады.

### **171-бап. Әуе тасымалдары**

1. Әуе тасымалдары маршруттары Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне және уәкілетті орган белгілейтін ішкі авиамаршруттарға сәйкес белгіленетін халықаралық қатынаста жүзеге асырылады.

Авиамаршруттарды бөлу конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе ол уәкілеттік берген мемлекеттік органның шешімдері негізінде жүзеге асырылатын авиамаршруттар бойынша тұрақты тасымалдар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде жүзеге асырылатын, авиамаршруттың тиімді жұмыс істеуіне қажетті кіріс деңгейін қамтамасыз етпейтін тасымалдарға тиісті бюджетте көзделген қаражат есебінен с у б с и д и я б е р і л у г е т и і с .

3. Авиамаршрутқа берілген куәлік авиакомпанияның белгілі бір авиамаршрутта жолаушылар, багаж, жүк және почта тасымалдарын орындау құқығын куәландырады.

Авиамаршрут куәлігін тасымалдар түрлері мен аталған куәліктің қолданылу мерзімін көрсетіп уәкілетті орган береді. Авиамаршрут куәлігін иеліктен айыруға болмайды және ол басқа жеке және заңды тұлғаларға беріп жіберілмейді. Бір авиамаршрутқа бірнеше куәлік берілуі мүмкін. Егер авиакомпанияда, болжамданған кірісті ескермегенде, бекітілген кестеге сәйкес бір ай ішінде ұшуды қамтамасыз ету үшін қажетті қаржы қаражаты болмаған жағдайда, авиамаршрутқа куәлік беруден бас т а р т ы л у ы м ү м к і н .

Авиамаршрут куәлігін беруге негіз болған шарттар бұзылған жағдайда, оны уәкілетті орган кері қайтарып алуы мүмкін.

4. Тұрақты емес ұшуды орындау уәкілетті органның рұқсатымен ғана жүзеге а с ы р ы л а д ы .

5. Басқа мемлекеттің немесе мемлекеттердің тағайындалған тасымалдаушысына қатысты әуе еркіндігін, тасымалдау құқығын беру шарттары әуе қатынастары туралы халықаралық келісімдермен белгіленеді.

#### **172-бап. Ұлттық әуе және флагмандық әуе тасымалдаушылары**

Ұлттық тасымалдаушы - әуе қатынасы туралы екіжақты немесе көпжақты халықаралық келісімнің шарттарына сәйкес әуе тасымалдарын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындаған әуе тасымалдаушысы.

Флагмандық әуе тасымалдаушысы - тұрақты және тұрақты емес халықаралық әуе тасымалдарын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындаған әуе тасымалдаушысы.

Флагмандық әуе тасымалдаушысын тағайындалған әуе тасымалдаушылары арасынан конкурстық негізде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды және оған халықаралық авиамаршруттарды пайдалану кезінде басымдық беріледі.

#### **173-бап. Азаматтық авиация ұйымдарының аудиті**

Азаматтық авиация ұйымдары жыл сайынғы аудитті жүргізуге міндетті.

Бұл талап Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша авиациялық жұмыстарды жүзеге асыратын авиакомпанияларға қолданылмайды.

**174-бап. Қазақстан Республикасының азаматтық және мемлекеттік әуе кемелерін, оларға берілетін құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркеу**

1. Азаматтық және мемлекеттік әуе кемелері міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады. Азаматтық әуе кемелерін уәкілетті орган Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркейді. Азаматтық әуе кемелерін қорғаныс саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасы мемлекеттік әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркейді.

Тиісті тізілімге енгізілген әуе кемесінің иесіне мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беріледі.

2. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелеріне берілетін құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді уәкілетті органның Қазақстан Республикасының азаматтық авиацияны мемлекеттік тіркеу туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде міндетті мемлекеттік тіркеуіне жатады.

Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін және Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға берілетін құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Аса жеңіл авиацияның әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесін және мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді беру тәртібін қорғаныс

саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

4. Азаматтық әуе кемелерін, оларға берілетін құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркеу және/немесе қайта тіркеу, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді растайтын құжаттың телнұсқасын алу кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген тәртіпте алымдар өндіріледі.

5. Эксперименттік әуе кемелері Мемлекеттік тізілімге енгізусіз уәкілетті органның есебінде тұрады.

6. Шетелдік әуе кемесі оны тиісті шет мемлекеттің әуе кемелерінің тізілімінен шығарғаннан кейін Қазақстан Республикасының тиісті тізіліміне енгізіледі. Егер Қазақстан Республикасының әуе кемесі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының тиісті тізілімінен шығарылмаса, онда бұл кеменің кез келген шет мемлекеттің әуе кемелерінің тізіліміне енгізілгені танылмайды.

### **175-бап. Уақытша басқару**

1. Ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төнген жағдайда және азаматтық авиацияның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті органның Қазақстан Республикасы Үкіметімен келісе отырып халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдалануға қатысты уақытша басқаруды енгізуге құқығы бар.

Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежай пайдаланушыны уақытша басқару халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушыға қатысты әкімшілік, заңдық, қаржылық, ұйымдастыру-техникалық және өзге де кешенді іс-шаралар мен рәсімдерді мәжбүрлеп жүргізуді білдіреді.

Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда уақытша басқару лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған мерзімге енгізіледі.

2. Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежай пайдаланушыны уақытша басқаруды уақытша әкімшілік жүзеге асырады.

Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушыны уақытша басқару оның қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3. Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушыға уақытша басқару кезеңінде заңсыз әрекеттермен (әрекетсіздікпен) келтірілген зиян үшін уақытша әкімшілік мүшелері Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауаптылықта болады.

4. Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушыға уақытша басқару енгізу туралы уәкілетті органның шешімі бұйрықпен ресімделеді және мыналарды:

1) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының атауы, оның орналасқан жері мен мекен-жайын;

2) уақытша басқаруды енгізу негіздерін;

3) уақытша басқару ісінің басталуы және оның мерзімін;

4) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген уақытша басқару режиміндегі әуежайды пайдаланушының басшы қызметкерлеріне өз жұмысы жөнінде есеп дайындау және осы құжаттарды уақытша әкімшілікке беру туралы нұсқаманы қ а м т у ы т и і с .

5. Уақытша басқаруды енгізу туралы шешімге сот тәртібімен меншік иесі, әуежайды пайдаланушы немесе пайдаланушы акционерлерінің жалпы жиналысы уәкілеттік берген адам шағым жасауы мүмкін. Аталған шешімге шағым жасау уақытша басқаруды енгізу туралы шешімінің қолданылуын тоқтата тұрмайды.

6. Уәкілетті органның уақытша басқаруды енгізу туралы шешімі үш жұмыс күні ішінде осы баптың 2-тармағының екінші бөлігінде аталған қаражат есебінен, мемлекеттік тілде және орыс тілінде кемінде екі республикалық бұқаралық ақпарат құралында жарияланады.

### **176-бап. Уақытша әкімшілік**

1. Уәкілетті орган уақытша әкімшілікті құрады, оның құрамына меншік иесі мен уақытша басқару енгізілетін әуежайды пайдаланушының өкілдері кіруі мүмкін.

2. Халықаралық қатынаста авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының уақытша басқаруы қолданылатын кезеңде:

1) әуежайды пайдаланушының басқару жөніндегі барлық өкілеттігі уақытша ә к і м ш і л і к к е ө т е д і ;

2) халықаралық қатынаста - авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының басқару жөніндегі құқықтары тоқтатыла тұрады;

3) халықаралық қатынаста авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының басқару органдарының және оның басшы қызметкерлерінің ө к і л е т т і г і т о қ т а т ы л а т ұ р а д ы ;

4) халықаралық қатынаста авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының атынан және есебінен уақытша әкімшіліктің сыртынан және жазбаша келісімсіз жасалған мәмілелер жарамсыз деп танылады.

### **3 . У а қ ы т ш а ә к і м ш і л і к :**

1) осы Заңмен айқындалған құзыреті шегінде халықаралық қатынаста авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушы қызметінің барлық мәселелері б о й ы н ш а д е р б е с ш е ш і м қ а б ы л д а у ғ а ;

2) халықаралық қатынаста авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының атынан шарттар жасасуға және құжаттарға қол қоюға;

3) халықаралық қатынаста авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының атынан және оның мүддесінде өкілдікті, оның ішінде сотта да жүзеге а с ы р у ғ а ;

4) халықаралық қатынаста авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдалануға байланысты өндірістік мәселелерді бағалау үшін тәуелсіз сарапшыларды т а р т у ғ а ;

5) халықаралық қатынаста авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушыны уақытша басқару кезеңінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығаруға құқылы.

4. Халықаралық қатынаста авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының уақытша басқару мерзімі ішінде уақытша әкімшіліктің қызметін б а қ ы л а у д ы :

1) халықаралық қатынаста авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушыны уақытша басқару кезеңіндегі қызметтің негізгі бағыттары туралы уақытша әкімшілікке ұсыныстар беруге;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уақытша әкімшіліктің өз қызметі және халықаралық қатынаста авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының қызметі туралы ақпарат беруін талап етуге;

3) уақытша әкімшіліктің атқарылған жұмыс туралы есебін тыңдап, бекітуге құқылы уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Уақытша әкімшілікті құрудың, оның қызметін ұйымдастырудың өзге де мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

6. Уақытша әкімшілік мүшелері мен азаматтық авиация ұйымдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасымен реттеледі.

#### **177-бап. Уақытша басқаруды тоқтату**

1. Халықаралық қатынаста авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушыны уақытша басқару мынадай негіздер:

1) уәкілетті органның шешімімен белгіленген уақытша басқару мерзімінің аяқталуы ;

2) уәкілетті органның уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қ а б ы л д а у ы ;

3) сот шешімінің заңды күшіне енуі бойынша тоқтатылады.

2. Халықаралық қатынаста авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушыны уақытша басқаруды оның енгізілуін туғызған себептердің жойылуына байланысты (соның ішінде мерзімінен бұрын) тоқтату халықаралық қатынаста авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушыға қатысты уәкілетті орган немесе уақытша әкімшілік белгілеген барлық шектеулердің жойылуына негіз болады.

#### **178-бап. Әуежайлар мен авиакомпаниялардың авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің қызмет ерекшеліктері**

1. Әрбір әуежай мен авиакомпанияның өз құрылымында тиісті қажетті техникалық құралдармен және кадр құрамымен жасақталған авиациялық қауіпсіздік қызметі болуы міндетті. Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметкерінің қызметі уәкілетті органмен, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік

органдарымен, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдармен олардың құзыретіне сәйкес өзара қатынаста жүзеге асырылады.

Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әуежай мен авиакомпанияның бірінші басшысы, сондай-ақ авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің басшылары дербес жауапкершілікте болады.

2. Азаматтық авиацияның барлық ұйымдары авиациялық қауіпсіздік қызметтеріне, олар авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде өздеріне жүктелген міндеттерді орындауы үшін, қажетті жағдайлар жасауға міндетті.

Азаматтық авиация ұйымдары авиациялық қауіпсіздік қызметінің қызметтік міндеттерді орындауына кедергі жасауға құқығы жоқ.

3. Әуежайлар мен авиакомпаниялардың авиациялық қауіпсіздік қызметтері, авиациялық қауіпсіздік жөнінде белгіленген ережелерге сәйкес, азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу әрекетінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

4. Қазақстан Республикасының азаматы ғана авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысы болуы мүмкін. Әуежайлар мен авиакомпаниялардың авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысын тағайындау мен қызметтен босату уәкілетті органмен және ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісе отырып жүргізіледі.

5. Азаматтық авиация ұйымдары авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің басшысы мен мамандарының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісе отырып уәкілетті орган белгілейді.

## **2-параграф. Авиация қызметшілерінің құқықтық жағдайы**

### **179-бап. Авиация қызметшілерінің жіктелуі**

Авиацияның персоналына қызметі ұшуды ұйымдастырумен, орындаумен және қамтамасыз етумен, сондай-ақ әуе қозғалысына қызмет көрсетумен байланысты адамдар жатады.

Авиация персоналы авиация түрлеріне жатуына қарай азаматтық, мемлекеттік және эксперименттік авиация қызметшілері болып бөлінеді.

Азаматтың, мемлекеттік және эксперименттік авиация қызметшілерінің қызмет тізбелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

### **180-бап. Авиация қызметшілерін кәсіптік қызметке даярлау және жіберу**

Авиация қызметшілерін кәсіби қызметке даярлау белгіленген тәртіппен тіркелген білім беру мекемелерінде жүргізіледі.

Авиация персоналына жататын адам өзінде қажетті білімі мен дағдысы бар екенін, сондай-ақ денсаулығы қойылатын талаптарға сай келетінін растайтын кәсіби қызметті жүзеге асыру құқығына уәкілетті орган беретін куәлігі (сертификаты) болған жағдайда ғана дербес кәсіби қызметке жіберіледі.

Ұшу қауіпсіздігіне тікелей байланысты азаматтық және эксперименттік авиацияның авиация персоналының жұмыс уақыты режимінің ерекшеліктерін Қазақстан

Республикасының еңбек туралы заңдарына сәйкес уәкілетті орган белгілейді.

Азаматтық және эксперименттік авиацияның аттестаттауға жататын авиация персоналы лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін, сондай-ақ азаматтық және эксперименттік авиацияның айырым белгісі бар нысанды киімін киіп жүруге құқығы бар авиация персоналы лауазымдарының тізбесін, сондай-ақ оларды беру тәртібін уәкілетті орган бекітеді. Аттестаттаудан өтпеген адамдар кәсіби міндеттерін орындауға ж і б е р і л м е й д і .

Аттестаттау ережесін, оны өткізу кезеңділігін, сондай-ақ авиация персоналына қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

### **181-бап. Шет мемлекеттің авиация персоналының куәліктерін тану**

Шет мемлекет берген авиация персоналының куәліктері Қазақстан Республикасында осындай куәліктердің берілуіне қойылатын талаптар Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) белгілеген стандарттық ең төменгі деңгейіне сай немесе олардан асып түскен жағдайларда жарамды деп танылады.

### **182-бап. Әуе кемесінің экипажы**

Әуе кемесінің экипажы - тиісінше уәкілетті орган немесе қорғаныс саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ұшуды орындау кезінде әуе кемесін басқару мен оған қызмет көрсету жөнінде белгілі бір міндеттерді атқару тапсырылған авиация қ ы з м е т і н і ң а д а м д а р ы .

Әуе кемелерінің түрі мен атқаратын ісіне, оларды пайдаланылу мақсаттары мен жағдайларына қарай азаматтық және мемлекеттік әуе кемелері экипаждардың құрамын әуе кемесін жасап шығарушы мен тапсырыс беруші айқындайды және әрбір үлгідегі әуе кемесін ұшуға пайдалану жөніндегі құжаттарда көрсетіледі.

Экипаж құрамы толық болмаған жағдайда азаматтық әуе кемесінің ұшуына жол берілмейді.

### **183-бап. Азаматтық әуе кемесінің экипажы мүшелерінің құқықтары және оларды қамтамасыз ету жөніндегі пайдаланушының міндеттері**

Экипаждың әрбір мүшесі ұшуға берілген тапсырманы орындау кезінде, егер оның пікірінше, ұшудың ойдағыдай аяқталатынына дәлелді күйде болса, оны орындаудан бас т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Әуе кемесінің ұшуы кезінде экипаж мүшесі өз міндеттерін атқаруға байланысты жарақаттанған немесе оның денсаулығына өзге де зақым келген жағдайда, оның денсаулығы зақымдалғаннан кейін алып жүрген жәрдемақысының немесе тағайындалған зейнетақысының және нақтылы алып жүрген жалақысының асатын сомасы бөлігінде пайдаланушы келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті. Экипаж мүшесі қызмет міндеттерін атқаруына байланысты қайтыс болған жағдайда пайдаланушы ұшу алдындағы дайындықтан бастап ұшудан кейінгі талдау біткенге дейінгі залалдың орнын Қазақстан Республикасының заңнамасына белгіленген тәртіппен толтыруға міндетті.



## **184-бап. Әуе кемесінің командирі**

1. Пилот (ұшқыш) мамандығы бар және белгіленген тәртіппен осы үлгідегі әуе кемесін дербес басқаруға құқығы бар адам ғана әуе кемесінің командирі бола алады.

Әуе кемесінің командирі экипаждың қызметін басқарады, әуе кемесінде тәртіп пен реттілікті, ұшу және әуе кемесін пайдалану ережелерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

2. Өзінің кәсіби қызметін атқару барысында азаматтық әуе кемесінің командирі Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінде ұшудың Негізгі ережелерінде белгіленген құқықтарға сәйкес ұшудың қауіпсіздігін, әуе кемесінің және оның бортындағы адамдар мен мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті кез келген шешімдер қабылдап, шаралар қолданады.

## **185-бап. Азаматтық авиация ұйымдарының ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басшы қызметкерлері**

Уәкілетті органмен келісім бойынша қызметке тағайындалатын ұшу қызметінің басшысы, аға пилот, ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспекцияның бастығы, инженерлік-авиациялық қызмет басшысы азаматтық авиация ұйымының ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басшы қызметкерлері болып танылады.

Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басшы қызметкерлер уәкілетті органның келісімін алмай өз міндеттерін үш айға дейін атқара алады.

## **3-параграф. Әуе кемелері**

### **186-бап. Әуе кемелерінің жіктелуі**

Авиация түрлеріне тиесілігіне қарай әуе кемелері:

- 1 ) а з а м а т т ы қ ;
- 2 ) м е м л е к е т т і к ;
- 3 ) э к с п е р и м е н т т і к б о л ы п б ө л і н е д і .

Азаматтық және эксперименттік әуе кемелері заңды және жеке тұлғалардың жеке меншігінде болуы мүмкін.

### **187-бап. Азаматтық әуе кемесінің үлгісін сертификаттау**

1. Жаңа конструкциядағы (жаңа үлгідегі) азаматтық әуе кемесі Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген ұшу жарамдылығының нормаларына сәйкестігі бойынша сертификатталуға тиіс және зауыттық, мемлекеттік және пайдалану сынақтарынан өткеннен кейін оның үлгі сертификаты болуы керек.

Үлгі сертификатын уәкілетті орган береді.

Әуе кемесін жасап шығарушы үлгі сертификатының иесі болып табылады.

Әуе кемесінің бекітілген үлгі конструкциясы (үлгілік конструкциясы) өзгерген немесе оның ұшу жарамдылығына әсер ететін пайдалану-техникалық құжаттамасы өзгерген жағдайда, әуе кемесінің бұл үлгісі қосымша сертификаттаудан өтуі және үлгі сертификатына толықтыру алуы тиіс.

2. Азаматтық әуе кемелерін сертификаттау, сондай-ақ оларды жарамдылық

нормаларына сәйкестігін бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін сертификаттау ережелері бойынша жүзеге асырылады.

3. Ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін кемістіктер айқындалған жағдайда үлгі сертификатты берген мемлекеттік орган оның күшін жоюы мүмкін немесе оның күші уақытша тоқтатылуы мүмкін.

4. Уәкілетті орган шет ел мемлекеті берген үлгі сертификатын оны беру талаптарының Қазақстан Республикасы белгілеген стандарттарға сәйкес болған жағдайда ғана жарамды деп таниды.

### **188-бап. Әрбір азаматтық әуе кемесінің данасын сертификаттау**

Қазақстан Республикасында жасалып шығарылған әрбір азаматтық әуе кемесі оның конструкциясының, сипаттамаларының және пайдалану-техникалық құжаттамасының Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін сертификаттау ережелерінде көзделген талаптарға сәйкес келуі бойынша сертификатталуға тиіс.

Әуе кемесі Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне тіркелгеннен кейін ондай әуе кемесінің иесі уәкілетті органнан борттық құжат ретінде оның ұшуға жарамдылығы туралы тиісті куәлік (сертификат) алуы тиіс.

Азаматтық әуе кемесінің данасына сертификаттау жүргізуді жеке меншік немесе шартты негізде сынау зертханалары (Орталықтары) бар азаматтық авиация саласында көрсетілетін қызметтерді сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады. Азаматтық әуе кемесінің данасына сертификат беруді уәкілетті орган жүзеге асырады.

### **189-бап. Аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау**

Аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау азаматтық авиация саласында көрсетілетін қызметтерді сертификаттау жөніндегі орган, әуе кемелерін әзірлеушінің қатысуымен тіркелген уәкілетті орган жүзеге асырады.

Аса жеңіл авиацияның ұшу жарамдылығын куәландыру мақсатында сертификат беру, сондай-ақ пайдалану барысында ұшу жарамдылығын қолдауды бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау ережелерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

### **190-бап. Шетелдік әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығының сертификатын тану**

Әуе кемесінің ұшу жарамдылығына шетелдік мемлекет берген сертификат, оның берілуіне немесе күшіне енуіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы белгіленген стандарттарға сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган оны Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасында жарамды деп таниды.

### **191-бап. Әуе кемелеріне салынатын белгілер**

Тіркеу кезінде әуе кемелеріне мемлекеттік және тіркемелік, танылым белгілері беріледі де, олар осы әуе кемелерінің сыртына салынады.

Мемлекеттік және тіркемелік танылым белгілерінен басқа әуе кемелерінің сыртына

қосымша белгілер де (рәміздер, қысқа жазбалар, эмблемалар) салынады. Бұл белгілер мемлекеттік және тіркемелік танылым белгілерінің көзбен көргенде танылуын қиындатпайтындай етіліп әуе кемелерінің сыртына салынады.

Мемлекеттік және тіркемелік танылым белгілері мен қосымша белгілердің азаматтық және эксперименттік әуе кемелерінің сыртына салыну тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

### **192-бап. Тізілімнен шығару**

Азаматтық әуе кемесі Қазақстан Республикасының тиісті тізілімінен мынадай жағдайларда :

- 1) азаматтық әуе кемесі есептен шығарылса немесе пайдаланудан алынып тасталса;
- 2) азаматтық әуе кемесі белгіленген тәртіппен шетел мемлекетіне, шетелдік заңды немесе жеке тұлғаға сатылса немесе берілсе;
- 3) азаматтық әуе кемесі эксперименттік кемелер қатарына ауыстырылса;
- 4) азаматтық әуе кемелерін тіркеу ресімдерімен көзделген басқа жағдайларда шығарылды .

Азаматтық әуе кемесі Қазақстан Республикасының тиісті тізілімінен шығарылған кезде әуе кемесін тіркеу туралы куәліктің және осы әуе кемесіне қатысты тиісті тізілімге жазылған барлық жазбалардың күші жойылады.

### **193-бап. Пайдалануға жол беру**

Азаматтық әуе кемесін азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығының қолданылып жүрген техникалық регламентіне сәйкестігі анықталғанда және ұшуға жарамдылық сертификаты алынғанда ғана пайдалануға жол беріледі.

Ұшу жарамдылығының сертификатын беру ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді (жөндеуді) техникалық қызмет көрсетудің сертификаттандырылған орталықтары ғана жүргізеді .

Әуе кемесін ұшуға жарамдылық техникалық регламентінің талаптарына сәйкес күйде күтіп ұстау пайдаланушыға жүктеледі.

Әуе кемесі күйінің ұшу жарамдылығы техникалық регламентінің талаптарына сәйкес болуына бақылау жасауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

### **194-бап. Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының сертификаты**

Пайдаланушының сертификатын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына мемлекеттік уәкілетті орган береді. Бұл орайда сертификатталған меншікті немесе жалға алынған әуе кемелерінің, ұшу және техникалық қызмет орындарының (өздерінің немесе шарттық негізде пайдаланылатын), ұшу және техникалық пайдалануды қамтамасыз ететін авиация персоналының, басқару құрамының және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттардың болуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген міндетті түрде сақтандырудың жүзеге асырылуы мұндай сертификатты алудың

міндетті шарттары болып табылады.

Уәкілетті орган сертификат иесі осы Кодекстің талаптарын және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін пайдаланушыларды сертификаттау ережелерін сақтамаған жағдайда, оған сертификат беруден бас тартуға, оны кері қайтарып алуға, оның қолданылуын тоқтата тұруға құқылы.

Тиімсіз деген желеумен пайдаланушы сертификатын беруден бас тартуға тыйым салынады.

Сертификатты беруден бас тартқан жағдайда сертификат бермеген органның тұрған жері бойынша сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Пайдаланушы сертификатын басқа біреуге беруге болмайды және оның күші белгіленген тәртіппен тоқтатылғанға дейін немесе алынып қойылғанға дейін сертификат күшінде болады.

Пайдаланушы сертификатын беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Шетелдік азаматтарға немесе заңды тұлғаларға қатысты алғанда шетел мемлекетінің құзыретті өкімет органдары берген және Қазақстан Республикасында қойылатын талаптарға сай келетін пайдаланушы сертификатын немесе соларға ұқсас құжаттарды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен таниды.

**195-бап. Пайдаланушы сертификатын жарамсыз деп тану немесе пайдаланушы қызметін шектеу**

Пайдаланушы сертификаты, егер:  
оның берілген мерзімі біткен болса;

пайдаланушы сертификатына немесе оның қосымшасына пайдаланушы сертификатын беруге негіз болған шарттарға әсер ететін пайдаланушы қызметіне байланысты өзгерістермен байланысты тиісті толықтырулар мен өзгерістер уақытында енгізілмеген болса;

пайдаланушы міндетті түрде сақтандырудың түрлері туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес міндетті сақтандыру шарасын жасамаса, жарамсыз деп танылады.

Пайдаланушы белгіленген талаптарға сай болмаған немесе осы Кодекстің немесе Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерінің ережелері сақталмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен пайдаланушы қызметі шектеледі немесе пайдаланушы сертификаты жарамсыз деп танылады.

**196-бап. Сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу**

Осы Кодексте көзделген сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен өтініш берушінің қаражаты есебінен шартты жағдайларда жүзеге асырылады.

### **197-бап. Әуе кемесін жалдау**

Қазақстан Республикасы әуе кемесінің меншік иесі әуе кемесін экипажымен немесе экипажсыз қазақстандық немесе шетелдік пайдаланушыға жалға беруге құқылы.

Жалдау мерзімі, кемені пайдалану сипаты, жалдау ақысының мөлшері, әуе кемесінің кейіннен жалға алушының меншігіне ауысу мүмкіндігі және басқа да жағдайлар әуе кемесінің меншік иесі (жалға беруші) мен жалға алушы арасындағы ш а р т т е н а й қ ы н д а л а д ы .

Осындай тәртіп Қазақстан Республикасының пайдаланушысы шетелдік әуе кемесін жалға алған жағдайда да қолданылады.

### **4-параграф. Әуе кемелерінің ұшуы, олардың қауіпсіздігі**

#### **198-бап. Ұшуды орындау ережелері**

Әуе кемелерінің Қазақстан Республикасы аумағының үстімен ұшуы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшудың Негізгі ережелеріне сәйкес орындалады.

#### **199-бап. Кеме құжаттары**

Ұшуды орындау кезінде әуе кемесінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшудың Негізгі ережелерінде және арнайы нормативтік құжаттарда көзделген кеме құжаттары болуы тиіс.

#### **200-бап. Ұшуға әзірлеу**

Әуе кемесінің ұшуы алдында әуе кемесі, оның экипажы мен басқа да авиация қызметшілері, ұшу және қону аэродромдары әзірлік жасауға тиіс.

Ұшуға әзірлеу ережелері мен ұшып шығуға рұқсат алу тәртібін азаматтық және эксперименттік авиация үшін - уәкілетті орган, мемлекеттік авиация үшін - қорғаныс саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

#### **201-бап. Әуе кемесі экипажының іс-қимылына араласпау**

Әуе кемесі бортындағы адамдардың, соның ішінде кемеге ие адамдардың экипаж іс-қимылына араласуына, одан ұшуды орындаудың жоспары мен ретін өзгертуді немесе аэронавигациялық ұйымның нұсқауларын орындамауды талап етуіне тыйым салынады.

#### **202-бап. Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшырған әуе кемесі экипажының іс-қимылы**

Апатқа ұшырау қаупі төнген әуе кемесі экипажының Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінде ұшудың Негізгі ережелерінде белгіленген тәртіппен қатерге ұшырау белгісін беріп, аэронавигациялық ұйымға қатер сипаты туралы хабарлауға және борттағы адамдардың өмірі мен денсаулығын, мүлікті сондай-ақ әуе кемесінің өзін сақтауға мүмкін болатын шаралардың бәрін қолдануға тиіс.

Апатқа ұшыраған әуе кемесінің экипажы өз өкілеттігін күзіретті органдарға тапсырғанға дейін борттағы адамдарды, мүлікті құтқару мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әуе кемесінің өзін сақтау жөнінде мүмкін болған шаралардың бәрін

қолдануға міндетті. Әуе кемесінің барлық экипаж мүшелері адамдарды, мүлікті және әуе кемесін құтқаруға қатысуға міндетті.

Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемесінің командирі осындай жұмыстарды жүзеге асыруға уәкілдігі бар адамдар келгенге дейін осы әуе кемесінің бортындағы адамдардың іс-қимылдарына басшылық етеді.

### **203-бап. Қауіп төнген адамдарға көмек көрсету**

Қауіп төнген адамдар жайында қандай да бір ақпарат алған әуе кемесінің командирі ол туралы аэронавигациялық ұйымға немесе өзге құзіретті органға хабарлауға және, егер мұның өзі осы әуе кемесінің, жолаушылары мен экипажының қауіпсіздігіне қатер туғызбаса, мүмкін болатын көмегін көрсетуге міндетті.

### **204-бап. Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемесі туралы ақпарат алған жағдайдағы аэронавигациялық ұйымның іс-қимылы**

Аэронавигациялық ұйым апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемесі туралы ақпарат, сондай-ақ әуе кемесінің командирінен қауіпті жағдайға ұшыраған адамдар туралы кез келген өзге де ақпарат алған кезде, Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінде ұшудың Негізгі ережелерінде белгіленген тәртіппен қажетті жәрдем көрсетуге мүмкін болатын шаралардың бәрін қолдануға міндетті.

### **205-бап. Әуе кемелерінің және олардың жабдықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық қадағалау**

Мыналар техникалық қадағалау объектілері болып табылады:

- 1) әуе кемесі және оның жабдығы;
- 2) әуе кемесін және оның жабдығын жобалау процесі;
- 3) әуе кемесін және оның жабдығын шығару процесі;
- 4) әуе кемесін және оның жабдығын пайдалану процесі;
- 5) әуе кемесін және оның жабдығын жобалау тасымалдау және сақтау процесі;
- 6) әуе кемесін және оның жабдығын сату процесі;
- 7) әуе кемесін және оның жабдығын кәдеге жарату және жою процесі.

### **5-параграф. Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін бақылау. Авиациялық оқиғаларды тексеру**

#### **206-бап. Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін бақылау**

Авиациялық оқиғалар мен тосын оқиғаларға жол бермеу мақсатында азаматтық және эксперименттік авиациядағы әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады. Мемлекеттік авиацияда - қорғаныс саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

#### **207-бап. Тексеруді ұйымдастыру мен жүргізу**

Әрбір авиациялық оқиға міндетті түрде тексерілуге жатады. Азаматтық, эксперименттік және мемлекеттік авиациядағы авиациялық оқиғалардың тексерілуін әуе кемесін пайдаланушының, сондай-ақ мүдделі мемлекеттердің уәкілетті өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен ведомстводан тыс мемлекеттік комиссия жүзеге асырады.

Авиациялық оқиғаларды тексеру жөніндегі комиссияның өкілеттігі мен жұмыс тәртібі, сондай-ақ авиациялық оқиғаларға қызметтік тексеру жүргізудің ережелері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Ережемен белгіленеді.

Авиациялық оқиғаны қызметтік тексерудің мақсаты оқиға себептерін анықтау авиациялық оқиғаларды болдырмау және әуе қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар жасау болып табылады.

#### **208-бап. Айғақтық заттарды сақтау**

Осы Кодекстің 215-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, авиациялық оқиғаны немесе тосын оқиғаны тергеу жөніндегі комиссияның мүшелері келгенге дейін әуе кемесі, оның құрамдас бөлшектері, бортындағы және жер үстіндегі объективтік бақылау құралдары, әуе кемесіндегі барлық заттар, сондай-ақ авиациялық оқиға немесе тосын оқиға болған аумақ пен ондағы заттар, әуе кемесін жасауға, жөндеуге және пайдалануға әрі оның ұшуын қамтамасыз етуге қатысты бүкіл құжаттама ұйымдар мен азаматтар тарапынан ешбір қолсұғусыз сақталуға тиіс.

#### **209-бап. Авиациялық оқиға болған жердегі жұмыс**

Авиациялық оқиға болған жерде жүргізілетін тексеру табиғи зілзала зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарға теңестірілетін ерекше жағдайдағы жұмыстар санатына ж а т қ ы з ы л а д ы .

Облыстардың (республикалық мәндегі қаланың, астананың) және аудандардың (облыстық мәндегі қаланың) жергілікті атқарушы органдары, заңды және жеке тұлғалар авиациялық оқиғаны тексеру жөніндегі комиссияға үнемі жәрдем көрсетуге міндетті.

Авиациялық оқиға болған жерде комиссия жұмысын қамтамасыз етудің тәртібі осы Кодекстің 208-бабында аталған авиациялық оқиғаларға тексеру жүргізу ережелерімен айқындалады.

#### **210-бап. Авиациялық оқиғаны тексеруге байланысты жұмыстарды қаржыландыру және шығындардың орнын толтыру тәртібі**

Авиациялық оқиға болған жерде жүргізілетін тексерумен байланысты барлық жұмыстарды пайдаланушы қаржыландырады.

Ғылыми-зерттеу, конструкторлық, жөндеу және өнеркәсіптік ұйымдар жүргізетін авиациялық оқиғаны тексеруге байланысты зерттеулер мен сынықтарды осы ұйымдар қаржыландырады да, кейіннен пайдаланушы шығындардың орнын толтырады.

#### **6-параграф. Іздестіру және құтқару**

#### **211-бап. Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелерінің жолаушылары мен экипаждарын құтқару**

Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемесі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Бірыңғай авиациялық іздестіру-құтқару қызметі (БАІҚҚ) туралы ережеге сәйкес дереу іздестірілуі мен құтқаруға жатады.

Аталған ережеде мыналар көзделуі тиіс:

1) кез келген мемлекеттің әуе кемелерін, адамдарын (жолаушылары мен экипаж

мүшелерін), іздестіру және құтқару жөніндегі жұмыстар, іздестіру-құтқару күштері мен құралдануының орналастырылуы, осы жұмыстардың жүргізілуі кезінде оларды қамтамасыз ету мен оларға қызмет көрсету әуе кемесінің қай ведомствоға және қай мемлекетке жататынына қарамастан, Қазақстан Республикасының республикалық бюджеті есебінен жүргізіледі;

2) апат болған жерден әуе кемелерінің жолаушылары мен экипаж мүшелерінің көшірілуі апатқа ұшыраған әуе кемесін пайдаланушының күшімен және құралдарымен немесе пайдаланушы шығындарының орнын кейін толтыратындай өзге де күштермен және құралдармен жүзеге асырылады;

3) Облыстардың (республикалық мәндегі қаланың, астананың) және аудандардың (облыстық мәндегі қаланың) жергілікті атқарушы органдары мен ұйымдар әуе кемесін іздестіру және құтқару жұмыстарын жүргізуде кез келген мүмкін болатын көмектерін көрсетуге міндетті және іздестіру-құтқару органдары келіп жеткенше адамдарды құтқаруға, оларға медициналық және басқа көмек көрсетуге, сондай-ақ әуе кемесі мен оның бортындағы құжаттаманы, жабдықтар мен мүлікті сақтауға қажетті шараларды қолданады.

### **212-бап. Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелерін іздестіру мен құтқаруды ұйымдастыру**

Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелерін іздестіру мен құтқаруды Қазақстан Республикасының Бірыңғай авиациялық іздестіру-құтқару қызметі ұйымдастырады. Авиациялық іздестіру-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру мен жүзеге асыру кезінде Бірыңғай авиациялық іздестіру-құтқару қызметінің өз құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдардың, сондай-ақ авиакомпаниялардың күштері мен құралдарын тартуға және пайдалануға құқығы бар.

Бірыңғай авиациялық іздестіру-құтқару қызметі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде басқа мемлекеттердің органдарымен өзара іс-қимыл жасайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен іздестіру-құтқару және авариялық жұмыстарды жүргізуге жауапты Қазақстан Республикасының басқа органдарымен өз жұмысын үйлестіреді.

Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелеріне қажетті көмегін көрсету үшін Қазақстан Республикасының аумағына кіруіне мыналарға:

1) басқа мемлекеттердің іздестіру-құтқару күштері мен құралдарына;

2) сол әуе кемелерінің иелері мен пайдаланушыларына;

3) апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелері тіркелген мемлекеттердің өкіметіне рұқсат етіледі.

Мұндай рұқсаттың берілу тәртібі Қазақстан Республикасының Әуе кеңістігін пайдалану туралы ережемен белгіленеді.

### **213-бап. Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелері туралы хабар беру**



Байланыс құралдары бар ұйымдар апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелері туралы ақпараттың дереу өтуі үшін сол құралдарды беруге м і н д е т т і .

Байланыс құралдарының берілуі, апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемесіне, оның жолаушылары мен экипажына көмек беру туралы ақпараттың қабылдануы мен жіберілуі әуе кемесінің пайдаланушысы есебінен әдеттегі тариф бойынша ақы төлене отырып ешбір кезек күтусіз жүргізіледі. Бұл оқиға туралы алғашқы хабар тегін беріледі.

Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелері туралы хабар беру үшін жалпы пайдаланудағы байланыс құралдарының пайдаланылу тәртібін уәкілетті орган қорғаныс саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып белгілейді.

Облыстардың (республикалық мәндегі қаланың, астананың) және аудандардың (облыстық мәндегі қаланың) жергілікті атқарушы органдары мен ұйымдар әуе кемелерінің апатқа ұшырау туралы өздеріне белгілі барлық жағдайлар туралы Бірыңғай авиациялық іздестіру-құтқару қызметіне немесе жақын маңдағы аэродромға дереу хабар беруге міндетті.

#### **214-бап. Авариялық-құтқару жұмыстары**

Аумақта және аэродром ауданында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу апатқа ұшыраған әуе кемесінің пайдаланушысы есебінен меншік иелерінің немесе аэродромдар иелерінің күштері мен құралдарымен жүзеге асырылады.

Егер апатқа ұшыраған әуе кемесі оның бөлшектері теміржол, автомобиль, су көлігінің қозғалысына немесе әуе кемелерінің ұшуына кедергі келтірсе, құтқару жұмыстарының басшысы олардың жатқан жерін және жалпы күйін алдын ала белгілеп қойып, көлік қозғалысын немесе ұшуларды қалпына келтіру мақсатында әуе кемесінің (оның бөлшектерінің) жатқан жерінен басқа орынға ауыстырылуына шаралар қолдануға міндетті.

#### **215-бап. Әуе кемесінің, оның жолаушылары мен экипажын іздестіруді тоқтату**

Іздестіру жөніндегі қолданылған шаралар нәтиже бермеген жағдайда апатқа ұшыраған әуе кемесін іздестіруді тоқтату туралы шешімді әуе кемесінің иесімен және Бірыңғай іздестіру-құтқару қызметі басшысымен келісу бойынша тергеу жөніндегі комиссияның төрағасы қабылдайды.

Мұндай шешім қолда бар іздестіру-құтқару күштерімен және құралдарымен бұдан әрі іздестіру әуе кемесін табуға қол жеткізбейтініне жеткілікті дәлелдер болғанда және тірі қалған адамдарды құтқаруға ешқандай нақтылы сенім қалмағанда ғана қабылдануы мүмкін.

Апатқа ұшыраған әуе кемесін іздестіру тоқтату туралы шешімге осы әуе кемесінің иесі сотқа беру тәртібімен қарсылық білдіре алады.

Осы бапқа сәйкес іздестірілуі тоқтатылған әуе кемесі хабар-ошарсыз жоғалған болып есептеледі.

Хабар-ошарсыз жоғалған әуе кемесінің экипажы мен жолаушыларын хабар-ошарсыз жоқ болып кеткендер деп тану және оларды қайтыс болғандар деп жариялау қолданылып жүрген заңнамамен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

#### **216-бап. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлердегі іздестіру мен құтқару**

Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған Қазақстан Республикасының әуе кемелерін іздестіру мен құтқару осы Кодекстің талаптарын ескере отырып, аумағында осы жұмыстар жүргізілетін мемлекеттің іздестіру-құтқару жұмыстарын орындау ережелеріне және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **217-бап. Апаттық жағдайларға әуе кемелерін жабдықтау және экипажды даярлау**

Әуе кемелері борттық авариялық-құтқару құралдарымен жабдықталуы тиіс, олардың тізбесін әуе кемесінің үлгісі мен ұшатын ауданына байланысты азаматтық және эксперименттік авиацияның әуе кемелері үшін уәкілетті орган, мемлекеттік авиацияның әуе кемелері үшін - олардың ұшу жарамдылығының нормаларына сәйкес қорғаныс саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

Әуе кемесі экипажының барлық мүшелері авариялық-құтқару даярлығы және әуе кемесінің бортында түрлі физикалық-географиялық және климаттық жағдайларда авариялық ахуал туындаған кезде жолаушыларға көмек көрсету бағдарламасы бойынша арнайы оқудан өтуге міндетті, ал жолаушылар мұндай жағдайдағы іс-әрекеттер туралы әрі жеке және борттық авариялық-құтқару құралдарын пайдалану ережелері туралы экипаж тарапынан міндетті түрде нұсқаулар алуға тиіс.

#### **7-параграф. Халықаралық ұшулардың ерекшелігі**

#### **218-бап. Әуе кемелерінің халықаралық ұшуларын орындаудың паспорттық, кедендік және өзге де ережелерін қолдану**

Қазақстан Республикасының аумағына келетін және осы аумақтан кететін немесе транзитпен өтетін барлық әуе кемелеріне, олардың экипаждары мен жолаушыларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағына әкелетін немесе осы аумақтан әкетілетін олардың мүліктеріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін паспорттық, кедендік, валюталық, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар қолданылады, егер өзгеше Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардан туындамаса.

#### **8-параграф. Әуе тасымалдары**

#### **219-бап. Жолаушыларды, багажды, жүк пен почта жөнелтілімдерін тасымалдауды жүзеге асыру құқығы**

1. Жолаушыларды, багажды, жүк пен почта жөнелтілімдерін әуеде тасымалдауды жүзеге асыру құқығын пайдаланушының Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен уәкілетті орган берген қолданыстағы сертификаты бар тұлғалар и е л е н е д і .

2. Пайдаланушының сертификатпен белгіленген қызмет шарттарын және шектеулерін сақтай отырып, пайдаланушының сертификатында белгіленген қызметі ғана жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Егер уәкілетті орган басқа мемлекет берген пайдаланушы сертификатын таныса, тиісті мемлекеттің пайдаланушысының Қазақстан Республикасы аумағында әуе тасымалдарын жүзеге асыруға құқығы бар.

### **220-бап. Әуе тасымалдары саласындағы негізгі ережелер**

1. Әуе тасымалдары шарт негізінде орындалады. Әуе тасымалының әрбір шарты мен оның жағдайлары авиация ұйымы немесе уәкілетті тұлғалар (агенттер) тасымалдауға берген құжатпен куәландырылады. Әуе тасымалдары шартын жасасу жеке немесе топтық тасымал құжатымен ресімделеді.

2. Жолаушыларды, багажды, жүк пен почта жөнелтілімдерін тасымалдауды жүзеге асыру тәртібі осы Кодекстің Жалпы бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Әуе тасымалдары шарты тасымалдаушының бастамасы бойынша мынадай жағдайларда :

жолаушы осы Кодекстің 233-бабымен белгіленген ұшар алдында әуе кемесіндегі арнайы тексеруден бас тартса ;

жолаушы тасымалдаушы белгілеген ережені бұзса және өзінің іс-әрекетімен әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндірсе ;

бұл үстіменен әуе тасымалы жасалатын немесе сонда жөнелту пункті, аялдайтын жері немесе баратын пункті орналасқан мемлекеттің заң актілеріндегі ережелердің бұзылуын жою үшін қажет болса ;

жолаушының әуе тасымалы кезіндегі көңіл-күйі немесе денсаулық жай-күйі немесе мінез-құлқы осы жолаушының өзінің денсаулығына немесе әуе кемесінің бортындағы адамдар мен мүліктің қауіпсіздігіне қатер төндірсе, сондай-ақ басқа жолаушыларға ол медициналық қорытындылаумен расталуға тиіс, қолайсыз жағдай жасаса және олардың қарсылығын туғызса біржақты тоқтатылады.

Жолаушыны әуеде тасымалдаудың шарты жолаушыларды, багажды және жүкті әуеде тасымалдаудың ережелерінде қарастырылған тәртіппен тоқтатылады және тасымал үшін төлем қайтарылады.

### **221-бап. Чартерлік шарт**

1. Жалдау (чартер) шарты бойынша бір тарап (жалданушы) басқа тарапқа (жалдаушыға) жолаушыларды, багажды және жүктерді бір немесе бірнеше рейске бір немесе бірнеше көлік құралдарының сыйымдылығын беруге міндеттенеді.

2. Чартерлік шартта тараптар атауы, әуе кемесінің үлгісі, жалға берілу мақсаты, тасымалданатын жолаушылардың ең жоғары саны, багаждың, жүк пен почтаның салмағы, тасымалданатын зат мөлшері, тасымалдың жіберілу пункті, уақыты және баратын жері көрсетілуі тиіс.

Чартерлік шартқа басқа да жағдайлар енгізілуі мүмкін.

3. Жалдау шарты бойынша жалданушы егер ол әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет болса:

жалдаушыдан қосымша төлем талап етпей-ақ, тасымалдың басталу уақытын және қонатын жеріндегі жоспар бойынша қарастырылған әуе кемесінің ұшып шығу уақытын ауыстыруға;

егер бұл әуе кемесінің қауіпсіз ұшуын қамтамасыз ету үшін қажет болса, қосымша қонулар жасауға немесе ұшу маршрутын өзгертуге құқылы.

4. Жалданушы:

әуе кемесінің толық сыйымдылығын уақтылы беруге және шарт күшінде тұрған кезде әуе кемесін шартпен қарастырылған мақсаттарда пайдалануға болатындай күйде күтіп ұстауға міндетті.

5. Жалдау шарты бойынша жалдаушы жалданушының келісімімен жалданған әуе кемесін субчартерге беруге құқылы.

6. Жалдаушы:

1) шартта қарастырылған төлемді уақытылы төлеуге;

2) жолаушыларды, багажды; жүк пен почталық жөнелтілімдерді ұшып баратын жеріне уақытылы жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

#### **222-бап. Халықаралық әуе тасымалдары**

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерімен жолаушыларды, багаж бен жүктерді халықаралық әуе тасымалын жасаған кезде, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарынан өзгеше туындамаса, жолаушыларды, теңдеме жүк пен жүкті әуеде тасымалдау туралы жалпы ережелер қолданылады.

Почта жөнелтілімдерінің халықаралық әуе тасымалдары Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық почта келісімдерінің ережелерін сақтай отырып жүзеге асырылады.

#### **223-бап. Қазақстан Республикасы аумағындағы шетелдік тасымалдаушылар қызметі**

Шетелдік тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының аумағындағы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, халықаралық келісімдерге және шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

#### **9-параграф. Әуе тасымалдары саласындағы жауапкершілік**

##### **224-бап. Жалпы ережелер**

Әуе тасымалдарынан туындайтын міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік осы тараудың ережелерімен регламенттелмеген бөлігінде осы Кодекстің 1-бөлімінің 7-тарауына сәйкес пайда болады.

##### **225-бап. Рейс орындалмайтын немесе бөгелген кездегі тасымалдаушының жауапкершілігі**

Жойқын күштердің әсерінен болатын жағдайларды қоспағанда, рейс орындалмайтын немесе бөгелетін болса жолаушының қалауы бойынша, тасымалдаушы

: жолаушының билетте көрсетілген бару мекеніне жақын арада болатын рейспен жөнелтілуін, ал оған дейін қонақ үйге орналастырылуын және тамақтандырылуын қамтамасыз етуге; жолаушыға билеттің толық құнын қайтаруға міндетті.

### **226-бап. Әуе кемелерінің соқтығысу салдарынан туындаған зиян үшін жауапкершілік**

1. Егер Қазақстан Республикасының аумағында екі немесе бірнеше әуе кемелері соқтығысқан болса, немесе қайсы бір әуе кемесі екінші әуе кемесіне зақым келтірсе, бірақ соқтығысу орын алмаса, әуе кемелері пайдаланушыларының өзара мүлдіктік жауапкершіліктері мынадай жағдайлармен анықталады:

1) тараптардың бірінің кінәсінен келтірілген зиянды сол тарап толық мөлшерде өтейді;

2) егер зиян екі (бірнеше) тараптың да кінәсінен келтірілген болса әрбір тараптың жауапкершілігі соның кінәлінің дәрежесіне сәйкес белгіленеді;

3) егер зиян екі (бірнеше) тараптың да кінәсінен болса және тараптың әрқайсысының кінәсін анықтау мүмкін болмаса, жауапкершілік барлық тараптар арасында тең мөлшерде бөлінеді.

2. Егер тараптар зиянның келтірілуіне кінәлі болмаса, олардың бірде бірінің екінші тараптан зиянды өтеуді талап етуге құқығы жоқ. Кінәсі дәлелденбейінше соқтығысу кезінде әуе кемелері зардап шеккен тараптағы бірде бірі кінәлі деп саналмайды.

3. Әуе тасымалы кезінде жолаушының қайтыс болуы немесе денсаулығына зақым келтірілуі салдарына туындаған зиян үшін, сондай-ақ әуе кемесінің бортындағы немесе тасымалдаушыға тапсырылғаны үшінші адамның мүлкіне келтірілген зиян үшін мүлдіктік жауапкершілік осы Кодекстің ережелері бойынша тасымалдаушыға жүктеледі, оның үстіне осы баптың 1-тармағында белгіленген жағдайларда, ол соның (солардың) кінәсінен келтірілген зиянға қатысты екінші тарапқа (тараптарға) қарсы талап (регресс) қоюға құқылы.

### **10-параграф. Авиациялық жұмыстар**

#### **227-бап. Авиациялық жұмыстарды орындау тәртібі**

Авиациялық жұмыстар пайдаланушы мен тапсырыс беруші арасындағы шарт негізінде жүргізіледі. Пайдаланушы мен тапсырыс беруші әріптес таңдауда тең құқыққа ие.

Авиациялық жұмыстарды орындау талаптары Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшудың Негізгі ережелерімен белгіленеді.

#### **228-бап. Авиациялық жұмыстар тарифі**

Пайдаланушы мен тапсырыс беруші авиациялық жұмыстарға шарт жасаған кезде шарттық тарифтер (бағалар) белгілеуге құқылы.

### **11-параграф. Авиация қауіпсіздігі**

#### **229-бап. Авиация қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

1. Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын заңсыз араласу әрекеттерінен қорғауды қамтамасыз ететін заңдардың, ережелер мен рәсімдердің сақталуын бақылауды уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар өз құзыретіне сәйкес жүзеге асырады.

2. Әуе кемелерін пайдаланушылар, әуе кемелерін қабылдауды, шығаруды немесе оларға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдар және азаматтар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін авиация қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес оның қызметіне заңсыз араласудан авиацияны қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

3. Авиацияны оның қызметіне заңсыз араласудан қорғау:

1) әуежайдың бақыланатын аймағына бөтен адамдар мен көліктің кіруіне жол бермеу арқылы;

2) бөтен адамдардың әуе кемелеріне кіріп кету мүмкіндігін болдырмайтындай аялдамалардағы әуе кемелерін күзету арқылы;

3) әуе көлігімен тасымалдауға тыйым салынған қарулардың, оқ-дәрілердің, жарылғыш, радиоактивті, уландырғыш, тез тұтанғыш және басқа қауіпті заттар мен нәрселердің заңсыз алып жүру мүмкіндігін болдырмау арқылы;

4) қарулар мен оқ-дәрілерді тасымалдау кезінде олардың әуе кемелеріндегі жолаушылардан оқшауланған бөліктеріндегі теңдеме жүкпен оқтары алынған күйде тасымалдануын қамтамасыз ететін айрықша сақтық шараларын енгізу арқылы;

5) ерекше жағдайларда әуе кемелерін арнайы толық тексеру арқылы;

6) әуе кемелерін ұшу кезінде экипаждың қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін, сондай-ақ, әуе кемелерін заңға қайшы пайдалануға жол бермейтін техникалық құрылғылармен жабдықтау арқылы;

7) уәкілетті орган арнайы әзірлеген авиация қызметіне заңсыз араласуға қарсы әрекет жасайтын шаралармен, сондай-ақ, авиация қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тағы басқа шаралар қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

4. Авиациялық қауіпсіздікті азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметтері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы өкілеттіктер берілген мемлекеттік органдар қамтамасыз етеді.

Авиациялық қауіпсіздік қызметінің функцияларын шетелдік жеке және (немесе) заңды тұлғаларға, сондай-ақ шетел қатысатын ұйымдарға беруге тыйым салынады.

### **230-бап. Жолаушыларды, қол жүгін және багажды тексеру**

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына, кеден органдарына, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметіне Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген олардың құзыретінің шегінде және пайдаланушыларға қол жүгін, багажды, почталық жөнелтілімдерді, борттық тағамды, әуе кемесінің экипажын тексеру және әуе кемелеріндегі жолаушылардың жеке бастарын тексеру құқығы беріледі.

Тексеруді осы мақсатқа арнайы тағайындалған адамдар әуежайда не әуе кемесінде жүргізеді.

Жолаушы тексеруден бас тартқан жағдайда тасымалдаушы ондай жолаушымен жасалған әуе тасымалы туралы шартты бұзуға құқылы.

Әуе кемесінде жүк тиелгеннен кейін барлық сыртқы есіктер жабылған сәттен бастап, жүкті түсіру үшін сол есіктердің кез келген біреуі ашылған сәтке дейін тексеру жолаушының келісуі-келіспеуіне қарамастан жүргізілуі мүмкін.

Тексеруді жүргізу ережесі мен тексеруге құқығы бар адамдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

### **231-бап. Тексерілуге жататын адамдар**

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен арнайы Тізбе бойынша мемлекеттің лауазымды адамдарын, сондай-ақ дипломатиялық иммунитетті пайдаланатын адамдарды қоспағанда, әуе кемесімен тасымалданатын әрбір адам тексеруден өткізіледі.

### **232-бап. Авиация қызметін реттейтін нормалар мен ережелердің бұзылғаны үшін жауапкершілік**

Авиация қызметін реттейтін нормалар мен ережелердің бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

## **12-параграф. Әуежайлар. Аэродромдар**

### **233-бап. Аэродромдар жіктемесі**

Аэродромдар, вертодромдар жіктемесі олардың пайдаланылуына, ұшып-қону алаңының мөлшерлеріне және олардың үстіңгі қабатының салмақ көтеру қабілеттілігіне қарай, сондай-ақ аэродромдардың ұшуларды қамтамасыз ететін байланысты және радиотехникалық құралдармен жабдықталуына қарай арнайы нормативтік құжаттармен анықталады.

Ұшып-қону алаңы беттерінің түріне қарай аэродромдар, вертодромдар жасанды жабылған, топырақты, қармен көмкерілген, мұзды және гидроаэродромдар, жүзіп жүретін баржалар мен кемелерде болуы мүмкін.

Авиацияның қандай түрлеріне тиесілігіне қарай аэродромдар азаматтық аэродромдар, мемлекеттік авиация аэродромдары және эксперименттік авиация аэродромдары, сондай-ақ бірге пайдалану және бірге базалау аэродромдары болып бөлінеді.

### **234-бап. Аэродромдар мен әуежайларға жер бөлу, құрылысын жүргізу және қайта жаңарту**

1. Аэродромдарға (әуежайларға) учаске таңдау, жер бөлу, жобалау, құрылысын жүргізу және қайта жаңарту Жер кодексіне, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға және гигиеналық нормативтеріне, сондай-ақ аэродромдар мен әуежайларға қойылатын құрылыс нормалары мен ережелерін, талаптарды, стандарттар мен ұсыныстарды реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

2. Аэродромдарға (әуежайларға) учаске таңдау, құрылысын жүргізу, қайта жаңарту,

жөндеу және пайдалану кезінде мердігер мен пайдаланушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі нормаларды, ережелерді және процедураларды орындауға міндетті

### **235-бап. Әуежайды (аэродромды) пайдаланушы**

Әуежайды (аэродромды) меншік құқымен не өзге заң негіздерімен пайдаланатын Қазақстан Республикасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес басқа мемлекеттің заңды және жеке тұлғалары әуежайды (аэродромды) пайдаланушы деп аталады.

Акционерлік қоғам нысанындағы заңды тұлға ғана халықаралық рейстерге қызмет көрсететін әуежай (аэродром) пайдаланушысы бола алады.

### **236-бап. Әуежай қызметі**

Әуежай қызметінің негізгі түрлерінің құрамына:

1) азаматтық әуе кемелерін, жолаушыларды қабылдау, шығару және оларға қызмет көрсету, багажды, жүкті, почтаны өңдеу, оларды тексеріп қарау және бақылау;

2) аэродром, әуежай, аэронавигация объектілерін күтіп ұстау, жөндеу және п а й д а л а н у ;

3) әуежайдың авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бақыланатын аймақта бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету және олардың өртке қарсы қызметін қ а м т а м а с ы з е т у ;

4) азаматтық әуе кемелерінің ұшуын жарық түсіру-техникалық қамтамасыз ету және әуежай, аэродром, аэронавигация объектілерін энергиямен жабдықтау;

5) азаматтық әуе кемелерін, әуежай объектілері мен қызметтерін жанар-жағармай материалдарымен және арнаулы сұйықтықтармен қамтамасыз ету, олардың сапасын б а қ ы л а у ;

6) азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға және басқа тұтынушыларға арнаулы автокөлік құралдарын беру ;

7) әуежайлар мен азаматтық әуе кемелерінде жолаушылар мен экипаждарды тағаммен қ а м т а м а с ы з е т у ;

8) жолаушыларға, экипаждарға, халыққа азаматтық авиация саласындағы қажетті деректер жөнінде ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету кіреді.

Әуежай қызметінің құрамына негізгілерімен технологиялық байланысты және негізгілерімен технологиялық байланысты емес, табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес әуежайлардың функционалды қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті қызметтің басқа да түрлері кіруі мүмкін.

### **237-бап. Аэродромды пайдалануға қосу**

Аэродромдарды пайдалануға қосу үшін оның аэродромдарды пайдалануға жарамдылық нормаларына сәйкестігі және әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін



қамтамасыз ететіндігі анықталуы тиіс.

Пайдаланушы аэродромның, жарамдылығы туралы сертификат (куәлік) және мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алғаннан кейін аэродром пайдалануға қосылады.

### **238-бап. Аэродромдарды сертификаттау және тіркеу**

Барлық жіктелетін аэродромдар сертификаттауға жатады.

Азаматтық және эксперименттік авиация аэродромдары үшін сертификаттау, тіркеу, аэродромдардың пайдалануға жарамдылығының сертификаттарын және тіркеу туралы куәліктерін беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі, мемлекеттік авиация аэродромдары үшін қорғаныс саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

Пайдаланудың барлық кезеңінде осы аэродромның пайдалануға жарамдылығына сертификат алу үшін белгіленген талаптарға аэродромның сәйкестігін қамтамасыз ету аэродром пайдаланушысына жүктеледі.

### **239-бап. Әуе кемелерінің ұшуына аэродромдық қызмет көрсету**

Қоғамдық пайдаланыс үшін ашық тұратын азаматтық аэродромдар (әуежайлар) барлық әуе кемелеріне біркелкі жағдайда қызмет көрсетілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Аталған біркелкі жағдайлар - байланыс құралдарын пайдалануға, ұшу мен әуе қозғалысын басқаруды радиотехникалық қамтамасыз етуге, метеорологиялық қызмет көрсетуге, күзетілетін тұрақ орындарын, жанармай құйылуын, техникалық қызмет көрсетілуін, ұшу мен қызмет көрсетудің және басқа түрлерін қамтамасыз етуге қатысты ж ә й т т е р .

Аталған аэродромдар (әуежайлар) ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін техникалық және метеорологиялық жағдайлар бойынша ғана жұмыс уақытының мәлімделген сағаттарында әуе кемелерін қабылдау және ұшыру үшін жабық болуы мүмкін.

### **240-бап. Аэродромдарды бірлесіп пайдалану**

Азаматтық, мемлекеттік және эксперименттік авиация аэродромдарын, сондай-ақ әуежайларды әуе кеңістігін әртүрлі пайдаланушылармен, соның ішінде қосалқы аэродромдар ретінде бірлесіп пайдалану Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

### **241-бап. Аэродромдар мен әуежайларды жою немесе көшіру**

Аэродромдар мен әуежайларды жою немесе басқа жерге көшіру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шарттар мен тәртіпте меншік иесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

## **12-тарау. Ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік басқару және реттеу**

### **1-параграф. Ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері**

**242-бап. Ішкі су көлігі саласындағы реттеу және бақылау мәселелері жөніндегі уәкілетті органның құзыреті**

1. Уәкілетті органның құзыретіне:

1) ішкі су жолдарын және ішкі су көлігін дамыту жөніндегі тұжырымдамалар мен

бағдарламаларды

әзірлеу;

2) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, жеке және заңды тұлғалардың ішкі су көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заң актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауын бақылауды ұйымдастыру;

3) ішкі су жолдарының кеме қатынай алатын жағдайда болуын қамтамасыз ету және шлюздерді күтіп ұстау;

4) Мемлекеттік кеме тізілімі мен кеме кітабының нысандарын бекіту;

5) лоцмандық қызмет және Қазақстан Республикасының ішкі су жолдары бойынша лоцмандық алып өту туралы ережені бекіту;

6) міндетті түрде лоцмандық алып өтуге жататын ішкі су жолдары учаскелерінің, кемелер түрлері мен көлемдерінің тізбесін бекіту;

7) кемелер экипаждарының ең аз құрамы туралы талаптарды белгілеу;

8) кеме капитанына қойылатын біліктілік талаптарын және оны аттестациялау тәртібін айқындау;

9) киім нысаны үлгілерін (погонсыз) және айырым белгілерін, нысанды киім киіп жүру тәртібін, онымен қамтамасыз ету нормаларын және оларды киіп жүру құқығы бар мемлекеттік бақылау қызметкерлері лауазымдарының (мамандықтарының) тізбесін бекіту;

10) өзен портының капитаны туралы ережені бекіту;

11) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өзен портындағы қызметті ұйымдастыру мен реттеу мақсатында өзен порты капитанының кемелерді қадағалауды жүзеге асыру тәртібін айқындау;

12) кемелердің өзен портына кіруін және олардың өзен портынан шығуын жүзеге асырудың, кемелердің өзен портының акваториясы шегінде жүзуі мен портта тоқтап тұруының тәртібін белгілеу, сондай-ақ тасымалдаушылардың технологиялық байланысты пайдалануы;

13) жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау тәртібін айқындау;

14) кемелер қозғалысын диспетчерлік реттеу;

15) кемелердің және өзге де жүзу объектілерінің айлаққа келуі, арқандап байлануы және тоқтап тұруына арналған уақытша құрылғылар мен жүзбелі құрылғыларды орналастыру, жолаушыларды кемелерге отырғызу және кемелерден түсіру, жүктерді тиеу түсіру және сақтау тәртібін айқындау;

16) суға кеткен мүлікті көтерудің тәртібі мен мерзімдерін айқындау;

17) ішкі су көлігі саласында туындайтын қатынастарды реттейтін заңнамалық актілерді әзірлеу және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын бекіту;

18) өз құзыреті шегінде ішкі су көлігі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысу және халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру;

- 19) кеме қатынасы гидротехникалық құрылыстарын пайдаланудың қауіпсіздігіне бақылау жасауды және қадағалауды жүзеге асыру ережесін бекіту;
- 20) кеме қатынасы гидротехникалық құрылыстарын жоспарлау-алдын алу жөндеуін жүргізуге нұсқаулық бекіту;
- 21) кеме қатынасы гидротехникалық құрылыстарын күрделі жөндеудің тәртібі туралы нұсқаулық бекіту;
- 22) кеме қатынасы гидротехникалық құрылыстары мен арналарды инспекторлық қарап тексеруді жүргізу туралы нұсқаулық бекіту;
- 23) Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарының шлюздері арқылы кемелер мен құрамдарды өткізу ережелерін бекіту;
- 24) кеме қатынасы гидротехникалық құрылыстарын пайдалану кезінде еңбек қауіпсіздігі ережелерін бекіту;
- 25) кемелерді атау тәртібін бекіту;
- 26) ішкі су жолдарында кемелердің көліктік оқиғаларын тексеру, жіктеу және есепке алу ережелерін бекіту;
- 27) зерттеу арналық жұмыстарын жүргізу кезінде еңбек қауіпсіздігі ережелерін бекіту ;
- 28) ішкі су қатынасы соның ішінде аралас "өзен-теңіз" қатынасы кемелерінің командалық құрамын аттестациялауды жүргізу;
- 29) ішкі су қатынасында кемелер қозғалысын диспетчерлік реттеу ережелерін бекіту ;
- 30) дипломдар мен куәліктердің үлгілерін бекіту;
- 31) табиғи монополиялар салаларында қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органмен келісу арқылы порттың көрсететін қызметтеріне кіретін операциялар тізбесін бекіту;
- 32) ішкі су көлігі саласында техникалық регламенттерді әзірлеу;
- 33) міндетті түрде лоцмандық алып өтуге жататын ішкі су жолдары учаскелерінің, кемелердің үлгілері мен көлемдерінің тізбелерін бекіту;
- 34) кеме қатынасының қауіпсіздігіне бақылау жасауды қамтамасыз ету;
- 35) өз құзыреті шегінде ішкі су көлігі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысу және халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру ;
- 36) ішкі су көлігі саласындағы қызметті реттейтін заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу жөніндегі ұсыныстарды дайындау және енгізу ;
- 37) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес ішкі су көлігі саласындағы жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау;
- 38) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын беру және кемеңі шет ел мемлекетінің туының астына уақытша ауыстыру туралы шешімді

қ а б ы л д а у ;

39) кемеңі атау немесе атын өзгерту туралы шешім қабылдау;

40) кемелерді, соның ішінде салынып жатқандарын және оларға иелік ету құқығын т і р к е у ;

41) Мемлекеттік кеме тізілімі мен кеме кітабының нысандарын бекіту;

42) Қазақстан Республикасы мемлекеттік кеме тізілімінде тіркеуге жататын ішкі су қатынасы кемелері экипажы мүшелеріне диплом, сондай-ақ Өзенші паспорттарын беру;

43) ішкі, соның ішінде аралас "өзен-теңіз" қатынасы кемелерінің командалық құрамын аттестациялауды жүргізу;

44) Қазақстан Республикасының акваторияларында ішкі су қатынасы кемелерімен көліктік оқиғаларды ведомстволық тексеру, оларды жіктеу және есепке алу;

45) ішкі су жолдарында орналасқан ішкі су қатынасы кемелерінің және өзге де жүзу объектілері мен құрылыстарының ішкі су көлігі саласындағы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестілігіне тексеру жүргізу;

46) ішкі су көлігі саласындағы техникалық регламенттің талаптарына сай келмейтін кемелерді және өзге де жүзу объектілерін ұстау;

47) кеме қатынасы қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына жүктердің сақталуына қатер төнген кезде кемелердің және өзге де жүзу объектілерінің қозғалысын тоқтата тұру және оған тыйым салу;

48) кеме құжаттарын беру;

49) кіші көлемді кемелерді басқару құқығына куәліктер беру;

50) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен ішкі су көлігінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара әрекеттесу;

51) кемедегі кеме құжаттарының болуын тексеру;

52) кемелерге мемлекеттік борт нөмірін беру;

53) жеке және заңды тұлғалардан уәкілетті органның құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша қажетті ақпаратты, материалдарды, анықтамалық деректерді с ұ р а т у ;

54) су қатынасы су жолдарын пайдаланғаны үшін ақы, көлік құралдарын, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және онымен мәміле үшін алым алуды, жылжитын мүліктің кепілі және кемеңі немесе салынып жатқан кемеңі ипотекасын қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасын орындау жатады.

## **2-параграф. Кеме қатынасының қауіпсіздігі**

### **243-бап. Жалпы ережелер**

1. Кеме қатынасы процесімен байланысты ішкі су қатынасы кемелері, ішкі су жолдарындағы өзен порттары, жағалаулық объектілер мен құрылыстар қауіптілігі жоғары аймақтар болып табылады және ішкі су көлігінің қызметін реттейтін

нормативтік құқықтық актілердің талаптарына жауап беруі тиіс.

2. Ішкі су жолдарындағы кеме қатынасы уәкілетті орган бекіткен жалпы және жергілікті жүзу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Кемелер олардың тағайындалуы мен жіктелуіне сәйкес пайдаланылуы тиіс, оларда кеме құжаттары, соның ішінде класы көрсетілген жүзуге жарамдылығы туралы куәлігі және кеме қатынасы тіркелімі жасайтын және беретін басқа құжаттар болуы т и і с .

Кемені класы көрсетілген жүзуге жарамдылығы туралы куәлігінсіз және басқа кеме құжаттарынсыз пайдалануға тыйым салынады.

4. Кемеді класы көрсетілген жүзуге жарамдылығы туралы куәліктің және осы Кодекспен көзделген басқа кеме құжаттардың, сондай-ақ олардың әрекет ету мерзімдерінің болуына уәкілетті орган бақылау жасайды.

5. Тасымалдау процесіне қатысушылар адамның өмірі мен денсаулығы, қоршаған орта үшін қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген қауіпсіздік талаптарын сақтауға міндетті.

Ішкі су көлігі саласында әрекетті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар адамның өмірі мен денсаулығы, жолаушылардың жүруі үшін қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етуге, сондай-ақ кеме қатынасының қауіпсіздігінің талаптарын сақтауға м і н д е т т і .

6. Кеме қатынасының қауіпсіздігі адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауға, ішкі су көлігі саласында авариясыз жұмыс жағдайларын жасауға, ішкі су жолдарын кеме қатынасы жағдайында, кемелерді, ішкі су жолдарындағы порттарды, жағалаулық объектілерді және құрылыстарды техникалық жарамды жағдайда күтіп ұстауға, сондай-ақ кемелердің аварияларының алдын алуға бағытталған ұйымдастыру және техникалық іс-шаралар кешенін орындаумен қамтамасыз етіледі.

7. Кемені кеме қатынасы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес жүзеге дайындау кеменің меншік иесінің және (немесе) кеме иесінің міндеті болып табылады.

8. Ішкі су көлігі саласындағы техникалық реттеу объектілері:

1) ішкі су көлігі кемелері, ішкі су жолдарындағы, порттар, жағалаулық объектілер ж ә н е қ ұ р ы л ы с т а р ;

2) ішкі су көлігі кемелерін, ішкі су жолдарындағы, порттарды, жағалаулық объектілерді және құрылыстарды жасау (жасау, жөндеу, жетілдіру);

3) ішкі су көлігі кемелерін, порттарды пайдалану;

4) ішкі су көлігі кемелерін сақтау;

5) ішкі су көлігі кемелерін тасымалдау және тіркеп сүйрету;

6) ішкі су көлігі кемелерін жою және кәдеге жарату болып табылады.

9. Қауіпті жүктерді жөнелтуші және алушы - жүк жөнелтуші, жүк алушы, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдауды орындайтын тасымалдаушы олардың тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, авариялық жағдайлардың туындауын болдырмау және (

немесе) олардың зардаптарын жою үшін қажетті құралдар мен икемді бөлімшелердің болуын қамтамасыз етуге (оның ішінде тасымалдау шарты бойынша) міндетті.

Қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде авариялық жағдай туындаған кезде тасымалдаушылар, жүк жөнелтушілер, жүк алушылар аталған бөлімшелердің оқиға болған жерге дереу жіберілуін қамтамасыз етуге міндетті.

10. Ішкі су көлігі кемелерін, ішкі су жолдарындағы порттарды, жағалаулық объектілер мен құрылыстарды жасау (жасау, жөндеу, қайта жаңарту) кезінде олардың жобалау құжаттамасының және ішкі су көлігінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз ету қажет.

11. Ішкі су көлігі кемелерін, ішкі су жолдарындағы порттарды, жағалаулық объектілер мен құрылыстарды жасау (жасау, жөндеу, қайта жаңарту) кезінде жасаушы жобалау құжаттамасы белгілеген қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі барлық шаралар кешенін орындауға және ішкі су көлігінің қауіпсіздігі осыларға байланысты барлық технологиялық операциялардың орындалуына бақылау жасау мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

12. Егер ішкі су көлігінің кемелерін, порттарын, жағалаулық объектілер мен құрылыстарды жасау процесінде немесе одан кейін қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сынаулар жүргізу қажет болса, олар жобалау құжаттамасының барлық талаптарын орындай отырып толық көлемде жүргізілуі тиіс.

13. Әр кеме корпусқа салынатын бірдейлендіру нөмірімен таңбалануы тиіс. Таңба көрінетін, анық көрінетін және шайылып кетпейтін болуы тиіс.

14. Кеме бортынан құлаудың барынша аз болуын және борт сыртына құлаған адамдарды құтқаруды қамтамасыз ететіндей жасалуы тиіс.

15. Негізгі рульдік басқарудың орнын айнала шолу қамтамасыз етілуі тиіс.

16. Кеме өрт пен суға бату қатеріне назар аударылатын пайдалану жөніндегі басшылықпен жабдықталуы тиіс.

17. Ішкі су қатынасы кемелерін жасау кезінде жасаушы жобалау құжаттамасымен көзделген қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін орындауы және кеме жасау барысына Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық қадағалауын қамтамасыз етуі тиіс.

Кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, ішкі су қатынасы кемелері жасалғаннан кейін жобалау құжаттамасының барлық талаптарын орындау арқылы жүру сынауларынан өтеді.

18. Механизмдер мен бөлшектерді жасауға кететін немесе кемелерді және жүзетін объектілерді жасау немесе жөндеу кезінде қолданылатын барлық материалдарға, жинақтық жабдықтар мен бұйымдарға сертификаттардың Кеме қатынасы тіркелімінің ережелерінің және стандарттардың талаптарына сәйкестілігін растайтын немесе құжаттардың болуы тиіс.

19. Кеме жасау өнімдері және кемелерді жөндеу жөніндегі қызметті жүзеге

асыратын заңды және жеке тұлғалардың Кеме қатынасы тіркелімі беретін сәйкестілік қ ұ ж а т ы н ы ң б о л у ы қ а ж е т .

20 . К е м е , е г е р о л :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген кеме қатынасы қауіпсіздігін, оның ішінде экологиялық және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар талаптарына сай болған;

2) кеме қатынасы жағдайында және шлюздерді күтіп ұстау;

3) кеме экипажының саны ол жүзуге шығатын күнгі кеме экипажының ең аз құрамы туралы белгіленген талаптардан кем болмаған жағдайларда жүзуге жіберіледі.

21. Кеменің меншік иесі және (немесе) кеме иесі:

1) кемелердің қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

2) кемелерді қауіпсіз пайдалануға жауапты адамды тағайындауға;

3) кеме қатынасы қауіпсіздігі талаптарына сәйкес кеме экипажы мүшелерінің, басқа да қызметкерлердің дағдыларын ұдайы жетілдіріп отыруға;

4) кеме экипажын жасақтауды қамтамасыз етуге және кемені осы Кодексте белгіленген кеме қатынасы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес техникалық жарамды к ү й д е ұ с т а п т ұ р у ғ а м і н д е т т і .

22. Уәкілетті органның кәсіпорындары кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету ү ш і н :

1) су жолдарын кеме қатынасы жағдайында қамтамасыз ету және шлюздерді күтіп ұстау бағдарламасы бойынша мемлекеттік тапсырысқа сәйкес ішкі су жолдарын күтіп ұ с т а у д ы ;

2) кемелерді және өзге де жүзу объектілерін шлюз арқылы өткізуді жүзеге асыруға міндетті, бұл ретте мұндай іс-шаралар тасымалдаушының есебінен жүзеге асырылады.

23. Ішкі су жолдарында орналасқан гидротехникалық және басқа да құрылыстардың иелері тиісті шаралар қолдану үшін кеме қатынасы қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайдың туындағаны туралы көліктік бақылау органдарын дер кезінде хабардар е т у г е м і н д е т т і .

24. Уәкілетті орган кеме қатынасының қауіпсіздігі мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуші теңіз кемесіне немесе шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуші кемеге ішкі су жолдарына кірген кезде ішкі су жолдарымен жүзетін кемелермен бірдей негіздерде тексеру жүргізуге құқылы.

#### **244-бап. Кемелерді техникалық қадағалау және жіктеу**

1. Кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамдардың өмірін және денсаулығын, қоршаған ортаны қорғау мақсатында кеме қатынасы процесіне қатысушы барлық кемелер мен объектілер өздерінің тиесілігі мен меншіктілік нысанына қарамай техникалық қадағалауға және куәландыруға жатады.

Су көлігі саласында техникалық реттеуді, соның ішінде кемелерді техникалық қадағалауды, кемелерді жіктеуді және куәландыруды Кеме қатынасы тіркелімі жүзеге

а с ы р а д ы .

2. Ішкі су жолдарында пайдалануға арналған ішкі суларда жүзетін кемелер және "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелер олардың кімге тиесілігі мен меншік нысанына қарамастан, кемелерді техникалық қадағалау мен жіктеуге жатады.

3. Кеме қатынасы тіркелімі Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін, осыларға сәйкес техникалық қадағалау жүзеге асырылатын және мыналардан:

Ішкі және аралас "өзен-теңіз" қатынасында жүзетін кемелерді жіктеу туралы е р е ж е д е н ;

Кемелерді пайдалануда куәландыру ережелерінен;

Кемелерді жасау, пайдалану, жөндеу және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық қадағалау ережелерінен;

Ішкі су қатынасы кемелерін жіктеу және жасау ережелерінен;

Аралас "өзен-теңіз" қатынасында жүзетін кемелерді жіктеу және жасау е р е ж е л е р і н е н ;

Кемелердің экологиялық қауіпсіздігі ережелерінен тұратын Кеме қатынасы тіркелімінің ережелерін әзірлейді.

4. Кеме қатынасы тіркелімі, тұлғалар осы баптың 3-тармағында көзделген ережелерді орындамаған кезде, кемелерді, кеме тетіктерін, құрылғылар мен техникалық құралдарды пайдалануға тыйым салуға, сондай-ақ кемелерді пайдалануға рұқсат ететін құжаттарды беруден бас тартуға немесе бұрын берілгендерінің күшін жоюға құқылы.

#### **245-бап. Кемелерді пайдалану қауіпсіздігін бақылау**

Ішкі су жолдарында ішкі суда жүзіп жүрген өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін кемелердің, ішкі су жолдарында пайдаланылатын жолаушылар, серуендік, спорттық және құйып тасымалдау кемелерінің, паромды өткелдер мен басқа да жүзу объектілерінің, соның ішінде шағын көлемді флоттың пайдаланылу қауіпсіздігін, олардың қозғалтқыштарының түріне, бас қозғалтқыштарының қуатына және мұндай кемелердің сыйымдылығына қарамастан, бақылауды уәкілетті орган:

1) ішкі су жолдарында кемелер, соның ішінде шағын көлемді кемелер ұшыраған көлік оқиғаларын уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес тексеру, жіктеу және е с е п к е а л у ;

2) кеме қатынасының су жолдарын және навигациялық жабдықтар құралдарын тиісінше күтіп ұстауды бақылау;

3) ішкі су жолдарында орналасқан кемелердің (соның ішінде шағын көлемділерінің) және өзге жүзетін объектілердің олардың осы Кодекстің 253-бабының талаптарына с ә й к е с т і л і г і н т е к с е р у ;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген талаптарға сай келмейтін кемелерді (соның ішінде шағын көлемділерін) және өзге жүзетін объектілерді ұстау;

5) кеме қатынасы қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің



сақталуына қатер пайда болған жағдайда кемелердің (соның ішінде шағын көлемділерінің) және өзге жүзетін объектілердің қозғалысын тоқтату және тыйым салу;

ішкі су жолдарында кеме қатынасын жүзеге асыратын кеме иелерінің, кеме экипаждары мүшелерінің, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын орындауына бақылау жасау;

7) кемелерді мемлекеттік тіркеу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылатын кемелерді (соның ішінде шағын көлемділерді) және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу және тиісті құжаттарды беру;

8) уәкілетті орган бекіткен кемелердің командалық құрамындағы адамдарды аттестациядан өткізу ережелеріне сәйкес кемелердің командалық құрамындағы адамдарды аттестациядан өткізу. Кемелердің командалық құрамындағы адамдарды аттестациядан өткізу әр үш жыл өткеннен кейін жүргізіледі. Кезекті аттестация өткізілетін жылы тиісті мамандық бойынша оқу орнын бітірген, сондай-ақ сол жылы диплом алған адамдар аттестациядан босатылады;

9) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен кеме экипаждарының мүшелеріне дипломдау ережелеріне сәйкес кемелердің командалық құрамындағы адамдарды дипломдау. Дипломдауға уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

еркін нысандағы өтінішті;

жеке куәлікті немесе төлқұжатты;

жоғары немесе орта кәсіптік білімі туралы (диплом) құжатты;

жүзу стажын растайтын құжатты;

кемедегі жұмысқа жарамдылығы туралы медициналық комиссияның қорытындысын бере отырып тиісті білімі бар адамдар жіберіледі.

Дипломдау туралы өтінішті уәкілетті орган отыз күн ішінде қарайды.

Берілген құжаттардың кеме экипаждарының мүшелеріне дипломдау ережелеріне сәйкес келмеген жағдайында ол туралы құжаттарды беру мезетінен жеті күннен кешіктірмей жазбаша хабар беріледі.

10) ішкі су көлігінің (соның ішінде шағын көлемді кемелердің) қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің анықталған бұзушылықтарын жою туралы ұйғарым беру;

11) міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тасымалдаушының жолаушылардың алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін көрсететін міндетті сақтандыру шартын тасымалдаушының жасауына бақылау жасау;

12) ішкі су көлігінде қызметті жүзеге асыру кезінде жеке және заңды тұлғалардың лицензиялық ережелерді сақтауына бақылау жасау;

13) кемелердің, соның ішінде шағын көлемділерінің және шағын көлемді кемелерге

- арналған база-тұрақтардың техникалық бақылауын жүргізу;
- 14) өзінің құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттардың талаптарын сақтауға бақылау жасау;
- 15) шағын көлемді кемелерге мемлекеттік тіркеу нөмірлерін беру;
- 16) шағын көлемді кемелерді қайта тіркеуді жүргізу;
- 17) мекенжайының, тиесілігі мәні (иесінің), қайта жабдықтау салдарынан кеменің техникалық деректерінің өзгерген жағдайда шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін дайындау жөніндегі курстарды ұйымдастыру;
- 18) шағын көлемді кемелерді басқару құқығына куәліктер беру;
- 19) шағын көлемді кемелерге арналған база-тұрақтарды мемлекеттік есебін жүргізу және пайдалануға рұқсаттар беру;
- 20) шағын көлемді көлік мәселелері бойынша сараптауларға қатысу үшін қатысты мамандарды тарту;
- 21) шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін алкогольді, нашақорлық, токсикоманиялық мас күйінде басқарудан аластау және оларды медициналық куәландыруға жіберу;
- 22) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер жүргізуді жүзеге асыру арқылы жүзеге асырады.

#### **246-бап. Кемелерді уәкілетті органдардың тексеруі**

1. Кемелерді тексеру кеме (оның мемлекеттік тіркелуіне қарамай) мен экипаждың, ішкі су көлігінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатымен жүргізіледі. Кемелерді тексеру тұрақта және жүріс кезінде капитанның немесе штурманның (капитанның аға көмекшісінің) және шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушісінің қатысуымен жүргізіледі.

Ішкі су қатынасы кемелерін навигацияаралық кезеңнен кейін, ал аралас "өзен-теңіз" кемелерін теңізде пайдаланғаннан кейін - ішкі су жолдарына кіреберіс кезінде тексеру жүргізіледі.

Кемелерді бақылаулық тексеру навигация кезінде айына кем дегенде бір рет немесе көлік оқиғалары болған кезде жүргізіледі.

2. Өздігінен жүретін кемелерді тексеру кезінде:

- 1) кеме құжаттары (бар болуы, қолдану мерзімдері, оларды жүргізу тәртібі);
  - 2) штаттық кесте және кемені пайдалану режимі және экипаж жұмысы туралы кеме иесінің бұрынғы (немесе басқа құжат);
  - 3) ішкі су жолдарының навигациялық карталары;
  - 4) адамдарды құтқарудың вахталық, штурмандық, жалпы кемелік қызметін ұйымдастыру жөніндегі кеме елшілік құжаттама (бар болуы, жүргізу сапасы):  
вахталар кестесі;
- дабылдар бойынша кестелер және экипаж мүшелерінің жеке карточкалары;

ауа-райы болжамдарының журналы (жинақ);  
жол ақпаратының және кеме жүргізушілеріне хабар беру журналы (жинақ);  
магнитті компастың девиациясы таблицасы (кеме жүргізу компастың көмегімен жүргізілетін ішкі су жолдарында);  
кеменің маневрлік элементтерінің таблицасы;  
адамның борт сыртына құлауы кезіндегі маневрлеу схемасы;  
радиолокациялық станциялардың көлеңкелік секторларының схемасы (радиолокациялық станциясы бар кемеде);

5) Мемлекеттік тудың, трубадағы таңбасының, борттардағы кеменің атауының және тіркеу нөмірлерінің, корпусында жүк таңбасының бар болуы және күйі;

6) кеменің (құрамның) жүзу ауданының разрядтарына және шарттарына, құрамдарды қалыптастырудың үлгілік схемаларына және жол габариттеріне сәйкестілігі;

7) жолаушылар сыйымдылығының және жүк көтерімділігінің, су үстіндегі борттың биіктігі нормаларын (жүк таңбасы бойынша) сақтау, кемені басқару қосынынан көруді қамтамасыз ету;

8) жарық, көру және дыбыс сигнализациясының бар болуы және жұмыс істеуі;

9) өзен кеме қатынасының нормалары бойынша навигациялық, штурмандық және электр навигациялық приборлардың бар болуы және жұмыс істеуі;

10) ұжымдық және жеке құтқару құралдарының, пиротехниканың, авариялық жабдықтаудың Кеме қатынасы тіркелімінің ережелеріне сәйкес болуы, оларды таңбалаудың, орналасуының және сақталуының дұрыстығы;

11) экипажды штаттық кестеге және ішкі және аралас "өзен-теңіз" қатынасы кемелері экипаждарының ең аз құрамы туралы ережеге сәйкес экипаждың толықтырылуы;

12) командалық және қатардағы жауынгерлер құрамда дипломдардың (біліктілік куәліктердің) және тиісті лауазымдардың, дипломға бақылаулық талондарының, аттестациялар туралы анықтамалардың бар болуы;

13) ағымдағы және алдындағы рейстерде (вахталық журналдағы жазбалар бойынша) құрамдарды құрастырудың үлгі схемаларын, жолаушылар сыйымдылығы нормалары мен жүк көтерімділік нормаларын, қатынастың аудандары мен жағдайлары бойынша шектеулерді және тіркелімдік құжаттарда көрсетілген басқа да талаптарды, вахтада тұру режимдерін, руль құрылғысының жұмыс істемей қалған кезіндегі әрекеттер бойынша оқу дабылдары мен жаттығуларын жүргізу кезеңділігін сақтау;

14) руль құрылғысының жұмыс істемей қалған кезінде экипаж мүшелерінің дабыл бойынша әрекет ете білуі;

15) ағымдағы навигацияда уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері қызметкерлерінің ұйғарымдарын орындауы тексеруге жатады.

3. Тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің

қызметкері анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтардың тізбесін және ескертулерді жою мерзімдерін көрсете отырып акт жасайды. Кеме құжаттарының болмауы кезінде және қатынастың қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайларда уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкері кемеменің қозғалысына тыйым салу туралы шешім қабылдайды, ол туралы кеме капитаны кеме иесіне х а б а р б е р е д і .

Тексеру актісі екі данада жасалады және оған уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкері мен капитан (немесе капитанның аға көмекшісі) қол қояды. Капитан (немесе капитанның аға көмекшісі) актіге қол қоядан бас тартқан жағдайда бас тартудың себебін көрсете отырып актіге жазылады.

Актінің бірінші данасы - кемеде, екіншісі - уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде кеме ісінде сақталады.

Уәкілетті органның кемемені тексерген қызметкерлері кемемені тексеру жөніндегі актідегі жазбалардың дұрыстығы үшін жауапты болады.

#### **247-бап. Кеме қатынасы қауіпсіздігінің және өзен портындағы тәртіптің қамтамасыз етілуін бақылау**

Кеме қатынасы қауіпсіздігінің және өзен портындағы тәртіптің қамтамасыз етілуін, оның ішінде шетел кемелерінің кіруі үшін ашық портта, сондай-ақ өзен сағасында орналасқан өзен портында Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының, Қазақстан Республикасының сауда мақсатында Өзенде жүзу туралы заңнамасының сақталуын қадағалауды өзен порты капитаны уәкілетті орган бекіткен өзен порты капитаны туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

#### **248-бап. Қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында мемлекеттік бақылау**

1. Кемелерді пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган жүзеге а с ы р а д ы .

2. Көліктік бақылау органы қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік уәкілетті органмен бірлесе отырып:

1) ішкі су жолдарында табиғатты қорғау мақсатындағы объектілердің қызмет аймағында олардың орналасуы мен жұмыс істеуін бақылауды;

2) кемеменің меншік иелеріне, кеме иелері мен кеме капитандарына қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ақпараттық қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

3. Ішкі су көлігінде санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың сақталуын қадағалауды халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

#### **249-бап. Кемемені лоцмандық алып өту**

1. Кемелерді лоцмандық алып өту ішкі су жолдарындағы кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және кемелер ұшырауы мүмкін көлік оқиғаларын

болғызбау                      мақсатында                      жүзеге                      асырылады.

Кемелерді лоцмандық алып өту жөніндегі қызметтер ақылы негізде көрсетіледі.

2. Лоцмандар ретінде жұмысқа лоцмандық қызмет туралы ережеде белгіленген талаптарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын кемелерді лоцмандық алып өту талаптарына сай болған жағдайда Қазақстан Республикасының а з а м а т т а р ы                      ж і б е р і л у і                      м ү м к і н .

3. Қажет болған жағдайда, кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында лоцман кемені лоцмандық алып өтуді кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мән-жайлар туындағанға дейін тоқтата тұруға құқылы.

4. Кемеде лоцманның болуы кеме капитанын кемені басқару жауапкершілігінен б о с а т п а й д ы .

Кеме капитаны кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында лоцман ұсыныстарының дұрыстығына күмәні болған жағдайда, оның қызмет көрсетуінен бас тартуға құқылы, бұл ретте, егер кемені лоцмандық алып өту міндетті болса, кеме капитаны мұндай лоцманды алмастыруды талап етуге міндетті.

5. Кеменің меншік иесіне және (немесе) кеме иесіне лоцманның кінәсінен келтірілген зиян үшін кеменің меншік иесіне және (немесе) кеме иесіне зиян келтірілген кезде лоцман жұмыс істейтін ұйым жауапты болады.

Егер лоцмандық алып өтуді тиісінше жүзеге асырмаудың салдарынан келтірілген залал лоцманның немесе лоцман жұмыс істейтін ұйымның қасақана немесе абайсызда жасаған әрекетінің (әрекетсіздігінің) салдарынан болғандығы дәлелденсе, лоцман немесе лоцман жұмыс істейтін ұйым толық көлемде жауапты болады.

Кемені лоцмандық алып өтуді тиісінше жүзеге асырмауға кінәлі лоцман кемелерді лоцмандық алып өту туралы ережелерде айқындалатын тәртіппен және жағдайларда м а м а н д ы ғы н а н                      а й ы р ы л у ы                      м ү м к і н .

6. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуші кеме ішкі су жолдарымен бүкіл жүзу жолында, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, міндетті түрде лоцмандық алып өтуге жатқызылады.

7. Кемені лоцмандық алып өту кезінде лоцман аумақтық бөлімшеге:

1) кеме қатынасы қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін кеме жолының кез келген ө з г е р і с т е р і ;

2) лоцмандық алып өтуді өзі жүзеге асырып отырған кеме және ішкі су жолдарында өзі қызмет көрсететін учаскеде басқа да кемелер ұшыраған кез келген оқиғалар;

3) лоцмандық алып өтуді өзі жүзеге асырып отырған кеменің капитаны кеменің жүзу ережелері мен ішкі су жолдарының кемелерден аққан сарқынды және құрамында мұнайы бар сулармен ластануын болғызбау ережелерін орындамауы туралы дереу х а б а р л а у ғ а                      м і н д е т т і .

8. Лоцмандық қызметтің жұмысын қадағалауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

9. Міндетті лоцмандық алып өтуге жататын ішкі су жолдары учаскелерінің,

кемелердің үлгілері мен көлемдерінің тізбесін мемлекеттік уәкілетті орган белгілейді.

10. Мемлекеттік лоцмандық қызмет және кемелерді лоцмандық алып өту жөніндегі мемлекеттік емес ұйым Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен лоцманның кінәсінен кеме иесіне келтірілген зиянның орнын толтыру жағдайында өзінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға міндетті.

### **250-бап. Кемелер қозғалысын шектеу немесе оған тыйым салу**

1. Табиғи және (немесе) техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың, әскери іс-қимылдар туындаған жағдайларда, сондай-ақ өзен порттарында жүктер мен кемелердің шамадан тыс шоғырлануы кезінде көліктік бақылау органы кеме қатынасы қауіпсіздігі, адамның денсаулығын және қоршаған ортаны сақтау, жүктердің сақталуы мақсатында өзен портының акваториясында кемелер қозғалысын шектеу немесе оларға тыйым салу туралы шешім қабылдауға құқылы, ол туралы мұндай шектеудің қолданылу мерзімдері жөнінде шешім қабылдайтын уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне дереу хабарлайды.

Кемелер қозғалысына бес күннен астам мерзімге шектеу енгізілген немесе тыйым салынған жағдайда уәкілетті орган ол жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметін дереу хабардар етеді.

2. Уәкілетті орган қабылданған шешім туралы кемелер қозғалысына шектеу енгізудің немесе тыйым салудың себептері мен мерзімдерін көрсете отырып, қауіпсіздікті және теңізде жүзуді қамтамасыз ету жөніндегі талаптар мен нормаларда белгіленген тәртіппен кеме иелерін және кеме жалға алушыларды хабардар етуге міндетті.

3. Қазақстан Республикасының Президентінің Күзет қызметі немесе ұлттық қауіпсіздік қызметі органдары күзет іс-шараларын жүргізу аймағында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен кемелер қозғалысын шектей алады.

### **3-параграф. Өзен портындағы мемлекеттік бақылау**

#### **251-бап. Өзен портының мемлекеттік әкімшілігі**

1. Өзен портының мемлекеттік әкімшілігі уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Мемлекеттік өзен порты әкімшінің құзыретіне:

1) өзен портының акваториясында кеме қатынасының қауіпсіздігін және өзен портындағы тәртіпті қамтамасыз етуге бақылау жасау;

2) кемелердің өзен портына кіру және олардың өзен портынан шығу тәртібі туралы талаптардың сақталуына бақылау жасау;

3) кемелердің портқа келуін және олардың порттан шығуын ресімдеу;

4) лоцмандық қызметті көрсету жұмысына бақылау жасау;

5) кемелерді лоцмандық алып өтуге бақылау жасау;

б) өзен портында құрылыс, гидротехникалық және өзге де жұмыстарды жүргізуге  
р ұ қ с а т т а р б е р у ;

7) порт құрылыстарының техникалық жағдайына және оларды пайдалануға бақылау  
ж а с а у ;

8) өзен портындағы өртке қарсы қауіпсіздікке бақылау жасау;

9) Өзенге батқан мүлікті көтеріп шығаруға рұқсаттар беру жатады.

### **252-бап Өзен портының капитаны**

1. Өзен портының капитаны өзен портының мемлекеттік әкімшілігін басқарады және өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2. Өзен портының капитаны қызметіне арнаулы жоғары білімі, капитан дипломы және порттың өзен әкімшілігінде кемінде үш жыл жұмыс стажы бар адам  
т а ғ а й ы н д а л а д ы .

3. Өзен портының капитанын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

4. Өзен портының капитаны өз құзыреті шегінде:

1) өзен портындағы барлық кемелерге, жеке және заңды тұлғаларға міндетті өкімдер шығаруға, соның ішінде өзен портының акваториясында және кіреберіс каналында кемелердің суға батып тұруының мөлшерлі шегін жариялауға;

2) төтенше оқиғалардың алдын алу және жою жөнінде шаралар қабылдауға;

3) өзен портында тұрған кемені өзен портының акваториясы шегінде апатқа ұшыраған адамдар мен кемелерді құтқару ісіне қатыстыру және өзен портындағы кемелердегі өрттерді жою үшін тартуға;

4) кемелердің міндетті түрде лоцмандық алып өтілуін белгілеуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда кемені  
қ а р а п т е к с е р у г е ;

б) кеменің өзен портынан шығуына рұқсат беруге кедергі жасайтын кемшіліктердің жойылуын тексеру мақсатында кемеге бақылаушылық тексеру жүргізуге;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге  
а с ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

### **5. Өзен портының капитаны:**

1) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен кемелерді қадағалауды, өзен портында қызметті ұйымдастыру және реттеуді жүзеге асыруға;

2) өзен портына кіретін және өзен портынан шығатын кемелерге және өзге жүзетін объектілерге бақылау жасауды жүзеге асыруға;

3) осы Кодексте белгіленген жағдайларда кемелердің өзен портынан шығуына рұқсат беруге немесе рұқсат беруден бас тартуға;

4) өзен порты акваториясының ластануының алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыруға;

5) қатерлі жүктерді тиеу (түсіру) кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтауға бақылау

ж а с а у д ы

ж ү з е г е

а с ы р у ғ а ;

б) кемелердегі қалдықтарды қабылдау және өңдеуді ұйымдастыруға;

7) уәкілетті органға өзен портындағы кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы статистикалық деректер беруге міндетті.

6. Шет мемлекеттердің кемелерінің кіруі және оларға қызмет көрсету үшін ашық өзен порттарында, сондай-ақ өзен сағаларында орналасқан өзен порттарында мемлекеттік бақылау уәкілетті органның шешімі бойынша өзен порты капитанына ж ү к т е л е д і .

7. Өзен портының капитаны өзінің қызметін Қазақстан Республикасының көліктік заңнамасына және уәкілетті орган бекіткен өзен портының капитаны туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

#### **4-параграф. Ішкі су жолдары**

##### **253-бап. Жалпы ережелер**

1. Ішкі су жолдары және оларда орналасқан кеме қатынасы үшін пайдаланылатын кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстары мемлекет меншігінде болады.

2. Қазақстан Республикасының шекаралық аймақ учаскелерін қоспағанда кемелердің ішкі су жолдарымен жүзу жағдайын навигациялық-гидрографиялық қамтамасыз етуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Кемелердің Қазақстан Республикасының шекаралық аймағы учаскелеріндегі ішкі су жолдарымен жүзу жағдайын навигациялық-гидрографиялық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен реттеледі.

4. Кеме қатынасы үшін ашық қолданыстағы ішкі су жолдарының тізбесін және оларды кеме қатынасы санатына жатқызу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

##### **254-бап. Ішкі су жолдарын күтіп ұстау**

1. Жол жұмыстарын, оның ішінде мемлекет меншігіндегі өзен порттарында рейдтер және осы порттардың айлақтарына кіреберістерді жасау мен күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізуді, сондай-ақ кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстарын күтіп ұстау уәкілетті органның кәсіпорындары мемлекеттік бюджеттің қаражатының, өз қызметінің кірістері есебінен, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған көздерден жүзеге а с ы р а д ы .

2. Өзен порттарына (осы баптың 1-тармағында көрсетілмегендеріне) кіреберістердегі, сондай-ақ тоқтау пункттеріндегі жол жұмыстарын жүргізуді олардың иелері уәкілетті органмен келісе отырып жүзеге асыруға міндетті.

3. Кемелерді және басқа да жүзу объектілерін жөндеу жылдың жаз және қыс мезгілінде тоқтауы, техникалық тексеруі мақсатында жайластырылған және жабдықталған, жер учаскесі мен жер үстіндегі су объектісінің акваториясы тоқтау п у н к т і б о л ы п т а б ы л а д ы .

4. Ішкі су жолдарын және олардағы кеме қатынасы гидротехникалық құрылыстарын



күтіп ұстау жөніндегі жұмыстар Қазақстан Республикасының су заңнамасына сәйкес жол жұмыстарын жүргізуге рұқсат бар болған кезде жүзеге асырылады.

5. Жол жұмыстарына түбін тереңдету, түзету, тралды, түбін тазарту, зерттеу және ішкі су жолдарында навигациялық жабдықты орнату және күтіп ұстау жөніндегі басқа да жұмыстар жатады.

### **255-бап. Ішкі су жолдарындағы акваторияларды, жағалау белдеулерін және жер учаскелерін пайдалану**

1. Қалалық елді мекендер аумағынан тысқары орналасқан ішкі су жолдары шегінде ішкі су жолдарының кеме қатынасына жарамды болуын қамтамасыз етумен байланысты жұмыстар үшін жер пайдалану құқығымен Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жағалау белдеуі беріледі.

#### **2. Уәкілетті органның кәсіпорындары:**

1) кеме қатынасын қамтамасыз ету және осы мақсаттарда құрылыстар мен ғимараттар тұрғызу жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін жағалау белдеуін пайдалануға ;

2) ішкі су-жолдарының жағалау белдеуіне навигациялық жабдықтар құралдарын о р н а т у ғ а ;

3) кеме қатынасының қауіпсіздігін, оның ішінде навигациялық жабдықтар құралдарының көрініп тұруын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ өзен арналары учаскелерін суретке түсіру кезінде геодезиялық негіздеме үшін жағалау белдеуінде өскен ағаштар мен бұталарды Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес к е с і п т а с т а у ғ а ;

4) навигациялық жабдықтардың жағалау құралдарын орнату және олардың көрініп тұруын қамтамасыз ету үшін ағаштарды кесу жұмыстарын жүргізу Қазақстан Республикасының орман және су заңнамасында белгіленген тәртіппен жағалау белдеуі шегінен тысқары жерлерде де жүргізуге;

5) осы тармақта көрсетілген жұмыстарды жүргізу үшін жағалау белдеуінің шегіндегі топырақты, тасты, қиыршық тастарды, ағаштар мен бұталарды пайдалануға қ ұ қ ы л ы .

#### **3. Көліктік бақылау органдары:**

1) кемелердің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің айлаққа келуіне, арқандап байлануына және тоқтап тұруына, жолаушыларды кемеге отырғызуға және кемеден түсіруге, жүктерді тиеуге, түсіруге және сақтауға арналған уақытша құрылғылар мен жүзбелі құрылыстар салуға;

2) кемелердің алдын ала болжанбаған қыстап қалуы немесе олардың көлік оқиғаларына ұшырауы жағдайларында уақытша құрылғылар мен құрылыстар салуға және басқа да қажетті жұмыстар жүргізуге рұқсат беруге құқылы.

4. Ішкі су жолдарының жағалау белдеуін уақытша жұмыстар жүргізу үшін пайдаланушы тұлғалар олар аяқталғаннан кейін жағалау белдеуін тазалауға және оны

ж а й л а с т ы р у ғ а

м і н д е т т і .

5. Ішкі су жолдарының жағалау белдеуіне, навигациялық шырақтарды қоспағанда, кеме жолына қарай бағытталған қандай да бір тұрақты шырақтар орнатуға тыйым салынды .

Уақытша шырақтарды орнату тек қана уәкілетті органның келісімі бойынша мұндай шырақтар кеме жүретін жол жағынан қоршалған жағдайда жүзеге асырылады.

6. Егер шаруашылық және өзге де қызметтің кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысы болмаса, мұндай қызметті жүзеге асыру үшін жағалау белдеуін пайдалануға жол берілмейді.

7. Жағалау белдеуінде орналастырылатын объектілер құрылысының немесе оларды қайта жаңарту жобалары міндетті түрде уәкілетті органмен келісілуі тиіс.

8. Су учаскелері кеме қатынасы мақсаттарында пайдаланылатын болса, мұндай учаскелерді балық аулау қажеттілігі үшін пайдалануға уәкілетті органның келісімі бойынша жол беріледі .

9. Жағалау белдеуі шегінде орналасқан жер учаскелерін бөлу және ішкі су жолдары акваториясынан учаскелер бөліп беру, оларда құрылғылар мен құрылыстар салу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен уәкілетті органның, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық тұрмыстық жағдайын жақсарту саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырылады.

10. Кемелердің және басқа да жүзу объектілерінің тоқтап тұруына, оларды жөндеуге, жасауға арналған жағалау белдеуі мен су акваториясына іргелес учаске уәкілетті орган кәсіпорнының пайдалануында болады.

11. Қазақстан Республикасы шекаралық аймақтары учаскелеріндегі ішкі су жолдарының жағалау белдеуін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің келісімі бойынша жүзеге асырылады.

12. Ішкі су жолдары шегіндегі акваторияда және жағалау белдеуінде ішкі су жолдары мен жағалау белдеуінің жай-күйіне теріс әсерін тигізетін және (немесе) оларды пайдалануға қиындық туғызатын қадағалаусыз кемелерді, құрылғылар мен құрылыстарды қалдырып кетуге тыйым салынады.

### **256-бап. Ішкі су жолдарында құрылыстар салу және оларды пайдалану**

1. Ішкі су жолдарында салынып жатқан жасанды құрылыстар (көпірлер, бөгеттер, айлақ құрылыстары, арналар, гидроэнергетика құрылғылары, су бетіндегі және су астындағы өту жолдары, байланыс және электр берілісінің желілері, құбырлар, су жинағыштар және басқа да гидротехникалық құрылыстар) салу мен пайдалану және оларды пайдалануға байланысты жүргізілетін жұмыстар, руда емес құрылыс материалдарын өндіру уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Ішкі су жолдарындағы құрылыстардың (оның ішінде салынып жатқан құрылыстардың) иелері уәкілетті органның келісімі бойынша өз есебінен навигациялық

жабдықтар құралдарын, оның ішінде жүзу жабдықтары мен өзге де жабдықтарды орнатуға, сондай-ақ кеме қатынасының қауіпсіздігі мақсатында олардың мемлекеттік стандарттар талаптарына сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Ішкі су жолдарында пайдаланылатын, сондай-ақ салынып жатқан көпірлердің және басқа да гидротехникалық құрылыстардың иелері уәкілетті органның келісімі бойынша :

1) кемелердің, салдардың және басқа да жүзу объектілерінің кедергісіз әрі қауіпсіз өткізілуін қамтамасыз етуге ;

2) өз есебінен олардың кіреберістерінде қажетті су түбін тереңдету және су түбін тазалау жұмыстарын жүргізуге ;

3) кемелердің қауіпсіз жүріп өтуі үшін қажетті құрылыстар мен құрылғыларды дайындауға орнатуға және күтіп ұстауға ;

4) көтерме көпірлер қанаттарын ашуға әрі көтеруге міндетті.

4. Гидроэлектрстанциялардың және ішкі су жолдарындағы су деңгейін реттеуші су қысымымен жұмыс істейтін басқа да гидротехникалық құрылыстардың иелері мұндай құрылыстардан жоғары және төмен учаскелерде кідіріссіз және қауіпсіз кеме қатынасы үшін қажетті, уәкілетті органмен келісілген су деңгейін ұстап тұруға міндетті.

5. Ішкі су жолдарындағы су деңгейін реттеуші құрылыстарды пайдалану уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырылады.

6. Кеме қатынасы үшін пайдаланылатын және бірнеше мемлекеттің аумағынан өтетін өзендердегі кепілдік берілетін тереңдік Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес белгіленеді.

## **5-параграф. Ішкі су көлігінің Кемесі**

### **257-бап. Кемені бірдейлендіру құралдары**

1. Кеменің атауының, тіркелімге алынған пунктiнiң, бiрдейлендiру нөмiрiнiң, шақыру сигналының және кеменің техникалық жарактандырылуына қарай кемедегі жерсеріктік байланыс станциясының бірдейлендіру нөмірі мен кеме станциясын іздеп шақыру нөмірінің болуы міндетті.

2. Кеменің атауын уәкілетті орган белгілеген тәртіппен оның меншік иесі береді.

3. Кеменің бірдейлендіру нөмірін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган береді.

4. Шақыру сигналы, кемедегі жерсеріктік байланыс станциясының бірдейлендіру нөмірі мен кеме станциясын іздеп шақыру нөмірі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен беріледі.

### **258-бап. Кеме құжаттары**

1. Ішкі су қатынастары кемелерінің Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында тіркелген және ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемеді олардың тізбесін, нысандарын, оларды беру және жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейтін кеме құжаттары :

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын және кемеге меншік құқығын растайтын кеме куәлігі;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын шет мемлекеттің кемесіне уақытша беру (жалға алынған шет мемлекеттің кеме тізілімінде тіркелген кемелер үшін) туралы куәлік;

3) кемеңің, оның класы немесе жіктеу куәлігі көрсетілген жүзуге дайындығы туралы куәлігі;

4) кеме журналы (вахталық журнал) (өздігінен жүретін кемелер үшін);

5) кеме ролі (өздігінен жүретін кемелер үшін) - кеме капитаны жасаған кеме экипажы мүшелерінің тізімі;

6) радиожурнал (егер кемеде кеме радиостанциясы болса);

7) кеме станциясының рұқсаты (егер кемеде кеме станциясы болса);

8) машина журналы (кеме экипажы мүшелері лауазымдарды қоса атқармай пайдаланатын механикалық қозғалтқыштары бар кемелер үшін);

9) бірыңғай кемеңің тексеру кітабы;

10) санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды және кемеңің санитарлық паспорты;

11) өрт куәлігі (тексеру актісі);

12) кемеңің мұнаймен, ағынды сулармен және қоқыспен ластаудың алдын алу туралы куәлік;

13) кеме экипажының барынша аз құрамы туралы куәлік болуға тиіс.

2. Көшірмесін кемеге меншік құқығы туралы куәлікті берген орган растауға немесе нотариус куәландыруға тиісті осындай куәлікті қоспағанда, кеме құжаттары кемеде түпнұсқа түрінде болуға тиіс.

3. Ішкі су қатынастары кемелерінің Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында тіркелген, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге байланысты кеме қатынасын жүзеге асыратын кемеде, осы баптың 1-тармағында көзделген құжаттардан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасында күшіне енген халықаралық шарттарда белгіленген құжаттар болуға тиіс.

4. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуші, ішкі су жолдарында кеме қатынасын жүзеге асыратын кемеде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасында күшіне енген халықаралық шарттарда белгіленген құжаттар болуға тиіс.

5. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуші әрі Қазақстан Республикасының өзен порттарына кіруші немесе ішкі су жолдарымен жүзіп өтуші кемеңің кеме құжаттарын тану Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасында күшіне енген халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

**259-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы**

1. Кемелердің ішкі су жолдарында тек қана Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуіне жол беріледі.
2. Кемелердің шет мемлекеттің туын көтеріп, оның ішінде ішкі су жолдары арқылы транзит мақсатында жүзуі Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың негізінде жүзеге асырылады.
3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы:
  - 1) мемлекеттің;
  - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының және мемлекеттік емес заңды тұлғаларының меншігіндегі кемелерге беріледі.
4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын пайдаланушы кеме Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туымен жүзуге міндетті.
5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы кеменің Ішкі су қатынастары кемелерінің Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабына мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап туындайды.
6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлікті көліктік бақылау органы береді.
7. Кемені жалға алынған шетелдік кемелер тізіліміне мемлекеттік тіркеу кезінде уәкілетті орган кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешімде көрсетілген мерзімге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлік береді.
8. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерден меншікке сатып алынған кеме Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын Қазақстан Республикасының консулдық қызметі мұндай құқықты растаған және кеме Ішкі су қатынастары кемелерінің Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында мемлекеттік тіркелгенге дейін күші болатын уақытша куәлік берген күннен бастап бір жылдан аспайтын мерзімде пайдаланады.
9. Кеменің меншік иесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда уәкілетті орган меншік иесінің өтініші бойынша оған аталған куәліктің дубликатын береді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәліктің дубликатын беру тәртібі кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелерімен белгіленеді.
10. Кеме Ішкі су қатынастары кемелерінің Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан шығарылған күннен бастап Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын жоғалтады.
11. Уәкілетті орган шешімінің негізінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы шет мемлекеттің кеме тізілімінде тіркелген, қазақстандық тұлға экипажсыз жалға алған (бербоут-чартер) кемеге:

1) жалға алушы осы баптың 3-тармағына сәйкес кемең меншік иесіне қойылған талаптарға сай келетін;

2) кемең меншік иесі кемең Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге ауысуына жазбаша нысанда келісім берген;

3) кемең меншік иесі мемлекетінің заңдары кемеге шет мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығын беруге тыйым салмайтын жағдайда уақытша берілуі мүмкін.

12. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы осы баптың 11-тармағына көрсетілген кемеге екі жылдан аспайтын мерзімге, одан әрі қарай әрбір екі жыл сайын, бірақ жалға алу шартының қолданылу мерзімінен аспайтын уақытқа ұзарту құқығымен берілуі мүмкін.

13. Кеме шетелдік тұлғаға экипажсыз жалға берілген (бербоут-чартер) жағдайда кемең меншік иесі осындай беруге жазбаша түрде келісім беру және кемең жалға алушы мемлекеттің заңдары кемеге мұндай мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығына жол беру шартымен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы уақытша тоқтатыла тұруы мүмкін.

Кемең шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге ауыстыру мүмкіндігі туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды. Кемең шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге ауыстыру мерзімі кемең жалға алу шартының қолданылу мерзімімен айқындалады.

## **6-параграф. Кемең және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеудің ерекшеліктері**

### **260-бап. Кемеге меншік құқығы**

1 . К е м е л е р :

1 ) м е м л е к е т т і ң ;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының меншігінде болуы мүмкін .

2. Кемеге немесе кемең бір бөлігіне меншік құқығы осындай құқықты Ішкі су қатынастары кемелерінің Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап туындайды және уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшелері берген куәлікпен расталады.

Кемеге меншік құқығы туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда уәкілетті орган кемең меншік иесінің өтініші бойынша оған аталған құжаттың дубликатын беруге құқылы. Кемеге меншік құқығы туралы куәліктің дубликатын беру тәртібі кемең және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелерімен белгіленеді.

3. Жасалып жатқан кемеге меншік құқығы киль тарту немесе сарапшының қорытындысымен расталған соған тең құрылыс жұмыстары жүргізілген жағдайда жасалып жатқан кемелер тізілімінде тіркелуі мүмкін. Жасалып жатқан кемеге меншік құқығын тіркеу кезінде тиісті куәлік беріледі.

4. Кемең меншік иесі, егер шартта өзгеше көзделмесе, оны меншік иесінің мүддесінде сыйақы алу арқылы кемең басқаруды жүзеге асыру үшін оны сенімгерлік



тізілімінде тіркеу үшін меншік иесі кемең шет мемлекеттің кеме тізілімінен шығарылғаны туралы үзінді көшірмені ұсынуға тиіс.

10. Шет мемлекеттің кеме тізілімінде тіркелген кеме мұндай кемеге осы Кодекстің 262-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркелуге тиіс.

#### **262-бап. Кемең және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеудің негіздері**

Кемең және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеудің негіздері:

- 1) мемлекеттік органдардың өз құзыреті шегінде шығарған актілері;
- 2) кемеге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған шарттар мен басқа да мәмілелер;
- 3) мұраға құқық туралы куәлік;
- 4) соттың заңды күшіне енген шешімі;
- 5) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген кемеге құқық туралы куәлік болып табылады.

#### **263-бап. Кемең Ішкі су қатынастары кемелерінің Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан шығару**

1. Ішкі су қатынастары кемелерінің Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан:

- 1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;
- 2) конструкциялық жағынан күйреген;
- 3) қайта жасау немесе басқа да өзгерістер нәтижесінде кеме сапасын жоғалтқан;
- 4) осы Кодекстің 262-бабының 3-тармағында көзделген талаптарға сәйкестігін жоғалтқан кеме шығарылуға тиіс.

2. Кемең Ішкі су қатынастары кемелерінің Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан шығару үшін кемең меншік иесі көліктік бақылау органына өтінішпен мұндай шығаруға негіз болып табылатын мән-жайларды растайтын құжаттарды беруге міндетті.

#### **264-бап. Кемең және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелерін бұзғаны үшін жауаптылық**

Кемең және оған құқықтарды міндетті мемлекеттік тіркеуден жалтарған тұлға, сондай-ақ кемең Ішкі су қатынастары кемелерінің Мемлекеттік кеме тізілімінде белгіленген тәртіпті бұза отырып тіркеген тұлға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

#### **265-бап. Кемең тұтқындау және мәжбүрлеп сату**

Егер сот кемең тұтқынға алу түрінде талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарым қабылдаған немесе кеме атқарушылық іс жүргізу тәртібімен сатылған жағдайда уәкілетті орган Ішкі су қатынастары кемелерінің Мемлекеттік кеме тізіліміне тиісті жазба енгізеді. Бұл ретте, уәкілетті орган кемең меншік иесін кемеге қатысты талапты



қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау немесе кемеден мұндай шараларды алып тастау туралы хабардар етуге тиіс.

#### **7-параграф. Кеме кепілі. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы**

##### **266-бап. Кеме кепілі, кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы**

Кеме кепілі, кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **8-параграф. Кемені жалға алу**

##### **267-бап. Жалпы ережелер**

1. Кемені жалға алу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және осы тарауда белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Егер жалға алу шартында өзгеше белгіленбесе, осы тарауда белгіленген ережелер қолданылады.

2. Кемені экипажымен жалға алу жалға берушінің кемені жалға алушыға сонымен қатар кемені басқару және оны техникалық пайдалану жөніндегі қызметтер көрсетуді де беруін көздейді.

3. Кемені экипажсыз жалға алуға жалға берушінің кемені басқару және оны техникалық пайдалану жөніндегі қызметтер көрсетуі кірмейді.

4. Жалға алушыға қойылатын талаптардан туындайтын өндіріп алу талаптарын үшінші бір тұлғалардан жалға алынған кемеге қатысты қоюға жол берілмейді.

5. Жалға алу шарты қолданыста болған уақытта кемені иеліктен айыру оның қолданысының тоқтатылуына әкеп соқпайды, бұл ретте жаңа меншік иесі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен мұндай шартта көзделген барлық құқық пен міндеттерді иеленеді.

Кемеге иелік етуден айырылған тұлға кемеге меншік құқығын иеленген тұлғаны иеліктен айырылған кемеге қатысты жасалған жалға алу шарты туралы хабардар етуге міндетті. Кемеге меншік құқығын иеленуші тұлғаның міндеті осы кемені жалға алушыны меншік иесінің ауысқаны туралы хабардар ету болып табылады.

6. Кемені жалға беру және кемені қайтарып алу жалға алу шартында көрсетілген жерде жүзеге асырылады. Кемені шартта көрсетілген жерге жеткізуге байланысты шығыстарды, егер жалға алу шартында өзгеше көзделмесе, кемені жалға беруші тарап көтереді.

7. Жалға алу шартында жалға беру мерзімінің басталу және аяқталу күндері көрсетіле отырып, кемені жалға алушының иеленуі мен пайдалануына берудің мұндай мерзімі қарастырылады. Жалға алушы кемені иеленуге және пайдалануға мұндай мерзімнің басталу күнінен бұрын алуға міндетті емес.

Жалға алушы кемені өз билігіне мұндай мерзімнің аяқталу күні өткенге дейін алуға міндетті. Егер кеме жалға алу шартында көрсетілген мерзімде жалға алушының иеленуіне және пайдалануына берілмеген жағдайда жалға алушының жалға алу шартын бұзуды талап етуге құқығы бар. Егер жалға алушы мұндай мерзімнің аяқталу

күні өткеннен кейін кемені алмаса, жалға беруші де жалға алу шартын бұзуға құқылы.

Жалға алу шартын өзгерту және бұзу тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүргізіледі.

8. Жалға алушы жалға берушінің келісімі бойынша кемені қосалқы жалға беруге құқылы.

Қосалқы жалға беру шартын жасасқан кезде кемені беруші тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында кеме қосалқы жалға тапсырылатын тұлғаға қатысты жалға берушілер үшін көзделген құқықтар мен міндеттерді иеленеді, бірақ, бұл ретте бұған дейін кемені жалға немесе қосалқы жалға алған тұлғаға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында және жалға алу шартында көзделген құқықтары мен міндеттері сақталады.

Қосалқы жалға беру шарты жалға алу шартының мерзімінен асатын мерзімге жасалмайды.

### **268-бап. Кемені экипажымен жалға беру кезіндегі жалға берушінің құқықтары мен міндеттері**

1. Жалға беруші жалға алу шартында көзделген мақсаттар үшін кемені жарамдылығын, кеменің экипажбен және тиісті жабдықтармен жасақталуын, сондай-ақ кемені техникалық қауіпсіз пайдалануды, оның экипажын ұстауды және жалға алу мақсаттарына сәйкес осы Кодексте көзделген кеме құжаттарының болуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Кеме экипажы мүшелерінің кемені жалға берушімен еңбек қатынастары сақталады. Бұл ретте, жалға беруші кемені басқаруға және техникалық пайдалануға қатысты кеме экипажының мүшелеріне өкімдер беруге құқылы.

Егер жалға алу шартында өзгеше көзделмесе, экипаж мүшелері көрсететін қызметтерге төлем жасау жөніндегі шығыстарды, сондай-ақ оларды ұстау жөніндегі шығыстарды жалға беруші көтереді.

3. Жалға беруші жалға берілген кеменің кемшіліктері үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жауапты болады.

4. Жалға беруші кеменің меншік иесі болмаған жағдайда, мұндай кемені жалға немесе қосалқы жалға беру кеменің меншік иесінің келісімі бойынша жүргізіледі.

### **269-бап. Кемені экипажымен жалға алу және кемені коммерциялық пайдалануды жүзеге асыру кезіндегі жалға алушының құқықтары мен міндеттері**

1. Жалға алушы коммерциялық пайдалануды жүзеге асыру шеңберінде жалға берушінің келісімінсіз өз атынан, егер де кеменің мақсаты мен сыныбына, сондай-ақ жалға алу шартында көзделген мақсаттарға қайшы келмесе, тасымалдау немесе тіркеп сүйреу шарттарын жасасуға құқылы.

2. Кемені коммерциялық пайдалану кезінде кеме экипажының мүшелері жалға алушының өкімдеріне бағынады. Жалға алушы кемені коммерциялық пайдалануға байланысты барлық шығыстарды, оның ішінде отын және пайдалану барысында

жұмсалатын басқа да материалдар үшін және алымдарды төлеуге арналған шығыстарды көтереді.

3. Жалға алушы кеме мені коммерциялық пайдалануды жүзеге асыру шеңберінде өз өкілін тағайындауға құқылы, өкілдің кеме мені коммерциялық пайдалану тұрғысындағы өкімдері кеме капитаны үшін міндетті болып табылады.

### **270-бап. Кеме мені экипажсыз жалға беру кезіндегі жалға берушінің және жалға алушының құқықтары мен міндеттері**

Кеме мені экипажсыз жалға беру кезіндегі жалға берушінің және жалға алушының құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен айқындалады.

### **271-бап. Кеме мені жалға алғаны үшін есеп айырысу**

1. Жалға алушы жалға берушіге жалға алу шартында көзделген тәртіп пен мерзімде жалдау ақысын төлейді.

2. Жалға алушы жалға берушінің кінәсінен кеме пайдалануға жарамсыз болған уақыт ішінде жалға алу ақысы мен кемеге қатысты шығыстарды төлеуден босатылады. Егер кеме жалға алушының кінәсінен пайдалануға жарамсыз болып қалған жағдайда, жалға алу ақысы толық көлемде төленуге тиіс.

3. Кеме опат болған жағдайда жалға алушы жалға алу ақысын оның опат болған күнін, ал егер бұл күнді анықтау мүмкін болмаса, ол туралы соңғы хабар алынған күнді қоса алған уақыт үшін төлеуге тиіс.

4. Жалға берушіге кеме мені уақтылы қайтармаған кезде жалға алушы кеме мені пайдаланудың жалға алу шартының мерзімінен асып кеткен бүкіл мерзім үшін жалға алу шартында көзделген жалға алу ақысы ставкасына немесе, егер ол жалға алу шартында көзделген жалға алу ақысы ставкасынан асып кетсе, жалға алу ақысының нарықтық ставкасына сүйене отырып, жалға алу ақысын төлейді.

5. Жалға алу ақысы төлем жасаудың шартта белгіленген мерзімі өткеннен кейін екі реттен көп төленбеген жағдайда жалға беруші сот тәртібімен жалға алу шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

6. Егер жалға алу шартында өзгеше көзделмеген болса, жалға алушының кемеге жасаған ажыратып алуға болатын жақсартулары оның меншігі болып табылады және жалға алушы оларды алып қоюы мүмкін.

## **9-параграф. Кеме экипажы**

### **272-бап. Кеме экипажының құрамы**

1. Кеме экипажы кеме мені командалық құрамының адамдарынан, кеме командасынан, ал жолаушы кемелерінде - кеме жолаушыларына қызмет көрсетуші персоналдан да тұрады.

2. Кеме мені командалық құрамына кеме капитаны, су түбін тереңдету немесе су түбін тазалау снарядының командирі, олардың көмекшілері, механиктер мен электр механиктер, механиктер мен электр механиктердің көмекшілері, радиомамандар және

д ә р і г е р л е р

к і р е д і .

3. Кеме командасы кемеді жұмыс істейтін, кемелің командалық құрамына және кеме жолаушыларына қызмет көрсететін персоналға жатпайтын адамдардан тұрады.

4. Көлік кемесі экипажының ең аз құрамын уәкілетті орган белгілі бір түрдегі кемелі пайдалану талаптарына сәйкес белгілейді.

5. Кеме экипажының құрамына кіретін адамдар кеме экипажы мүшелерінің тізіміне (кеме рөлі) енгізілуге тиіс, оны жүргізу кеме капитанының міндеті болып табылады.

### **273-бап. Кеме экипажының мүшелеріне қойылатын талаптар**

1. Кеме экипажы мүшелерінің лауазымдарын иеленуге Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін кемелер экипаждары мүшелеріне диплом беру туралы ережелерге сәйкес тиісті біліктілігі бар адамдар жіберіледі.

2. Кемедегі жұмысқа денсаулық жағдайы бойынша мұндай жұмысқа жарамдылығы туралы медициналық комиссияның қорытындысы бар адамдар жіберіледі.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуші кеме экипажының құрамына кіретін шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар кеме капитаны, кеме капитанының аға көмекшісі, аға механик пен радиомамандар лауазымдарына тағайындала алмайды. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кеме экипажының құрамына кіру мүмкіндігінің шарттарын уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындайды.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге байланысты кеме қатынасын жүзеге асыратын кемедегі жұмысқа Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген теңізші паспорты бар адамдар жіберіледі.

### **274-бап. Кеме капитаны**

1. Кеме капитаны біліктілік деңгейі қойылған талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының азаматы болуға тиіс.

Кеме капитанына қойылатын біліктілік талаптарын, оны аттестаттау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

2. Кеме капитанына кемелі басқару, оның ішінде кеме жүргізу, кемелің қауіпсіз жүзуін қамтамасыз ету, кемедегі тәртіпті сақтау, қоршаған ортаны қорғау, кемеге, кемедегі адамдарға, багажға және жүкке зиян келтірілуін болдырмау жөнінде шаралар қ а б ы л д а у ж ү к т е л е д і .

3. Кемелің меншік иесі, кеме иесі, жүк жөнелтуші немесе олардың өкілдері болмаған уақытта кеме капитаны қажет болған жағдайда кемеге, жүкке немесе кемелің жүзуіне қатысты мәмілелер жасасу, сондай-ақ кемедегі мүлікке қатысты талап қою кезінде кемелің меншік иесінің, кеме иесінің және жүк жөнелтушінің өкілі болып т а б ы л а д ы .

4. Егер кеме капитанының пікірі бойынша кемеге анық опат болу қаупі төнген жағдайда кеме капитаны жолаушыларды құтқару жөніндегі барлық шаралар

қабылданғаннан кейін кеме экипажының мүшелеріне кемені тастап шығуға рұқсат етеді. Кеме капитаны кеме журналын, машиналық журналды, кеменің жүзу бағытының карталарын, кеме мөрін, құжаттар мен бағалы заттарды құтқару жөніндегі өзіне байланысты барлық шараларды қабылдағаннан кейін кемені ең соңынан тастап шығады .

5. Кеменің меншік иесі мен кеме иесі кеме капитанының осы баптың 4-тармағында көзделген міндеттерді бұзғаны үшін жауап бермейді.

### **275-бап. Кеме капитанының құқықтары мен міндеттері**

1. Кеме капитанының өз өкілеттігі шегінде берген өкімдерін кемедегі адамдардың б а р л ы ғ ы о р ы н д а у ғ а т и і с .

2 . К е м е к а п и т а н ы :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экипаж мүшелерін қызметтік міндеттерін а т қ а р у д а н ш е т т е т у г е ;

2) Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен кеме экипажының мүшелерін көтермелеуге және оларға тәртіптік жазалар қолдануға;

3) жүзу кезінде кемеде болған адамның аманатын куәландыруға құқылы, бұл ретте кеме капитаны куәландырған аманат Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасына сәйкес нотариалдық куәландырумен теңестіріледі.

3 . К е м е к а п и т а н ы :

1) егер өз кемесіне және оңдағы адамдарға қауіп төндірмейтін болса, суға батып бара ж а т қ а н а д а м ғ а к ө м е к к ө р с е т у г е ;

2) кемелер соқтығысқан жағдайда осы соқтығысқа ұшыраған басқа кемеге, оның жолаушылары мен экипаж мүшелеріне көмек көрсетуге, бұл ретте соқтығысқан кемелердің капитандары бір-біріне өз кемелерінің атауларын хабарлауға;

3) кеме экипажының мүшесіне немесе жолаушыға кеме жүзуде жүрген уақытта көрсетілуі мүмкін емес шұғыл медициналық көмек көрсету қажет болған жағдайда - кеменің меншік иесін және/немесе кеме иесін, порт капитанын, ал кеме шетелдік портқа кірген кезде Қазақстан Республикасының консулы мен кеме иесінің агентін де ( ш е т е л п о р т ы н д а м ұ н д а й а г е н т б о л ғ а н к е з д е ) х а б а р д а р е т е о т ы р ы п , е ң ж а қ ы н п о р т қ а к і р у ғ е ;

4) кеме экипажының мүшесі немесе жолаушы оның опат болу мүмкіндігі бар мән-жайларда жоғалып кеткен жағдайда кеме журналына жазба енгізуге, акт жасауға, сондай-ақ жоғалып кеткен кеме экипажы мүшесінің немесе жолаушының кемедегі мүлкіне тізімдеме жасап, аталған акті мен мүлікті ең жақын порттың капитанына т а п с ы р у ғ а ;

5) кемеде бала туылған немесе кемеде қайтыс болудың әрбір жағдайында екі куәгердің және егер кемеде дәрігер болса, соның қатысуымен тиісті акт жасауға, сондай-ақ к е м е ж у р н а л ы н а ж а з б а е н г і з у г е ;

6) кеменің меншік иесін және/немесе кеме иесін кемедегі қайтыс болу жағдайы

туралы хабардар етуге және қайтыс болған адамның мәйітін сақтау әрі оны туысқандарына немесе ең жақын порттағы порт әкімшілігіне тапсыру жөнінде шаралар қ о л д а н у ғ а ;

7) қайтыс болған адамның кемедегі мүлкіне тізімдеме жасауға және мұндай мүліктің жасалған тізімдемеге сәйкес қайтыс болған адамның туысқандарына немесе ең жақын порттағы порт әкімшілігіне тапсырылғанға дейін сақталуын қамтамасыз етуге;

8) іс-әрекеті кеме немесе ондағы адамдар мен мүліктің қауіпсіздігіне қатер төндіретін адамды оқшаулауға ;

9) жүзіп жүрген кемеде Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген қылмыстардың белгілері бар әрекеттер анықталған жағдайда ол туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға және мұндай қылмыстың жасалуына күдікті адамды ол ең жақын порттағы немесе ең жақын елді мекендегі аталған органдарға берілгенге дейін ұстауға ;

10) құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасау мақсатында кемеге адамдар шабуыл жасаған жағдайда ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісе отырып, уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес әрекет етуге міндетті.

4. Кеме капитаны ауырған немесе оған өз қызметтік міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін өзге де себептер болған жағдайларда, сондай-ақ ол қайтыс болғанда кеме капитанының міндеттері кеме меншік иесінің және (немесе) кеме иесінің өкімін алғанға дейін кеме капиталының аға көмекшісіне жүктеледі.

### **276-бап. Кемедегі еңбек қатынастары**

1. Кеме экипажының мүшелерін тағайындауды кеме меншік иесі мен (немесе) кеме иесі кеме капитанымен келісе отырып жүзеге асырады.

2. Кеме экипажының мүшелерін жұмысқа қабылдау тәртібі, олардың құқықтары мен міндеттері, еңбек ету және ақы төлеу шарттары, сондай-ақ жұмыстан босатудың тәртібі мен негіздері Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасымен а й қ ы н д а л а д ы .

3. Кеме иесі кеме экипажының мүшелеріне олар кемеде болған кезде:

1) Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасына сәйкес еңбектің қауіпсіз жағдайларын ;

2) Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес денсаулықты қорғау мен медициналық көмекті;

3) құтқару құралдарының болуын;

4) азық-түлікпен және сумен үздіксіз жабдықтауды;

5) санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келетін демалуға, тамақтануға, емделуге, мәдени және тұрмыстық қызмет көрсетуге арналған үй-жайлармен қамтамасыз етуге м і н д е т т і .

4. Кеме экипажының мүшесі өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде опат болған немесе оның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда кеме меншік

иесі және (немесе) кеме иесі кеме экипажының мұндай мүшесіне келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтеуге міндетті.

5. Кеме экипажының мүшесі жеке пайдалануға арналған мүлкін кемеден алып жүруге құқылы. Кеменің оқиғаға ұшырауы салдарынан мұндай мүлік жойылған немесе зақымданған жағдайда кеменің меншік иесі және (немесе) кеме иесі кеме экипажының осы мүшесіне келтірілген нұқсанды өтеуге міндетті. Бұл ретте кеменің оқиғаға ұшырауына кінәлі экипаж мүшесінің мүлкіне келтірілген нұқсан өтелмейді.

#### **277-бап. Кеме экипажы мүшесінің ол жұмысқа қабылданған жерге қайта оралуы**

1. Кеменің меншік иесі және (немесе) кеме иесі:

1) кеме опат болған;

2) кеме экипажының мүшесі ауырып қалған немесе кемеден тысқары жерде емделуді қажет ететін жарақат алған;

3) Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасына сәйкес еңбек шарты тоқтатылған, оның ішінде белгілі бір мерзімге жасалған еңбек шартының қолданылу мерзімі Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде аяқталған;

4) кеме иесінің банкротқа ұшырауы, кемені сату немесе кеме тіркелген мемлекеттің өзгеруі салдарынан кеменің меншік иесі мен (немесе) кеме иесінің кеме экипажының мүшесіне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе жеке еңбек шартында көзделген өз міндеттерін орындау мүмкіндігі болмаған;

5) кеме экипажы мүшесінің келісімінсіз кеме әскери іс-қимылдар аймағына немесе эпидемиологиялық қауіпті аймаққа жіберілген жағдайда кеме экипажының мүшесін және оның салмағы отыз килограммға дейінгі жеке мүлкін өз есебінен кеме экипажының мүшесін жұмысқа қабылдаған жерге немесе тараптар келіскен басқа жерге жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

2. Кеме экипажы мүшесінің жұмысқа қабылданған жерге қайта оралуының себебі олардың еңбек шартының жағдайларын бұзуы болып табылған жағдайда кеменің меншік иесі және (немесе) кеме иесі Қазақстан Республикасының заңнамасына, жеке еңбек және ұжымдық шарттарға сәйкес осы экипаж мүшелерінен мұндай қайта оралуға байланысты шығыстарды толық немесе ішінара өндіріп алуға құқылы.

#### **10-параграф. Өзен порты**

##### **278-бап. Өзен портының құқықтық мәртебесі, оның аумағы мен акваториясы**

1. Өзен порттары:

1) мемлекеттің;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларының меншігінде болуы мүмкін.

Ішкі су жолдарындағы өзен порттары ортақ пайдалану объектілері болып табылады.

2. Өзен портының аумағын Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес портқа бөлініп берілген жер учаскелері, соның ішінде оның перспективалық дамуы

үшін қажетті аймақтар құрайды.

3. Өзен портының акваториясын ішкі су жолдары шегіндегі акватория учаскелері, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен портқа бөлініп берілген рейдтер мен өзен портына кіреберіс жолдар құрайды.

Өзен порты акваториясының шекараларын белгілеуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Өзен порттарының акваториясы мен жағалау белдеуіндегі жерлер мемлекеттік меншік болып табылады.

5. Мемлекет меншігіндегі өзен порттарын салу қайта жаңарту үшін жеке меншіктегі жер учаскелері Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттің мұқтаждары үшін алып қойылуы мүмкін.

### **279-бап. Порттарды пайдалануға қойылатын негізгі талаптар**

1. Өзен порттары айлақтарының иелері кемелер үшін қауіпсіз кіреберістерді, кемелердің мұндай айлақтардағы қауіпсіз тұрағын қамтамасыз етуге міндетті, олардың қоймалары, жүк массасын анықтауға арналған, жүк тиеу-жүк түсіру жабдығы, жолаушыларды, оның ішінде мүгедектерді кемеге отырғызуға, түсіруге және олардың кеменің келуін күтуге арналған құрылғылары мен құралдары, ал қажет жағдайларда - өзен порттарына вагондарды әкелуге арналған темір жолдың кірме жолдары болуға тиіс.

Жүк массасын анықтауға арналған құралдар белгіленген тәртіппен мемлекеттік метрологиялық бақылауға жатады.

2. Порттың гидротехникалық құрылыстары, навигациялық жабдықтардың құралдары, жүкті қайта тиеу кешендері, айлақтары, қызметтік ғимараттары мен өзен портында орналасқан және пайдаланылатын өзге де мүлік порт иесінің есебінен күтіп ұсталады.

3. Өзен порттарында қоршаған ортаны қорғауға, шаруашылық-тұрмыстың және құрамында мұнай бар суларды, басқа да қалдықтарды қабылдауға және өңдеуге арналған құралдар, сондай-ақ өзен портының акваториясы шегінде кемелерді құтқару және өрт сөндіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруға арналған құралдар болуға тиіс.

### **280-бап. Кемелердің өзен портына кіру және өзен портынан шығу тәртібі**

1. Кемелердің өзен портына кіруі және өзен портынан шығуы, кемелердің өзен портының акваториясының шегінде жүзуі және өзен портында тұруы, сондай-ақ ішкі су көлігінде технологиялық байланысты пайдалануы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Шетелдік кемелердің Қазақстан Республикасының өзен порттарына кіруі және оларға қызмет көрсету халықаралық шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

### **281-бап. Өзен портында көрсетілетін қызметтер**



## 1. Өзен порты :

1) кемелерге жүк тиеуді (түсіруді) және қызмет көрсетуді олардың келу кезегіне қарай ;

2) жүктермен көлік-экспедиторлық және қоймалық операцияларды;

3) көліктің басқа түрлерінен ішкі су көлігіне және керісінше жүктерді ауыстырып тиеуді ;

4) кемелер жолаушыларына қызмет көрсетуді;

5) өзен порты кемелері мен көліктің басқа түрлерінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдауды жүзеге асырады.

2. Өзен портының реттелетін қызмет көрсетулеріне тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) және олардың шекті деңгейін белгілеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін өзен портының реттелетін қызмет көрсетулерінің тізбесіне кірмейтін қызмет көрсетулерге ақы төлеудің мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған шарттармен белгіленеді.

### **11-параграф. Жолаушыларды, багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау**

#### **282-бап. Жолаушыларды, багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асырудың негіздері**

1. Жолаушыларды, багажды және почта жөнелтілімдерін ішкі су көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру осы Кодекстің Жалпы бөліміне сәйкес, осы параграфпен реттелмеген бөлігінде жүзеге асырылады.

2. Тасымалдаушы кеменің қауіпсіз жүзуін қамтамасыз етуге, оны экипажбен толықтыруға және оны тасымалдаудың барлық уақытында тиісінше күтіп ұстауға қажетті нәрселермен жабдықтауға міндетті.

3. Жолаушы үй-жайлары бар дебаркадерлері болмаған елді мекендерде - павильондар, ал қала маңындағы желілер мен өткелдерде орындықтары бар шатырлы қалқалар болуға тиіс. Бұл ретте осындай павильондардың иелері жолаушылардың қауіпсіздігі мақсатында жолаушыларды отырғызу және түсіру орындарын қажетті құрылғылармен жабдықтауға міндетті.

4. Айлақ маңындағы аумақтарды жайластыру олардың иелері есебінен жүзеге асырылады.

#### **283-бап. Жолаушының құқықтары мен міндеттері**

1. Жолаушының осы Кодекстің 24-бабымен көзделген құқықтары мен міндеттері бар , сондай - ақ :

1) өзімен бірге қолжүгін ақысыз алып жүруге;

2) кемелерде қашықтығы бес жүз километр және одан да асатын жол жүру кезінде жүру жолында аялдауға және жол жүру құжатының (билетінің) жарамдылық мерзімін он тәуліктен аспайтын мерзімге ұзартуға;

3) емдеу мекемесінің құжатымен расталған науқастану жағдайында билеттің

қолданылу мерзімін ауырған уақытқа ұзартуға немесе билетті тапсырып, тасымалдау ақысын қайтарып алуға;

4) кеме шыққанға дейін кез келген уақытта, ал рейс басталғаннан кейін кеме аялдаған кез келген өзен портында тасымалдау шартынан бас тартуға, жолаушыларды тасымалдау ережелерінде белгіленген тәртіппен билетті өткізіп, кеме жолының жүзіп өтілмеген бөлігі үшін тасымалдау ақысын қайтарып алуға құқылы.

## **12-параграф. Жүктерді тасымалдау**

### **284-бап. Жүктерді тасымалдау ережелері**

Осы Кодекстің 28-бабының 2-тармағымен көзделген шарттармен бірге жүктерді тасымалдау ережелері:

- 1) жүктерді үйіп және ақтара тиеп тасымалдаудың;
- 2) тез бүлінетін жүктерді тасымалдаудың;
- 3) кемелер мен контейнерлерге қойылатын талаптардың;
- 4) кемелер мен контейнерлерді пломбалаудың;
- 5) жүктерді кемеде орналастыру мен бекітудің;
- 6) кемені немесе контейнерді жүкті тиеу мен түсіру үшін берудің;
- 7) кемені тазалаудың шарттары мен тәртібін айқындайды.

## **13-параграф. Кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу**

### **285-бап. Кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу шарты**

1. Кемелерді және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу шартына сәйкес бір тарап (тіркеп сүйреуші) тіркеп сүйреу шарттарын сақтай отырып, кемені немесе өзге де жүзу объектісін межелі пунктіне уақтылы әрі сол күйінде тіркеп сүйреп жеткізуге және оны көліктік жүкқұжатта көрсетілген тұлғаға тапсыруға, ал екінші тарап (жөнелтуші) тіркеп сүйретілетін объектіні тіркеп сүйреуге ұсынуға және ол үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Тіркеп сүйретілетін объектілерді тіркеп сүйреу (бұдан әрі - тіркеп сүйреу) тіркеп сүйреу шартына және уәкілетті орган бекітетін кемелерді және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Кемелерді және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу ережелері:

- 1) жүкқұжатты, тасымалдау және өзге де құжаттарды ресімдеудің;
- 2) тіркеп сүйреуді ұйымдастырудың;
- 3) тіркеп сүйреу жөніндегі қызмет көрсетулер үшін ақы төлеудің;
- 4) тіркеп сүйретілетін объектіні тіркеп сүйреуге ұсынудың;
- 5) кеменің және өзге де жүзу объектілерінің экипаж құрамына және тіркеп сүйреуді жүзеге асыратын тұлғаларға қойылатын талаптардың;
- 6) тіркеп сүйретілетін объектіні жөнелтудің, қабылдаудың және тапсырудың тәртібі мен шарттарын айқындайды.

### **286-бап. Кемелерді және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу кезіндегі жауапкершілік**

1. Кемелерді және өзге де жүзу объектілерін ішкі су жолдарымен немесе өзен порты акваториясында тіркеп сүйреу тіркеп сүйрейдін кеме капитанының басқаруымен жүзеге асырылады.

Тіркеп сүйретілетін кемеге немесе басқа да жүзу объектісіне, ондағы адамдарға немесе мүлікке келтірілген нұқсан үшін, егер мұндай нұқсан өзінің кінәсінен келтірілмегенін дәлелдей алмаса, тіркеп сүйрейдін кемең меншік иесі және (немесе) иесі жауапты болады.

2. Егер тіркеп сүйреу шарты бойынша тіркеп сүйреуді басқару міндеті тіркеп сүйретілетін кемең капитанына жүктелген болса, мұндай тіркеп сүйреу кезінде тіркеп сүйрейдін кемеге, ондағы адамдарға немесе мүлікке келтірілген нұқсан үшін, егер нұқсан өзінің кінәсінен келтірілмегенін дәлелдей алмаса, тіркеп сүйретілетін кемең немесе басқа да жүзу объектісінің меншік иесі мен (немесе) иесі жауапты болады.

#### **14-параграф. Жалпы авария. Кемелерді және өзге мүліктерді құтқару**

##### **287-бап. Жалпы авария, кемелерді және өзге мүліктерді құтқару кезінде туындайтын қатынастарды реттеу**

Ішкі су көлігіндегі жалпы авария, кемелерді және өзге мүліктерді құтқару кезінде туындайтын қатынастарды реттеу осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Кодекстің 5-тарауының 12, 15-параграфтарына сәйкес жүзеге асырылады.

##### **288-бап. Мүліктің контрибуциялық құны**

1. Мүліктің (кемең, жүктің және тасымалдау ақысының) жалпы апатты болу тәртібімен өтелетін шығындарды жабуға арналған жарналар соған мөлшерлес белгіленетін жалпы құны (контрибуциялық құны) кеме рейсі аяқталғаннан кейінгі осы мүліктің нақты таза құны негізінде осы бапта белгіленген ережелерге сәйкес айқындалады.

2. Кемең контрибуциялық құны кемең зақымданған жағдайындағы құнының негізінде айқындалады.

3. Жүктің контрибуциялық құны жүкті түсіру сәтінде - жүк алушыға ұсынылатын саудалық есеп негізінде белгіленетін құнды негізге ала отырып, ал мұндай есеп болмаған кезде жүкті тиіп жіберу сәтіндегі оның құны негізінде айқындалады. Жүктің құны, егер шығынға ұшырау тәуекелін жүк жөнелтуші ғана көтеретін болса, сақтандыруға арналған шығыстарды және тасымалдау ақысын қамтиды. Жүктің құнынан жүктің опат болуынан немесе зақымдануынан бастап оны түсіргенге дейінгі не түсіру кезіндегі келтірілген барлық залалдар сомасы шегеріледі.

4. Тасымалдау ақысының контрибуциялық құны, егер шығынға ұшырау тәуекелін тасымалдаушы көтеретін болса, жоғалған тасымалдау ақысына тең болады.

5. Егер де жалпы аварияны бөлу тәртібімен өтелетін сома мүліктің (кемең, жүктің және тасымалдау ақысының) контрибуциялық құнына енгізілмеген болса, мұндай сома

6. Жүк орындарын бекітудің кез келген құралдары жалпы авария бойынша енгізілген жарналарда жүкпен тең есептеледі.

### **289-бап. Диспаша және диспашерлер**

Мүдделі тұлғалардың өтініштері бойынша жалпы аварияның болған-болмағаны анықталады және оны болу жөніндегі есепті (диспашаны) диспашерлер жасайды.

### **290-бап. Дәлелдеу ауыртпалығы**

Жалпы апатты болуды талап етуші тарап мәлімделген залалдардың жалпы авария болып танылуы тиіс екенін дәлелдеуге міндетті.

### **291-бап. Кемелер керуені**

1. Кемелер тобындағы әрбір кеме жеке-жеке алғанда өздігінен қозғалыс жасай алмайтындай жағдайда бір-бірімен өзара тіркелмеген кемелер тобы кемелер керуені б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Егер керуеннің бір және (немесе) бірнеше кемесіне және ондағы жүктерге қатысты оларға төнген жалпы қауіптен құтқару операцияларын жүзеге асыру мақсатында іс-қимылдар жасалған жағдайда, осы тарауда белгіленген ережелер ескеріле отырып, осы Кодекстің 13-тарауының 2-бөлімінде белгіленген ережелер қ о л д а н ы л а д ы .

Керуен кемесі, егер ол басқа кемеден немесе басқа кемелерден бөлініп кету нәтижесінде қауіпсіз жағдайда болса, керуендегі басқа кемемен бірге жалпы қауіп төнген к е м е б о л ы п е с е п т е л м е й д і .

3. Кеме және жүк деп кемелер керуеніне қатысты контрибуциялық құнды айқындау кезінде жалпы қауіп төнген керуеннің барлық кемелері мен жүктердің жалпы құны ұғынылады.

### **292-бап. Паналау орны**

1. Ішкі су жолдарындағы су тасуы, сең жүру, су деңгейінің кенеттен әрі жылдам төмендеуі салдарынан кемең портқа немесе өзге де паналау орнына кіруіне жұмсалған немесе кемең портқа немесе өзге де паналау орнына кіру қажеттігімен, оның портта немесе өзге де паналау орнында болуымен және кемең порттан немесе өзге де паналау орнынан шығуымен байланысты өзге де төтенше жағдайлар кезіндегі шығыстар жалпы авария деп танылады. Шығыстар жүгі бар кеме жүк тиелген портқа қайтып о р а л ғ а н ж а ғ д а й д а ө т е л у г е т и і с .

2. Егер су тасуы немесе сең жүру жүгі бар кеме жүк түсірілетін портқа кіргеннен кейін орын алса және кеме жүкті түсіру аяқталғанға дейін басқа қауіпсіз портқа кіру мақсатында бұл порттан кетуге тиіс болса, мұндай порт паналау порты болып е с е п т е л е д і .

3. Егер кеме су тасуы немесе сең жүру салдарынан рейсті жалғастыра алмаса және

жүктің осы портқа арналған бөлігін түсіріп болғаннан кейін портта қалуға тиіс болса, ол мұндай кеме үшін басқа порттарға арналған жүктерге қатысты ғана паналау порты болып есептеледі.

**293-бап. Машиналардың зақымдануынан, әдейі қайраңға отырғызудан, суға батып кеткен кемеңі көтеруден және кемедегі өрттен туындаған жалпы авария**

1. Машиналар жұмысының өзгеруі нәтижесінде, сондай-ақ кеме қайраңнан шығуға әрекеттенген, рулдік, қозғалу тіркеп сүйреу, басқа да құрылғылары зақымданған кезде туындаған зақымдануларды жоюға арналған шығыстар машиналардың зақымдануынан, әдейі қайраңға отырғызудан, суға батып кеткен кемеңі көтеруден және кемедегі өрттен туындаған жалпы авария деп танылады.

2. Кемеңі әдейі қайраңға отырғызудан немесе оны әдейі суға батырудан кемеге және (немесе) жүкке келтірілген зақымданулардан болған залалдар машиналардың зақымдануынан, әдейі қайраңға отырғызудан, суға батып кеткен кемеңі көтеруден және кемедегі өрттен туындаған жалпы авария деп танылады.

3. Егер жүгі бар кеме авария салдарынан суға батып кеткен жағдайда жүгі бар кемеңі көтеру шығындары мен тиісті залалдар жалпы аварияға жатқызылады.

4. Кемеге және (немесе) жүкке кемеңі судан немесе өзгеше түрде зақымдануы салдарынан келтірілген залалдар, оның ішінде жанып жатқан кемеңі жағаға шығарып тастауды немесе суға батырудан келтірілген залалдар жалпы авария деп танылады.

**294-бап. Тасымалдау ақысының ысырабынан келтірілген залалдар**

Жоғалған, лажсыз лақтырылған жүк үшін төленбеген тасымалдау ақысы ысырап болған тасымалдау ақысы мөлшерінде өтеледі.

**295-бап. Жалпы аварияны бөлу тәртібімен өтелетін залалдарға есептелетін проценттер**

Жалпы аварияны бөлу тәртібімен өтелетін шығыстар сомасы мен басқа да сомаларға (залалдарға) диспаша толтырылған күннен кейінгі үш ай ішінде жылдық жеті процент есептеледі. Бұл ретте жалпы аварияны жабуға қатысушы тараптар есебінен немесе оны өтеу үшін депозитке салынған қаражат есебінен жүргізілген төлемдер тиісті түрде ескеріледі.

**296-бап. Жүкті бір кемеден ішінара түсіру және оны басқа кемеге тиеу**

Егер кеме жүкті одан әрі жағада немесе басқа кемеді сақтай отырып, оны ішінара түсіруді жүзеге асыруға мәжбүр болған жағдайда жалпы аварияға:

1) жүкті кемеден түсіруге, оны сақтауға және жүкті кемеге қайта тиеуге жұмсалған шығындар ;

2) жүкті ішінара тиеу жүзеге асырылатын кемеңі жалға алуға жұмсалған шығыстар;

3) жүкті ішінара тиеу жүзеге асырылған кемеді келтірілген зақымдануларды жөндеуге жұмсалған ысыраптар мен шығыстар, сондай-ақ мұндай кемеңі пайдаланудан шығып қалуымен байланысты ысыраптар;

4) аварияға ұшыраған кемеден жүкті түсіру немесе оны басқа кемеді тиеу кезінде

онда пайда болған зақымданулардан туындаған шығыстар;

5) жүкті түсіру, сақтау және тиеу кезінде оның жоғалуына, жетіспеуіне немесе зақымдануына (бүлінуіне) байланысты залалдар мен шығыстар;

6) қосымша сақтандыру үшін сақтандырушыларға төленген сақтандыру сыйақылар жатқызылады.

### **297-бап. Жанама залалдарды қоспау**

1. Жалпы аварияға тек қана жалпы аварияның тікелей салдары болып табылатын залалдар қосылады.

2. Кеменің рейс кезінде кешігуінен, оның бос тұрып қалуынан, бағаның өзгеруінен туындаған залалдар және басқа да жанама залалдар жалпы авария деп танылмайды.

### **15-параграф. Суға батқан мүлік**

#### **298-бап. Суға батқан мүлік**

1. Суға батқан мүлікке ішкі су жолдары шегінде қалқып жүруіне немесе су астына, су түбіне кетуіне не саяз суларға немесе жағаға шығып қалғанына қарамастан, апатқа ұшыраған кемелер, олардың сынықтары, жабдықтар, жүктер мен басқа да заттар жатады.

2. Осы тараудың ережелері:

1) суға батқан әскери мүлікті көтеруге, аластауға және жоюға;

2) егер суға батқан археологиялық немесе тарихи мәні бар мүлік ішкі су жолдары шегіндегі су түбінде жатса, мұндай мүлікті көтеруге қатысты қолданылмайды.

#### **299-бап. Меншік иесінің суға батқан мүлікті көтеру міндеті**

1. Суға батқан мүлік кеме қатынасы қауіпсіздігіне немесе қоршаған ортаға ластанумен байланысты залал келтіру қатерін төндіретін, не биологиялық су ресурстары кәсіпшілігін, ішкі су көлігіндегі қызметті жүзеге асыруға және ішкі су жолдары шегінде жүргізілетін жол жұмыстарына кедергі келтіретін жағдайларда суға батып кеткен мүліктің меншік иесі уәкілетті органның талабы бойынша ол белгілеген мерзімде суға батып кеткен мүлікті көтеруге және қажет болғанда оны аластауға немесе жоюға міндетті.

2. Егер суға батқан мүліктің меншік иесі белгілі болса, уәкілетті орган оған суға батып кеткен мүлікті көтерудің, аластаудың немесе жоюдың тәртібі мен мерзімі туралы хабардар етеді.

Егер суға батқан мүліктің меншік иесі, белгісіз болса, уәкілетті орган бұқаралық ақпарат құралдарында суға батқан мүлікті көтеру үшін белгіленген мерзімдер туралы мәліметтер жариялауға міндетті.

3. Егер суға батқан мүліктің меншік иесі суға батқан мүлік туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін мәлімдеме жасамаса, мұндай мүлікті құрайтын заттар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес иесіз деп танылады.

#### **300-бап. Суға батқан мүлікті оның меншік иесінің көтеруі**

1. Суға батқан мүліктің меншік иесі мұндай мүлікті көтеру туралы өзінің ниетін уәкілетті органға мүлік суға батқан күннен бастап бір жыл ішінде хабарлауға міндетті.

2. Уәкілетті орган суға батқан мүліктің меншік иесінің мәлімдемесін алған күннен бастап үш ай ішінде суға батқан мүлікті көтерудің тәртібін, сондай-ақ көтеру мерзімін белгілейді, ол меншік иесі суға батқан мүлікті көтерудің тәртібі мен мерзімі туралы уәкілетті органның хабарламасын алған күннен бастап кемінде бір жыл болуға тиіс.

### **301-бап. Уәкілетті орган кәсіпорындарының суға батқан мүлікті көтеруі, аластауы немесе жоюы**

1. Уәкілетті органның кәсіпорындары, егер:

1) суға батқан мүліктің меншік иесі суға батқан мүлікті заңнамамен белгіленген тәртіппен әрі мерзімде көтермесе және жоймаса;

2) суға батқан мүліктің меншік иесі анықталмаса, адамдардың опат болуына әкеп соғуы, олардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізу объектілеріне зиян келтіруі, едәуір материалдық шығындарға ұшыратуы және халықтың тыныс-тіршілігі жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін аварияларды, зілзаланы немесе апатты болдырмау мақсатында;

3) суға батқан мүліктің меншік иесі мүлікті көтеру, аластау, жою үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген техникалық қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін құралдарды қолданатын болса;

4) суға батқан мүліктің меншік иесі мүлік суға батқан күннен бастап бір жыл ішінде анықталмаса суға батқан мүлікті көтеруге, ал қажет болғанда аластауға немесе жоюға қ ұ қ ы л ы .

2. Егер суға батқан мүліктің меншік иесі белгілі болса, онда осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларда мұндай мүлікті көтеру, аластау немесе жою соның е с е б і н е н жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

3. Егер суға батқан мүлік көтерілген сәттен бастап бір жылдан аспаған болса, оның меншік иесі суға батқан мүлікті көтеруге кеткен шығыстарды және осыған байланысты басқа да келтірілген шығыстарды өтегеннен кейін осы баптың 1-тармағына сәйкес көтерілген суға батқан мүлікті талап етуі мүмкін.

### **302-бап. Уәкілетті орган кәсіпорнының өзіне келтірілген шығыстарды толық өтеттіру құқығы**

Осы Кодекстің 293-бабының 3-тармағында көзделген мерзім өткен соң сот суға батқан мүлікті иесіз деп таныған жағдайда уәкілетті органның кәсіпорны:

1) көтерілген суға батқан мүлікті немесе оның бір бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сатып, оны сатудан түскен сома есебінен оны көтеруге кеткен шығыстардың және оған байланысты келтірілген басқа да шығыстардың өтемін алуға ;

2) суға батқан мүліктің меншік иесінен оны сатудан түскен сомамен жабылмаған шығыстарды, ал суға батқан мүлік жойылған кезде мұндай мүлікті жоюға байланысты келтірілген шығыстарды өтеттіріп алуға құқылы.

### **303-бап. Шетелдік суға батқан мүлік**

Осы Кодекстің 308 және 309-баптарына сәйкес уәкілетті органның кәсіпорнымен немесе басқа тұлғамен көтерілген және Қазақстан Республикасының аумағында сату немесе жоюға арналған шетелдік суға батқан мүлік Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес кедендік ресімдеуге жатады.

### **304-бап. Кездейсоқ көтерілген суға батқан мүлік**

Кеме қатынасына байланысты операцияларды жүзеге асыру кезінде ішкі су жолдары шегінде кездейсоқ көтерілген суға батқан мүлік мұндай мүлікке қатысты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген шараларды қабылдауға міндетті уәкілетті органға тапсырылуға тиіс.

**13-тарау. Сауда мақсатында теңізде жүзу саласында мемлекеттік реттеудің және бақылаудың ерекшеліктері**

**1-параграф. Сауда мақсатында теңізде жүзу саласында мемлекеттік реттеудің және бақылаудың негізгі міндеттері**

### **305-бап. Сауда мақсатында теңізде жүзу саласында уәкілетті органның құзыреті**

Уәкілетті органның құзыретіне:

1) сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысу мен халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру;

2) сауда мақсатында теңізде жүзу қызметін реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, сауда мақсатында теңізде жүзуді дамытудың бағдарламалары мен тұжырымдамасын әзірлеу;

3) теңіз портының капитаны туралы ережені бекіту;

4) Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде кемелердің жүзу және тұру ережесін бекіту;

5) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелердің каботажды жүзеге асыруына р ұ қ с а т т а р б е р у ;

6) теңіз көлігінің нысанды киім берілетін қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін, нысандар үлгілері мен айырым белгілерін, нысанды киім киіп жүру тәртібін және қамтамасыз ету нормаларын бекіту;

7) дипломдар мен куәліктердің үлгілерін бекіту;

8) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен теңізде жасанды аралдар және басқа да құрылыстар салуды келісу;

9) сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы техникалық регламентті әзірлеу;

10) сауда мақсатында теңізде жүзу қызметін реттейтін заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындау



ж ә н е

е н г і з у ;

11) сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы қызметтің жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес лицензиялау;

12) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын беру және кемені шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстыру туралы шешім қабылдау ;

13) кеменің атауын беру, өзгерту немесе не бас тарту туралы шешім қабылдау;

14) кемелердің сыныпталуын бақылауды жүзеге асыру;

15) кемелерге техникалық қадағалауды жүзеге асыру;

16) халықаралық жүзуге шығатын кемелердің техникалық куәландырылудан өткізілуін қамтамасыз ету ;

17) теңіз порттарын, жағалаудағы объектілерді, кеме жүзетін гидрокұрылыстарды, жасанды аралдарды және теңіздегі басқа да құрылыстарды тексеріп қарауды жүргізу;

18) уәкілетті органмен белгіленген тәртіппен теңіз порттарын жобалауға, салуға және қайта жаңартуға рұқсат беру ;

19) су көлігінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен өзара әрекеттестік;

20) кемеде кемелік құжаттардың болуын тексеру;

21) уәкілетті органның құзіретіне кіретін мәселелер барлық мәселелер бойынша қажетті ақпаратты, материалдарды, анықтамалық деректерді беру туралы жеке және заңды тұлғаларға сұраным жасау ;

22) кемелерді және оларға арналған құқықтарды мемлекеттік тіркеу;

23) көлік құралдарын, жылжымайтын мүлік құқықтарын және олармен мәмілелерді, жылжитын мүліктің кепілін және кеменің немесе салынып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін алым алуды қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасын орындау жатады.

## **2-параграф. Теңіз көлігінің Кемесі**

### **306-бап. Кемеге меншік құқығы**

1 . К е м е л е р :

1 ) м е м л е к е т т і ң ;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларының ;

3) егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шет мемлекеттердің, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың меншігінде болуы мүмкін.

2. Кеменің меншік иесі кемеге қатысты өз қалауы бойынша кез келген әрекет істеуге, соның ішінде кемені басқа тұлғалардың меншігіне беріп, иеліктен айырылуға,

меншік иесі болып қала отырып, оларға кемеңі иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын беруге, кеме ипотекасын белгілеуге және оған басқа да әдістермен ауыртпалық салуға, өзге де түрде билік етуге құқылы.

### **307-бап. Кеме атауы. Кемеңі дараландыру тәртібі**

1. Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында мемлекеттік тіркелуге тиісті кемеңің өз атауы болуға тиіс.

Меншік иесі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен кеме атауын қояды және өзгертеді.

2. Кеме атауының өзгертілгені туралы меншік иесі кемеңің тіркелген кепілдерін кепілге ұстаушыларға дереу хабарлайды.

3. Кемеңі дараландыру және белгі беру дабылын, сондай-ақ спутниктік байланыстағы кеме станциясының сәйкестендірілген нөмірін беру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

### **308-бап. Кемеңің ұлттығы. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы астында жүзу құқығы**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын пайдаланушы кеме Қазақстан Республикасының ұлттығында болады.

2. Қазақстан Республикасының ұлттығын иеленуші кеме Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге міндетті.

3. Кеме осы Кодекстің 324-бабының 1-тармағында аталған Қазақстан Республикасының кемелері тізілімдерінің бірінде мемлекеттік тіркелген кезден бастап, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына ие болады.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы:

1) мемлекеттің;

2) азаматтардың және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігіндегі кемелерге беріледі.

5. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде меншікке иемденіп алынған кеме Қазақстан Республикасының консулдық қызметі мұндай құқықты куәландыратын және кеме Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында мемлекеттік тіркелгенге дейін жарамды болатын, бірақ бір жылдан аспайтын уақыт қолданылатын уақытша куәлік берген кезден бастап, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын пайдаланады.

6. Шет мемлекеттің кемелер тізілімінде тіркелген кемеге, уәкілетті органның шешімі негізінде, бербоут-чартер бойынша қазақстандық кеме жалдаушының пайдалануына берілген кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы уақытша берілуі мүмкін, егер кемеңі жалдаушы көліктік бақылау органына:

бербоут-чартер бойынша кемеңі жалдаушы осы баптың 4-тармағына сәйкес кеме

иесіне қойылатын талаптарға жауап беретінін;  
кеменің меншік иесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының астына  
кемені уақытша өткізуге келісетінін;

кеме ипотекасының немесе кеменің меншік иесі мемлекетінің заңнамасына сәйкес  
белгіленген және тіркелген сол сипаттағы кеме ауыртпалығының кепілзат иесі  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының астына уақытша өтуге келісетінін;

кеменің меншік иесі мемлекетінің заңнамасы кемеге шет мемлекеттің туы астында  
жүзу құқығын беруге тыйым салмайтынын;

кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы астында жүзуге уақытша  
құқық берілген мезетте шет мемлекеттің туы астында жүзу құқығы тоқтатылғанын  
немесе тоқтатылатынын растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын  
пайдаланбайтын кемеде осы тудың көтерілгені үшін кінәлі адамдар Қазақстан  
Республикасының заң актілерінде белгіленген жауаптылықты мойнына алады.

### **309-бап. Кемені шет мемлекет туын көтеруге уақытша көшіру**

Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында тіркелген  
кеме бербоут-чартер бойынша шетелдік кеме жалдаушының иеленуіне немесе  
пайдалануына берілген жағдайда мұндай кеме көліктік бақылау органының шешімі  
негізінде, кейіннен әрбір екі жыл сайын ұзарту құқығымен екі жылдан аспайтын  
мерзімге, бірақ бербоут-чартердің қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге тиісті  
тізілімге тіркеліп және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу  
құқығы тоқтатылып, шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге уақытша көшірілуі мүмкін.

### **310-бап. Кемені сенімгерлік басқаруға беру**

1. Егер шартта өзгеше көзделмесе, кеменің меншік иесі меншік иесінің мүдделеріне  
сыйақы алу үшін кемені басқаруды сенімгерлік басқару шарты бойынша жүзеге асыру  
үшін сенімгер басқарушыға беруге құқылы.

Шаруашылық жүргізудегі немесе оралымды басқарудағы кемені меншік иесінің  
немесе көліктік бақылау органының келісімінсіз сенімгер басқаруға беруге болмайды.

Кеменің сенімгерлік басқаруға берілуі оған меншік құқығымен сенімгерлік  
басқарушыға ауысуына әкеп соқпайды.

2. Кеменің сенімгерлік басқаруға берілуі Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме  
тізілімінде немесе кеме кітабында міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге тиіс.

3. Кемелерді басқару және оларды пайдалану саласында құзыретті тұлға сенімгер  
б а с қ а р у ш ы б о л а а л а д ы .

4. Кемені сенімгерлік басқару шарты Қазақстан Республикасының азаматтық  
заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

### **311-бап. Кеме құжаттары**

Кеме құжаттарының тізбесі, жүргізілу тәртібі, сондай-ақ нысандарын әзірлеу мен  
бекіту уәкілетті органмен белгіленеді.

Кемеде мынадай кеме құжаттары болуы тиіс:

- 1) теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы астында жүзу құқығы туралы куәлік;
- 2) кемеге құқығы туралы куәлік;
- 3) жүзуге жарамдылық туралы куәлік;
- 4) жолаушылар куәлігі (жолаушылар кемелеріне арналған);
- 5) өлшемдік куәлік;
- 6) жүк маркасы туралы куәлік;
- 7) мұнаймен ластануды болдырмау туралы куәлік;
- 8) ақаба сулармен ластануды болдырмау туралы куәлік;
- 9) қоқыспен ластануды болдырмау туралы куәлік;
- 10) сыныптамалық куәлік;
- 11) кемелік радиостанцияның лицензиясы (егер кемеде кемелік радиостанция бар болса) және радиожурнал;
- 12) кемелік роль;
- 13) кемелік журнал;
- 14) машиналық журнал (механикалық қозғалтқышы бар кемелер үшін);
- 15) санитарлық журнал;
- 16) ақаба сулармен операциялар журналы;
- 17) қоқыспен операциялар журналы;
- 18) мұнай танкерлері болып табылмайтын кемелерге арналған мұнай операцияларының журналы;
- 19) мұнай танкерлеріне арналған мұнай операцияларының журналы;
- 20) жүзу құқығы туралы кемелік санитарлық куәлік;
- 21) кемелік билет (кемелердің кейбір санаттары үшін);
- 22) Бербоут-чартер шарттарында жалданған шетелдік теңіз кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы астында жүзуге уақытша құқық берілгені туралы куәлік;
- 23) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы астында кемеге жүзуге құқық берілгені туралы уақытша куәлік;
- 24) кемеңің (салынып жатқан кемеңің) құқықтарын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
- 25) кемелік тізілімнің сауалнамасы;
- 26) қысқы тұрақтауда тұрған кемелерді орналастыру жоспары мен бекіту тәсілдері;
- 27) авариялық жағдайды тексеру туралы акт (авариялық жағдайды тексерген кезде);
- 28) кемеңі куәландыру туралы актілер;
- 29) кеме жасау және кеме жөндеу зауыттарын тану туралы куәлік;
- 30) кемелерді және кемежай құрылыстарын қорғау жөніндегі халықаралық

талаптарға сәйкес кемелерді қорғау жөніндегі құжаттар;

31) кеме жүргізушілердің, кемелік электрмеханиктердің, кемелік радиомамандардың және кемелік механиктердің дипломдары;

32) кемелік команданың тұлғалары үшін біліктілік куәліктері;

33) теңізге шөккен мүлікті көтеруге, теңіз кемежайында құрылыстық гидротехникалық және өзге жұмыстарды жүргізуге рұқсат ету құжатының нысаны.

### **312-бап. Кемелерді техникалық қадағалау**

1. Кеме Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарын қанағаттандыратыны белгілі болғаннан кейін ғана жүзуге жіберілуі мүмкін.

2. Теңіз кемелерін техникалық қадағалауды, куәландыруды және сыныптауды тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көліктік бақылау органы және сыныптау қоғамдары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының өзге мемлекеттік органдары мен ұйымдарының кемелерге және кемеңің жекелеген элементтеріне техникалық қадағалау жүргізілуіне жол берілмейді.

Кемеге сынып беру Кеме қатынасының тіркелімі және сыныптау қоғамы беретін сыныптау куәлігімен куәландырылады.

3. Кеме құжаттары болмаған кезде немесе шетел туын көтеріп жүзіп жүрген кеме Қазақстан Республикасының теңіз портына келген кезде, тиісті құжаттарының болуына қарамастан, саудалық теңізде жүзу саласындағы техникалық регламенттермен белгіленген теңізде қауіпсіз жүзудің талаптарын қанағаттандырмаса, уәкілетті орган мұндай кемеңі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуші кемелермен бірдей негізде куәландырудан өткізуге құқылы.

### **3-параграф. Саудалық теңізде жүзу саласындағы қауіпсіздіктің жалпы талаптары**

#### **313-бап. Саудалық теңізде жүзу саласындағы қауіпсіздіктің жалпы талаптары**

1. Тасымалдау процесіне қатысушылар адамның өмірі мен денсаулығы, қоршаған орта үшін қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етуге, сондай-ақ саудалық теңізде жүзуде қауіпсіздік талаптарын сақтауға міндетті.

2. Саудалық теңізде жүзудің қауіпсіздігі адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауға, тасымалдау процесіне қатысушылардың авариясыз жұмыс істеуіне жағдайлар жасауға, су жолдарын теңізде жүзу жағдайында, ішкі су жолдарында кемелерді, кемежайларды, жағалық объектілер мен құрылыстарды техникалық жарамды жағдайда күтіп ұстауға, сондай-ақ кемелердің авариялылығының алдын алуға бағытталған кешенді ұйымдастыру мен техникалық іс-шаралармен қамтамасыз етіледі.

3. Саудалық теңізде жүзу саласындағы техникалық реттеу объектілері:

1) саудалық теңізде жүзу үшін пайдаланылатын кемелер, су жолдарындағы кемежайлар, жағалық объектілер мен құрылыстар;

2) өндіріс процестерін (салу, жөндеу, қайта жаңарту), саудалық теңізде жүзу үшін

пайдаланылатын кемелерді, су жолдарындағы кемежайларды, жағалық объектілер мен құрылыстарды пайдалану болып табылады.

**314-бап. Саудалық теңізде жүзу үшін пайдаланылатын кемелерді, су жолдарындағы кемежайларды, жағалық объектілер мен құрылыстарды жүргізу (салу, жөндеу, қайта жаңарту) кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары**

1. Саудалық теңізде жүзу кемелерін жасау (салу, жөндеу, қайта жаңарту) кезінде жобалық құжаттаманың және осы тараудың талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету.

2. Саудалық теңізде жүзу кемелерін жасау (салу, жөндеу, қайта жаңарту) кезінде жасаушы жобалық құжаттамамен белгіленген қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі барлық шаралар кешенін орындауға және олардан теңізде жүзу қауіпсіздігі тәуелді барлық технологиялық операциялардың орындалуын бақылау мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Егер саудалық теңізде жүзу кемелерін жасау барысында не одан кейін қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сынақтарды жүргізу талап етілсе, онда олар жобалық құжаттаманың барлық талаптарын орындау арқылы толық көлемде жүргізілуі тиіс.

4. Әрбір кеме корпусқа түсірілетін сәйкестендіру нөмірімен таңбалануы тиіс. Таңбалама көрінетін, анық және жуылмайтын болуы тиіс.

5. Кеменің әзірленуі борттың сыртына құлау қаупін ең төменгі деңгейге жеткізетіндей және борттың сыртында қалған адамдарды құтқаруды қамтамасыз ететіндей болуы тиіс.

6. Негізгі рульдік басқару орны айналаны шолуды қамтамасыз етуі тиіс.

7. Кеме пайдалану жөніндегі басшылықпен жабдықталған болуы тиіс, онда ерекше көңіл өрт пен су басу қаупіне бөлінуі тиіс.

**315-бап. Саудалық теңізде жүзу үшін пайдаланылатын кемелерді, су жолдарындағы кемежайларды, жағалық объектілер мен құрылыстарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары**

1. Саудалық теңізде жүзу процесімен байланысты кемелер, кемежайлар, жағалық объектілер мен теңіздегі құрылыстар қауіптілігі жоғары аймақтар болып табылады және сауда мақсатында теңізде жүзу қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарына жауап беруі тиіс.

2. Саудалық теңізде жүзу процесімен байланысты кемелерді, кемежайларды, жағалық объектілер мен теңіздегі құрылыстарды пайдалануды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар саудалық теңізде жүзу саласындағы заңнамалық актілер мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері талаптарының орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

3. Саудалық теңізде жүзу үшін пайдаланылатын кемелерді пайдалану адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға кері әсерін тигізбеуі тиіс.

**4-параграф. Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ерекшеліктері**

### **316-бап. Қазақстан Республикасының кеме тізілімдері**

1. Кеме Қазақстан Республикасы кеме тізілімдерінің (бұдан әрі - кеме тізілімдері) б і р і н д е :

- 1) Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде;
- 2) кеме кітабында;
- 3) бербоут-чартер тізілімінде мемлекеттік тіркелуге тиіс.

2. Кемеге меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар, сондай-ақ онымен жасалатын мәмілелер кеме тіркелген тиісті тізілімде міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге тиіс.

3. Мемлекеттік тіркелуге тиіс, жасалып жатқан кеме жылжымайтын мүлікке теңестіріледі.

Жасалып жатқан кемеге меншік құқығы киль салынған немесе сарапшының қорытындысымен расталған тең бағалы құрылыс жұмыстары жағдайында жасалып жатқан кемелер тізілімінде тіркелуі мүмкін. Жасалып жатқан кемеге меншік құқығын мемлекеттік тіркеген кезде тиісті куәлік беріледі.

4. Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде теңіз, жолаушылар, жүк-жолаушылар кемелері, мұнай құйып тасушы, сүйретіп жүзуші кемелер, қалқымалы бұрғылау құрылғылары, құрғақ жүк тасушы кемелер, қалқымалы крандар және техникалық флот кемелері (жер снарядтары және басқалар), сондай-ақ қуаттылығы елу бес киловаттан кем емес бас двигательді өздігінен жүретін кемелер және сыйымдылығы сексен тоннадан кем емес өздігінен жүрмейтін кемелер тіркеледі.

5. Кеме кітаптарында бас двигательдердің қуаттылығына және сыйымдылығына карамастан, спорттық, серуендік кемелер, сондай-ақ осы баптың 4-тармағында аталмаған кемелер тіркеледі.

6. Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде және кеме кітаптарында гидроұшақтар, сондай-ақ шлюпкалар мен кеменің керек-жарақтары болып табылатын өзге де қалқымалы құралдар тіркелмейді.

7. Бербоут-чартер тізілімінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық берілген кемелер бербоут-чартердің қолданылу мерзімін әрбір екі жыл сайын одан әрі ұзарта отырып, екі жыл мерзімге, бірақ бербоут-чартердің қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге тіркеледі.

8. Кемелерді оларға құқықтарды және олармен мәмілелерді мемлекеттік тіркеу және /немесе қайта тіркеу кезінде, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттың телнұсқасын алған кезде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде алым алынады.

### **317-бап. Кеме тізіліміне енгізілетін мәліметтердің өзгертілуі**

Кемелер тізіліміне енгізілуге тиісті мәліметтердің кез келген өзгерісі туралы кеменің меншік иесі немесе оны бербоут-чартер бойынша кемені жалдаушы кеме тіркелген порттың теңіз әкімшілігіне екі апта ішінде хабарлауға міндетті.

### **318-бап. Мемлекеттік органдар пайдаланатын кемелерді мемлекеттік тіркеу**

Әскери корабльдерді, әскери-қосалқы кемелер мен шекара корабльдерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының меншігіндегі және мемлекеттік органдар өздеріне жүктелген функцияларды атқару үшін пайдаланатын кемелерді мемлекеттік тіркеу Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

### **319-бап. Кемелерді қайта тіркеу**

Егер кеме оқиғаның немесе кез келген басқа себептің салдарынан Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізіліміне немесе кеме кітабына бұрын енгізілген мәліметтерге сәйкес келмей қалған жағдайда, куәландырылғаннан және жүзуі жарамдылығы туралы куәлікті алғаннан кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кеме мені мемлекеттік қайта тіркеу жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының меншігіндегі және мемлекеттік органдар өздеріне жүктелген функцияларды орындау үшін пайдаланатын кеме мені коммерциялық мақсатта пайдалану да кеме мені қайта тіркеу үшін негіз болып табылады.

### **320-бап. Кеме мені Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан шығару**

Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан:

- 1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;
- 2) конструкциялық жағынан күйреген;
- 3) қайта жасау немесе кез келген басқа да өзгерістер салдарынан кеме сапасын жоғалтқан;
- 4) осы Кодекстің 316-бабының 4-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған кеме шығарылуға жатады.

### **321-бап. Кеме мені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуден бас тарту**

Кеме мені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуден:

- 1) мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті тиісті емес тұлға жасаған;
- 2) кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелерінде көзделген талаптар сақталмаған;
- 3) мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарға сай келмеген;
- 4) жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен мәмілелерді мемлекеттік тіркеу әрі көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін бюджетке алымдарды салғанын растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайларда бас тартылуы мүмкін.

### **322-бап. Кеме мені мемлекеттік тіркеу теңіз портының өзгертілуі**

Кеме мені мемлекеттік тіркеудің теңіз порты кеме мені меншік иесінің өтініші бойынша өзгертілуі мүмкін. Кеме мені мемлекеттік тіркеу портының өзгертілуін мемлекеттік тіркеу кемелерді және оларға құқықтарды тіркеу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

### **323-бап. Кемелерді мемлекеттік тіркеу ережелерін бұзғандық үшін жауаптылық**



Кемені міндетті мемлекеттік тіркеуден жалтарған тұлға, сондай-ақ кемені кеме тізілімдерінің бірінде белгіленген тәртіпті бұза отырып тіркеген немесе кеме тізілімдеріне енгізілген мәліметтердің өзгергені туралы хабарлау міндетін бұзған тұлға Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жауаптылықты мойнына алады.

## **5-параграф. Кемеге теңіз кепілі.**

### **Кеме немесе жасалып жатқан кеме ипотекасы**

#### **324-бап. Орындалуы кемеге теңіз кепілімен қамтамасыз етілетін міндеттемелер**

##### **1. Кемеге теңіз кепілімен:**

1) кеме капитанына және кеме экипажының басқа мүшелеріне олардың кеме бортындағы жұмысы үшін тиесілі жалақыға және басқа да сомаларға, соның ішінде қайтаруға арналған шығыстарға және кеме капитаны мен кеме экипажының басқа мүшелері атынан әлеуметтік сақтандыру бойынша төленетін жарналарға;

2) құрғақта немесе суда кемені пайдалануға тікелей байланысты азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге;

3) кемені құтқару үшін сыйақыға;

4) осы Кодексте көзделген алымдарды төлеуге, сондай-ақ лоцманның қызмет көрсетуі үшін төлемге;

5) кемемен тасымалданатын жүктен, контейнерлерден, багаждан, каюталық багаждан және жолаушылардың заттарынан басқа, кемені пайдалану кезінде өзге де мүліктің жоғалуы немесе зақымдануы нәтижесінде келтірілген нақты залалды өтеуге қатысты кеме иесіне қойылатын талаптар қамтамасыз етіледі.

##### **2. Егер осындай талаптар:**

1) кемелердің ластануынан келтірілген залал немесе теңіз арқылы қауіпті жүктерді тасымалдауға байланысты залал келтіру;

2) ядролық отынның, оның өнімдері мен қалдықтарының радиоактивтік қасиеттерінің әсер етуі не олардың радиоактивтік қасиеттерінің қауіпті қасиеттерімен ұштаса отырып әсер етуі нәтижесінде туындаса, осы баптың 1-тармағының 2) және 5) тармақшаларында көзделген талаптар кемеге теңіз кепілімен қамтамасыз етілмейді.

3. Кемені конкурстық сауда-саттық (тендер, аукцион) өткізу арқылы соттан тыс тәртіппен мәжбүрлеп сату жағдайын қоспағанда, кемеге меншік құқығы ауысқан, оның тіркелуі өзгертілген немесе кеменің туы ауыстырылған жағдайда кемеге теңіз кепілі күшін сақтап қалады.

#### **325-бап. Кемеге теңіз кепілімен қамтамасыз етілген талаптардың басымдықпен қанағаттандырылуы**

Осы Кодекстің 332-бабының 1-тармағына сәйкес кемеге теңіз кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелерден туындайтын талаптар, осы Кодекстің 349-бабының 3-тармағында көзделген талаптарды қоспағанда, өзге барлық талаптар алдында басымдықпен қанағаттандырылуға тиіс.

### **326-бап. Кемеге теңіз кепілімен қамтамасыз етілген талаптарды қанағаттандырудың кезектілігі**

1. Осы Кодекстің 332-бабының 1-тармағына сәйкес, кемеге теңіз кепілімен қамтамасыз етілген талаптар олардың аталған тармақтағы кезектілік реті бойынша қанағаттандырылады. Кемеге теңіз кепілі құқығын беретін құтқару операциялары жүзеге асырылардан бұрын туындаған, кемеге теңіз кепілімен қамтамасыз етілген басқа да барлық талаптардың алдында кемені құтқару үшін сыйақы талаптары қанағаттандырылады.

2. Осы Кодекстің 332-бабы 1-тармағының 1), 2), 4) және 5) тармақшаларына сәйкес, кемеге теңіз кепілімен қамтамасыз етілген талаптар әрбір кезек шегінде талаптардың мөлшеріне бара-бар қанағаттандырылады.

3. Осы Кодекстің 332-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, кемеге теңіз кепілімен қамтамасыз етілген, кемені құтқару үшін сыйақы талаптары кезектілік шегінде осындай талаптардың туындаған уақытына кері тәртіппен қанағаттандырылуға тиіс. Талап құтқару операциясы аяқталған кезде туындады деп есептеледі.

### **327-бап. Кемеге теңіз кепілінің тоқтатылуы**

1. Егер аталған мерзім біткенге дейін кеме мәжбүрлеу тәртібімен сатылмаған болса, кемеге теңіз кепілі осы Кодекстің 332-бабының 1-тармағында көзделген, кемеге теңіз кепілімен қамтамасыз етілген талаптардың туындаған күнінен бір жыл өткен соң тоқтатылады.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзім:

1) осы Кодекстің 332-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, кемеге теңіз кепілімен қамтамасыз етілген талаптар бойынша - осындай талап қойған экипаж мүшесінің кемеден босатылу кезінен бастап;

2) осы Кодекстің 332-бабы 1-тармағының 2) - 5) тармақшаларына сәйкес, кемеге теңіз кепілімен қамтамасыз етілген талаптар бойынша - осындай талап туындаған кезден бастап есептеледі.

Аталған мерзімнің ағысы тұтқынға алуға жол берілмейтін кезеңге тоқтатыла тұрады.

### **328-бап. Талап құқығын басқаға беру немесе талап құқығының ауысуы**

1. Кемеге теңіз кепілімен қамтамасыз етілген талап құқығын басқаға беру немесе талап құқығының ауысуы сонымен бірге кемеге теңіз кепілі талабы құқығын басқаға беруге немесе оған құқықтың ауысуына әкеп соғады.

2. Азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптардың және теңізде сақтандыру шарты бойынша кеменің меншік иесіне тиесілі сақтандыру төлемін төлеу туралы талаптардың кемеге теңіз кепілі құқығы бар тұлғаға ауыстырылуына жол берілмейді.

### **329-бап. Кемені немесе жасалып жатқан кемені ұстап қалуға құқық**

1. Кемені жасауға, сондай-ақ кемені жөндеуге, соның ішінде оны реконструкциялауға байланысты туындайтын талаптарды қамтамасыз ету үшін кеме жасау және кеме жөндеу ұйымдарының (мердігер) мұндай кемені, пайдаланылмаған материалдардың қалдықтарын және тапсырысшы тиісті сомаларды төлегенге дейін өздерінің қолындағы тапсырысшының басқа да мүлкін ұстап қалуға құқығы бар.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген кемені ұстап қалуға құқық, егер бұл тек оның тұтқындалуының салдары болмаса, кеме жасау немесе кеме жөндеу ұйымының (мердігердің) иелігінен кеме немесе жасалып жатқан кеме шығып қалған кезден бастап тоқтатылады.

3. Кеме немесе жасалып жатқан кеме мәжбүрлеп сатылған жағдайда кеме жасау және кеме жөндеу ұйымдарының (мердігердің) осы Кодекстің 350-бабының 4-тармағына сәйкес әлгіндей кемені сатудан алынған сома есебінен өз талаптарын қанағаттандыруға құқығы бар.

### **330-бап. Кеме ипотекасын белгілеу**

1. Кеме ипотекасы ақша міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында кеменің меншік иесі (кепіл беруші) мен кредитор (кепіл ұстаушы) арасында осы Кодекстің 340 және 341-баптарына сәйкес, мемлекеттік тіркелуге тиісті шарт жасасу арқылы белгіленеді.

2. Кеменің меншік иесінің келісімімен, оған шаруашылық жүргізу құқығы бар тұлға да кеме ипотекасының кепіл берушісі болуы мүмкін.

### **331-бап. Кеме ипотекасының нысанасы**

1. Шартта өзгеше көзделмеген жағдайда, кеме ипотекасы нақ сол меншік иесіне жататын кеме сияқты кеменің керек-жарағына, сондай-ақ кеменің опат болуы мен зақымдануына жауаптылық жағдайларында кеменің теңіздегі сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдеріне де қолданылады.

Кеме ипотекасы жалдау ақысына қолданылмайды.

2. Шартта өзгеше көзделмеген жағдайда, жасалып жатқан кеменің ипотекасы оны жасауға арналған және кеме жасау ұйымы орналасқан жерде жатқан және таңбалау арқылы немесе өзге де әдіспен анық сәйкестендірілген материалдар мен жабдықтарға, сондай-ақ жасалып жатқан кеменің теңіздегі сақтандыру шарты бойынша жасалып жатқан кеменің опат болуы мен зақымдануына жауаптылық жағдайларында сақтандыру төлемдеріне де қолданылады.

3. Егер екі немесе одан да көп кеме не жасалып жатқан кеме ипотека нысанасы болса, жеке алғанда әрбір кеменің міндеттемені қамтамасыз ету мөлшері туралы келісім болмаған жағдайда, мұндай кемелер міндеттемені толық мөлшерінде қамтамасыз етуші болады.

### **332-бап. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу**

1. Кеме ипотекасы нақ сол кеме тіркелген тізілімде тіркеледі.

2. Осы Кодекстің 316-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге құқық уақытша берілген шетел кемесінің ипотекасын, сондай-ақ шетелдік алушы үшін жасалып жатқан кеменің ипотекасын Қазақстан Республикасында тіркеуге болмайды.

3. Жасалып жатқан кеменің ипотекасы жасалып жатқан кемеге меншік құқығы тіркелген жасалып жатқан кемелер тізілімінде тіркеледі.

### **333-бап. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеудің тәртібі**

1. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы кемеге немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығын мемлекеттік тіркегеннен кейін кепіл берушінің өтініші негізінде тіркеледі.

2. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы өтініште:

1) кемені (кеменің атауы, порт немесе оның тіркелген орны, кеменің тіркелім нөмірі, үлгісі және сыныбы, тоңнажы) немесе жасалып жатқан кемені (кеме жасалу жүзеге асырылып жатқан орын, жасалу нөмірі, кеменің үлгісі, кильдің ұзындығы және басқа негізгі өлшемдер, тіркелім нөмірі) сәйкестендіретін деректер;

2) ипотекаға кепіл берушінің есімі мен мекен-жайы;

3) ипотекаға кепіл ұстаушының есімі мен мекен-жайы немесе оның ұсынушыға белгіленгені туралы мәліметтер;

4) екі немесе одан да көп кемелерге не жасалып жатқан кемелерге ипотеканы белгілегенде, ипотекамен қамтамасыз етілген міндеттеменің ең жоғары мөлшері - тараптардың ол туралы келісімі болған жағдайда, міндеттемені жеке алғанда әрбір кеме қамтамасыз ететін мөлшер;

5) кеме немесе жасалып жатқан кеме ипотекасының аяқталу күні көрсетілуге тиіс.

Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы туралы шарт осындай шартта аталған құжаттармен қоса беріледі.

3. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркейтін орган, егер кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы туралы шарт не осындай шартқа қоса берілетін құжаттар кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу талаптарына сай келмесе, оны мемлекеттік тіркеуден бас тартуға құқылы.

4. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы мемлекеттік тіркеу туралы өтініш алынған күні тіркеледі.

Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізіліміне, кеме кітабына немесе жасалып жатқан кемелер тізіліміне, осы баптың 2-тармағына сәйкес, мемлекеттік тіркеу туралы өтініште аталған барлық мәліметтер енгізіледі.

5. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркейтін орган кепіл беруші мен кепіл ұстаушыға, Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде, кеме кітабында немесе жасалып жатқан кемелер тізілімінде бар жазбаларға сәйкес, кеменің

немесе жасалып жатқан кемең ипотекасын мемлекеттік тіркеу белгіленген үлгідегі  
к у ә л і к б е р у г е т и і с .

6. Кемең немесе жасалып жатқан кемең ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен алым алынады

7. Кемең немесе жасалып жатқан кемең ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

8. Кемең немесе жасалып жатқан кемең ипотекасы тіркелетін Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізімі, кеме кітабы немесе жасалып жатқан кемелер тізілімі мен тіркеу органына берілуге тиісті құжаттар ашық болып табылады және мүдделі тұлғаның олардан үзінді жазбалар мен осындай құжаттардың көшірмелерін алуға  
қ ұ қ ы ғ ы б а р .

9. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеген кезде кеме құжаттарына ол туралы қандай да бір жазбалар енгізу талап етілмейді.

**334-бап. Кеме ипотекасымен қамтамасыз етілген талаптарды басымдықпен қанағаттандыру**

1. Орындалуы кемең тіркелген ипотекасымен қамтамасыз етілетін міндеттемелер бойынша талаптар, осы Кодекстің 336-бабының 1-тармағында және 349-бабының 3 және 4-тармақтарында көзделген талаптарды қоспағанда, өзге де барлық талаптар алдында басымдықпен қанағаттандырылуға тиіс.

2. Осы Кодекстің 349-бабының 4-тармағында көзделген талаптарды қоспағанда, жасалып жатқан кемең тіркелген ипотекасымен қамтамасыз етілген міндеттемелерден туындайтын талаптардың алдында ешқандай талаптар басымдықпен қанағаттандырылмауға тиіс.

**335-бап. Кеме ипотекасымен қамтамасыз етілген талаптардың қанағаттандырылу кезектілігі**

1. Егер ипотека белгіленген кеме кепіл берушінің басқа талаптарын қамтамасыз ететін тағы бір ипотеканың нысанасына айналса, одан кейінгі кепіл ұстаушының талаптары оның алдындағы кепіл ұстаушылардың талаптарынан кейін қанағаттандырылады. Кеме ипотекасымен қамтамасыз етілген мұндай талаптардың қанағаттандырылу кезектілігі ипотеканың мемлекеттік тіркелген күнімен белгіленеді.

2. Кемең немесе жасалып жатқан кемең ипотекасымен қамтамасыз етілген міндеттемелерден туындайтын талаптардың осы баптың 1-тармағында көзделген қанағаттандырылу кезектілігі кепіл беруші мен кепіл ұстаушының келісімімен  
ө з г е р т і л у і м ү м к і н .

Мұндай келісім Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде, кеме кітабында немесе жасалып жатқан кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркелуге тиіс.

**336-бап. Кеме ипотекасының шарты бойынша құқықтарды басқаға беру**

1. Кепіл ұстаушы талапты басқаға беру арқылы негізгі міндеттеме бойынша кредитордың құқықтарын беру туралы ережелерді сақтай отырып, Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес, өзінің кеме ипотекасының шарты бойынша құқықтарын басқа тұлғаға беруге құқылы.

2. Кеме ипотекасының шарты бойынша құқықты басқаға берген жағдайда ол тіркелген Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізіліміне, кеме кітабына немесе жасалып жатқан кемелер тізіліміне не басқаға берілген күні туралы және пайдасына берілген басқа тұлғаның атауы мен мекен-жайы туралы жазба енгізіледі.

### **337-бап. Ипотекамен қамтамасыз етілген кеме мен кеме менің немесе жасалып жатқан кеме менің сақталуы**

Кепіл беруші ипотекамен қамтамасыз етілген кеме мені немесе жасалып жатқан кеме мені сақтау және күтіп ұстау жөнінде тиісті шаралар қолдануға міндетті. Егер осындай міндетті орындамау кеме мені немесе жасалып жатқан кеме менің едәуір құнсыздануына әкеп соқса, кепіл ұстаушы оны міндеттеменің орындалу мерзімі басталғанға дейін мәжбүрлеу тәртібімен сатуға құқылы.

### **338-бап. Кемеге немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығының ауысуы немесе мемлекеттік тіркеудің өзгертілуі**

1. Кеме мені немесе жасалып жатқан кеме менің тіркелген ипотекасымен қамтамасыз етілген талаптар қанағаттандырылмаған не барлық кепіл ұстаушылардың жазбаша келісімі болмаған жағдайда порттың теңіз әкімшілігінің, осы Кодекстің 347 және 349-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеме мені Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан шығарып тастауға не жасалып жатқан кемеге меншік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы жасалып жатқан кемелердің тізілімінен алынған жазбаға өзгеріс енгізуге құқығы жоқ.

2. Кеме мені Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан не жасалып жатқан кемеге меншік құқығын жасалып жатқан кемелер тізілімінен шығарып тастау (ерікті сату жағдайларын қоспағанда) міндетті болып табылған жағдайларда, тіркеу органы кепіл ұстаушылар өз мүдделерін қорғау жөнінде тиісінше шаралар қолдану үшін кепіл ұстаушыларға кеме мені немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығын тиісті тізілімдерден алдағы уақытта шығарып тасталатыны туралы хабарлама жолдауға тиіс. Олардың келісімі алынбаған жағдайда, кеме немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығы тиісті тізілімдерден ақылға қонымды кезең біткеннен кейін, бірақ кепіл ұстаушыларға хабарланған соң кем дегенде үш айдан кейін шығарылып тасталады.

### **339-бап. Кеме мені немесе жасалып жатқан кеме мені мәжбүрлі сатудың негіздері**

Кепіл беруші борышты төлеу жөніндегі міндеттемені орындамаған жағдайда, ипотека салынған кеме немесе жасалып жатқан кеме тұтқындалған кеме мені немесе тұтқындалған жасалып жатқан кеме менің тұрған орнында сот шешімінің негізінде сатылуы мүмкін.

### **340-бап. Кемені немесе жасалып жатқан кемені мәжбүрлі сату тәртібі**

Кемені немесе жасалып жатқан кемені мәжбүрлі сату Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

### **341-бап. Кемені немесе жасалып жатқан кемені мәжбүрлі сатудың салдары**

1. Кемені немесе жасалып жатқан кемені мәжбүрлі сату жағдайында, кеменің немесе жасалып жатқан кеменің барлық тіркелген ипотекалары, кепіл ұстаушылардың келісімімен сатып алушы өз мойнына алғандарын қоспағанда, барлық кепілдер және басқа да кез келген түрдегі ауыртпалықтар кемеге немесе жасалып жатқан кемеге қатысты қолданылуын тоқтатады.

2. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің тұтқындалуына және кейінгі сатылуына байланысты шығыстар бірінші кезекте олардың сатылуынан алынған сомалар есебінен төленеді. Мұндай шығыстар өзіне, атап айтқанда, кемені тұтқындау кезінен кемені және кеме экипажының мүшелерін ұстауға жұмсалған шығыстарды, сондай-ақ осы Кодекстің 322-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында аталған жалақыны, басқа да сомалар мен шығыстарды қамтиды. Кемені немесе жасалып жатқан кемені сатудан алынған соманың қалдығы осы тарауға сәйкес тиісті талаптарды қанағаттандыруға қажет болуына қарай бөлінеді. Барлық тұлғалардың қойған талаптары қанағаттандырылғаннан кейін кемені немесе жасалып жатқан кемені сатудан алынған сома, егер ол қалса, кеменің немесе жасалып жатқан кеменің меншік иесіне қайтарылады және еркін аударылуы мүмкін.

3. Суға батқан кемені мәжбүрлі сату жағдайында, теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету немесе теңіз ортасын ластанудан қорғау мақсатында, оның судан шығарылуын порттың теңіз әкімшілігі жүзеге асырады, суға батқан кемені судан шығаруға жұмсалған шығыстар, кемеге теңіздегі кепілмен қамтамасыз етілген кез келген талаптар қанағаттандырылғанға дейін, оның сатылуынан алынған сома есебінен төленеді.

4. Өз міндеттемелерін қамтамасыз етуге кемені ұстап қалатын кеме жасау немесе кеме жөндеу ұйымы (мердігер) оны мәжбүрлеу тәртібімен сату үшін беруге міндетті.

Осы Кодекстің 332-бабының 1-тармағына сәйкес, кемеге теңіз кепілімен қамтамасыз етілген талаптар болған жағдайда кеме жөндеу ұйымында мұндай құқық аталған талаптар қанағаттандырылғаннан кейін пайда болады.

5. Кемені немесе жасалып жатқан кемені сатып алушы Қазақстан Республикасының азаматы немесе заңды тұлғасы болған жағдайда, кеме немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығы Қазақстан Республикасының тиісті тізілімінде осындай сатып алушының атына тіркелуге тиіс. Кеме немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығы Қазақстан Республикасының тиісті тізілімінде тіркелген және мұндай кемені немесе жасалып жатқан кемені сатып алушы шетелдік азамат немесе шетелдік заңды тұлға болған жағдайда, кемені тіркеу органы не жасалып жатқан кемеге меншік құқығын тіркеу органы осындай сатып алушыға кеменің Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме

тізілімінен, кеме кітабынан шығарып тасталғаны туралы немесе кемені немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығын шет мемлекеттің тиісті тізілімінде тіркеу мақсатында, жасалып жатқан кемеге меншік құқығының жасалып жатқан кемелер тізілімінен шығарып тасталғаны туралы куәлік беруге міндетті.

#### **342-бап. Кеме ипотекасының тоқтатылуы**

1. К е м е и п о т е к а с ы :

- 1) кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеме тоқтатылған;
- 2) кеме немесе жасалып жатқан кеме конкурстық сауда-саттық (тендер, аукцион) арқылы сатылған жағдайларда, сондай-ақ оны сату мүмкін болмай шыққан жағдайда;
- 3) кеме немесе жасалып жатқан кеме ипотекасының кепіл ұстаушысы теңіздегі сақтандыру шартына сәйкес, кеменің немесе жасалып жатқан кеменің опат болуына байланысты тиесілі сақтандыру төлеміне өз талабын жүзеге асыра алатын жағдайларды қоспағанда, кеме немесе жасалып жатқан кеме опат болған жағдайларда тоқтатылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларда кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тоқтату туралы дәлелдемелер табыс етілген кезде, тіркеу органы тиісті кемелер тізіліміне немесе жасалып жатқан кемелер тізіліміне кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тоқтату туралы жазба жасайды.

#### **6-параграф. Кеме экипажы**

##### **343-бап. Кеме экипажының құрамы**

1. Кеме экипажының құрамына кеме капитаны, кеменің командалық құрамының басқа да адамдары мен кеме командасы кіреді.

2. Кеменің командалық құрамына кеме капитанының көмекшілері, механиктер, электр механиктері, радиомамандар мен дәрігерлер енеді. Уәкілетті орган басқа мамандарды да кеменің командалық құрамына енгізуі мүмкін.

3. Кеме командасы кеменің командалық құрамына жатқызылмайтын адамдардан тұрады.

##### **344-бап. Кеме экипажының ең аз құрамы**

1. Әрбір кеменің бортында экипаж болуға, оның құрамы кеменің жүзу қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үшін кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарға сай болуға тиіс.

2. Кеменің үлгісі мен арналған мақсатына, сондай-ақ оның жүзу ауданы мен жүрген жеріне қарай экипаждың ең аз құрамын уәкілетті орган белгілейді.

3. Кеменің жүзу қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін экипаждың ең аз құрамы туралы куәлікті кемені мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылған теңіз портының капитаны береді.

##### **345-бап. Кеме экипажының мүшелеріне қойылатын талаптар**

1. Кеме экипажы мүшелерінің қызметтерін атқаруға Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен кеме экипажының мүшелерін дипломдау ережелеріне сәйкес тиісті біліктілігі бар адамдар жіберіледі.



2. Кемеде жұмыс істеуге өздерінің денсаулық жағдайы бойынша осындай жұмысқа жарамдылығын куәландыратын куәліктері бар адамдар жіберіледі.

### **346-бап. Кеме экипажы мүшелерінің азаматтығы**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме экипажының құрамына Қазақстан Республикасының азаматтарынан басқа, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар кіруі мүмкін. Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар кеме капитаны, капитанның аға көмекшісі және аға механик лауазымдарын атқара алады.

2. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар кеме экипажы құрамына кіре алатын жағдайларды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті орган айқындайды.

### **347-бап. Кемедегі еңбек қатынастары**

Кеме экипажының мүшелерін жұмысқа алу тәртібі, олардың құқықтары мен міндеттері, еңбек және ақы төлеу жағдайлары, сондай-ақ оларды жұмысынан босатудың тәртібі мен негіздемесі Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарымен, осы Кодекспен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

### **348-бап. Кеме экипажы мүшелерінің отанына оралуы**

1. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде еңбек міндеттерін атқарушы кеме экипажы мүшелерінің:

- 1) жеке еңбек шартының қолданылу мерзімі біткен;
- 2) Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарына сәйкес кеме иесінің немесе кеме экипажы мүшесінің бастамасымен жеке еңбек шарты бұзылған;
- 3) Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасында көзделген тәртіппен кеме капитаны қызметтік міндеттерін атқарудан шеттеткен;
- 4) кеме апатқа ұшыраған;
- 5) кемеден тыс емдеуді талап ететін аурумен ауырған;
- 6) кеме иесінің банкроттық, кемемен сату немесе мемлекеттің кемемен тіркеуді өзгертуі салдарынан өзінің кеме экипажының мүшелеріне қатысты Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдары мен еңбек шарттарында көзделген міндеттерін орындауы мүмкін болмаған;
- 7) экипаж мүшелерінің келісімінсіз кеме соғыс қимылдары аймағына немесе эпидемиологиялық қауіпті аймаққа жіберілген жағдайда отанына оралуға құқығы бар.

2. Кеме экипажы мүшесінің тілегі бойынша:

- 1) өзі тұратын мемлекетке;
- 2) өзі кемеге жұмысқа алынған портқа;
- 3) жеке еңбек шартын жасау кезінде көрсетілген басқа пунктке қайтып оралуы жүзеге асырылады.

3. Кеме иесі отанына оралтуды тиісінше әрі тез ұйымдастыруға міндетті. Отанына

оралу әуе көлігімен, ал ол болмаған кезде немесе тараптардың келісімі бойынша, көліктің өзге де түрлерімен жүзеге асырылады.

4. Отанына оралу шығындарын кеме иесі көтереді. Кеме экипажы мүшелерінің отанына оралу шығындары:

- 1) оралу орнына дейінгі жолақы құнын;
- 2) экипаж мүшесі кемені тастап шыққан кезден бастап, экипаж мүшесі отанына оралу орнына жеткен кезге дейінгі тамағы мен тұрағының құнын;
- 3) егер қажет болса, экипаж мүшесі денсаулық жағдайы бойынша отанына оралу орнына баруға жарамды болғанға дейінгі экипаж мүшесінің емделу құнын;
- 4) отанына оралу орнына дейін отыз килограмм багаж алып жүруді;
- 5) экипаж мүшесі кемені тастап шыққан кезден бастап, кеме экипажының мүшесі отанына оралу орнына жеткен кезге дейінгі жеке еңбек шарты бойынша төлемді қамтиды.

5. Экипаж мүшесінің отанына оралуын туғызған себептер оның еңбек міндеттерін орындау кезіндегі өз кінәсінен туындаған жағдайда не кеме экипажы мүшесінің бастамасы бойынша жеке еңбек шарты бұзылған жағдайда оның отанына оралуына жұмсалған шығындарды кеме иесінің өтеткізіп алуға құқығы бар.

#### **349-бап. Кеме иесінің міндеттері**

1. Кеме иесі экипаж мүшелері кемеде болған уақытта оларды:
  - 1) қауіпсіз еңбек жағдайларымен;
  - 2) денсаулығын сақтаумен және медициналық көмекпен;
  - 3) құтқару құралдарының болуымен;
  - 4) азық-түлікпен және сумен іркіліссіз жабдықтаумен;
  - 5) демалу, тамақтану, емделу, мәдени және тұрмыстық қызмет көрсетілуі үшін санитариялық-гигиеналық талаптарға сай келетін орындармен қамтамасыз етуге міндетті.

2. Кеме иесі кеме экипажы мүшелерінің еңбек міндеттерін атқаруы кезінде олардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілгені үшін міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін заңнамалық актілерге сәйкес жауапкершілігін сақтандыруға міндетті.

3. Кеме ұшыраған оқиғаның салдарынан экипаж мүшесінің мүлкі жойылған немесе зақымданған жағдайда кеме иесі экипаж мүшесіне келтірілген залалды өтеуге міндетті. Кеме ұшыраған оқиғаға кінәлі экипаж мүшесінің мүлкіне келтірілген залал өтелуге жатпайды.

4. Кеме иесі оның кемелері ұшыраған авариялық жағдайларды тексеру кезінде көмек көрсетуге міндетті.

#### **350-бап. Кеме капитаны**

1. Кеме капитанына кемені басқару соның ішінде кеме жүргізу кеменің жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, кемедегі тәртіпті сақтау, кемеге, кемедегі адамдар мен жүкке зиян келтіруді болғызбау жөнінде шаралар қолдану

ж ү к т е л е д і .

2. Кеме иесі, жүк иесі немесе олардың заңды өкілдері болмағанда, кеме, жүк немесе жүзу жөнінен қажетті мәмілелер жасалған кезде, сондай-ақ кемедегі мүлікке қатысты талап қою жасалған жағдайда кеме капитаны кеме иесі мен жүк иесінің өкілі болып т а б ы л а д ы .

3. Кеме капитанының қызметтік міндеттерін орындауына кедергі болатын ерекше жағдайларда (қайтыс болуы, ауыруы және өзге де жағдайларда) кеме капитанының міндеттері кеме иесінің тиісті өкімі алынғанға дейін кеме капитанының аға көмекшісіне жүктеледі.

### **351-бап. Кеме капитанының құқықтары**

Капитан өз өкілеттіктері шегінде:

- 1) кемедегі барлық адамдар орындауға тиісті өкім беруге;
- 2) кеменің опат болу қатері төнген жағдайда, кеме экипажы жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде барлық шараларды қолданғаннан кейін, экипаж мүшелерінің кемеден кетуіне рұқсат етуге;
- 3) экипаж мүшелеріне Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарына сәйкес көтермелеуді қолдануға және жаза қолдануға;
- 4) экипаж мүшелерін қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетуге;
- 5) кеменің және (немесе) ондағы адамдар мен мүліктің қауіпсіздігіне қатер төндіретін адамды, соның ішінде жұқпалы аурулар жұқтырады деп сезік келтірілген адамды міндетті түрде оқшаулауға;
- 6) Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамды ұстауға және оны Қазақстан Республикасының кеме кіретін бірінші портындағы құзыретті органдарға беру үшін арнайы бейімделген о р ы н д а ұ с т а у ғ а ;
- 7) егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта көзделсе, Қазақстан Республикасының азаматын, сондай-ақ тұрақты тұрғылықты жері Қазақстан Республикасы болып табылатын азаматтығы жоқ адамдарды қоспағанда, кеменің теңізде жүзу қауіпсіздігіне қарсы бағытталған қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамды шет мемлекеттің құзыретті органдарына беруге;
- 8) қажет болған жағдайда азаматтың өсиетін куәландыруға құқылы, ол Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңдарына сәйкес нотариаттың куәландыруына теңестіріледі. Өсиетті куәландырған кеме капитаны өсиет куәландырылған күннен бастап он күн ішінде, ал егер бұл дәлелді себептермен мүмкін болмаса, осындай мүмкіндік тууына қарай куәландырылған өсиеттің бір данасын өсиет қалдырушының тұрақты тұрғылықты жері бойынша нотариустың сақтауына беруге міндетті;
- 9) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңдарына сәйкес куәлар қойған қолдың шын өз қолдары екенін куәландыруға құқылы.

### **352-бап. Кеме капитанының міндеттері**

## 1 . К е м е к а п и т а н ы :

1) осы Кодекстің 448-бабына сәйкес кеме иесі мен кемеңі жалдаушының өкімдерін о р ы н д а у ғ а ;

2) егер көмек көрсету өз кемесіне, оның экипажы мен жолаушыларына елеулі қауіп төндірілмей жасалатын болса, теңізде апатқа ұшыраған адамға көмек көрсетуге;

3) кемелер соқтығысқан жағдайда, егер қолданылатын шараларды өз кемесіне, оның экипажы мен жолаушыларына елеулі қауіп төндірмей жасау мүмкін болса, екінші кемеңі құтқару үшін тиісті шаралар қолданып, мүмкін болған жағдайда өз кемелерінің атауларын, олар тіркелген порттарды, сондай-ақ шыққан және баратын порттарын х а б а р л а у ғ а ;

4) кеме бортындағы адамға шұғыл медициналық көмек қажет болған жағдайда, ол көмекті кеме теңізде жүрген кезде көрсету мүмкін болмаса, мұндай жағдайды кеме иесіне хабарлап, ең жақын портқа кіруге немесе ондай адамды ең жақын портқа жеткізу жөнінде шаралар қолдануға; кеме шетелдік портқа кірген немесе әлгіндей адам шетелдік портқа жеткізілген жағдайда Қазақстан Республикасының консулдық м е к е м е с і н е д е х а б а р л а у ғ а ;

5) шығатын порт немесе баратын порт ауданында не кеме жүріп өтуге тиісті ауданда соғыс қимылдары жүріп жатқан жағдайларда, сондай-ақ соғыс қаупі бар өзге де жағдайларда кемедегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кемеңі опат болуы мен басып алынуын болғызбау, кеме құжаттарының, жүктің және өзге де мүліктің сақталуы жөнінде барлық шараларды қолдануға;

6) кемеңі опат болу қаупі төнген жағдайда кемедегі жолаушылардың қауіпсіздігін және кеме құжаттары мен өзге де құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде ш а р а л а р қ о л д а н у ғ а ;

7) кемеңі опат болу қаупі төнген жағдайда, кеме экипажы жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі барлық шараларды қолданғаннан кейін кемеден ең с о ң ы н а н к е т у ғ е ;

8) қажет болған жағдайда осы Кодекстің 359-бабының 6) тармақшасында аталған адамды анықтау материалдарын беріп, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзіп жүрген басқа кемемен Қазақстан Республикасына жіберуге;

9) іс жүзіне асыруға болатын жағдайда кеме шет мемлекеттің аумақтық суларына кіргенге дейін оның құзыретті органдарына осы Кодекстің 359-бабының 7) тармақшасында аталған адамды өзінің оларға беру ниеті және оны берудің себептері туралы хабар жіберуге, сондай-ақ аталған органдарға қолда бар дәлелдемелерді беруге;

10) кеме Қазақстан Республикасының портында болған кезде Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген қылмыс белгілері байқалған жағдайда, ол туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға;

11) алыста жүзіп жүрген кемеді Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген қылмыс белгілері байқалған жағдайда Қазақстан

Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарына сәйкес анықтау органының функцияларын атқаруға ;

12) кеме журналына азаматтың туу немесе қайтыс болу фактілері туралы жазба жасалуға ;

13) азамат қайтыс болған жағдайда жұбайына (зайыбына) не жақын туыстарының біріне хабарлауға, сондай-ақ өлген адамның кемедегі мәйіті мен мүлкінің сақталуын камтамасыз етіп, оларды Қазақстан Республикасының кеме кіретін алғашқы портының капитанына тізбеге сәйкес беруге ;

14) карантиндік немесе ерекше қауіпті жұқпалы ауру деген сезік болған жағдайда өлген адамның немесе жануардың мәйітін зарарсыздандыру жөнінде шаралар қолдануға ;

15) өлген адамның мәйітін сақтау және отанына жіберу жөнінде шаралар қолдануға міндетті. Мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда өлген адамның мәйітін жерге көмуге немесе оны кремациялап, күл салынған сауытты оның отанына жіберуге міндетті ;

16) кеме иесіне авариялық жағдай туралы хабарлауға, уәкілетті орган бекіткен кемелер ұшыраған авариялық жағдайларды тексеру ережесіне сәйкес алдын ала тексеру жүргізуге және кеме не оның экипажы бірінші қазақстандық портқа келгеннен кейін үш тәулік ішінде порт капитанына авариялық жағдай туралы егжей-тегжейлі хабарламаны, кеме құжаттарынан үзінді-көшірмелерді, қатысы бар адамдар мен куәлердің түсініктемелерін беруге міндетті.

Қажет болған кезде өзі жазатын таспаларды, олардың мағынасы таратылып жазылған шифрларын, жүзу жолы көрсетілген жол картасын, маневрлеу схемасын, зақымданулардың схемалары мен сызбаларын, басқа да қажетті құжаттарды табыс етуге міндетті .

Кеме ұзақ уақыт бойы ашық теңізде жүзуге тиіс болып және өлген адамның мәйітін сақтау мүмкін болмаған ерекше жағдайда, өлген адамның мәйіті тиісті акт жасалып, теңіз ғұрыптарына сәйкес теңізге тасталуы керек.

2. Кеме капитаны осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген міндеттерді бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

## **7-параграф. Теңіз порты**

### **353-бап. Теңіз порттарының құқықтық мәртебесі мен түрлері**

1. Теңіз портының құқықтық мәртебесі осы Кодекспен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен айқындалады.

2. Теңіз порттары :

1) мемлекеттің ;

2) азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігінде болуы мүмкін .

Халықаралық маңызды мәртебесі бар теңіз порттары тек мемлекеттік меншікте ғана

б о л а

а л а д ы .

Халықаралық маңызы бар теңіз портының мәртебесін Қазақстан Республикасының  
Үкіметі белгілейді.

3. Теңіз порттары жалпыға ортақ пайдалану объектілері болып табылады және мақсатына қарай - сауда порттары және мамандандырылған порттар (балық, мұнай және басқалар) болып бөлінеді.

4. Теңіз порты үшін жер учаскелерін беру, сондай-ақ бұл учаскелерді алып қою Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

5. Мемлекеттік маңызы бар, Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын теңіз порттарын салу, қайта жаңғырту үшін жер учаскелері Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген тәртіппен меншік иесінен немесе жер пайдаланушыдан алып қойылуы мүмкін.

### **354-бап. Теңіз порты режимінің сақталуы**

Теңіз портында болған уақытта кемелің экипажы Қазақстан Республикасының портта жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі заңдарын, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың талаптарын сақтауға міндетті.

### **355-бап. Теңіз порты аумағын пайдалану**

Теңіз портындағы ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) үй-жайлардың иелері өздеріне жүктелген функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шарт талаптарымен қажетті ғимараттар, құрылыстар және (немесе) үй-жайлар береді және қызмет көрсетеді.

### **356-бап. Теңіз портында көрсетілетін қызметтер**

1. Теңіз порты жүк тиеуді (түсіруді) және кемелерге олардың келу кезектілігі тәртібімен қызмет көрсетуді, жүкпен көліктік-экспедиторлық және қойма операцияларын, көліктің басқа түрлерінен жүкті теңіз көлігіне ауыстырып тиеуді және керісінше істеуді, теңіз кемелері жолаушыларына қызмет көрсетуді, сондай-ақ порт кемелерінде және көліктің басқа түрлерінде жолаушылар, багаж бен жүк тасымалдауды жүзеге асырады.

2. Тиеу-түсіру жұмыстарын және өзге де техникалық операцияларды теңіз терминалының операторы жүзеге асыра алады. Мемлекеттік меншіктегі теңіз порттарында теңіз терминалдарының кемінде екі операторы болуы міндетті.

3. Теңіз портының реттелетін қызметтерінің тарифтерін (бағаларын, алымдардың мөлшерлемелерін) және олардың шекті деңгейін белгілеу Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Теңіз портының міндетті қызмет көрсетуіне баға мен оның шекті деңгейін белгілеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін теңіз портының реттелетін қызметтерінің тізбесіне енбейтін қызмет көрсетулер үшін төлем мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жасалған шарттармен айқындалады.

### **357-бап. Теңіз портының (теңіз терминалы операторының) жауапкершілігі**

1. Теңіз порты (теңіз терминалының операторы) жүктің жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені), сондай-ақ оны өз қарамағына қабылдап алған кезінен бастап, берген кезіне дейін берілу мерзімі өтіп кеткен уақыт үшін мүліктік жауапкершілікте болады.

2. Теңіз портының (теңіз терминалы операторының) техникалық операциялары салдарынан келтірілген залал, оларға:

1) жүк жоғалтылған немесе кем шыққан жағдайда - жоғалтылған немесе кем шыққан жүк құнының мөлшерінде;

2) жүк зақымданған (бүлінген) жағдайда - оның құны төмендеген сома мөлшерінде, ал зақымданған мүлікті қалпына келтіру мүмкін болмаған кезде оның құны мөлшерінде өтеледі.

3. Теңіз портының (теңіз терминалы операторының) жүк берілу мерзімі өтіп кеткен уақыт үшін жауапкершілігі шартта белгіленеді.

### **358-бап. Міндеттемелерді қамтамасыз ету**

1. Теңіз порты (теңіз терминалының операторы) тиеу-түсіру жұмыстары мен өзге де техникалық операцияларды жүзеге асырғаны үшін өзіне тиесілі төлемдерді қамтамасыз ету мақсатында жүктерді ұстап қалып, оны Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен сатуға құқылы.

2. Теңіз портының (теңіз терминалы операторының) контейнерлерді және (немесе) тасымалдаушыға немесе жөнелтушіге тиесілі емес, өзге де сол сияқты тасымалдау және буып-түю құралдарын, осы құралдарды жөндеуге немесе жетілдіруге жұмсалған шығындарды өтеу жағдайларын қоспағанда, сатуға құқығы жоқ.

### **359-бап. Талап қоюды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану кезіндегі шектеулер**

Соттардың немесе өзге де құзыретті органдардың жалпыға ортақ пайдаланудағы теңіз порты мүлкіне тыйым салу түріндегі талап қоюды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануы мұндай мүлікті пайдаланудың әдеттегі тәртібін қамтамасыз етуге тиіс.

### **8-параграф. Теңіз портындағы мемлекеттік бақылау**

#### **360-бап. Порттың теңіз әкімшілігі**

1. Порттың теңіз әкімшілігі теңіздік бақылау органының аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Порттың теңіз әкімшілігі мынадай функцияларды:

1) кемелердің тізілімін және мемлекеттік тіркелуін жүргізуді, тиісті кеме құжаттарын беруді;

2) кемеге және жасалып жатқан кемеге меншік құқықтарын, кеме немесе жасалып жатқан кеме кепілін және оларға өзге де құқықтарды мемлекеттік тіркеуді, тиісті құжаттар беруді;

3) кеме экипажының мүшелеріне дипломдар, біліктілік куәліктерін, олардың берілгеніне растамалар мен теңізші паспортын беруді;

4) кеме құжаттарын, дипломдарды, біліктілік куәліктерін және дипломдар мен біліктілік куәліктеріне растамаларды тексеруді;

5) кемелердің портқа кіру және олардың порттан шығу тәртібі туралы талаптардың сақталуына бақылау жасауды;

б) кемелердің портқа келуін және олардың порттан шығуын ресімдеуді;

7) лоцмандық қызмет көрсету жұмысына және кемелер жүрісін басқару жүйесіне бақылау жасауды;

8) кемелерді портқа кірерде және порт айдынының шегінде мұзжарғыштардың ілестіріп өтуіне бақылау жасауды;

9) теңізге батқан мүлікті көтеріп шығаруға рұқсаттар беруді;

10) портта құрылыс, гидротехникалық және өзге де жұмыстарды жүргізуге рұқсаттар беруді;

11) уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес кемелердің авариялық оқиғаларын тексеруді;

12) мемлекеттік (кедендік, шекаралық, санитариялық-карантиндік, фитосанитариялық, ветеринариялық және басқа) органдардың теңіз порты аумағында орналасатын жерін белгілеуді;

13) порттағы құрылыстардың және оларды пайдаланудың техникалық жай-күйіне бақылау жасауды;

14) өртке қарсы бақылау жасауды жүзеге асырады.

### **361-бап. Теңіз портының капитаны**

1. Теңіз портының капитаны порттың теңіз әкімшілігін басқарады және өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Теңіз портының капитаны қызметіне арнаулы жоғары білімі, капитан дипломы және порттың теңіз әкімшілігінде кемінде үш жыл жұмыс стажы бар адам тағайындалады.

3. Порт капитанын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес көліктік бақылау органы қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

4. Теңіз портының капитаны өз құзыреті шегінде:

1) порттағы барлық кемелерге, жеке және заңды тұлғаларға міндетті өкімдер шығаруға, соның ішінде порттың айдынында және кіреберіс каналында кемелердің суға батып тұруының мөлшерлі шегін жариялауға;

2) портта тұрған кемені порт айдыны шегінде апатқа ұшыраған адамдар мен кемелерді құтқару ісіне қатыстыру үшін тартуға;



- 3) кемелердің міндетті түрде лоцмандық алып өтілуін белгілеуге;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда кемені қ а р а п т е к с е р у г е ;
- 5) кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат беруге кедергі жасайтын кемшіліктердің жойылуын тексеру мақсатында кемеге бақылаушылық тексеру жүргізуге;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда кеменің портқа кіруі мен одан шығуы туралы шешімдер қабылдауға;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жү з е г е а с ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

#### 5. Теңіз портының капитаны:

- 1) теңізге шығатын кемелерге бақылау жасауды жүзеге асыруға;
- 2) кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат беруге;
- 3) осы Кодексте белгіленген жағдайларда кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат б е р у д е н б а с т а р т у ғ а ;
- 4) суға батқан мүлікті алып шығу үшін белгіленген мерзімдер туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыруға міндетті.

#### **362-бап. Кемелерге бақылау жасау**

1. Теңізге шығатын кемелерге бақылау жасауды жүзеге асыру кезінде теңіз п о р т ы н ы ң к а п и т а н ы :

- 1) кеме құжаттарының болуын;
  - 2) кеменің негізгі сипаттамасының кеме құжаттарына сәйкестігін;
  - 3) кеме экипажын жинақтауға қойылатын талаптардың сақталуын тексереді.
2. Кеме құжаттары болмаған немесе кеменің теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарын қанағаттандырмайтынына жеткілікті негіздер болған жағдайда теңіз портының капитаны кемені тексеріп қарай алады.
3. Кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат беруге кедергі жасайтын кемшіліктердің жойылғанын тексеру мақсатында теңіз портының капитаны кемені бақылап тексеруі мүмкін.

#### **363-бап. Кемелердің теңіз портынан шығуына рұқсат беру**

1. Әрбір кеме теңіз портынан шығуға дейін бұған теңіз портының капитанынан р ұ қ с а т а л у ғ а м і н д е т т і .

2. Теңіз портының капитаны кеменің теңіз портынан шығуына мына жағдайларда:

- 1) саудалық теңізде жүзу саласында техникалық регламенттермен белгіленген қауіпсіздік талаптарына кеме сәйкес келмегенде;
- 2) тиеуге, жабдықтауға, экипаж жасақтауға қойылған талаптар бұзылғанда немесе кеменің жүзу қауіпсіздігіне, кемедегі адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін басқа да кемшіліктер, сондай-ақ теңіз ортасына залал келтіру қаупі болғанда

;

- 3) кеме құжаттарына қойылатын талаптар бұзылғанда;
- 4) тиісті мемлекеттік органдар (кедендік, шекаралық, санитариялық-карантиндік, фитосанитариялық және өзге де органдар) нұсқама бергенде;
- 5) порттың теңіз әкімшілігі алатын порт алымдары төленбегенде рұқсат беруден бас тартады.

### **364-бап. Кемені кідірте тұру**

1. Теңіз портының капитаны құтқару операцияларын жүзеге асыруға, кемелердің соқтығысуына, порт құрылыстарының, су бассейндерінің, кеме жүзетін жолдар мен навигациялық жағдай құралдарының зақымдануына байланысты немесе өзге де зиян келтірілуіне байланысты туындаған талабы бар тұлғаның өтініші бойынша кемені кеме иесінің, жүк иесінің міндеттемелері қамтамасыз етілгенге дейін кідірте қоюы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында тізіп келтірілген талаптар бойынша кемені кідірте тұру туралы өкім, ресми түрде жұмыс күндері емес деп қаралатын күндерді қоспағанда, жетпіс екі сағат бойы күшінде болады. Аталған мерзім ішінде кемені құзыретті органдар тұтқындамаған жағдайда, ол дереу босатылуға тиіс.

3. Кемені негізсіз кідіртуден келтірілген залал үшін кідірте қоюды талап еткен адам жауапты болады.

### **365-бап. Навигациялық жағдай құралдары қолданылатын аймақтағы құрылыс**

Теңіз жолдарының навигациялық жағдайының құралдары қолданылатын аймақтағы құрылыс уәкілетті органмен, Қазақстан Республикасының Әскери-теңіз Күштерінің гидрографиялық қызметімен келісілуге тиіс.

## **9-параграф. Теңіз лоцмандары**

### **366-бап. Кемелерді лоцмандық алып өту**

1. Кемелерді лоцмандық алып өту жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету және кемелердің оқиғаларға ұшырауын болдырмау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ережелерге сәйкес қоршаған ортаны қорғау мақсатында жүзеге асырылады.

2. Теңіз лоцмандары ретінде жұмысқа Қазақстан Республикасының азаматтары, олар уәкілетті орган белгілеген біліктілік талаптарына сәйкес болған жағдайда, жіберілуі мүмкін.

3. Уәкілетті орган кемелерді лоцмандық алып өтудің міндетті аудандары мен міндетті емес аудандарын белгілейді және мұндай аудандарды теңіз порттары мен лоцияларына жалпыға бірдей ақпарат етіп жеткізеді.

4. Айдындары шектес теңіз порттарындағы кемелерді лоцмандық алып өту тәртібін теңіз порттарының капитандары белгілейді.

### **367-бап. Кемелерді міндетті лоцмандық алып өту**

1. Кемелерді лоцмандық алып өту ережелеріне сәйкес міндетті лоцмандық алып өтуден босатылатын кемелер санаттарын қоспағанда, кемелерді міндетті лоцмандық

алып өту аудандарында кеме лоцмансыз жүзуді жүзеге асыруға құқылы емес.

2. Лоцмандық алып өтуден босатылатын кемелер санаттары туралы ақпарат теңіз порттарына жалпыға бірдей мәлімет ретінде міндетті түрде жеткізіледі.

### **368-бап. Кемелерді міндетті емес лоцмандық алып өту**

1. Кемелерді лоцмандық алып өту міндетті болып табылмайтын аудандарда кеме капитаны кемеге лоцман алуға құқылы.

2. Кемелерді лоцмандық алып өту міндетті емес аудандарда теңіз портының капитаны :

1) кеме немесе ол тасымалдап келе жатқан жүк теңіз ортасына зиян келтіруі мүмкін болған ;

2) кеменің корпусында, механизмдерінде немесе жабдықтарында порттағы теңізде жүзу қауіпсіздігіне едәуір ықпал жасауы мүмкін елеулі ақаулары болған жағдайларда кемелерді міндетті лоцмандық алып өтуді белгілеуге құқылы. Бұл жағдайда кеме капитанына теңіз портының капитаны оның кемесі міндетті лоцмандық алып өтуге еріп отыруға тиіс екендігі туралы хабарлайды.

### **369-бап. Кеме лоцманы мен капитанының жауапкершілігі**

Кемеде лоцманның болуы кеме капитанының кеме басқаруға жауапкершілігін жоққа шығармайды. Лоцман ұсыныстарының дұрыстығына күдіктенуге жеткілікті негіздер болған кезде кеме капитаны кеме жүзуінің қауіпсіздігі мақсатында ол лоцманның қызмет көрсетуінен бас тартуға құқылы. Егер кемені лоцмандық алып өту міндетті болған жағдайда кеме капитаны лоцманды ауыстыруды талап етуге тиіс.

### **370-бап. Кемені тиісінше лоцмандық алып өтпегендік үшін жауапкершілік**

1. Лоцманның немесе ол қызметкері болып табылатын ұйымның кемені тиісінше лоцмандық алып өтпегендігі үшін жауапкершілігі осындай қызмет көрсету үшін төленетін ақының он есесіне тең сомамен шектеледі.

2. Егер тиісінше лоцмандық алып өтпегендік салдарынан кемеге келтірілген залалдар лоцманның немесе ол қызметкері болып табылатын ұйымның қасақана немесе өрескел абайсыздықтан жасаған әрекеті (әрекетсіздігі) салдарынан болғаны дәлелденсе, лоцман немесе ол қызметкері болып табылатын ұйым толық көлемінде жауапты болады .

3. Кемені тиісінше лоцмандық алып өтпегендігі үшін кінәлі лоцман кемелерді лоцмандық алып өту ережелерінде белгіленген тәртіппен және шарттарда шеттетілуі мүмкін.

## **10-параграф. Суға батқан кеме**

### **371-бап. Суға батқан мүлікті оның меншік иесінің шығарып алуы**

1. Суға батқан мүліктің меншік иесі мүлік суға батқан күннен бастап бір жыл ішінде өзінің сол мүлікті шығарып алу ниеті бар екенін ең жақын теңіз портының капитанына хабарлауға тиіс .

2. Теңіз портының капитаны суға батқан мүліктің меншік иесінің өтінішін алған

күннен бастап үш ай ішінде суға батқан мүлікті шығарып алудың тәртібі мен мерзімін белгілейді. Суға батқан мүліктің меншік иесінің рұқсат алған кезден бастап бір жыл ішінде оны шығарып алуды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Егер суға батқан мүлік теңізде жүзу қауіпсіздігіне немесе теңізді ластау арқылы залал келтіру қатерін төндірсе, не судағы биологиялық ресурстар кәсіпшілігін жүзеге асыруға, порт қызметіне және порттағы жұмыстарға кедергі келтірсе, суға батқан мүліктің меншік иесі суға батқан мүлікті теңіз порты капитанының талабы бойынша және ол белгілеген ақылға қонымды мерзімде шығарып алуға, ал қажет болған жағдайда оны арылтуға немесе жоюға міндетті.

4. Суға батқан мүлік иесі белгісіз болған жағдайда теңіз портының капитаны суға батқан мүлікті шығарып алу үшін белгіленген мерзімдер туралы бұқаралық ақпарат құралдарында мәлімет жариялайды. Егер бұл орайда суға батқан кемеңің туы белгілі болса, теңіз портының капитаны кеме тиесілі мемлекеттің дипломатиялық немесе консулдық тұлғасына тиісті хабар жібереді.

5. Суға батқан мүліктің меншік иесі мәлімдеме жасамаған немесе мүлікті осы бапта белгіленген ережелерге сәйкес мерзімде көтеріп алмаған жағдайда мұндай мүлікті құрайтын заттар иесіз деп танылады.

### **372-бап. Порттың теңіз әкімшілігінің суға батқан мүлікті шығарып алуы, арылтуы немесе жоюы**

1. Порттың теңіз әкімшілігінің, егер:

1) суға батқан мүліктің иесі мүлік суға батқан күннен бастап бір жыл ішінде анықталмаса;

2) меншік иесі осы Кодекстің 379-бабының 3-тармағында көзделген міндеттемелерді орындамаса немесе тиісінше орындамаса;

3) суға батқан мүліктің меншік иесі оны көтеріп алу, алыстату, жою үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген техникалық қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін құралдар қолданса;

4) суға батқан мүліктің меншік иесі анықталмаса, адамдардың өліміне, олардың денсаулығына, қоршаған орта мен шаруашылық жүргізу объектілеріне зиян келтіруге, халықты едәуір материалдық шығынға ұшыратуға және оның тіршілік жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін аварияларды, зілзалаларды немесе апаттарды болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы заңдарына сәйкес суға батқан мүлікті шығарып алуға және қажет болған жағдайда оны алыстатуға немесе жоюға құқығы бар.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларда суға батқан мүлікті шығарып алу, алыстату немесе жою мүліктің меншік иесінің есебінен жүзеге асырылады.

3. Егер суға батқан мүлік көтеріп алынған кезден бастап бір жылдан аспайтын

уақыт өтсе, оның меншік иесі өзінің суға батқан мүлкін көтеріп алуға жұмсаған шығындарын және осыған байланысты басқа да келтірілген, оны сақтауға жұмсалған шығындарды өтегеннен кейін, суға батқан, осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес шығарып алынған мүлікті талап етуі мүмкін.

### **373-бап. Шетелдік суға батқан мүлік**

Осы Кодекстің 308 және 309-баптарына сәйкес уәкілетті органның кәсіпорнымен немесе басқа тұлғамен көтерілген және Қазақстан Республикасының аумағында сату немесе жоюға арналған шетелдік суға батқан мүлік Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес кедендік ресімдеуге жатады.

### **374-бап. Келтірілген шығындарды порттың теңіз әкімшілігінің толық өтеттіру құқығы**

Суға батқан мүлікті шығарып алу, аластау немесе жою осы Кодекстің 380-бабының 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылған жағдайда, шығарып алынған кезден бастап бір жыл өткеннен кейін порттың теңіз әкімшілігінің:

1) суға батқан мүлікті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сатудан түскен соманың есебінен, оны шығарып алуға және сақтауға кеткен шығындардың орнын толтыруға құқығы бар. Суға батқан мүлікті сатудан түскен сома, одан шығындар шегеріле отырып, оның меншік иесіне, ал Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және осы Кодекстің 379-бабының 5-тармағында көзделген негіздер бойынша меншік иесі меншік құқығынан бас тартқан жағдайда - мемлекеттің к і р і с і н е б е р і л е д і ;

2) суға батқан мүліктің иесінен сатудан түскен сомадан асып түсетін (соның ішінде мүліктерді жоюға жұмсалған) шығындарды өтеттіріп алуға құқығы бар.

### **11-параграф. Теңіз тасымалдары саласындағы шарттық міндеттемелер**

#### **1. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты**

##### **375-бап. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты**

1. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы өзіне жөнелтуші сеніп тапсырған жүкті белгіленген портқа жеткізуге және жүкті алуға уәкілетті тұлғаға (алушыға) беруге міндеттенеді, ал жөнелтуші немесе алушы жүкті тасымалдағаны үшін шартқа немесе тарифке сәйкес ақы төлеуге және жүкті қабылдап алуды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты жүкті теңіз арқылы тасымалдау үшін бүкіл кемені, оның бір бөлігін немесе кемедегі белгілі бір жайларды (чартер) беру талабымен, сондай-ақ мұндай талап қойылмай жасалуы мүмкін.

##### **376-бап. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартының нысаны**

Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты коносаментпен, чартермен, теңіз жүкқұжатымен ресімделеді. Коносаменттің, чартердің, теңіз жүкқұжатының нысаны тасымалдау ережелерімен белгіленеді.

### **377-бап. Жүкті теңіз арқылы тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұзақ мерзімді шарт**

1. Жүк тасымалдауды үнемі жүзеге асыру қажет болған жағдайда тасымалдаушы мен жүк жөнелтуші жүкті теңіз арқылы тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұзақ мерзімді шарттар жасаса алады.

Жүкті теңіз арқылы тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт бойынша тасымалдаушы жүкті белгіленген мерзімде қабылдауға, ал жүк жөнелтуші жүкті тасымалдауға келісілген көлемде табыс етуге міндеттенеді.

Жүкті теңіз арқылы тасымалдауды ұйымдастыру туралы шартта тасымалдаудың көлемі, мерзімдері, сапасы және көлік құралдарын беру мен тасымалданатын жүкті табыс етудің басқа да талаптары, сондай-ақ тасымалдауды ұйымдастырудың Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де талаптары белгіленеді.

2. Жүкті теңіз арқылы тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұзақ мерзімді шарттағы келісілген жүкті тасымалдау талаптары, егер тараптар өзгеше келісімге келмесе, жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартына енгізілген болып есептеледі.

Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартының талаптары жүкті теңіз арқылы тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұзақ мерзімді шарттың талаптарына қайшы келген жағдайда жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартының ережесі қолданылады.

3. Коносаментке енгізілмеген жүкті теңіз арқылы тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұзақ мерзімді шарттың талаптары, үшінші тұлға үшін, егер ол кемені жалдаушы болмаса, міндетті болмайды.

### **378-бап. Чартердің мазмұны. Чартер бойынша құқықтар беру**

1. Чартерде тараптардың атауы, кеменің атауы, жүктің тегі мен түріне сілтеме, жалдау ақысының мөлшері, жүктің тиелген порты, тиелген орны, сондай-ақ кеменің баратын порты немесе бағыты көрсетілуге тиіс. Тараптардың келісімі бойынша чартерге өзге де талаптар енгізілуі мүмкін.

2. Чартер бойынша жүк тасымалдау кезінде кемені жалдаушы тасымалдаушының келісімімен жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты бойынша үшінші тұлғаға өз құқығын беруге құқылы. Кемені жалдаушы, сондай-ақ ол өзінің құқығын берген үшінші тұлға, егер чартерде өзгеше көзделмесе, жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындамағаны үшін тасымалдаушының алдында ортақ жауапкершілікте болады.

### **379-бап. Чартер мен коносаменттің арақатынасы**

Чартер шартының тарабы болып табылмайтын тасымалдаушы және алушы арасындағы қатынастар коносаментпен айқындалады.

Егер коносаментте чартердің талаптарына сілтеме жасалса, олар алушы үшін міндетті болады.

**380-бап. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты бойынша кеменің теңізде жүзу жағдайын қамтамасыз ету**

1. Тасымалдаушы дер кезінде, рейс басталғанға дейін кемені теңізде жүзетін жағдайға келтіруге: кеменің жүзуге техникалық жарамдылығын қамтамасыз етуге, кемені тиісті деңгейде жарақтауға, оны экипажбен жасақтауға және не қажеттінің бәрімен жабдықтауға, сондай-ақ трюмдер мен кеменің басқа да жүк тасымалданатын жайларын жүкті тиісінше қабылдауды, тасымалдауды және сақтауды қамтамасыз ететін жағдайға келтіріп қоюға міндетті.

2. Егер жүкті тасымалдау коносамент негізінде жүзеге асырылса немесе коносамент чартерге сәйкес беріліп, тасымалдаушы мен кемені жалдаушы болып табылмайтын коносамент ұстаушының арасындағы қатынасты реттейтін болса, тараптардың осы баптың 1-тармағына қайшы келетін келісімі жарамсыз болады.

### **381-бап. Кемені ауыстыру**

Жүк белгілі бір кемеде тасымалдануға тиіс болған жағдайда, оны тиеу басталғаннан кейін пайда болған техникалық қажеттердің салдарынан жүкті қайта тиеуді қоспағанда, жүк кемені жалдаушының немесе жөнелтушінің келісімімен ғана басқа кемеге тиелуі мүмкін.

### **382-бап. Кеменің жүк тиеуге дайын екендігі туралы хабарлау**

1. Чартер бойынша жүк тасымалдау кезінде тасымалдаушы кемені жалдаушыға немесе жөнелтушіге, егер ол кемені жалдаушы болып көрсетілсе, кеменің жүк тиеуге дайын екенін немесе белгілі бір уақытта дайын болатынын жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Мұндай хабар кеме тиеу портында немесе осы порт үшін әдеттегі күту орнында тұрған жағдайда ғана берілуі мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген хабар берудің күні мен сағаты тараптардың келісімімен, ал келісім болмаған жағдайда - осы порттағы үрдістермен белгіленеді.

3. Кеме хабарда көрсетілген уақытта жүк тиеуге дайын болмаған жағдайда, осыған байланысты кемені жалдаушыға келтірілген залалды тасымалдаушы өтеуге тиіс.

### **383-бап. Жүк тиеу орны**

1. Чартер бойынша жүк тасымалдау кезінде тасымалдаушы кемені жалдаушы көрсеткен жүк тиелетін орынға кемені қоюға міндетті.

Кемені жалдаушы жүкті тиеу үшін қауіпсіз және жарамды, кеме жүзетін күйінде тұра алатын орынды көрсетуге тиіс. Егер кемені жалдаушы көрсеткен орын жүк тиеуге жарамсыз болса немесе бірнеше кемені жалдаушы жүк тиеуге әртүрлі орын көрсетсе, тасымалдаушы кемені сол портта әдетте пайдаланып жүрген жүк тиеу орнына қоюға құқылы, бұл туралы кемені жалдаушыға алдын ала ескертеді.

Кемені жалдаушы өз есебінен кемені басқа жүк тиеу орнына қоюды талап етуге құқылы.

2. Желілік қатынаста жүк тасымалдау кезінде жүк тиелетін орынды тасымалдаушы белгілейді. Егер жүк тиеу аталған порт үшін әдеттен тыс орында жүргізілсе, тасымалдаушы жөнелтушіге жүк тиелетін орын туралы хабарлайды.

### **384-бап. Кеменің берілу мерзімі**

Чартер бойынша жүк тасымалдау кезінде тасымалдаушы кеме чартерде келісілген мерзімде беруге міндетті. Кеме аталған мерзімде берілмеген жағдайда кеме жалдаушы жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартынан бас тартып, зияндардың өтелуін талап етуге құқылы.

### **385-бап. Сталиялық уақыт**

1. Сталиялық уақыт тараптардың келісімімен, мұндай келісім болмаған жағдайда - тиеу портында әдетте қабылданған мерзімдермен белгіленеді.

2. Сталиялық уақыт жөнелтушіге, кеме жалдаушыға кемең жүк тиеуге дайын екені туралы хабар жіберілгеннен кейінгі келесі күннен бастап жұмыс күндерімен, сағаттарымен және минуттарымен есептеледі.

3. Тасымалдаушыға байланысты себептер бойынша не еңсерілмейтін күштің сыңарынан немесе жүктің сақталуына қауіп төндіретін немесе оны қауіпсіз тиеуге кедергі келтіретін гидрометеорологиялық жағдайлардың салдарынан жүк тиеу жүргізілмеген уақыт сталиялық уақытқа енгізілмейді.

Кемең жалдаушыға байланысты себептер бойынша жүк тиеу жүргізілмеген уақыт сталиялық уақытқа енгізіледі.

4. Жүк тиеу сталиялық уақыт есептеле бастағанға дейін басталған жағдайда жүк тиеуге нақты кеткен уақыт сталиялық уақытқа есептеледі.

5. Осы бапта белгіленген ережелер жүк түсіру портында оны түсіру кезінде де қолданылады.

### **386-бап. Контрсталиялық уақыт**

1. Контрсталиялық уақыттың ұзақтығы тараптардың келісімімен, ал ол болмаған жағдайда - жүк тиеу портында әдетте қабылданған мерзімдерімен белгіленеді.

2. Контрсталиялық уақыт сталиялық уақыт аяқталған кезден бастап күнтізбелік күндермен, сағаттармен және минуттармен есептеледі.

3. Контрсталиялық уақытқа жексенбі және ресми белгіленген мерекелік күндер, портта жұмыс істемейтін деп жарияланған уақыт, сондай-ақ еңсерілмейтін күш немесе жүктің сақталуына қатер төндіретін не оны қауіпсіз тиеуге кедергі келтіретін гидрометеорологиялық жағдайлар туғызған жүк тиеудегі үзілістер де кіреді. Тасымалдаушыға байланысты себептермен жүк тиеу жүргізілмеген уақыт контрсталиялық уақытқа енгізілмейді.

4. Осы бапта, сондай-ақ осы Кодекстің 395-397-баптарында белгіленген ережелер жүк түсіру портында оны түсіру кезінде де қолданылады.

### **387-бап. Демерредж**

Демерредж тараптардың келісімімен, ал мұндай келісім болмаған жағдайда - тиісті портта әдетте қабылданған ставкаға сәйкес белгіленеді. Мұндай ставкалар болмаған жағдайда демерредж кеме мен оның экипажын күтіп-ұстауға жұмсалған шығыстармен анықталады.



### **388-бап. Диспач**

Тараптардың келісімімен диспач белгіленуі мүмкін. Мұндай келісім болмаған жағдайда диспач мөлшері демерредждің екіден бір мөлшерінде есептеп шығарылады.

### **389-бап. Тасымалдаушының кемені контрсталиялық уақыт біткеннен кейін жүзуге жөнелту құқығы**

1. Егер бүкіл келісілген жүк тасымалдаушыға байланысты емес себептер бойынша кемеге тиелмесе де, тасымалдаушының контрсталиялық уақыт біткеннен кейін кемені жүзуге жөнелтуге құқығы бар. Бұл орайда тасымалдаушы жалдау ақысын толық алуға құқығын сақтап қалады.

2. Жүк тасымалдау үшін кеме тұтасымен берілген жағдайда, жүкті қабылдау мен салып қою кемені белгіленген мерзімнен астам уақыт ұстауы мүмкін болғанымен, тасымалдаушының сталиялық немесе контрсталиялық уақыт аяқталғанға дейін, мұндай уақыт туралы келісім болған кезде, жеткізілген жүкті қабылдаудан бас тартуға құқығы жоқ.

3. Жүк тасымалдау үшін кеме тұтасымен берілмеген жағдайда, тасымалдаушы сталиялық немесе контрсталиялық уақыт біткенге дейін, мұндай уақыт туралы келісім болған жағдайда, жүкті қабылдаудан бас тартуға құқығы бар, кейін ол кідіріліп берілуі салдарынан кемеге тиісті түрде және қалған жүк үшін зиян келтірілмей кемеге кешіктіріліп қана тиелуі мүмкін. Бұл орайда тасымалдаушы жалдау ақысын толық алуға құқығын сақтап қалады.

### **390-бап. Тасымалдау үшін жүк қабылдауды уақытша тоқтату немесе шектеу**

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде порттың теңіз әкімшілігінің өкімімен жүкті қабылдау уақытша тоқтатылуы немесе шектелуі мүмкін, бұл көліктегі уәкілетті органға дереу хабарланады, ол тиісті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша тасымалдауға жүк қабылдауды уақытша тоқтатудың немесе шектеудің қолданылу мерзімін белгілейді.

2. Порттың теңіз әкімшілігі жүкті жөнелтушілерге жүкті тікелей аралас немесе тікелей теңіз қатынастарында тасымалдау және көліктің басқа түрлерін ұйымдастыру кезінде тасымалдау үшін жүк қабылдауды уақытша тоқтату туралы немесе шектеу туралы дереу хабарлайды.

### **391-бап. Кеменің кідірілгені үшін залалдарды өтеу**

Кеменің контрсталиялық уақыттан артық кідірілгені үшін жөнелтуші, кемені жалдаушы, егер кеменің кідірілуі тасымалдаушыға байланысты емес себептерден болса, тасымалдаушыға келтірілген зияндарды өтеуге міндетті.

### **392-бап. Кемені жалдаушының талап етуімен жүзуге мерзімінен бұрын жөнелту**

Кемені жалдаушыға жүк тасымалдау үшін кеме тұтасымен берілген жағдайда тасымалдаушы кемені жалдаушының талап етуімен, егер барлық жүк тиелмесе де, кемені жүзуге жөнелтуге міндетті. Мұндай жағдайда тасымалдаушы толық жалдау ақысына құқығын сақтап қалады.

### **393-бап. Жүкті буып-түю және таңбалау**

1. Тасымалдау кезіне жүктің толық сақталуын қамтамасыз ету үшін ыдысқа салуды және буып-түюді қажет ететін жүк тасымалдауға жарамды ыдысқа салынып және буып-түйіліп берілуге тиіс. Ыдыстар мен буып-түю Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген қауіпсіздіктің міндетті талаптарына сәйкес болуы тиіс.

2. Жөнелтуші жүкті тиісінше таңбалап, тасымалдаушыға ол туралы қажетті мәліметтерді табыс етуге міндетті. Жүк айрықша назар аударуды қажет ететін жағдайда жөнелтуші жүктің қасиеттері мен оны қарап-ұстаудың тәртібін тасымалдаушыға хабарлауға міндетті.

### **394-бап. Палубалық жүк**

1. Тасымалдаушының тек тасымалдаушы мен жөнелтушінің арасындағы келісімге сәйкес қана палубада жүк тасымалдауға құқығы бар.

2. Тасымалдаушы мен жөнелтуші жүктің палубада тасымалдануы тиіс немесе мүмкін екендігі туралы келісімге келген жағдайда, тасымалдаушы мұндай келісімге қол жеткізілгені туралы коносаментте немесе жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын растайтын басқа құжатта көрсетуге міндетті.

Тасымалдаушы оны көрсетпеген жағдайда, ол жүкті палубада тасымалдау туралы келісімнің жөнелтушімен жасалғаны туралы дәлелдеуге тиіс.

Тасымалдаушының коносаментті адал жолмен иемденген үшінші тұлғаға қатысты, соның ішінде алушыға қатысты мұндай келісімге сілтеме жасауға құқығы жоқ.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген ережелерді бұза отырып, палубада жүк тасымалданған жағдайда, тасымалдаушы палубада жүк тасымалдау туралы келісімге сілтеме жасай алмайды және жүкті тек қана палубада тасымалдау салдарынан жүктің жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) немесе оның кешіктіріліп жеткізілгені үшін жауапты болады. Бұл орайда осы Кодекстің 430-бабында көзделген ережелер қолданылуға жатпайды.

Тасымалдаушы жауапкершілігінің мөлшері осы Кодекстің 431 және 432-баптарына с ә й к е с а й қ ы н д а л а д ы .

4. Егер жүкті трюмде тасымалдау туралы келісім болса, жүкті палубада тасымалдау осы Кодекстің 432-бабына сәйкес тасымалдаушының жауапкершілігін шектеу құқығын жоғалтуға әкеп соғатын әрекеті (әрекетсіздігі) деп қарастырылады.

### **395-бап. Қауіпті жүк**

1. Қауіпті жүкті тапсыру кезінде оның атауы туралы теріс мәліметтер беріліп, тасымалдаушының сырттай қарау арқылы оның қасиеттеріне көз жеткізуі мүмкін болмаған жағдайда, тасымалдаушы жөнелтушіге шеккен зиянын өтемей, мұндай жүкті түсіруді, жоюды және зарарсыздандыруды соның есебінен кез келген уақытта жүзеге а с ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Жөнелтуші тасымалдаушының алдында оған осындай жүкті тиеу салдарынан келтірілген зиян үшін жауапты болады.

Қауіпті жүкті тасымалдағаны үшін жалдау ақысы қайтарылуға жатпайды. Жалдау ақысы төленбеген жағдайда тасымалдаушы жөнелтушіден оның құнын толық көлемінде өндіріп алуға құқылы.

2. Халықаралық сертификат немесе мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы болмаған жағдайда қауіпті жүктерді теңіз көлігімен тасымалдауға жол берілмейді.

3. Егер тасымалдаушының келісімімен кемеде тұрған қауіпті жүк кемеге, кемедегі адамдарға және жүкке қатер төндірсе, тасымалдаушы мән-жайларға қарай, жалпы авария жағдайларын қоспағанда, жөнелтушіге шеккен зиянын өтемей, мұндай жүкті түсіруді, жоюды немесе зарарсыздандыруды жүзеге асыруға құқылы.

Тасымалдаушының қауіпті жүкпен кемеңіз нақты жүріп өткен қашықтығына бара-бар мөлшерде жалдау ақысын алуға құқығы бар.

### **396-бап. Жүкті ауыстыру**

Чартерде тегі немесе түрі айқындалған жүк тек тасымалдаушының келісімімен ғана өзге тектегі немесе түрдегі жүкпен ауыстырылуы мүмкін.

### **397-бап. Бөгде жүкті түсіріп тастау**

1. Жүк тасымалдау үшін кеме тұтасымен, оның бөлігі немесе кемеңіз белгілі бір жайлары берілген жағдайда жөнелтуші кемеден, кемеңіз бөлігінен немесе кемеңіз жайларынан жөнелту портында, жүк тасымалдау үшін кеме тұтасымен берілген жағдайда - кез келген кіру портында бөгде жүкті түсіріп тастауды талап етуге құқылы.

2. Жүк кемеден, кемеңіз бөлігінен немесе кемеңіз жайларынан уақтылы түсірілмеген жағдайда кемеңіз жалдаушының жалдау ақысын тиісінше азайтуды, сондай-ақ кемеңіз жалдаушыға келтірілген зияндарды өтеуді талап етуге құқығы бар.

### **398-бап. Жүкке қоса жүретін құжаттар**

Жөнелтуші, жүкті кедергісіз тасымалдау үшін қажетті, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттарды (сертификат, лицензия, ветеринариялық куәлік, кеден декларациясы және өзге де құжаттар) тасымалдаушыға беруге міндетті.

Жөнелтуші мұндай құжаттардың уақтылы берілмегені, дұрыс немесе толық болмауы салдарынан келтірілген зияндар үшін тасымалдаушының алдында жауапты болады.

### **399-бап. Теңіз жүкқұжатын беру**

Жөнелтуші тасымалдаушыдан коносаменттің орнына теңіз жүкқұжатын беруді талап етуге құқылы. Осы Кодекстің, тауарға билік жасау құжаты ретінде коносаментке қатысты, 409-бабын, 410-бабының 2-тармағын, 412, 413-баптарын және 414-бабының 2-тармағын қоспағанда, теңіз жүкқұжатына осы тарауда белгіленген ережелер қолданылады.

### **400-бап. Коносамент беру**

1. Жүкті тасымалдау үшін қабылдағаннан кейін тасымалдаушы жөнелтушінің талап етуімен жөнелтушіге коносамент беруге міндетті.

Коносамент, жөнелтуші қол қойған, осы Кодекстің 410-бабы 1-тармағының 3)-8) тармақшаларында көрсетілген деректер болуға тиісті құжаттың негізінде жасалады.

2. Жөнелтуші тасымалдаушыға коносаментке енгізу үшін табыс етілген деректердің дұрыстығына кепілдік береді және мұндай деректердің дұрыс еместігі салдарынан тасымалдаушыға келтірілген залал үшін жауапты болады.

Тасымалдаушының жөнелтушіге залалдарды өтеттіріп алуға құқығы жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушының жөнелтушіден өзге тұлға алдындағы жауапкершілігін жоймайды.

#### **401-бап. Коносаменттің түрлері**

Коносамент белгілі бір алушының атына (атаулы коносамент), жөнелтушінің немесе алушының бұйрығына (ордерлік коносамент), не ұсынушыға берілуі мүмкін. Жөнелтушінің немесе алушының бұйрығына берілгені туралы көрсетілмеген ордерлік коносамент жөнелтушінің бұйрығына берілген болып есептеледі.

#### **402-бап. Коносаменттің мазмұны**

1. Коносаментке мынадай деректер енгізілуге тиіс:

- 1) тасымалдаушының атауы және оның тұратын жері;
  - 2) жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартына сәйкес тиеу портының атауы және тасымалдаушының тиеу портында жүкті қабылдаған күні;
  - 3) жөнелтушінің атауы және оның тұратын жері;
  - 4) жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартына сәйкес түсіру портының атауы;
  - 5) егер алушыны жөнелтуші көрсеткен болса, алушының атауы;
  - 6) жүктің атауы, жүкті бірдейлендіруге қажетті негізгі таңбалар, тиісті жағдайларда жүктің қауіпті сипатын немесе ерекше қасиеттерін көрсету, орынның немесе заттардың саны және жүктің массасы немесе оның өзгеше түрде көрсетілген саны. Бұл орайда барлық деректер жөнелтуші қалай ұсынса солай көрсетіледі;
  - 7) жүктің сыртқы жай-күйі және оның буып-түйілуі;
  - 8) алушы төлеуге тиіс мөлшердегі жалдау ақысы немесе жалдау ақысын олардың төлеуге тиіс екенін өзге де түрде көрсету;
  - 9) коносаменттің берілген уақыты мен орны;
  - 10) егер коносамент біреуден көп болса, олардың түпнұсқаларының саны;
  - 11) тасымалдаушының немесе оның атынан әрекет етуші адамның қойған қолы.
- Кеме капитаны қол қойған коносамент тасымалдаушының атынан қол қойылған деп е с е п т е л е д і .

Тараптардың келісімі бойынша коносаментке өзге де деректер енгізілуі мүмкін.

2. Жүк кеме бортына тиелгеннен кейін тасымалдаушы жөнелтушінің талап етуімен оған борт коносаментін береді, онда осы баптың 1-тармағында көзделген деректерге қосымша, жүктің белгілі бір кеменің немесе кемелердің бортында екендігі, сондай-ақ жүктің тиелген күні көрсетілуге тиіс.

3. Тасымалдаушы кеме бортына жүк тиелгенге дейін жөнелтушіге тасымалдау үшін

қабылданған жүкке коносамент немесе сол жүкке қатысты өзге де тауарға билік жасау құжатын берген жағдайда жөнелтуші тасымалдаушының талап етуі бойынша борт коносаментінің орнына сондай құжатты қайтаруға міндетті.

4. Тасымалдаушы бұрын берілген кез келген құжатты толықтыру арқылы, егер осылайша толықтырылған құжатқа борт коносаментінде болуға тиіс деректердің бәрі енгізілген болса, жөнелтушінің борт коносаментіне қойған талаптарын қанағаттандыра алады.

#### **403-бап. Коносаменттегі ескертпелер. Коносаменттің дәлелдеу күші**

1. Егер коносаментте жүктің атауына, оның негізгі таңбаларына, орындарына немесе заттар санына, жүктің массасына немесе санына қатысты деректер болып, тасымалдаушы немесе оның атынан коносамент берген басқа тұлға мұндай деректердің нақты қабылданған немесе тиелген жүкке сәйкес еместігін білген немесе жеткілікті негіздер бар деп есептеген, борт коносаментін беру кезінде не тасымалдаушының немесе басқа да осындай тұлғаның аталған деректерді тексеруге ақылға сыйымды мүмкіндігі болмаған жағдайда тасымалдаушы немесе басқа да осындай тұлға коносаментке аталған деректердің дәл еместігін, жорамалдардың негіздемесін немесе тексеруге ақылға сыйымды мүмкіндіктің болмағанын нақты көрсететін ескертпе е н г і з у г е т и і с .

2. Тасымалдаушы немесе оның атынан коносамент беруші басқа тұлға коносаментте жүктің сыртқы жай-күйін көрсетпесе, коносаментте жүктің тиісті сыртқы жай-күйі көрсетілген деп есептеледі.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес жол берілетін ескертпе енгізілген деректерді қоспағанда, егер өзгеше дәлелденбесе, коносамент тасымалдаушының жүкті тасымалдау үшін қабылдауы коносаментте сипатталғандай етіп куәландырылады. Егер коносамент жүктің коносаменттегі сипатталуын негізге ала отырып адал әрекет еткен үшінші тұлғаға берілсе, тасымалдаушының өзгеше дәлелдеуіне жол берілмейді.

#### **404-бап. Коносамент даналарының көп болуы**

Жөнелтушінің тілегі бойынша оған коносаменттің бірнеше данасы (түпнұсқалары) берілуі мүмкін, әрі олардың әрқайсысында қолда бар коносамент түпнұсқаларының саны көрсетіледі. Ұсынылған коносамент түпнұсқаларының біріншісінің негізінде жүк берілгеннен кейін оның қалған түпнұсқалары күшін жоғалтады.

#### **405-бап. Коносамент беру**

Коносамент мынадай ережелер сақтала отырып беріледі:

- 1) атаулы коносамент атаулы өткізу жазбалары бойынша немесе талапты басқаға беру нысанына қойылатын ережелерге сәйкес өзге де нысанда берілуі мүмкін;
- 2) ордерлік коносамент атаулы немесе бланкідегі өткізу жазбасы бойынша берілуі м ү м к і н ;
- 3) коносамент ұсынушыға жай ғана тапсыру арқылы берілуі мүмкін.

#### **406-бап. Жүкке билік ету құқығы**

1. Жөнелтушінің жүкті алушыға бергенге не осындай құқықты алушыға немесе үшінші тұлғаға бергенге дейін оған билік етуге құқығы бар.

2. Жөнелтушінің кеме кеткенге дейін жөнелтілетін жерінде жүкті кері қайтаруды, жүкті аралық портта беруді немесе оны, осы Кодекстің 417 және 419-баптарында көзделген талаптарды сақтай отырып, жөнелтушіге берілген барлық коносамент түпнұсқаларын көрсеткен немесе тиісті қамтамасыз етуді ұсынған кезде, тасымалдау құжатында көрсетілген алушыдан басқаға беруді талап етуге құқығы бар.

#### **407-бап. Жүк тасымалдаудың мерзімі мен маршруты**

Тасымалдаушы жолаушыны, багаж бен жүкті тараптардың келісімімен белгіленген мерзімде және маршрут бойынша апарылатын портқа (пунктке) жеткізуге міндетті. Мұндай келісім болмаған жағдайда ақылға қонымды мерзімде және әдеттегі маршрут бойынша жеткізілуге тиіс.

#### **408-бап. Кеменің белгіленген портқа кіруіне кедергілер**

1. Тасымалдаушыға байланысты емес себептердің салдарынан кеме баратын портына кіре алмаған жағдайда, тасымалдаушы бұл туралы жөнелтушіге немесе кемені жалдаушыға не мұндай тұлға тасымалдаушыға белгілі болса, жүкке билік жасауға уәкілетті тұлғаға дереу хабарлауға міндетті.

2. Жүкті тасымалдау үшін кеме тұтасымен берілген және тасымалдаушы хабарлама жіберген кезден бастап ақылға сыйымды мерзім ішінде жүкті не істеу керек екені туралы нұсқау түспеген жағдайда, кеме капитанының пікірінше, жөнелтуші немесе кемені жалдаушы не жүкке билік жасауға уәкілетті тұлға үшін неғұрлым тиімді болып көрінуіне қарай, кеме капитаны жүкті ең жақын порттардың бірінде түсіріп кетуге не жүкті жөнелтілген портына қайтаруға құқылы.

3. Жүкті тасымалдау үшін кеме тұтасымен берілмеген және тасымалдаушы хабарлама жіберген кезден бастап үш тәулік ішінде жүкті не істеу керек екені туралы нұсқау түспеген жағдайда, кеме капитаны жүкті ең жақын порттардың біріне түсіріп кетуге және жөнелтушіге немесе кемені жалдаушыға не жүкке билік жасайтын уәкілетті тұлғаға бұл туралы хабарлауға құқылы. Кеме капитаны өзі алған өкімді кемедегі басқа жүктердің иелеріне залал келтірмей орындай алмайтын болған жағдайда да солай істеуге құқылы.

4. Тасымалдаушы жөнелтушінің немесе кемені жалдаушының не жүкке билік жасайтын уәкілетті тұлғаның өкімін күткен жағдайда, тасымалдаушының осындай күтуге байланысты шығыстарын, сондай-ақ кеменің нақты жүріп өткен қашықтығына бара-бар мөлшерде жалдау ақысын өтеткізіп алуға құқығы бар.

#### **409-бап. Тараптардың жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан бас тартуы**

1. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты тараптарының әрқайсысы екінші тарапқа зияндарды өтемей, кеме жүк тиеу орнынан кеткенге дейін:

1) кемені немесе жүкті басып алу қатерін төнгізетін соғыс қимылдары мен өзге де

і с - ә р е к е т т е р ;

2) жөнелтілетін орынның немесе баратын орынның қоршауға алынуы;

3) жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартының тараптарына байланысты емес себептермен кемеңің кідірітілуі;

4) төтенше сипаттағы жағдайлар кезінде кемеңі мемлекеттік қажеттерге тарту;

5) тасымалдануға тиіс жүкті жөнелтілетін жерден алып шығуға немесе баратын жеріне жүкті алып кіруге тыйым салынған мән-жайлар туындаған кезде ол шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

Осы тармақтың 3) және 5) тармақшаларында көзделген мән-жайлар, егер кеме қысқа мерзімге кідіріледі деп көзделсе, екінші тарапқа зияндарды өтемей жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан бас тарту үшін негіз бола алмайды.

Осы тармақта көзделген мән-жайлар туындаған кезде тасымалдаушы жүкті түсіруге жұмсалған шығыстарды көтермейді.

2. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты тараптарының әрқайсысы, сондай-ақ рейс кезінде осы баптың 1-тармағында көзделген кез келген мән-жайлардың бірі туындауы салдарынан, оны орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл орайда жөнелтуші немесе кемеңі жалдаушы тасымалдаушыға жүкке жұмсалған барлық шығыстарын, соның ішінде оны түсіруге жұмсалған шығыстарын, сондай-ақ кеме нақты жүріп өткен қашықтыққа бара-бар мөлшерде жалдау ақысын өтейді.

#### **410-бап. Тасымалдаушының жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан бас тартуы**

Тиелген жүктің құны жалдау ақысы мен тасымалдаушының жүк бойынша басқа да шығыстарын жаппайтын, ал жөнелтуші немесе кемеңі жалдаушы кеме жөнелтілер алдында жалдау ақысын толық енгізбеген не қосымша қамтамасыз етіп бермеген жағдайда тасымалдаушының кеме рейске шыққанға дейін жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан бас тартуға құқығы бар. Бұл жағдайда жөнелтуші немесе кемеңі жалдаушы тасымалдаушыға толық жалдау ақысының екіден бір бөлігін, ал босқа тұрып қалу болған жағдайда - босқа тұрып қалғаны үшін ақы төлеуге және тасымалдаушының өзге де шығыстарын өтеуге тиіс. Жүкті түсіру жөнелтушінің немесе кемеңі жалдаушының есебінен жүзеге асырылады.

#### **411-бап. Жөнелтушінің немесе кемеңі жалдаушының жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан бас тартуы**

1. Жүкті тасымалдау үшін кеме тұтасымен берілген жағдайда жөнелтуші немесе кемеңі жалдаушы :

1) егер жөнелтуші немесе кемеңі жалдаушы сталиялық немесе контрсталиялық уақыт біткенге дейін бас тартса не кеме рейске шыққанға дейін аталған жәйттердің қайсысы бұрын туындаса, толық жалдау ақысының екіден бірін, босқа тұрып қалу болған жағдайда - тасымалдаушы жүк есебінен жасаған және шығыстар жалдау ақысының сомасына енгізілмеген босқа тұрып қалу үшін төленетін ақыны;

2) егер жөнелтушінің немесе кемені жалдаушының бас тартуы осы тармақтың 1) тармақшасында аталған жәйттердің бірінен кейін болса және жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты бір рейске жасалса, толық жалдау ақысын, осы тармақтың 1) тармақшасында аталған басқа да сомаларды;

3) бірінші рейс үшін толық жалдау ақысын, осы тармақтың 1) тармақшасында аталған басқа да сомаларды және жөнелтуші немесе кемені жалдаушы осы тармақтың 1) тармақшасында аталған жәйттердің бірінен кейін бас тартса және жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты бірнеше рейске жасалса, қалған рейстер үшін жалдау ақысының екіден бірін төлеген жағдайда, жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан бас тартуға құқылы.

Жөнелтуші немесе кемені жалдаушы кеме рейске шыққанға дейін жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан бас тартқан жағдайда тасымалдаушы, егер жүкті түсіру тіпті кемені белгіленген мерзімнен артық кідіртетін болса да, жүкті жөнелтушіге немесе кемені жалдаушыға беруге міндетті.

Жөнелтуші немесе кемені жалдаушы жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан рейс кезінде бас тартқан жағдайда, жөнелтуші немесе кемені жалдаушы жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартына сәйкес кеме кіруге тиісті немесе қажеттілікке қарай кірген портта ғана жүктің берілуін талап етуге құқылы.

2. Жүкті тасымалдау үшін кеме тұтасымен берілмеген жағдайда, жөнелтуші немесе кемені жалдаушы толық жалдау ақысы, бос тұрып қалғаны үшін ақы төленген, тасымалдаушының жүк есебінен жасалған және жалдау ақысы сомасына енгізілмеген шығыстары өтелген жағдайда, жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан бас тартуға құқылы. Тасымалдаушы жөнелтушінің немесе кемені жалдаушының талап етуімен, егер бұдан тасымалдаушыға және басқа жөнелтушіге немесе кемені жалдаушыға залал келтірілмейтін болса ғана, жүкті белгіленген портқа жеткізгенге дейін беруге міндетті.

#### **412-бап. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін болмағандықтан олардың тоқтатылуы**

1. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты, егер оны жасағаннан кейін және кеме жүк тиеу орнынан кеткенге дейін тараптарға байланысты емес мән-жайлар салдарынан:

- 1) кеме опат болған немесе күшпен басып алынған;
- 2) кеме жүзуге жарамсыз деп танылған;
- 3) жеке-дара анықталған жүк жойылған;

4) жүкті тиеу үшін жөнелтуші теңіз портына өткізгеннен кейін және жөнелтуші тиеу үшін басқа жүкті тапсырып үлгірмеген, тектік белгілері анықталған жүк жойылған болса, тараптардың бірі екінші тарапқа шарттың тоқтатылуы туғызған залалдарды өтеу міндетінсіз тоқтатылады.

2. Тасымалдау жөніндегі міндеттемені осы баптың 1-тармағында көзделген



мән-жайлар бойынша рейс кезінде орындау мүмкін болмағандықтан ол тоқтатылған жағдайда, құтқарылған және сақтауға немесе алушыға өткізілген жүктің саны негізге алына отырып, тасымалдаушыға кеменің нақты жүзіп өткен қашықтығына бара-бар мөлшерде жалдау ақысы төленеді.

#### **413-бап. Жүкті алуға құқығы бар тұлға**

1. Тасымалдануы коносамент негізінде жүзеге асырылатын жүкті тасымалдаушы түсіру портында коносаменттің түпнұсқасын:

1) атаулы коносаменттің түпнұсқасын - коносаментте аталған алушыға немесе коносамент атаулы өткізу жазбасы бойынша немесе талапты басқаға беру үшін белгіленген ережелерге сәйкес өзге де нысанда берілген тұлғаға;

2) ордерлік коносаменттің түпнұсқасын - бұйрығына коносамент жасалған тұлғаға, коносаментте өткізу жазбалары болған жағдайда - өткізу жазбаларының үзіліссіз қатарындағы соңғы аталған тұлғаға немесе соңғы бланкілік жазбасы бар коносаментті ұсынушыға;

3) ұсынушыға арналған коносаменттің түпнұсқасын - коносаментті ұсынушыға береді.

2. Жүк тасымалдау теңіз жүкқұжаты негізінде немесе өзге де құжат негізінде жүзеге асырылатын жағдайда, тасымалдаушы жүкті осындай құжатта аталған алушыға немесе жөнелтуші көрсеткен алушыға беруге құқылы.

#### **414-бап. Жүкті сақтауға өткізу**

1. Жүкті тасымалдау үшін кеменің бір бөлігі берілген жағдайда, егер түсіру портында алушы жүкті талап етпесе немесе одан бас тартса не жүк белгіленген уақытта түсіріле алмайтындай етіп оны қабылдауды кешіктірсе, тасымалдаушы жүкке билік жасайтын уәкілетті тұлғаның есебінен жүкті сақтауға өткізіп, бұл туралы жөнелтушіге немесе кемені жалдаушыға, сондай-ақ алушы тасымалдаушыға белгілі болса, соған хабарлауға құқылы.

2. Жүк тасымалдау үшін кеме тұтасымен берілген жағдайда, тасымалдаушы жүкті түсіруді және сақтауға өткізуді, егер сталиялық және контрсталиялық уақыт ішінде жөнелтушінің немесе кемені жалдаушының не жүкке билік жасайтын уәкілетті тұлғаның өзге өкімі түспесе, сталиялық және контрсталиялық уақыт біткеннен кейін жүзеге асырады. Тасымалдаушының жүкті сақтауға өткізу үшін жұмсаған уақыты босқа тұрып қалған уақыт ретінде қарастырылады.

3. Кеменің түсіру портына келген күнінен бастап екі ай ішінде сақтауға өткізілген жүк талап етілмеген және жөнелтуші немесе кемені жалдаушы не жүкке билік жасайтын уәкілетті тұлға тасымалдаушыға жүкті тасымалдағаны үшін тиесілі төлемдерді төлемеген жағдайда тасымалдаушы жүкті осы Кодекстің 38-бабының 3-6-тармақтарында белгіленген тәртіппен сатуға құқылы.

4. Жүкті сатудан түскен сома тасымалдаушыға тиесілі төлемдер мен жүкті сақтауға және сатуға кеткен шығыстар шегеріліп, жөнелтушіге немесе кемені жалдаушыға

б е р і л е д і .

Жүкті сатудан түскен сома тасымалдаушыға тиесілі төлемдерді және жүкті сақтау мен сатуға кеткен шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, тасымалдаушы өзі алмаған соманы жөнелтушіден немесе кемені жалдаушыдан өндіріп алуға құқылы.

#### **415-бап. Жүкті алушыға берген кездегі төлемдер. Жүкті ұстап қалу құқығы**

1. Алушы өзіне жүк берілген кезде тасымалдаушы жүк есебінен шығарған шығыстарды өтеуге, кеменің жүк түсіру портында босқа тұрып қалғаны үшін ақы төлеуге, сондай-ақ жалдау ақысын төлеуге және бұл коносаментте немесе негізге алына отырып жүк тасымалы жүзеге асырылған басқа құжатта көзделсе, кеменің жүк тиеу портында босқа тұрып қалғаны үшін төлем енгізуге міндетті, жалпы авария жағдайында авариялық жарна енгізуге немесе тиісінше қамтамасыз етіп беруге міндетті .

2. Тасымалдаушы осы баптың 1-тармағында көзделген сомалар төленгенге немесе қамтамасыз етіп берілгенге дейін жүкті ұстап қалуға құқылы.

Алушыға тиесілі емес қоймаға жүкті сақтауға өткізген ретте, бұл туралы қойма иесіне дереу хабарлаған жағдайда тасымалдаушы жүкті ұстап қалу құқығын сақтайды.

3. Жүк алушыға берілгеннен кейін, егер тек тасымалдаушы өзіне байланысты емес себептер бойынша жүкті ұстап қалу құқығын жүзеге асыра алмай қалғанда болмаса, тасымалдаушы жөнелтушіден немесе кемені жалдаушыдан алушы төлемеген сомаларды талап ету құқығынан айырылады.

4. Жүкті ұстап қалатын тасымалдаушының талабы жүктің құны есебінен, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген көлемде және тәртіппен қ а н а ғ а т т а н д ы р ы л а д ы .

5. Жүкті сатудан түскен сома алушыға осы баптың 1-тармағына сәйкес тасымалдаушыға тиесілі сома мен жүкті сатуға байланысты шығыстар шегеріле о т ы р ы п б е р і л е д і .

Жүкті сатудан түскен сомалар осы баптың 1-тармағына сәйкес тасымалдаушыға тиесілі соманы төлеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, тасымалдаушы өзі алмаған соманы жөнелтушіден немесе кемені жалдаушыдан өндіріп алуға құқылы.

#### **416-бап. Жүкті қарап шығу немесе оның жай-күйін тексеру**

Жүк нақты жоғалған немесе жоғалды, кем шықты не зақымданды (бүлінді) деп жорамалданған жағдайында алушы мен тасымалдаушы бір-біріне жүкті алушыға бергенге дейін жүкті қарап шығуға немесе оның жай-күйіне тексеру жүргізуге мүмкіндік беруге міндетті. Жүкті қарап шығуға немесе жай-күйін тексеруге жұмсалған шығыстарды қарап шығуды немесе тексеруді талап еткен тарап көтереді. Алушының талап етуі бойынша жүргізілген жүкті қарап шығу немесе оның жай-күйін тексеру нәтижесінде жауапкершілігі тасымалдаушыға жүктелетін жүктің жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) анықталған жағдайда, жүкті қарап шығуға немесе оның жай-күйін тексеруге жұмсалған шығыстарды тасымалдаушы көтереді.

## **417-бап. Жүктің жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) туралы мәлімдеме**

1. Жүк берілгенге дейін немесе оның берілуі кезінде алушы жүктің жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) туралы тасымалдаушыға жазбаша нысанда мәлімдеме жасалмаған және жүк жоғалғанының, кем шыққанының немесе зақымданғанының (бүлінгенінің) жалпы сипаты көрсетілмеген жағдайда, жүк өзге дәлелдер болмаған кезде коносамент талаптарына сәйкес алынды деп есептеледі.

2. Жүктің жоғалғанын, кем шыққанын немесе зақымданғанын (бүлінгенін) оны әдеттегі әдіспен қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған жағдайда, алушы жүк берілгеннен кейін үш күн ішінде тасымалдаушыға мәлімдеме жасауы мүмкін.

3. Егер алушы жүкті беру кезінде тасымалдаушымен бірге жүкті қарап шықса немесе оның жай-күйін тексерсе, ол осы баптың 1-тармағында аталған мәлімдемені жасамауға құқылы.

### **418-бап. Жүктерді тасымалдау кезіндегі төлемдер**

Тасымалдаушыға тиесілі барлық төлемдерді жөнелтуші немесе кемеңі жалдаушы төлейді. Жөнелтушінің немесе кемеңі жалдаушының және тасымалдаушының арасындағы келісімде көзделген жағдайларда және бұл туралы деректер коносаментке енгізілген кезде төлемдерді алушыға аударуға жол беріледі.

### **419-бап. Жалдау ақысының мөлшері**

1. Жалдау ақысының мөлшері тараптардың келісімімен белгіленеді. Тараптардың келісімі болмаған жағдайда жалдау ақысының мөлшері жүкті тиеу орнында және жүкті тиеу кезінде қолданылатын ставкалар негізге алына отырып есептеп шығарылады.

2. Жүк кемеңе жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартында көзделгеннен көп мөлшерде тиелген жағдайда жалдау ақысының мөлшері тиісінше ұлғайтылады.

3. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартында көзделгеннің орнына кемеңе басқа жүк тиеліп, оның тасымалданғаны үшін жалдау ақысының мөлшері жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартында көзделгеннен көп болған жағдайда, жалдау ақысы шын мәнінде тиелген жүктің тасымалданғаны үшін төленеді.

4. Шын мәнінде тиелген жүктің тасымалданғаны үшін төленетін жалдау ақысының мөлшері жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартында көзделген жүктің тасымалданғаны үшін төленетін жалдау ақысынан кем болған жағдайда, жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартында көзделген жалдау ақысы төленеді.

### **420-бап. Тасымалдау кезінде жоғалған жүк үшін жалдау ақысы**

1. Тасымалдау кезінде жоғалған жүк үшін жалдау ақысы алынбайды немесе қайтарылуға тиіс. Жоғалған жүк құтқарылған жағдайда, тасымалдаушының кеме жүріп өткен қашықтыққа бара-бар мөлшерде жалдау ақысын алуға құқығы бар.

Кемеңің іс жүзінде жүріп өткен қашықтығы үшін жалдау ақысын есептеу кезінде жолдың кеме жүк алып өткен бөлігі мен кемеңің келісілген рейсінің бүкіл жолының ұзақтығымен арақатынасы есепке алынады.

2. Жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) табиғи қасиеттерінің немесе жөнелтушіге байланысты себептердің салдарынан болған жүктер үшін жалдау ақысы толық төленеді.

**421-бап. Тасымалдау шартынан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік**

Теңіз арқылы тасымалдау шартынан туындайтын жауапкершілік осы тараудың ережелерімен регламенттелмеген бөлігінде осы Кодекстің 7-тарауының 1-бөлігіне сәйкес басталады.

**422-бап. Тасымалдаушыны жауапкершіліктен босату**

1. Осы Кодекстің 57-бабында көрсетілген негіздемелерден басқа, тасымалдаушы осы баптың 2, 3-тармақтарында көзделген жағдайларда жауапкершіліктен босатылады.

2. Егер жоғалу, кем шығу немесе зақымдану (бүліну), сондай-ақ оны жеткізу мерзімін өткізіп алу:

- 1) теңіздегі және басқа да кеме жүзетін сулардағы қауіптер немесе кездейсоқтықтар;
- 2) теңізде адамдарды немесе мүліктерді құтқару жөніндегі шаралар;
- 3) тасымалдаушының кінәсіз шыққан өрт;
- 4) мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері немесе өкімдері (ұстау, тұтқындау, карантин және басқалар);
- 5) жөнелтушінің немесе алушының әрекеті (әрекетсіздігі);
- 6) жүктің, оның қасиеттерінің байқалмайтын кемшіліктері немесе табиғи кемуі;
- 7) жүктің ыдыстары мен буып-түйілуінің байқалмайтын кемшіліктері;
- 8) жүкті таңбалаудың жетіспеушілігі немесе көмескілігі;
- 9) теңіз портының жұмысын толық немесе ішінара тоқтатуды не шектеуді туғызған ереуілдер немесе өзге де мән-жайлар;
- 10) тасымалдаушының, оның қызметкерлерінің немесе агенттерінің кінәсіз туындаған өзге де мән-жайлар салдарынан болғанын дәлелдесе, тасымалдаушы жүктің жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін, сондай-ақ оның жеткізілу мерзімінің өткізіп алынғаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

**3. Жүк баратын портына:**

- 1) жүк қойылатын жарамды жайларда, жөнелтушінің пломбалары бұзылмай;
- 2) жолда ашылған ізі жоқ жарамды ыдыста;
- 3) жөнелтушінің немесе алушының өкілі бірге келген жағдайда;
- 4) тасымалдаушының кінәсі жоқ екенін дәлелдейтін өзге де мән-жайлар болған кезде, егер алушы тасымалдау үшін қабылданған жүктің жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) тасымалдаушының кінәсінен болғанын дәлелдей алмаса, тасымалдаушы жүктің жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін жауапкершіліктен босатылады.

**423-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін шектеу**

1. Жүктің тегі мен түрін, сондай-ақ құнын жүк тиелгенге дейін жөнелтуші жарияламаған және коносаментке енгізілмеген жағдайда, тасымалдау үшін қабылданған жүктің жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушының жауапкершілігі, қай соманың жоғары екендігіне қарай, орын үшін 666,67 есептік бірліктен немесе жүк түсірудің басқа бірлігінен не жоғалған, кем шыққан немесе зақымданған жүк брутто массасының бір килограммы үшін екі есептік бірліктен аспауға тиіс.

2. Тасымалдау үшін қабылданған жүктің жеткізілу мерзімін өткізіп алғаны үшін тасымалдаушының жауапкершілігі жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартына сәйкес төленуге тиіс жалдау ақысы мөлшерінен аспауы керек.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес тасымалдаушы өтеуге тиіс жалпы сома осындай жауапкершілік туындаған жүкке қатысты оның толық жоғалғаны үшін осы баптың 1-тармағына сәйкес белгіленген жауапкершілік шегінен аспауы керек.

4. Жүкті тасымалдауға контейнер немесе арнаулы құрылғы (тұғырық немесе өзгелері) пайдаланылатын жағдайда, осындай құрылғымен тасымалданғандар ретінде орындар саны немесе түсіру бірліктері болып коносаментте тізіп келтірілген орындар саны немесе жүк түсіру бірліктері есептеледі. Өзге жағдайларда, мұндай құрылғы жүктің орны немесе бірлігі болып есептеледі.

5. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартының тараптары өздерінің келісімімен осы баптың 1-3-тармақтарында көзделгендерден асып түсетін жауапкершілік мөлшерін белгілей алады.

#### **424-бап. Жауапкершілікті шектеу құқығын жоғалту**

Егер тасымалдау үшін қабылданған жүктің жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) не оны жеткізу мерзімінің өткізіп алынғаны тасымалдаушының қасақана немесе өрескел абайсыздықтан жасаған әрекетінің (әрекетсіздігінің) салдарынан болғаны дәлелденсе, оның осы Кодекстің 431-бабында көзделген жауапкершілікті шектеуге құқығы жоқ.

#### **425-бап. Нақты тасымалдаушының жауапкершілігі**

1. Осы тараудың тасымалдаушының жауапкершілігіне қатысты белгіленген ережелері нақты тасымалдаушының өзі жүзеге асырған жүк тасымалы үшін жауапкершілігіне де қолданылады.

2. Егер жүкті немесе оның бір бөлігін тасымалдауды нақты тасымалдаушы жүзеге асырғанның өзінде де, осы тарауда белгіленген ережелерге сәйкес бүкіл тасымалданған жүк үшін тасымалдаушы жауапты болады.

3. Тасымалдаушы өзіне осы тарауда көзделмеген міндеттемелерді алғанда немесе осы тарауға сәйкес берілетін құқықтардан бас тартқанда негіз болатын келісім, нақты тасымалдаушыға, ол бұған жазбаша нысанда келісім берген жағдайда ғана қолданылады.

4. Тасымалдаушы мен нақты тасымалдаушы жауапты болған жағдайда олардың

жауапкершілігі ортақ болып табылады.

5. Тасымалдаушының және нақты тасымалдаушының тасымалдау үшін қабылданған жүктің жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) не оны жеткізу мерзімінің өткізіп алынғаны үшін жауапкершілігінің мөлшері осы тарауда көзделген шекті жауапкершілік мөлшерінен аспауға тиіс.

#### **426-бап. Жүкті толассыз тасымалдау**

1. Тасымалдаушы жүктің бір бөлігін тасымалдауды тасымалдаушы емес, басқа тұлға жүзеге асыруға тиіс екендігі көзделетін толассыз коносамент беретін жағдайда, толассыз коносаментте тасымалдау үшін қабылданған жүктің жүк басқа тұлғаның қарауында болып, ол жүктің бір бөлігін тасымалдауды жүзеге асырған кезде орын алған мән-жайлардан туындаған жоғалуы, кем шығуы немесе зақымдануы (бүлінуі) не оның жеткізілу мерзімінің өткізіп алынуы үшін тасымалдаушының жауапты болмайтыны көзделуі мүмкін. Тасымалдау үшін қабылданған жүктің жоғалуын, кем шығуын немесе зақымдануын (бүлінуін) не оның жеткізілу мерзімінің өткізіп алынуын осындай мән-жайлар туғызғанын дәлелдеу міндеті тасымалдаушыға жүктеледі.

2. Жүк тасымалдаудың бір бөлігін жүзеге асырушы тұлға жүк өзінің қарауында болған кезде орын алған мән-жайлардан туындаған тасымалдау үшін қабылданған жүктің жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін не оның жеткізілу мерзімінің өткізіп алынғаны үшін тасымалдаушының жауапкершілігі туралы осы тарауда белгіленген ережелерге сәйкес жауапты болады.

## **II. Теңіз арқылы жолаушылар тасымалдау шарты**

### **427-бап. Теңіз арқылы жолаушылар тасымалдау шартының мәні**

1. Теңіз арқылы жолаушылар тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы жолаушыны және жолаушы өткізген жағдайда багажды баратын портына (пунктіне) апаруға және багажды жолаушыға немесе алуға уәкілетті тұлғаға беруге міндеттенеді, ал жолаушы жол жүргені, ал багажды өткізген жағдайда багажды алып жүргені үшін де а қ ы т ө л е у г е м і н д е т т е н е д і .

2. Теңіз арқылы жолаушылар тасымалдау шарты - билетпен, ал багаж өткізілген жағдайда багаж квитанциясымен де ресімделеді. Билет пен багаж квитанциясының нысаны уәкілетті орган бекітетін тасымалдау ережелерімен белгіленеді.

3. Жолаушының баратын портқа (пунктке) багаж және каюталық багаж алып ж ү р у і н е қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Егер теңіз арқылы жолаушылар тасымалдау шартының талаптары бойынша автокөлік құралдарын тасымалдау жүзеге асырылса, автокөлік құралдарына салынған багаж да каюталық багаж деп саналады.

### **428-бап. Жолаушылар мен багажды тасымалдау кезеңдері**

1. Жолаушылар мен багажды тасымалдау мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) жолаушыға және оның каюталық багажына қатысты - жолаушыны кеме бортына отырғызу, одан түсіру, сондай-ақ жолаушының және каюталық багаждың кеме

бортында болу кезеңі. Жолаушы мен багажды тасымалдауға, егер оның құны билет құнына енгізілсе немесе егер қосымша тасымалдау үшін кемеңі тасымалдаушы жолаушының билігіне берсе, жағалаудан су жолымен кемеге не, керісінше, жағалауға жеткізу кезеңі енгізіледі;

2) кемеге немесе баратын порттың (пункттің) айлағына (вокзалына) жеткізу үшін жолаушы өткізетін каюталық багажға қатысты - тасымалдаушы, оның қызметкері немесе агенті каюталық багажды қабылдаған кезден бастап, оны кеме бортындағы немесе баратын порттағы (пункттегі) жолаушыға бергенге дейінгі кезең;

3) багажға қатысты - тасымалдаушы, оның қызметкері немесе агенті багажды жағалауда не кеме бортында қабылдаған кезден бастап, багажды жолаушыға немесе багажды алуға уәкілетті адамға бергенге дейінгі кезең.

2. Жолаушыға қатысты тасымалдауға жолаушы теңіз вокзалында, айлағында немесе өзге де порт ғимаратында болған кездегі кезең енгізілмейді.

#### **429-бап. Теңіз арқылы жолаушы тасу шартынан бас тарту**

1. Жолаушы кеме кеткенге дейін, сондай-ақ рейс басталғаннан кейін, жолаушыларды отырғызу немесе түсіру үшін кеме кірген кез келген портта теңіз арқылы жолаушы тасу шартынан бас тартуға құқылы.

2. Тасымалдаушы теңіз арқылы жолаушы тасымалдау шартын орындаудан өзіне байланысты емес мынадай мән-жайлар туындаған кезде:

1) соғыс қимылдары және кемеңі басып алу қатерін төндіретін өзге де іс-қимылдар;

2) жөнелту портының (пунктінің) немесе баратын портының (пунктінің) қоршауға алынуды ;

3) кемеңі мемлекеттік қажеттерге тарту;

4) кеме опат болған немесе оны басып алған;

5) кеме жүзуге жарамсыз деп танылған;

6) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда;

7) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де жағдайларда бас тартуға құқылы.

3. Осы бапта көзделген мән-жайлар туындаған кезде теңіз арқылы жолаушы тасымалдау шартын орындаудан бас тартқан тасымалдаушы өз есебінен жолаушыны оның талап етуі бойынша шыққан портына (пунктіне) жеткізуге немесе жолаушыға шеккен шығыстарын өтеуге міндетті.

4. Жолаушы теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан кеме кеткенге дейін бас тартқан жағдайда оған жол жүргені және багажды алып жүргені үшін төленген соманың бәрі, ал рейс басталғаннан кейін - жолаушыны тасымалдау жүзеге асырылмаған қашықтыққа бара-бар мөлшерде жол жүруі және багажды алып жүруі үшін төленген соманың бір бөлігі қайтарылады.

5. Жол жүргені және багажды алып жүргені үшін төленген ақыны қайтару уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен жүргізіледі.

#### **430-бап. Теңіз арқылы жолаушы тасымалдау шартының өзгертілуі**

1. Егер жөнелтілу портындағы (пунктіндегі) баратын порттағы (пункттегі) немесе жолаушы тасымалдау маршрутымен жүріп келе жатқан жолдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарынан, сондай-ақ тасымалдаушыға байланысты емес басқа да мән-жайлардың салдарынан осындай әрекеттер жасау қажет болса, тасымалдаушы кеменің кетуін кідірте тұруға, жолаушыны тасымалдау маршрутын, жолаушыны отырғызу және (немесе) түсіру орнын өзгертуге құқылы.

Осы тармақта аталған жағдайларда тасымалдаушы өз есебінен жолаушыны оның талап етуі бойынша шыққан портына (пунктіне) жеткізуге немесе жолаушыға шеккен шығыстарын өтеуге міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген ережелердің жолаушының теңіз арқылы жолаушы тасу шартынан бас тарту құқығына қатысы жоқ.

#### **431-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігі және оны жауапкершіліктен босату**

1. Теңіз арқылы жолаушылар тасымалдау шартынан туындайтын міндеттемелердің орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы үшін осы тарау ережелерімен регламенттелмейтін бөлігіндегі жауапкершілік осы Кодекстің 1-бөлімінің 7-тарауына сәйкес болады.

2. Егер тасымалдаушы басқа адамдардың құқыққа қарсы әрекеттері салдарынан кеме өз иеленуінен шығып қалғанын дәлелдесе, ол міндеттемелер бойынша жауап бермейді. Мұндай жағдайларда жолаушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін кемені құқыққа қарсы иеленіп алған тұлғалар жауапты болады. Кеменің өз иеленуінен құқыққа қарсы алып қойылуына тасымалдаушының кінәсі болған жағдайда тасымалдаушыға да, кемені иеленіп алған тұлғаларға да жауапкершілік жүктелуі мүмкін.

#### **432-бап. Нақты тасымалдаушы**

1. Жолаушы тасымалдау немесе тасымалдаудың бір бөлігін жүзеге асыру нақты тасымалдаушыға тапсырылған жағдайда, тасымалдаушы бүкіл жолаушы тасымалы үшін осы тарауда белгіленгендей жауапты болады. Бұл орайда нақты тасымалдаушының өзі жүзеге асыратын жолаушы тасымалдауға қатысты осы тарауда көзделген құқығы мен міндеті болады.

2. Нақты тасымалдаушы жүзеге асыратын жолаушы тасымалдауға қатысты өз міндеттері (өкілеттіктері) шегінде әрекет еткен нақты тасымалдаушының, оның қызметкерлерінің немесе агенттерінің әрекеті (әрекетсіздігі) үшін тасымалдаушы жауапты болады.

3. Нақты тасымалдаушының қосымша міндеттері жазбаша нысанда жасалған келісімде белгіленеді.

4. Егер жауапкершілікті тасымалдаушы мен нақты тасымалдаушы мойнына алған жағдайда олардың жауапкершілігі ортақ болып табылады.

#### **433-бап. Жолаушылар тасу кестесі**



Жолаушылар тасымалдайтын кемемен жолаушылар тасымалдауды кесте бойынша т а с ы м а л д а у ш ы ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

Жолаушылар тасымалдау кестесін өзгерту тасымалдау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

#### **434-бап. Мүдделі тұлғалардың ұсыныстары бойынша жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру**

Жолаушылар тасымалдау тиісті шарт жасала отырып, мүдделі тұлғалардың ұсыныстары бойынша ұйымдастырылуы мүмкін. Мұндай тасымал үшін төленетін ақы, соның ішінде жолаушы мен оның багажын алып жүру үшін төленетін ақы тараптардың келісімімен белгіленеді.

### **III. Кемені экипажымен жалдау шарты**

#### **435-бап. Тайм-чартердің мазмұны**

Тайм-чартерде тараптардың атауы, кеменің атауы, оның техникалық және пайдаланылу деректері (жүккөтергіштігі, жүксійымдылығы, жылдамдығы және басқалар), жүзу ауданы, кемені жалдау мақсаты, кеменің берілетін және қайтарылатын уақыты, орны, жалдау ақысының ставкасы, шарттың қолданылу мерзімі көрсетілуге тиіс.

#### **436-бап. Кемені қосалқы жалдау (субтайм-чартер) шарты**

1. Тайм-чартерде өзгеше көзделмеген жағдайда, кемені жалдаушының тайм-чартерде берілген құқықтар шегінде өз атынан субтайм-чартер жасасуға құқығы бар. Субтайм-чартер жасасу кемені жалдаушыны кемесімен жалданушымен жасасқан тайм-чартерді орындаудан босатпайды.

2. Субтайм-чартерге осы тарауда көзделген ережелер қолданылады.

#### **437-бап. Тайм-чартер бойынша кеменің теңізде жүзу жағдайын қамтамасыз ету**

1. Кеме иесі кемені жалдаушыға кемені берер кезде оны теңізде жүзу жағдайына келтіріп қоюға - тайм-чартерде көзделген кемені жалдау мақсаттары үшін кеменің (оның корпусының, қозғалтқышының және жабдықтарының) жарамдылығын қамтамасыз ету жөнінде, кеме экипажын жасақтау және кемені тиісінше жарақтандыру жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

2. Кемесімен жалданушы да тайм-чартердің қолданылу мерзімі ішінде кемені теңізде жүзу жағдайында ұстауға, кемені және өзінің жауапкершілігін сақтандыруға, сондай-ақ кеме экипажы мүшелерін ұстауға жұмсалатын шығыстарды төлеуге міндетті.

#### **438-бап. Кемені жалдаушының кемені коммерциялық мақсатта пайдалану және оны қайтару жөніндегі міндеттері**

1. Кемені жалдаушы кеменің және оның экипажы мүшелерінің көрсететін қызметтерін олардың тайм-чартерде белгіленген мақсаттары мен талаптарына сәйкес пайдалануға міндетті. Кемені жалдаушы кемені коммерциялық мақсатта пайдалануға б а й л а н ы с т ы ш ы ғы с т а р д ы т ө л е й д і .

Жалдап алынған кеменің және оның экипажы мүшелерінің көрсететін қызметтерін

пайдалану нәтижесінде алынған кірістер кемені жалдаушының меншігі болып табылады, бұған осы Кодекстің 451-бабына сәйкес кемесімен жалданушы және кемені жалдаушы арасында бөлінетін құтқарудан түскен кірістер қосылмайды.

2. Тайм-чартердің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін кемені жалдаушы кемесімен жалданушыға, кеменің қалыпты тозуын ескере отырып, ол қандай күйде алынған болса, сондай күйде қайтаруға міндетті.

3. Кемені уақтылы қайтармаған жағдайда кемені жалдаушы кемені кідірткені үшін тайм-чартерде көзделген жалдау ақысы мөлшеріндегі соманы немесе, егер ол тайм-чартерде көзделген жалдау ақысы ставкасынан асып түссе, жалдау ақысының нарықтық ставкасына сәйкес соманы төлейді.

#### **439-бап. Кемені жалдаушының жүк иесі алдындағы жауапкершілігі**

Кеме жүк тасымалдау үшін кемені жалдаушыға берілген жағдайда, кемені жалдаушы өз атынан жүк тасымалдау шартын жасасуға, чартерлерге қол қоюға, коносаменттер, теңіз жүк құжаттарын беруге құқылы. Бұл жағдайда кемені жалдаушы осы Кодекстің 430-434-баптарының нормаларына сәйкес жүк иесінің алдында жауапты болады.

#### **440-бап. Кеме экипажы мүшелерінің бағыныстылығы**

1. Кеме капитаны мен кеме экипажының басқа да мүшелері кемені жалдаушының кемені басқаруға, соның ішінде кемені жүргізуге, кемедегі ішкі тәртіпке және кеме экипажының құрамына қатысты өкіміне бағынады.

2. Кеме капитаны мен кеме экипажының басқа да мүшелері үшін кемені жалдаушының кемені коммерциялық мақсатта пайдалануға қатысты өкімі міндетті болады.

#### **441-бап. Кемені құтқарудан, оның опат болуынан немесе зақымдануынан келтірілген зияндар үшін кемені жалдаушының жауапкершіліктен босатылуы**

Егер зиян кемені жалдаушының кінәсінен келтірілгені дәлелденбесе, кемені жалдаушы кемені құтқарудан, оның опат болуынан немесе зақымдануынан келтірілген зияндар үшін жауапты болмайды.

#### **442-бап. Жалдау ақысын төлеу**

1. Кемені жалдаушы кемесімен жалданушыға тайм-чартерде көзделген тәртіппен және мерзімде жалдау ақысын төлейді. Теңізде жүзе алмайтын жағдайда болуы салдарынан кеменің пайдалануға жарамсыз болған уақыты үшін кемені жалдаушы жалдау ақысы мен кемеге жұмсалатын шығыстарды төлеуден босатылады.

Кемені жалдаушының кінәсінен кеме пайдалануға жарамсыз болған жағдайда, кемені жалдаушының кемесімен жалданушыға келтірген шығындарын өтегеніне карамастан, кемесімен жалданушының тайм-чартерде көзделген жалдау ақысына қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2. Кемені жалдаушы жалдау ақысын төлеудің мерзімін күнтізбелік он бес күннен астам уақытқа өткізіп алған жағдайда, кеме иесінің кемені жалдаушыға ескертпестен



Кеме экипажын жасақтауды кемені жалдаушы жүзеге асырады. Кемені жалдаушы кеме экипажын бұрын осы кеменің экипаж мүшелері болмаған адамдардан немесе бербоут-чартердің немесе димайз-чартердің талаптарына сәйкес, бұрын осы кеме экипажының мүшелері болған адамдардан жасақтауға құқылы. Кеме экипажын жасақтау әдісіне қарамастан, кеме капитаны мен кеме экипажының басқа да мүшелері кемені жалдаушыға бағынады.

#### **449-бап. Кемені жалдаушының кемені пайдалану және оны қайтару жөніндегі міндеттері**

1. Кемені жалдаушы кемені пайдалануды бербоут-чартердің талаптарына сәйкес жүзеге асырады және оны пайдалануға байланысты барлық шығыстарды, соның ішінде кеме экипажының мүшелерін ұстауға арналған шығыстарды да көтереді.

2. Бербоут-чартердің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін кемені жалдаушы кемесімен жалданушыға, кеменің қалыпты тозуын ескере отырып, өзі қандай күйде алса, сондай күйде қайтаруға міндетті.

#### **450-бап. Кемені жалдаушының үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілігі**

Кемеден аққан мұнайдан теңіздің ластануы келтірген залалды және қауіпті жүктерді теңіз арқылы тасымалдауға байланысты залалды өтеу талаптарын қоспағанда, кемені жалдаушы кемені пайдалануға байланысты туындайтын талаптар бойынша үшінші тұлғалар алдында жауапты болады.

#### **451-бап. Кемені құтқарудан, оның опат болуынан немесе зақымдануынан келтірілген зияндар**

Егер зиян өзінің кінәсінен келтірілмегенін дәлелдемесе, кемені құтқарудан, оның опат болуынан немесе зақымдануынан келтірілген зияндарды кемені жалдаушы көтереді.

#### **452-бап. Кемесімен жалданушыға жалдау ақысын төлеу**

1. Кемесімен жалданушыға кемені жалдаушы тараптар келіскен ставка бойынша бір ай бұрын жалдау ақысын төлейді. Егер кеменің жарамсыздығы кемені жалдаушының кінәсінен болмаса ғана, кемені жалдаушы кеменің теңізде жүзе алмайтын жағдайда болуы салдарынан пайдалануға жарамсыз уақыт үшін кемеге жалдау ақысы мен шығыстар төлеуден босатылады.

2. Осы Кодекстің 461-бабында көзделген жағдайды қоспағанда, жалдау ақысын төлеу мерзімі күнтізбелік он бес күннен артық өткізіліп алған жағдайда, кемесімен жалданушының кемені жалдаушыдан кемені ескертусіз алып қоюға және кемені жалдаушыдан мерзімін өткізіп алғандықтан келтірілген зияндарды өндіріп алуға құқығы бар.

3. Кеме опат болған жағдайда жалдау ақысы бербоут-чартерде көзделген күннен бастап, кеме опат болған күнге дейін немесе, егер бұл күнді анықтау мүмкін болмаса, кеме туралы соңғы хабар алынған күнге дейін төленуге тиіс.

#### **453-бап. Кемені алып қоюға жол бермеу**

Осы Кодекстің 462-бабында белгіленген ережелерге сәйкес, кемені сатып алу шартымен жасалған бербоут-чартер бойынша жалдау ақысын төлеу мерзімі күнтізбелік он бес күннен астам өткізіліп алған жағдайда, егер мұндай мерзімін өткізіп алу кемені жалдаушыға байланысты емес мән-жайлардан туындаса, кеме иесінің кемені жалдаушыдан кемені алып қоюға құқығы жоқ, бірақ кемені жалдаушыдан мерзімін өткізіп алу келтірген зияндарды өндіріп алуға құқылы.

#### **454-бап. Кемені сатып алу**

Егер кемені жалдаушы бербоут-чартер бойынша өз міндеттемелерін орындап, осы Кодекстің 460-бабының 1-тармағына сәйкес ең соңғы жалдау ақысын төлесе, кемені жалдаушы кемені сатып алатын талаппен жасалған бербоут-чартер бойынша, бербоут-чартердің қолданылу мерзімі біткеннен кейін кеме кемені жалдаушының меншігіне өтеді.

#### **455-бап. Сатып алынған кеменің кемшіліктері үшін жауапкершілік**

Егер кемені жалдаушы кеменің кемшіліктері кеме өзіне берілгенге дейін, немесе ол берілгенге дейін туындаған себептерге байланысты пайда болғанын дәлелдесе, кемені жалдаушы сатып алған кеменің кез келген кемшіліктері үшін, соның ішінде байқалмайтын кемшіліктері үшін кемесімен жалданушы жауапты болады.

### **V. Сүйретіп жүзу шарты**

#### **456-бап. Сүйретіп жүзу шарты**

Сүйретіп жүзу шарты бойынша бір кеменің иесі сыйақы алып, екінші кемені немесе өзге де жүзбелі объектіні белгілі бір қашықтыққа не порт айдынында маневрлер жасау үшін, соның ішінде кемені немесе өзге де жүзбелі объектіні портқа кіргізу не оны порттан шығару үшін сүйретіп жүзуге міндеттенеді.

#### **457-бап. Сүйретіп жүзу шарты тараптарының міндеттері**

Сүйретіп жүзу шартының әрбір тарабы өз кемесін немесе өзге де жүзбелі объектіні сүйретіп жүзуге жарамды күйге алдын ала келтіріп қоюға міндетті.

#### **458-бап. Теңізде сүйретіп жүзу кезіндегі жауапкершілік**

1. Теңізде сүйретіп жүзу сүйретіп жүзуші кеме капитанының басқаруымен жүзеге асырылады.

Теңізде сүйретіп жүзу кезінде сүйретуге алынған кемеге немесе өзге де жүзбелі объектіге не олардағы адамдарға немесе мүлікке келтірілген залал үшін, егер залал өз кінәсінен келтірілмегенін дәлелдей алмаса, сүйретіп жүзуші кеменің иесі жауапты болады.

2. Теңізде сүйретіп жүзу шартының тараптары жазбаша нысандағы келісіммен теңізде сүйретіп жүзуді басқару жөніндегі міндетті сүйретуге алынған кеменің немесе өзге де жүзбелі объектінің капитанына жүктей алады. Бұл жағдайда теңізде сүйретіп жүзу кезінде сүйретіп жүзуші кемеге не ондағы адамдарға немесе мүлікке келтірілген залал үшін, егер залал өз кінәсінен келтірілмегенін дәлелдей алмаса, сүйретуге алынған кеменің немесе өзге де жүзбелі объектінің иесі жауапты болады.

#### **459-бап. Портта сүйретіп жүзу кезіндегі жауапкершілік**

1. Портта сүйретіп жүзу сүйретуге алынған кеме немесе өзге де жүзбелі объект капитанының басқаруымен жүзеге асырылады.

Портта сүйретіп жүзу кезінде сүйретіп жүзуші кемеге не ондағы адамдарға немесе мүлікке келтірілген залал үшін, егер залал өз кінәсінен келтірілмегенін дәлелдей алмаса, сүйретуге алынған кемеің немесе өзге де жүзбелі объектінің иесі жауапты болады.

2. Портта сүйретіп жүзу шартының тараптары жазбаша нысандағы келісіммен портта сүйретіп жүзуді басқару жөніндегі міндетті сүйретіп жүзуші кемеің капитанына жүктеуге құқылы. Бұл жағдайда портта сүйретіп жүзу кезінде сүйретуге алынған кемеге немесе өзге де жүзбелі объектіге не олардағы адамдарға немесе мүлікке келтірілген залал үшін, егер залал өз кінәсінен келтірілмегенін дәлелдей алмаса, сүйретіп жүзуші кемеің иесі жауапты болады.

#### **460-бап. Мұз қатқан жағдайда сүйретіп жүзу кезіндегі жауапкершілік**

Мұз қатқан жағдайда сүйретіп жүзу кезінде сүйретуге алынған кемеге немесе өзге де жүзбелі объектіге не олардағы адамдарға немесе мүлікке келтірілген залал үшін, егер залал сүйретіп жүзуші кеме иесінің кінәсінен келтірілгені дәлелденбесе, ол жауапты болмайды.

### **VI. Көлік экспедициясының, теңіз агенттігін жүргізудің, теңіз делдалдылығының шарты**

#### **461-бап. Көлік экспедициясының шарты**

1. Көлік экспедициясының шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, осы Кодекске және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін көліктегі экспедиторлық қызметті жүзеге асыру ережелеріне сәйкес жасалады.

2. Көлік экспедициясының шарты бойынша бір тарап (экспедитор) сыйақы алып және екінші тараптың (клиенттің, жүкті жөнелтушінің немесе алушының) есебінен экспедиция шартында белгіленген, жүк тасымалдауға байланысты қызметтерді орындауға немесе орындауды ұйымдастыруға, соның ішінде клиенттің атынан немесе өз атынан жүк тасымалдау шартын жасасуға міндеттенеді.

#### **462-бап. Теңіз агенттігін жүргізу шарты**

1. Теңіз агенттігін жүргізу шарты теңіз агенті мен кеме иесі арасында жасалған көлік экспедициясының шарты болып табылады.

2. Теңіз агенттігін жүргізу шарты бойынша теңіз агенті сыйақы алып және кеме иесінің есебінен жүк тасымалдауға байланысты, шартта белгіленген қызмет көрсетуді орындауға немесе орындауды ұйымдастыруға міндеттенеді. Шартта белгіленген өкілеттіктер шегінде теңіз агенті өз атынан және кеме иесінің атынан:

1) кемеің портқа келуіне, кемеің портта болуына және кемеің порттан шығуына байланысты қажетті іс-әрекеттерді орындайды;

2) кемеің портта болуына байланысты төленуге тиісті сомаларды төленді;

3) кемеің жабдықтауды және оған портта қызмет көрсетуді ұйымдастыруда кеме

капитанына көмек көрсетеді;

4) жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын жасасады;

5) жүктің құжаттарын ресімдейді;

6) жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартынан туындайтын талаптар бойынша кеме иесіне тиесілі соманы алады;

7) шартқа сәйкес өзге де іс-әрекеттерді жасайды.

3. Теңіз агенті кеме иесінің келісімімен өзіне осындай әрекеттер жасауға уәкілдік берген екінші тараптың пайдасына да заңдық және өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

4. Шартты орындау мақсатында теңіз агенті кеме иесінің алдында теңіз субагентінің әрекеттері үшін жауапты болып қала отырып, басқа тұлғалармен теңіз агенттігін жүргізу шарттарын жасасуға құқылы. Егер теңіз субагенті сенім білдіруді беру негізінде әрекет етпесе ғана, теңіз субагентінің кеме иесі атынан үшінші тұлғалармен мәмілелер жасасуға құқылы емес.

#### 5. Теңіз агенті:

1) кеме иесінің мүдделерін көздейтін және теңіз агенттігін жүргізу практикасына сәйкес қызметті адал жүзеге асыруға;

2) өз өкілеттіктері шегінде әрекет етуге;

3) кеме иесіне оның талап етуімен тапсырмалардың орындалу барысы туралы барлық мәліметтерді хабарлауға;

4) жасалған мәміле бойынша алынғандардың бәрін кідіртпей кеме иесіне беруге;

5) қаражаттың жұмсалыу есебін жүргізуге;

6) кеме иесіне тиісті құжаттарды қоса тіркеп, тапсырмалардың орындалуы туралы, егер тапсырмалардың сипаты бойынша бұл талап етілсе, есеп беруге міндетті.

6. Егер шартта өзгеше көзделмеген жағдайда, кеме иесі:

1) кеме агентіне теңіз агенттігін жүргізу шартына сәйкес әрекеттер жасауға жеткілікті қаражат беруге;

2) теңіз агентіне оның жұмсаған шығыстарын өтеуге;

3) егер теңіз агенті кеме иесінің атынан және өз өкілеттіктері шегінде әрекет жасаса, теңіз агенті әрекеттерінің салдары үшін жауапты болуға;

4) теңіз агентіне теңіз агенттігін жүргізу шартында белгіленген мөлшерде және тәртіппен сыйақы төлеуге;

5) теңіз агентінің шартқа сәйкес орындағандарының бәрін кідіртпей қабылдауға міндетті.

7. Теңіз агенттігін жүргізу шарты белгісіз мерзімге жасалған жағдайда, тараптардың әрқайсысы шартты бұзатындығы туралы екінші тарапқа шарт бұзылғанға дейін үш айдан кешіктірмей хабарлап, мұндай шартты бұзуға құқылы.

#### 463-бап. Теңіз делдалдығының шарты

1. Теңіз делдалдығының шарты бойынша, делдал (теңіз брокері) сенім білдірушінің тапсыруы бойынша оның атынан және соның есебінен кемелерді сатып алу-сату кемелерді жалдап алу сүйретіп жүзу шарттарын, сондай-ақ теңіздегі сақтандыру шарттарын жасасқан кезде теңіз делдалдығының шартында белгіленген сыйақы үшін делдалдық қызметтер көрсетуге міндеттенеді.

2. Теңіз брокері, егер тараптар оған уәкілеттік берсе, шарттар жасасқан кезде екі тараптың өкілі болуға құқылы. Бұл ретте теңіз брокері тараптардың әрқайсысына өзінің екінші тарапқа да өкілдік жасайтынын хабарлауға және делдалдық қызметтерді көрсеткен кезде екі тараптың да мүдделерін көздеп әрекет жасауға міндетті.

## **12-параграф. Жалпы авария**

### **464-бап. Жалпы авария ұғымы және оны бөлу принциптері**

1. Теңіздегі ортақ іске жалпы қауіпсіздік және мүлікті жалпы қауіптен сақтау мақсатында жасалған теңіз арқылы тасымалдау ережелеріне сәйкес теңіздегі ортақ іс аяқталған күні және сол жерде кеменің, жүктің және жалдау ақысы құнына мөлшерлес етіп кеме, жүк және жалдау ақысы арасында бөлінетін зияндар және (немесе) шығыстар жалпы авария деп танылады.

Жалпы авария деп танылатын залалдарға:

- 1) құтқару жөніндегі шаралардың қолданылуы туғызған залалдар;
- 2) жүктің, отынның, жабдықтау заттарының зақымдануы немесе жоғалуы, жалдау ақысының ысырабы туғызған залалдар;
- 3) кеменің, оның машиналарының немесе керек-жарақтарының зақымдануы туғызған залалдар жатады.

Жалпы авария деп танылатын шығыстарға:

- 1) кеменің паналайтын жерге кіруі туғызған шығыстар;
- 2) кемені уақытша жөндеу туғызған шығыстар;
- 3) жалпы қауіпсіздік үшін кемені кідірте тұру туғызған шығыстар;
- 4) кемені жүзуге жарамсыз деп танудың немесе кеменің рейсті жалғастырудан бас тартуының салдарынан туған шығыстар;
- 5) құтқаруға жұмсалған шығыстар;
- 6) қоршаған ортаға нұқсан келтіруді болғызбау жөніндегі шаралар туғызған шығыстар жатады.

Жалпы аварияға жатқызылған шығыстардың орнына жұмсалған кез келген қосымша шығыстар (алмастырушы шығыстар) жалпы авария деп танылады. Алмастырушы шығыстар теңіздегі ортақ іске қатысушылардың қайсы біреуі алған үнемге қарамастан, жол берілмеген шығыстар мөлшерінде ғана өтеледі.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған әрекеттердің тікелей салдары болып табылатын залалдар ғана жалпы авария деп танылады.

3. Тасымалдау ережелеріне сәйкес, жалпы авария кеме, жүк және жалдау ақысы арасында олардың теңіздегі ортақ істің аяқталған күні мен орнындағы құнына



4. Бір немесе бірнеше кеме басқа бір кемені немесе басқа кемелерді сүйретіп не итеріп жүзген, олардың бәрі құтқару операциясына емес, коммерциялық қызметке қатысқан жағдайда да теңіздегі ортақ іс орын алады.

Егер кеме басқа кемеден немесе басқа кемелерден жай бөлініп кету нәтижесінде қауіпсіз жағдайда болса, басқа кеменен немесе басқа кемелермен бірге жалпы қауіпке ұшырамайды. Бөлініп кету жалпы авария актісі болып табылатын жағдайда, теңіздегі ортақ іс жалғастырыла береді.

#### **465-бап. Кеменің паналайтын орынға кіруінен туындаған шығыстар**

1. Жазатайым оқиғаның немесе жалпы қауіпсіздік үшін осындай кіруді немесе оралуды қажет еткен басқа бір төтенше мән-жайдың салдарынан кеменің портқа немесе өзге де бір паналайтын жерге кіруі не кеменің портқа немесе өзге де жүк тиеу орнына оралуына жұмсалған шығыстар жалпы авария деп танылады.

2. Кеменің паналайтын орынға кіруіне немесе оның жүк тиеу орнына оралуына жұмсалған шығыстар жалпы авария деп танылатын жағдайда, оған кеменің осындай орыннан жүк немесе жүктің бір бөлігін алып шығуына байланысты шығыстар да ж а т а д ы .

3. Осы баптың 1-тармағында аталған мән-жайлар кезінде кеменің паналайтын орынға кіруі немесе оның жүк тиеу орнына оралуы салдарынан рейстің ұзартылуына байланысты кеме экипажының мүшелеріне жалақы мен жабдықтық төлеуге, отын мен жабдықтау заттарына жұмсалған шығыстар жалпы авария деп танылады.

4. Осы баптың 1-3-тармақтарында белгіленген ережелер тиісінше кеменің кірген және оған жөндеу жүргізу мүмкін болмаған паналау орнынан басқа портқа немесе басқа жерге орын ауыстыруына жұмсалған шығыстарға қатысты, сондай-ақ кемені уақытша жөндеуге, оның сүйретіп жүзуге алынуы мен рейстің ұзартылуына байланысты шығыстарға қатысты қолданылады.

#### **466-бап. Кемені уақытша жөндеуден туған шығыстар**

Жүк тиеу орнында, кеме кірген орында немесе жалпы қауіпсіздік үшін кеме паналаған орында кемеге уақытша жүргізілген жөндеуге не жалпы авариялық құрбандықтар салдарынан болған зақымдарды жоюға жұмсалған шығыстар жалпы аварияға жатқызылады. Рейсті аяқтау үшін қажетті кездейсоқ зақымдарды уақытша жоюға жұмсалған шығыстар жалпы аварияға жатқызылып, егер мұндай зақымдарды жою жүргізілмеген болса, ол әлгі алдын алу шығыстарының мөлшерінде ғана өтеледі.

#### **467-бап. Жалпы қауіпсіздік үшін кемені кідіртуден туындаған шығыстар**

1. Жазатайым оқиғалар салдарынан әлдебір портта немесе орында кемені кідіртіп қоюдан туындаған, кеме экипажына жалақы және жабдықтық төлеуге жұмсалған шығыстар немесе жалпы қауіпсіздік үшін не осындай жазатайым оқиғалар немесе басқа да төтенше оқиғалар келтірген зақымдарды жою үшін жұмсалған басқа да төтенше шығыстар, егер мұндай жою рейсті қауіпсіз жалғастыру үшін қажет болса, жалпы

авария деп танылады. Жалпы аварияға жатқызылмаған зақымдарды жоюға жұмсалған шығыстарды қоспағанда, осындай кідірту кезінде туындаған отынға, жабдықтау заттарына жұмсалған шығыстар мен порттың шығыстары жалпы аварияны бөлу тәртібімен өтеледі.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген ережелер қайсыбір жазатайым оқиғаға немесе рейс кезінде орын алған өзге де төтенше жағдайға байланысты емес зақымдарды жою салдарынан кемеңі кідірту туғызған шығыстарға қолданылмайды. Тіпті зақымдарды жою рейсті қауіпсіз жалғастыру үшін қажет болса да, мұндай шығыстар жалпы авария деп танылмайды.

#### **468-бап. Кемеңі жүзуге жарамсыз деп тану немесе кемеңің рейсті жалғастырудан бас тартуы салдарынан туындаған шығыстар**

Кеме жүзуге жарамсыз деп танылған немесе кеме рейсті жалғастырудан бас тартқан жағдайда кеме жүзуге жарамсыз деп танылғанға немесе кеме рейсті жалғастырудан бас тартқанға дейін не жүкті түсіру аяқталмаған жағдайда жүкті түсіру аяқталғанға дейін (сақтауға, сақтандыруға, кеме экипажының жалақысына және оның жабдықтылығына, отынға, жабдықтау заттарына, порт шығыстарына) жұмсалған шығыстар ғана жалпы аварияға жатқызылады.

#### **469-бап. Құтқаруға жұмсалған шығыстар**

1. Егер құтқару осы Кодекстің 472-бабының 1-тармағында аталған мақсатта жүзеге асырылса, теңіздегі ортақ іске қатысушы тараптар құтқаруға жұмсаған шығыстар, құтқару шарт негізінде немесе өзге де түрде жүзеге асырылғанына қарамастан, жалпы авария деп танылады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған шығыстарда құтқару үшін берілетін сыйақы қамтылады, оның мөлшерін анықтаған кезде осы Кодекстің 503-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптар ескеріледі.

Құтқарушыға кеме иесі осы Кодекстің 504-бабының 4-тармағында көзделген мөлшерде төлейтін арнаулы өтем жалпы авария деп танылмайды.

#### **470-бап. Қоршаған ортаға залал келтіруді болғызбау немесе азайту жөніндегі шаралардан туындаған шығыстар**

Қоршаған ортаға залал келтіруді болғызбау немесе азайту жөніндегі шаралардан туындаған шығыстар, егер олар мына жағдайлардың бірінде немесе бәрінде:

1) жалпы қауіпсіздік мақсатында жүзеге асырылған операцияның бөлігі ретінде, бірақ оны теңіздегі ортақ істен тыс тарап қолданған болып, сол тарапқа құтқарғаны үшін сыйақыға құқық беріле қалған жағдайда;

2) осы Кодекстің 473-бабында аталған мән-жайлар кезінде кемеңі портқа кіргізу не кемеңі порттан немесе орыннан шығару жағдайында;

3) осы Кодекстің 473-бабында көзделген мән-жайлар кезінде кемеңі портта немесе орында кідірту жағдайында жасалса, жалпы аварияға жатқызылады. Кемеден ластаушы заттар ағуы немесе төгілуі іс жүзінде орын алған жағдайда, осыған байланысты

қоршаған ортаға залал келтіруді болғызбау немесе азайту жөніндегі қажетті қосымша шаралардан туындаған шығыстар жалпы авария деп танылмайды;

4) жүкті түсіруге, қоймаға салуға немесе қайта тиеуге байланысты шығыстар, егер аталған операцияларға жұмсалған шығыстар жалпы авария деп танылса, жалпы аварияға жатқызылады.

#### **471-бап. Құтқару жөнінде шаралар қолданудан туындаған зияндар**

Осы Кодекстің 472-бабында аталған белгілер болған жағдайда, атап айтқанда:

1) жүкті кеме бортынан сыртқа лақтырғанда келтірілген зияндар, сондай-ақ жалпы қауіпсіздік үшін жасалған құрбандықтар салдарынан, атап айтқанда жүкті лақтыру үшін ашылған люктер немесе сол үшін жасалған басқа да тесіктер арқылы трюмге судың кіру салдарынан кемеге немесе жүкке келтірілген зияндар;

2) кемедегі өртті сөндіруге байланысты кемеге немесе жүкке келтірілген зияндар, соның ішінде кемені сол мақсатпен жағаға шығарып тастау немесе жанып жатқан кемені суға батыру ісін жүргізуден болған зияндар;

3) кеменің қайраңға өзі шыға алу-алмауына қарамастан, кемені қайраңға әдейі отырғызу арқылы кемеге немесе жүкке келтірілген зияндар;

4) кемені қайраңнан шығару кезінде кеме двигателінің басқа да машиналары мен қазандарының зақымдануынан кемеге келтірілген зияндар;

5) жүкті, отынды немесе жабдықтау заттарын кемеден лихтерлерге қайта тиеу арқылы қайраңда қалған кемені жеңілдетуге, лихтерлерді жалдауға және оларды кемеге қайта тиеуге жұмсалған төтенше шығыстар, сондай-ақ осының салдарынан келтірілген басқа да зияндар жалпы авария деп танылады.

#### **472-бап. Жүктің, отынның не жабдықтау заттарының зақымдануынан немесе жойылуынан, жалдау ақысының ысырабынан келтірілген зияндар**

1. Егер аталған операцияларды жүзеге асыруға жұмсалған шығыстар жалпы авария деп танылған жағдайларда, жүктің, отынның не жабдықтау заттарының кемедегі орнынан ауыстырып қою, кемеден түсіру, кемеге қайта тиеу мен орналастыру нәтижесінде, сондай-ақ оларды сақтау нәтижесінде келтірілген зақымдануынан немесе жойылуынан болған шығындар, жалпы авария деп танылады.

2. Жүктің жоғалуынан туындаған жалдау ақысының ысырабы, жүктің жоғалуы жалпы аварияны бөлу тәртібімен өтелетін жағдайларда, жалпы авария деп танылады. Бұл ретте кеме иесі алу мақсатында шығарып, бірақ құрбандық салдарынан жүзеге асырылмаған шығыстар жалдау ақысынан шығарып тасталады.

#### **473-бап. Кеменің, оның машиналарының немесе керек-жарақтарының зақымдануынан туындаған зияндар**

1. Кеменің, оның машиналарының немесе керек-жарақтарының зақымдануынан болған жалпы аварияны құрайтын зияндар зақымданған немесе жоғалған нәрсені жөндеу, түзету немесе ауыстыру құны негізге алына отырып анықталады. Бұл ретте осы Кодекстің 483-бабына сәйкес, "ескінің орнына жаңа үшін" шегерімі жасалады.

2. Кемеге жөндеу жүргізілмеген жағдайда, кемеңің зақымдануынан болған зиян кемеңің зақымдану салдарынан кемеңің құнына және кеме жөндеу құнынан аспайтын сметаға сәйкес сомамен анықталады.

#### **474-бап. Жалпы авария деп танылмайтын зияндар (жеке авария)**

1. Осы Кодекстің 472-бабының 1-тармағында белгіленген, жалпы авария белгілеріне жатпайтын зияндар, сондай-ақ осы баптың 2-тармағында аталған зияндар жеке авария деп танылады. Мұндай зияндар кеме, жүк және жалдау ақысы арасында бөлінбеуге тиіс және оларды зардап шеккендер көтереді немесе олардың келтірілгені үшін жауаптылар көтереді.

2. Осы Кодекстің 472-бабының 1-тармағында аталған белгілері болған күннің өзінде

1) сауда мақсатында теңізде жүзу ережелері мен үрдістері бұзыла отырып, кемеде тасылып келе жатқан, борттан лақтырылып тасталған жүктің құны;

2) кемедегі өртті сөндіруге байланысты түтіннің немесе қызудың әсер етуі салдарынан келтірілген зияндар;

3) кемеңің теңіздегі қауіп салдарынан бұрын бұзылған немесе іс жүзінде жойылған сынықтарын немесе бөліктерін шауып тастаудан келтірілген зияндар;

4) жүзіп келе жатқан кеме қозғалтқыштарының жұмысын немесе двигательдерінің, басқа да машиналарының, қазандарының өзге де жұмысын тездетуден келтірілген зияндар;

5) рейс ұзақтығын ұлғайту салдарынан кемеге немесе жүкке келтірілген зияндар немесе ысыраптар (кідірістен, бағаның өзгеруінен болған және басқа зияндар) жалпы авария деп танылмайды.

#### **475-бап. "Ескінің орнына жаңа үшін" шегерімдер**

1. Жасалған уақыты он бес жылдан аспайтын кемеңің жөндеу кезінде ескі материалдар немесе кемеңің бөліктері жаңаларымен ауыстырылған жағдайда, осы Кодекстің 481-бабына сәйкес жалпы аварияға жатқызылатын жөндеу құны, осы баптың 2-4-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жөндеу құнының үштен бір бөлігіне кемітіледі.

2. Соқтығысуға кемелердің бірі кінәлі болған жағдайда жалпы авария деп танылатын кемеңің уақытша жөндеу құнынан, сондай-ақ азық-түліктің, жабдықтау заттарының, зәкірлердің және зәкір шынжырларының құнынан "ескінің орнына жаңа үшін" шегерімдер жасалмайды.

3. Кемеңің құрғақ докта, стапельде жөндеу және кемеңің орнын ауыстыру қажеттігі туғызатын шығыстар толығымен жалпы аварияға жатқызылады.

4. Мұның алдындағы корпуссты бояу мен жабу жалпы авария актісіне дейінгі соңғы он екі айда орын алған жағдайда да кемеңің жөндеу кезінде оны тазалауға, бояуға және корпусын жабуға жұмсалған шығыстар елу процент мөлшерінде жалпы авария деп танылады.

5. "Ескінің орнына жаңа үшін" шегерімдерді қолдану үшін кеменің жасалған уақыты оны жасау аяқталған жылдың 31 желтоқсанынан бастап, жалпы авария актісінің күніне дейін есептеледі. Кемені оқшаулауға, оның құтқару және басқа шлюпкаларына, байланыс құралдарына, навигациялық аспаптары мен жабдықтарына, машиналары мен қазандарына қатысты олардың нақты жасалған уақыты есепке алынады.

#### **476-бап. Диспаша және диспашерлер**

Мүдделі тараптардың өтініші бойынша жалпы аварияны анықтау диспашерлердің диспаша жасауына әкеп соғады.

#### **477-бап. Диспаша жасағанда негізге алынатын дәлелдемелер мен материалдар**

1. Жалпы аварияны бөлуді талап ететін тарап мәлімделген зияндар шын мәнінде жалпы авария деп танылуға тиіс екенін дәлелдеуге міндетті.

2. Диспаша жасауда мүдделері қозғалуы мүмкін тұлға диспашерге теңіздегі ортақ іс аяқтағанға дейін бір жыл ішінде өтеуді талап ететін ысыраптары немесе шығыстары туралы жазбаша нысанда өтініш береді.

Мұндай өтініш берілмеген немесе мұндай өтініш туралы сұрау салудан кейін он екі ай ішінде тұлға мәлімделген талапты негіздеу мақсатында дәлелдемелерді не мүліктің құны туралы деректерді табыс етпеген жағдайда, диспашер өзінде бар ақпарат негізінде диспаша жасауға құқылы. Бұл ретте диспашаға оның көрінеу дұрыс болмауы негізінде ғана да у т ұ ғ ы з ы л у ы м ү м к і н .

3. Диспаша жасалып жатқан кезде шешу үшін арнаулы білімдер (кеме жүргізу, кеме жасау, кемелерді жөндеу, кемелер мен жүктерді бағалау, сондай-ақ өзге де арнаулы білімдер) талап етілетін мәселелер туындаған жағдайда, диспашер өзі тағайындаған сарапшыға тиісті қорытынды дайындауды тапсыруға құқылы. Мұндай қорытындыны диспашер басқа дәлелдемелермен қатар бағалайды.

4. Диспаша жасаудың негізіне алынған материалдар танысу үшін ашық болуға тиіс және диспашер мүдделі тұлғалардың талап етуі бойынша оларға материалдар деректерінің куәландырылған көшірмелерін солардың есебінен беруге міндетті.

#### **478-бап. Диспаша жасау үшін алым**

Диспаша жасалғаны үшін алым алынады, ол диспашаға енгізіліп, барлық мүдделі тұлғалардың арасында олардың жалпы аварияға қатысу үлесіне бара-бар бөлінеді.

#### **479-бап. Диспашаны түзету және оған дауласу**

1. Диспашалар тізілімінде диспаша тіркелгеннен кейін ондағы есептеулерден табылған қателерді диспашер өз бастамасымен немесе араларында жалпы авария бөлінген тұлғалардың өтініші бойынша диспашаға оның құрамдас бөлігі болып табылатын қосымша (аддендум) жасау арқылы түзетуі мүмкін.

2. Араларында жалпы авария бөлінген тұлғалар диспаша немесе оған аддендум алынған күннен бастап алты ай ішінде, бұл туралы диспашерге оған талап-арыздың көшірмесін жіберу арқылы міндетті түрде хабарлай отырып, диспашерге сотта дау айта

а л а д ы .

3. Диспашер сотта диспаша туралы даудың қаралуына қатысуға және істің мәні бойынша түсініктеме беруге құқылы немесе, егер талап етілсе, міндетті.

4. Диспаша туралы дауды қарайтын сот диспашаны күшінде қалдыруы, оған өзгерістер енгізуі немесе оның күшін жойып, диспашерге сот шешіміне сәйкес жаңа диспаша жасауды тапсыруы мүмкін.

#### **480-бап. Диспашаның орындалуы**

Осы Кодекстің 437-бабының 2-тармағында көзделген мерзімде диспашаға дау айтылмаған немесе дау айтылып, бірақ сот күшінде қалдырған жағдайда, ол бойынша өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізілуі мүмкін.

#### **13-параграф. Кемелер соқтығысқан жағдайдағы зиянды өтеу**

#### **481-бап. Кемелердің соқтығысуынан келтірілген зиян үшін жауапкершілік**

1. Кемелердің соқтығысуынан келтірілген зиян Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен өтеледі.

2. Кемелердің соқтығысуы лоцманның кінәсінен, соның ішінде міндетті лоцмандық алып өту кезінде болған жағдайда жауапкершілік нақ сол тәртіппен анықталады.

3. Кемелердің соқтығысуы екі немесе одан да көп тараптың кінәсінен болған жағдайда, келтірілген зиян үшін жауапкершілік олардың әрқайсысы кінәсінің деңгейіне мөлшерлес анықталады. Тараптардың әрқайсысы кінәсінің деңгейін анықтау мүмкін болмаған жағдайда, соқтығысудың мән-жайлары негізге алына отырып, жауапкершілік олардың арасында тең бөлінеді.

4. Кеме иелері зардап шегушілер немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес зиянды өтеттіруге құқығы бар адамдар алдында азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін ортақ жауапкершілікте болады.

Келтірілген зиянды бірлесіп өтеген кеме иесі зардап шегушіге зиян келтірушілердің әрқайсысынан осы зиян келтіруші кінәсінің деңгейіне сәйкес келетін мөлшерде зардап шегушіге төленген өтем үлесін талап етуге құқылы.

#### **482-бап. Жауапкершілікті жоққа шығаратын мән-жайлар**

1. Кемелердің соқтығысуы кездейсоқ соқтығысу, еңсерілмейтін күштің салдарынан соқтығысу жағдайында зиян келтірілуіне тараптардың кінәсі болмаған немесе соқтығысу себептерін анықтау мүмкін болмаған жағдайда тараптардың бірде-біреуінің зиянның өтелуін талап етуге құқығы жоқ. Мұндай жағдайда тараптардың әрқайсысы өзі келтірген зиянға тәуекел етеді.

2. Кемелер немесе олардың бірі соқтығысу кезінде зәкірде тұрған немесе өзге бір әдіспен бекітілген жағдайда да осы баптың 1-тармағында белгіленген ережелер қолданылады.

**14-параграф. Қауіпті жүктерді тасымалдаудан және теңіздің кемелерден аққан мұнаймен ластануынан келтірілген залал үшін жауапкершілік**

**483-бап. Кеме иесінің жауапкершілігі**

1. Осы Кодекстің 495-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеме иесі қауіпті жүкті тасымалдау сыңарынан және (немесе) теңіздің кемеден аққан мұнаймен ластануынан оқыс жағдай туындаған кезден бастап зардап шегуші тұлғаға келтірілген зиян мен залал үшін жауапты болады.

**2 . М ы н а л а р :**

1) қауіпті жүктің кемеді және кеме сыртында азаматтың өмірі мен денсаулығына зиян келтіруі ;

2) қауіпті жүктің салдарынан мүліктің кемеді немесе кеме сыртында жоғалуы, кем шығуы немесе зақымдануы (бүлінуі);

3) қауіпті жүк келтірген, қалпына келтіру шараларына жұмсалатын шығыстармен шектелген қоршаған ортаның ластануынан болған залалдар, сондай-ақ осындай залал келтірілуі салдарынан қолдан шығып кеткен тиімділік;

4) ескерту шараларына жұмсалған шығыстар және кейіннен осындай шаралар келтірген залал қауіпті жүктерді тасымалдауға байланысты залал болып табылады.

**3 . М ы н а л а р :**

1) мұнайдың ағуы немесе төгілуі қай жерде болса да, кемеден мұнайдың ағуы немесе төгілуі салдарынан болған кеме сыртындағы ластанудан келтірілген, қалпына келтіру шараларына жұмсалатын шығыстармен шектелген залал, сондай-ақ осындай залал келтірілуі сыңарынан қолдан шығып кеткен тиімділік;

2) алдын алу шараларына жұмсалған шығыстар және кейіннен осындай шаралар келтірген залал жүк немесе өз отыны ретінде тасымалданатын кемеден аққан мұнайдың теңізді ластануынан келтірілген залал болып табылады.

**484-бап. Екі немесе одан да көп кеме иелерінің ортақ жауапкершілігі**

Екі немесе одан да көп кеме қатысқан оқыс жағдай салдарынан ластанудан залал келтірілген ретте, оқыс жағдайға қатысы бар барлық кеме иелері, егер мұндай кеме иелері осы Кодекстің 495-бабының негізінде жауапкершіліктен босатылмаса, ластанудан болған барлық залал үшін ортақ жауапкершілікте болады.

**485-бап. Кеме иесінің толық жауапкершілігі**

**К е м е и е с і , е г е р :**

1) ластанудан болған залал оның қасақана немесе өрескел абайсыздықтан жасаған әрекетінің (әрекетсіздігінің) салдарынан болғаны дәлелденсе;

2) осы Кодекстің 496-бабында көзделген жауапкершілікті шектеу қорын құру жөніндегі талапты орындамаған болса, толық көлемінде жауапты болады.

**486-бап. Кеме иесінің жауапкершілігін шектеу**

1. Кеме иесінің қауіпті жүк тасымалдауға байланысты жауапкершілігінің мөлшері бір оқыс жағдайға қатынасы бойынша жалпы сомамен шектеледі, ол мынадай тәртіппен есептеп шығарылады:

1) сыйымдылығы екі мың тоннадан аспайтын кеме үшін он миллион есептік бірлік;  
2) сыйымдылығы екі мың тоннадан асатын кеме үшін осы баптың 1) тармақшасында аталған сомаға сыйымдылығы әрбір келесі тоннасы үшін, жалпы сомасы жүз миллион есептік бірліктен аспайтын жағдайда:  
екі мың бір тоннадан елу мың тоннаға дейін - бір жарым мың есептік бірлік;  
елу мың тоннадан астам - үш жүз алпыс есептік бірлік қосылады.

2. Кеме иесі бір оқыс жағдайға қатынасы бойынша теңіздің мұнаймен ластануынан келтірілген залал үшін өз жауапкершілігін кеме сыйымдылығының әрбір тоннасына шаққандағы бір жүз отыз үш есептік бірліктің жалпы сомасымен шектеуге құқылы. Бұл ретте жалпы сома он төрт миллион есептік бірліктен аспауы керек.

#### **487-бап. Кеме иесінің жауапкершіліктен босатылуы**

1. Егер залал:

1) соғыс қимылдарының, дүлей зілзалалардың салдарынан;  
2) үшінші тұлғалардың қасақана әрекетінен (әрекетсіздігінен);  
3) кеме сыртындағы навигациялық құралдардың тиісінше жұмыс істемеу салдарынан келтірілгенін дәлелдесе, кеме иесі қауіпті жүктерді тасымалдаудан және теңіздің мұнаймен ластануынан келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

2. Кеме иесі, зардап шеккен тұлғаның қасақана немесе өрескел абайсыздығынан залал келтірілгенін дәлелдеген жағдайда зиянды өтеу мөлшері кемітілуі мүмкін немесе зиянды өтеуден бас тартылуы мүмкін.

3. Азаматтың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда өтеуден толық бас тартуға жол берілмейді.

#### **488-бап. Жауапкершілікті шектеудің міндетті қоры**

1. Қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде және (немесе) теңіздің кемеден аққан мұнаймен ластануынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындау үшін кеме иесі өз жауапкершілігінің шегіне тең жалпы сомада жауапкершілікті шектеу қорын құруға міндетті.

Жауапкершілікті шектеу қоры өзінен шығасы ақшаны сот атына депозит жағдайларында орналастыру немесе банк кепілдігін беру не сот жеткілікті деп таныған өзге де қаржылық қамтамасыз ету арқылы құрылуы мүмкін.

2. Кеме иесінің қауіпті жүктерді тасымалдаудан және теңіздің кемеден аққан мұнаймен ластануынан келтірілетін залалды болғызбау немесе азайту жөніндегі шығыстары оған жауапкершілікті шектеу қорына қатысты басқа кредиторларда қандай құқықтар болса, сондай құқықтар береді.

3. Сақтандырушының немесе міндеттемелерді қаржымен қамтамасыз етіп беруші тұлғаның не кеме иесінің осы бапта көзделген ережелерге сәйкес жауапкершілікті



шектеу қорын құруға құқығы бар. Қордың құрылуы кеме иесіне қатысты зардап шегушінің құқығына қолданылмайды.

4. Осы баптың 1-тармағына сәйкес құрылған жауапкершілікті шектеу қорына осы Кодекстің 522-бабында жауапкершілікті шектеу қорын бөлу туралы белгіленген ережелер қолданылады.

Азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген залалды өтеу жөніндегі талаптар басқа талаптар алдында мұндай талаптардың жиынтық сомасы осы Кодекстің 494-бабының 1-тармағында белгіленген жалпы сомадан аспайтын шамада басымдықпен қанағаттандырылуға тиіс.

5. Кеме иесі жауапкершілікті шектеу қорын құрған жағдайда залалды өтеу туралы талаптар бойынша өндіріп алуды кеме иесінің өзге мүлкіне қолдануға жол берілмейді. Бұл ретте соттың қауіпті жүктерді тасымалдау мен теңіздің кемеден аққан мұнаймен ластануынан келтірілген залалды өтеу туралы талап қоюды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануына, оның ішінде тыйым салуына болмайды.

#### **489-бап. Жауапкершілікті сақтандыру немесе қаржымен қамтамасыз ету**

1. Қауіпті жүк, сондай-ақ екі мың тоннадан астам мөлшерде мұнай тасымалдаушы кеме иесі ластау үшін жауапкершілік тәуекелін сақтандыруға не Қазақстан Республикасының заңдарында немесе шартта көзделген міндеттемелердің орындалуын осы Кодекстің 494-бабына сәйкес анықталатын ластаудан болған залал үшін жауапкершілік мөлшерінде қаржымен қамтамасыз етіп беруге міндетті.

2. Кеменің бортында жауапкершіліктің сақтандырылуын немесе қаржымен қамтамасыз етілуін растайтын куәліктің болуы міндетті. Куәлікті, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен кемені мемлекеттік тіркеу органы береді.

#### **490-бап. Ластанудан келтірілген зиянды өтеу туралы талап қою**

1. Кеме иесіне, сақтандырушыға немесе кеме иесі міндеттемелерінің орындалуын қаржымен қамтамасыз етіп берген тұлғаға ластанудан келтірілген зиянды өтеу туралы талап қоюы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Сотта жауапкер ретінде болатын сақтандырушы немесе кеме иесі міндеттемелерінің орындалуын қаржымен қамтамасыз етіп берген тұлға, банкроттық және таратылу жағдайларын қоспағанда, соттың іс қарауы барысында кеме иесі жасайтын кез келген қарсылықты табыс етуге құқылы. Ластанудан болған залалды қасақана әрекеттер салдарынан кеме иесі келтірген жағдайда, сот кеме иесін тең жауапкер ретінде тартуы мүмкін.

#### **15-параграф. Кемелерді және басқа да мүліктерді құтқару**

##### **491-бап. Құтқару туралы шарттар**

Кеме капитанының кеме иесі атынан құтқару операцияларын жүзеге асыру үшін құтқару туралы шарттар жасасуға құқығы бар. Кеме капитанының немесе кеме иесінің мұндай шарттарды кеме бортындағы мүлік иесінің атынан жасасуға құқығы бар.

#### **492-бап. Шарттардың жарамсыздығы немесе олардың өзгертілуі**

Шарт немесе оның кез келген талаптары, егер:

- 1) шарт қауіптің шамадан тыс әсерімен немесе ықпалымен жасалып, оның талаптары әділетсіз болса;
- 2) шартта көзделген ақы нақты көрсетілген қызметтерге қатысты шамадан тыс жоғары немесе төмен болса, жарамсыз деп танылуы немесе өзгертілуі мүмкін.

#### **493-бап. Құтқарушының, кеме иесінің және кеме капитанының міндеттері**

1. Қауіпті жағдайда тұрған кеме иесіне немесе қауіпті жағдайда тұрған басқа да мүлік иесіне қатысты құтқарушы:

- 1) құтқару операцияларын істің мән-жайлары бойынша қамқорлықпен және сақтықпен жүзеге асыруға;
- 2) қоршаған ортаға залалды болғызбау немесе азайту жөнінде шаралар қолдануға;
- 3) істің мән-жайларынан туындаған қажеттілік кезінде басқа құтқарушылардан көмек сұрауға;
- 4) қауіпті жағдайда тұрған кеменің капитаны немесе оның иесі не қауіпті жағдайда тұрған басқа да мүліктің иесі басқа құтқарушылардың қатысуын талап еткен кезде, егер бұл құтқарушы сыйақысының мөлшеріне әсер етпейтін болса, және мұндай талап заңсыз деп танылмайтын болса, оған келісуге міндетті.

2. Қауіпті жағдайда тұрған кеменің капитаны және оның иесі немесе қауіпті жағдайда тұрған басқа да мүліктің иесі құтқарушыға қатысты:

- 1) құтқару операциялары барысында онымен ынтымақтасуға;
- 2) қоршаған ортаға залалды болғызбау туралы немесе азайту туралы тиісті қамқорлық көрсетуге;
- 3) кеме немесе басқа да мүлік қауіпсіз орынға жеткізілгеннен кейін, егер мұны құтқарушы талап етсе, оны қабылдауға міндетті.

#### **494-бап. Сыйақы төлеу шарттары**

1. Мүдделі тұлға үшін оң нәтижеге жеткізіп, құтқару операцияларын жүзеге асырған құтқарушының сыйақы алуға құқығы бар.

2. Осы Кодекстің 504-бабында көзделген жағдайды қоспағанда, егер құтқару операцияларының оң нәтижесі болмаса, сыйақы төленбейді.

#### **495-бап. Сыйақы мөлшерін белгілеу өлшемдері**

1. Құтқару операцияларын жүзеге асырғаны үшін сыйақы мөлшері мынадай өлшемдер ескеріле отырып белгіленеді:

- 1) кеменің немесе басқа да мүліктің құтқарылған құны;
- 2) қоршаған ортаға залалды болғызбаудағы немесе азайтудағы құтқарушылардың шеберлігі мен күш-жігері;
- 3) құтқарушылар қол жеткізген табыстың дәрежесі;
- 4) қауіптің сипаты мен дәрежесі;
- 5) кемені, басқа да мүлікті және адамдарды құтқарудағы құтқарушылардың

шеберлігі мен күш - жігері;

б) құтқарушылар жұмсаған уақыт және жасалған шығыстар мен келтірілген зияндар ;

7) жауапкершілік тәуекелі мен құтқарушылар немесе олардың жабдықтары ұшыраған өзге де тәуекелдер ;

8) қызметтер көрсетудің жылдамдығы;

9) кемелердің немесе құтқару операцияларына арналған басқа да жабдықтардың болуы мен пайдалануы ;

10) құтқарушы жабдықтарының дайындық жағдайы, мұндай жабдықтардың тиімділігі және құны .

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес белгіленген сыйақыны кемеге және басқа да мүлікке барлық мүдделі тұлғалар кеме мен басқа да мүліктің тиісті құтқарылған құнына бара - бар төлейді .

3. Сыйақы төлеуге байланысты төленуге тиісті зияндар мен сот шығындарын қоспағанда, сыйақының мөлшері құтқарылған кеменің және басқа да мүліктің құнынан аспауға тиіс .

4. Осы Кодекстің 604-бабында көзделген арнаулы өтем анықталғанға дейін кеменің және басқа да мүліктің ең жоғары құтқарылған құны мөлшерінде сыйақы белгілеуге жол берілмейді.

#### **496-бап. Арнаулы өтемақы**

1. Қоршаған ортаға залал келтіру қатерін төндірген кемеге (не оның жүгіне) қатысты құтқару операцияларын жүзеге асырған және осы Кодекстің 503-бабына сыйақы алуға құқығы жоқ құтқарушы кеме иесінен осы баптың 3-тармағында белгіленген мөлшерде арнаулы өтем төлеуді талап етуге құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген мән-жайлар болып, құтқарушы өзі жүргізген құтқару операцияларының нәтижесінде қоршаған ортаға залалды болғызбаған немесе азайтқан жағдайда, осы баптың 1-тармағына сәйкес құтқарушыға кеме иесі төлейтін арнаулы өтем оған жұмсалған шығыстардың ең көп дегенде отыз процентіне дейін көбейтілуі мүмкін. Сот немесе аралық сот осы Кодекстің 503-бабының 1-тармағында, көзделген өлшемдерді ескере отырып, арнаулы өтемнің мөлшерін құтқару операциясының барысында құтқарушы жасаған шығыстардың толық сомасына дейін көбейтуге құқылы .

3. Арнаулы өтем мөлшері анықталған кезде, осы Кодекстің 503-бабы 1-тармағының 8)-10) тармақшаларында көзделген өлшемдер ескеріле отырып, құтқарушының құтқару операцияларын жүзеге асыру кезінде жасаған нақты шығыстары мен құтқару операциясында ақылға сыйымды пайдаланылған жабдықтар мен персонал үшін төленген ақы ескеріледі .

4. Құтқарушының осы Кодекстің 503-бабына сәйкес алуы мүмкін сыйақысынан арнаулы өтем асып түсетін жағдай мен мөлшерде ғана сондай өтем төленеді.

5. Егер құтқарушы қоршаған ортаға залалды өзінің салақтығы салдарынан жоя алмаса немесе азайта алмаса, арнайы өтем толық төленбейді немесе ішінара төленеді.

#### **497-бап. Сыйақының құтқарушылар арасында бөлінуі**

Сыйақыны бірнеше құтқарушы арасында бөлу, осы Кодекстің 603-бабында белгіленген өлшемдер ескеріле отырып, олардың әрқайсысының құтқару операциясына қатысу деңгейіне мөлшерлес жүргізіледі.

#### **498-бап. Сыйақының кеме иесі мен кеме экипажы мүшелерінің арасында бөлінуі**

1. Құтқару операциясын жүзеге асыру үшін төленетін сыйақыны кеме иесі мен кеме экипажы мүшелерінің арасында бөлу құтқару операциясын жүзеге асыруға байланысты кеме иесі мен кеме экипажының мүшелері жұмсаған шығыстар шегерілгеннен кейін мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) сыйақы мөлшерінің бестен үші кеме иесіне тиесілі болады, бестен екісі кеме экипажы мүшелерінің арасында бөлінеді;

2) кеме экипажы мүшелеріне тиесілі үлес осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес олардың арасында құтқару операциясын жүзеге асыру кезіндегі қатысу дәрежесіне және әрқайсысының жалақысына мөлшерлес бөлінеді.

Айрықша мән-жайлар болған ерекше жағдайларда сыйақыны бөлудің өзге де тәртібі қолданылуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген ережелер құтқару операцияларын кәсіби қызмет ретінде жүзеге асыратын кемелердің мұндай операцияларды жүргізгені үшін алатын сыйақысын бөлуге қолданылмайды.

#### **499-бап. Адамдарды құтқару**

1. Құтқару операцияларын жүргізу кезінде құтқарылған адамдардан сыйақы төлеуді талап етуге жол берілмейді.

2. Адамдарды құтқару қажеттігін туғызған оқиғаға байланысты қызмет көрсетуге қатысқан құтқарушылардың кемені және (немесе) басқа да мүлікті құтқарғаны не қоршаған ортаға залалды болғызбағаны немесе азайтқаны үшін құтқарушыларға тиесілі сомадағы үлеске құқығы бар.

#### **500-бап. Құтқару шартын орындау кезінде көрсетілген қызметтер үшін төленетін ақы**

Көрсетілген қызметтер үшін жасалған шығыстар құтқару шартын тиісінше орындау кезінде туындауы мүмкін шығыстардың мөлшерінен асып түскен жағдайда сыйақы төленбеуге тиіс.

#### **501-бап. Құтқару операцияларын тиісінше жүзеге асырмаудың салдары**

Құтқару операцияларын тиісті түрде жүзеге асырмаған құтқарушыға оның кінәсінің дәрежесіне қарай (қосымша құтқару операцияларын жүзеге асыру қажеттігінің, құтқару операцияларын жүргізу кезіндегі қиындықтардың және басқаларының туындауы) арнаулы өтем төлеуден толық немесе ішінара бас тартылуы мүмкін.

#### **502-бап. Мүдделі тұлғаның құтқару операцияларына тыйым салуының салдары**

Кеме иесінің және (немесе) қауіпті жағдайда тұрған кеме капитанының немесе қауіпті жағдайда тұрған өзге де мүлік иесінің тыйым салуына қарамастан жүргізілген құтқару операциялары аталған тұлғалардың құтқарушыға немесе үшінші тұлғаларға сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелеріне әкеп соқпайды.

### **503-бап. Кемелердің белгілі бір иеленушіге тиесілі болуы**

Осы тарауда белгіленген ережелер, құтқарылған кеме мен құтқару операцияларын жүзеге асырушы кеме белгілі бір кеме иесіне тиесілі болған жағдайда да қолданылады.

### **504-бап. Құтқарушының талаптарын қамтамасыз ету**

1. Құтқарушының талап етуі бойынша сыйақы және (немесе) арнаулы өтем төлеуге жауапты тұлға өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуді ұсынады.

2. Құтқарылған кеме иесінің, жөнелтуші (алушы) құтқарушының талаптарын тиісінше қамтамасыз етуді енгізгенге дейін, құтқарылған жүкті беруге құқығы жоқ.

3. Құтқарылған кеме мен басқа да мүлікті құтқарушының келісімінсіз, мұндай кеме мен мүлікті құтқару операциялары аяқталғаннан кейін бастапқы жеткізілген теңіз портынан немесе орыннан тиісті кемеге немесе мүлікке құтқарушының талаптарын тиісінше қамтамасыз етіп бергенге дейін ауыстыруға болмайды.

### **505-бап. Алдын ала төлем**

Құтқарушы құтқару кезінде өзі жұмсаған шығыстарды өтеу есебіне алдын ала төлем төлеуді талап етуге құқылы. Ол төленген жағдайда құтқарушының талаптарын кейінгі қамтамасыз ету тиісінше төмендейді.

### **506-бап. Мемлекеттік органдардың құтқару операцияларына қатысуы**

Мемлекеттік органдар және құтқарушылар осы тарауда белгіленген ережелерге сәйкес құтқару операцияларына қатысады.

### **16-параграф. Теңіз талаптары бойынша жауапкершілік мөлшерін шектеу**

**507-бап. Теңіз талаптары бойынша жауапкершілік мөлшерін шектеуге құқығы бар тұлғалар**

1. Кеме иесі мен құтқарушы жауапкершілігінің мөлшері осы Кодекстің 516-бабында көзделген теңіз талаптары бойынша шектеледі. Бұл ретте құтқару операцияларын жүзеге асыру жөнінде, соның ішінде осы Кодекстің 516-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген операциялар бойынша тікелей қызмет көрсететін тұлға құтқарушы болып табылады.

2. Осы Кодекстің 516-бабында көзделген теңіз талабы, әрекеті (әрекетсіздігі) үшін осы баптың 1-тармағында аталған тұлғалар жауап беретін тұлғаға қойылған жағдайда, сол тұлға жауапкершілігінің мөлшері осы тарауда көзделген ережелерге сәйкес шектеледі.

3. Сақтандырушының сақтандыру шарты бойынша төлейтін сақтандыру төлемінің мөлшері осы тарауда белгіленген ережелерге сәйкес шектелген теңіз талаптары бойынша сақтандырылған жауапкершілік мөлшерінен аспауы керек.

### **508-бап. Жауапкершілікті шектеу өлшемдері**

1. Осы Кодекстің 517-бабында белгіленген ережелер сақталған жағдайда мынадай теңіз талаптары бойынша:

1) адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуіне не мүліктің жоғалуына, кем шығуына немесе зақымдануына (бүлінуіне) байланысты, соның ішінде кеме бортында не кеменің пайдаланылуына немесе құтқару операцияларына тікелей байланысты болған порт құрылыстарының, су бассейндерінің, кеме жүретін жолдардың және навигациялық жағдай құралдарының зақымдануына байланысты қойылатын талаптар;

2) жолаушыларды, багаж бен жүктерді теңіз арқылы тасымалдау кезінде жеткізу мерзімін өткізіп алуы салдарынан келтірілген залалды өтеу туралы талаптар;

3) шарттан туындамаған, қайта кемені пайдалануға немесе құтқару операцияларын жүзеге асыруға байланысты құқықтарды бұзу салдарынан келтірілген өзге де залалды өтеу туралы талаптар;

4) залалды болғызбау немесе азайту жөнінде қолданылған шаралар келтірген залал үшін жауапты тұлғадан гөрі, осындай шаралар келтірген келесі залал үшін жауапты тұлға ол жөнінде осы тарауда белгіленген нормаларға сәйкес өз жауапкершілігін шектей алатын тұлғаның талаптары бойынша жауапкершілік шектеледі.

2. Егер талаптар кері талап ету тәртібімен немесе шарттан немесе өзгеше түрде туындаған кепілдіктер негізінде қойылса да, осы баптың 1-тармағында көзделген талаптар жауапкершілікті шектеуге жатады.

Осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген талаптар, залал үшін жауапты тұлғамен жасалған шарт бойынша сыйақыға қандай дәрежеде қатысты болғанына қарай жауапкершілікті шектеуге жатпайды.

### **509-бап. Жауапкершілікті шектеудің қолданылмауы**

1. Осы тарауда белгіленген ережелер:

1) кеме иесі мен жолаушы Қазақстан Республикасының азаматтары немесе ұйымдары болған жағдайларда, кеме жолаушыларының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы;

2) кеме иесі, құтқарушы және зардап шегуші Қазақстан Республикасының азаматтары немесе ұйымдары болған жағдайларда, кемені пайдалануға немесе құтқару операцияларына тікелей байланысты азаматтың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы;

3) еңбек міндеттері кемеге немесе құтқару операцияларына байланысты кеме иесі қызметкерлерінің немесе құтқарушының өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянды олардың мұрагерлеріне, сондай-ақ олардың асырауындағы немесе олардың күтімінде болуға құқығы бар адамдарға өтеу туралы;

4) құтқару операцияларын жүзеге асырғаны үшін сыйақы, соның ішінде осы Кодекстің 503-бабына сәйкес арнаулы өтем немесе жалпы авария бойынша жарна төлеу туралы;

5) теңіздің кемеден аққан мұнаймен ластануынан болған залалды өтеу туралы;

6) қауіпті жүктерді теңіз арқылы тасымалдауға байланысты залалды өтеу туралы;

7) ядролық залады өтеу туралы;

8) суға батқан кемеңі, оның ішінде сондай кемеңің бортында бар немесе болған нәрсеңің бәрін судан алып шығуға, аластауға немесе жоюға байланысты;

9) кемедең жүкті аластауға, жоюға немесе зарарсыздандыруға байланысты талаптарға қолданылмайды.

2. Залал үшін жауапты тұлғаның, егер залал оның әрекеті (әрекетсіздігі) салдарынан болғаны, қасақана немесе өрескел абайсыздықтан жасалғаны дәлелденсе, жауапкершілікті шектеуге құқығы жоқ.

### **510-бап. Жауапкершіліктің жалпы мөлшері**

1. Осы Кодекстің 516-бабында көрсетілгеннен өзгеше және белгілі бір оқиғадан туындаған талаптар бойынша жауапкершіліктің жалпы мөлшері былайша есептеп шығарылады:

1) азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу талаптары бойынша: сыйымдылығы екі мың тоннадан аспайтын кеме үшін - екі миллион есептік бірлік;

сыйымдылығы екі мың тоннадан астам кеме үшін сыйымдылықтың әрбір келесі тоннасына осы тармақшаның екінші абзацында көрсетілген сомаға:

екі мың бір тоннадан отыз мың тоннаға дейін - сегіз жүз есептік бірлік;

отыз мың бір тоннадан жетпіс мың тоннаға дейін - алты жүз есептік бірлік;

жетпіс мың тоннадан жоғары - төрт жүз есептік бірлік қосылады.

2) басқа да кез келген талаптар бойынша:

сыйымдылығы екі мың тоннадан аспайтын кеме үшін - бір миллион есептік бірлік;

сыйымдылығы екі мың тоннадан астам кеме үшін сыйымдылықтың әрбір келесі тоннасына осы тармақшаның екінші абзацында көрсетілген сомаға:

екі мың бір тоннадан отыз мың тоннаға дейін - төрт жүз есептік бірлік;

отыз мың бір тоннадан жетпіс мың тоннаға дейін - үш жүз есептік бірлік;

жетпіс мың тоннадан жоғары - екі жүз есептік бірлік қосылады.

2. Азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу талаптары бойынша есептеп шығарылған сома, осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, осындай талаптарды толық төлеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес басқа талаптар бойынша есептеп шығарылған сома азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу талаптары бойынша төленбеген қалдықты төлеу үшін пайдаланылады, ол басқа талаптармен қатар бара-бар негізде қанағаттандырылады.

3. Кемедең әрекет етпейтін немесе тек қана кемеде әрекет ететін құтқарушы өзіне немесе өзіне қатысты құтқару жөнінде қызмет көрсетуді ұсынатын құтқарушы жауапкершілігінің мөлшері кеме сыйымдылығының екі мың тонна болуы негізге алына отырып есептеп шығарылады.

4. Сыйымдылығы үш жүз тоннадан аспайтын кеме үшін жауапкершілік мөлшері осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптар бойынша сыйымдылығы екі мың тоннадан аспайтын кеме үшін белгіленген жауапкершілік мөлшерінің алтыдан біріне тең сомада есептеп шығарылады.

#### **511-бап. Жолаушылардың талаптары бойынша жауапкершіліктің мөлшері**

1. Кеме жолаушыларының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар бойынша, егер олар бір оқыс жағдай нәтижесінде пайда болса, кеме иесі жауапкершілігінің мөлшері әрбір жолаушыға шаққанда жүз жетпіс бес мың есептік бірлікке тең сомамен шектеледі. Бұл ретте есеп айырысу жолаушылық куәлікте көрсетілген жолаушылар санына сәйкес жүргізіледі.

2. Осы бапта белгіленген ережелерге сәйкес кеме жолаушыларының өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар:

- 1) теңіз арқылы жолаушы тасымалдау шарты бойынша;
- 2) тасымалдаушының келісімімен тасымалдау жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты бойынша жүзеге асырылатын автокөлік құралдарымен, жануарлармен бірге жүру үшін зардап шегуші қойған немесе оның атынан қойылған талаптар болып табылады.

#### **512-бап. Талаптарды біріктіру**

1. Осы Кодекстің 518-бабына сәйкес айқындалған жауапкершілік мөлшері қандай да бір оқиғадан туындаған барлық талаптар жиынтығына:

1) кеме иесіне, сондай-ақ әрекетіне (әрекетсіздігіне) кеме иесі жауапты болатын тұлғаға ;

2) осы кемеден құтқару жөнінде қызмет көрсететін кеме иесіне, осы кемеден әрекет ететін құтқарушыға, сондай-ақ әрекеті (әрекетсіздігі) үшін кеме иесі немесе құтқарушы жауапты болатын тұлғаға ;

3) құтқару жөнінде қызмет көрсетілетін, кемеден емес немесе тек қана кемеден әрекет ететін құтқарушыға, сондай-ақ әрекеті (әрекетсіздігі) үшін құтқарушы жауапты болатын тұлғаға қолданылады .

2. Осы Кодекстің 519-бабына сәйкес айқындалған жауапкершілік мөлшері қандай да бір оқиғадан туындауы мүмкін барлық талаптардың жиынтығына, кеме иесіне, сондай-ақ әрекеті (әрекетсіздігі) үшін кеме иесі жауапты болатын тұлғаға қолданылады .

#### **513-бап. Жауапкершілікті шектеудің ерікті қоры**

1. Жауапкершілігі жүктелуі мүмкін тұлға, сол тұлғаның жауапкершілігі шектелген талап бойынша, оған талап қою берілген сотта жауапкершілікті шектеу қорын құруы мүмкін .

2. Жауапкершілікті шектеу қоры жауапкершілікке әкеп соққан оқиға күнінен бастап , осындай қор құрылған күнге дейін осы Кодекстің 518 және 519-баптарына сәйкес есептеп шығарылатын сома мөлшерінде құрылады. Жауапкершілікті шектеу қоры



жауапкершілікті шектеуге негіз болған талаптарды ғана төлеуге арналады.

3. Жауапкершілікті шектеу қоры сот атына депозит жағдайларында ақша енгізу не сот жеткілікті деп таныған өзге де қаржымен қамтамасыз етуді ұсыну арқылы құрылуы мүмкін.

4. Бірнеше кеме иелерінің немесе құтқарушылардың белгілі бір оқиғадан туындаған талаптары бойынша жауапкершілікті шектеуге құқығы болған жағдайда, осындай тұлғалардың бірі құрған жауапкершілікті шектеу қоры барлық кеме иелері немесе құтқарушылар құрған деп есептеледі.

#### **514-бап. Жауапкершілікті шектеу қорын бөлу**

1. Жауапкершілікті шектеу қорын бөлу мәселелері осындай қор құрылған сотта шешіледі.

2. Жауапкершілікті шектеу қоры талаптардың белгіленген сомаларына бара-бар талаптары бар тұлғалардың арасында бөлінеді.

3. Жауапкершілікті шектеу қорын бөлуге дейін, талабы бойынша жауапты тұлға немесе оның сақтандырушысы осы қорға талап бойынша өтем төлеген жағдайда, мұндай тұлға осы тарауда белгіленген нормалар негізінде оның төлеген сомалары шегінде өтем алған тұлға ие бола алатын құқықтарды иеленеді.

4. Жауапкершілікті шектеу қорын құрған жағдайда, залалдың өтелуін талап ететін ешбір тұлғаның мұндай қорды құрған тұлғалардың қандай да бір басқа мүлкі есебінен осындай талапты қанағаттандыруға құқығы жоқ. Бұл орайда сот кемені немесе кеме иесіне тиісті өзге мүлікті тұтқындау немесе қауіпті жүктерді тасымалдаудан және теңізді кемелердің мұнаймен ластауынан келтірілген залалды өтеу туралы талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қолданылмауы және күші жойылуы тиіс.

#### **17-параграф. Кемені тұтқындау**

##### **515-бап. Кемені тұтқындау негіздері**

1. Кемені тұтқындау теңіз талабын қамтамасыз ету үшін кемені кідіртіп қою немесе оның жүріс-тұрысын шектеу болып табылады.

2. Осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеме кепілімен қамтамасыз етілген теңіз талабы бойынша ғана кеме тұтқындалуы мүмкін.

3. Теңіз талабын қамтамасыз ету мақсатымен, басқа мемлекеттің сотында қаралуға тиіс теңіз талабы туралы тиісті шарттың талаптарына қарамастан, кемені тұтқындалуы мүмкін.

4. Теңіз талаптарына жатпайтын талаптар бойынша кеме:

1) кеме иесінің банкротқа ұшырауы немесе кеме иесінің - заңды тұлғаның таратылуы ;

2) қылмыстық іс бойынша тәркілеудің қамтамасыз етілуі жағдайларында ғана тұтқындалуы мүмкін.

5. Бұл тарау осы Кодексте көзделген теңіз порты капитанының кемені теңіз портынан шығаруға рұқсат беруден бас тарту, кеме мен жүкті кідіртіп қою құқықтарын

қ о з ғ а м а й д ы .

6. Осы тарауда реттелмеген, кемеңі тұтқындаудан туындайтын құқық қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

### **516-бап. Теңіз талабы**

М ы н а л а р :

- 1) кемеңі пайдалану кезінде залал келтірілуіне;
- 2) кемеңі пайдаланумен тікелей байланысты құрғақта не суда азаматтың өмірі мен денсаулығына залал келтірілуіне;
- 3) құтқару операциясын немесе құтқару туралы шартты жүзеге асыруға;
- 4) егер мұндай талап Қазақстан Республикасының халықаралық шартынан, Қазақстан Республикасының заңнамасынан немесе шарттан туындайтын болса, залалды болғызбау немесе азайту жөнінде шаралар қолдануға жұмсалған шығыстарға, соның ішінде қоршаған ортаға келтірілген залалға, сондай-ақ осындай шаралар келтірген немесе келтіруі мүмкін залалға;
- 5) суға батқан кемеңі немесе оның жүгін шығарып алуға, аластауға немесе жоюға жұмсалған шығыстарға;
- 6) кемеңі пайдалану туралы шартқа;
- 7) жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартына немесе теңізде жолаушылар тасымалдау шартына;
- 8) кемедегі жүктің немесе багаждың жоғалуына, кем шығуына немесе зақымдануына (бүлінуіне);
- 9) жалпы аварияға;
- 10) лоцмандық алып өтуге;
- 11) сүйретіп жүзуге;
- 12) тамақ өнімдерін, материалдар, отын, қорлар, жабдықтар, соның ішінде кемеңі пайдалану немесе оны күтіп ұстау үшін қажетті контейнерлер беруге;
- 13) кемеңің жасалуына, жөнделуіне, жаңғыртылуына немесе қайта жабдықталуына;
- 14) теңіз портында алынатын алымдар мен төлемдерге;
- 15) кеме капитаны мен кеме экипажының басқа мүшелеріне тиесілі жалақыға және басқа да сомаларға;
- 16) кемеге қатысты жұмсалған шығыстарға;
- 17) сақтандыру сыйлықақысына;
- 18) теңіз агентінің, теңіз брокерінің сыйақысына;
- 19) кемеге меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар туралы дауға;
- 20) кемеңің меншік иелері арасындағы кемеңі пайдалану мен пайданы бөлу туралы дауға;
- 21) кемеңі сатып алу-сату шартынан туындайтын дауға байланысты мәлімделген кез келген талап теңіз талабы болып табылады.

### **517-бап. Тұтқынға алуға жол берілмейтін кеме**

## 1. Теңіз талаптары бойынша:

1) тұтқынға алынатын кезге қарай кемеге меншік құқығы үшінші тұлғаларға берілген;

2) кемеі өзге кеме жалдаушы жалдап алған жағдайларда кемеі тұтқынға алуға жол берілмейді.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген ережелер кемеге меншік құқығы мен өзге де заттық құқыққа қатысты қолданылмайды.

### **518-бап. Тұтқындалған кемеің иесін қорғау**

1. Сот кемеі тұтқынға алудың немесе оның бұрынғы тұтқынға алынуының ұзартылу талабы ретінде кемеі тұтқынға алуды немесе тұтқындаудың ұзартылуын талап етуші тұлғаға кемеі тұтқынға алу салдарынан келтірілуі мүмкін зияндарға байланысты сот айқындай алатын көлем мен жағдайларда қамтамасыз етудің берілуін міндеттеуге құқылы.

Бұл ереже осы Кодекстің 524-бабының 15) тармақшасында көзделген талап бойынша кемеі тұтқынға алуды немесе тұтқынға алудың ұзартылуын талап етуші тұлғаға қатысты қолданылмайды.

2. Тұтқындалған кеме иесінің талап етуі бойынша кемеі тұтқынға алған немесе кемеің тұтқынға алынуын болғызбау үшін талаптың өзгеше қамтамасыз етілуі жөнінде шаралар қолданған сот талап етуі бойынша кеме тұтқынға алынған немесе қамтамасыз етілген тұлғаның кемеің тұтқынға алуынан келтірілген зиян үшін жауапкершілік мөлшерін анықтауға құқылы.

3. Қамтамасыз етуді ұсынған тұлға қамтамасыз ету шарасын азайту, өзгерту немесе күшін жою туралы өтініммен сотқа жүгінуге құқылы, сондай-ақ теңіз талабын қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда оның талабы бойынша сот кемеі тұтқындаған немесе бұрынғы тұтқынға алу мерзімі ұзартылған тұлғаға теңіз талабын қамтамасыз ету шаралары келтірген залалдардың орнын толтыру туралы талап қоюға құқылы.

### **18-параграф. Теңіздегі наразылық**

#### **519-бап. Теңіздегі наразылық**

1. Кеме жүзіп жүрген немесе тоқтап тұрған уақытта кеме иесіне мүліктік талаптар қою үшін негіз бола алатын оқиға орын алған жағдайда, кеме капитаны дәлелдемелерді қамтамасыз ету мақсатында теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме беруге тиіс.

2. Теңіздегі наразылықта оқиғаның мән-жайы мен оны туғызған себептер жөнінде толық ақпарат, соның ішінде залал туралы және залалды болғызбау немесе азайту жөнінде қолданылған шаралар туралы ақпарат болуға тиіс.

#### **520-бап. Теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме**

1. Теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме:

1) Қазақстан Республикасының портында - нотариуске;

2) шетел портында - Қазақстан Республикасының консулдық мекемесінің

лауазымды адамына немесе тиісті мемлекеттің заңдарында белгіленген тәртіппен шет мемлекеттің құзыретті лауазымды адамына беріледі.

2. Егер оқиға:

1) теңіз портында болса, оқиға болған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде;

2) кеме жүзіп жүрген кезде болса, кеме менің немесе кеме капитанының оқиға болғаннан кейін алғашқы теңіз портына келген кезінен бастап жиырма төрт сағат ішінде теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме беріледі.

Оқиға жүзіп жүрген кезде болған жағдайда, оқиға болғаннан кейін алғашқы портқа кіруге байланысты кететін уақыт пен жұмсалатын шығыстардың елеулі ысырабын болғызбау үшін, теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме кеме менің немесе кеме капитанының оқиға болғаннан кейін алғашқы порт болып табылмайтын портқа келген кезінде берілуі мүмкін.

3. Осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімде теңіздегі наразылықты мәлімдеу мүмкін болмаған жағдайда, мұның себептері теңіздегі наразылық туралы мәлімдемеде көрсетілуге тиіс.

4. Егер мұндай құқық тиісті халықаралық шартта көзделсе, шетел кемелері капитандарының өз кемесі туын көтеріп жүзіп жүрген мемлекеттің консулдық мекемелеріне теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме беруге құқығы бар.

#### **521-бап. Жүкке келтірілген залалға қатысты теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме**

Оқиға салдарынан кемедегі жүкке залал келтірілген жағдайда, теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме люктер ашылғанға дейін берілуге тиіс. Теңіздегі наразылық мәлімденгенге дейін кемедегі жүкті түсіруге аса қажетті жағдайда ғана жол беріледі.

#### **522-бап. Теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме жіберілген тұлғаға кеме журналының берілуі**

1. Кеме капитаны теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме берілген тұлғаға кеме немесе кеме менің капитаны теңіз портына келген, сондай-ақ оқиға портта орын алған болса, оқиғаның өзі болған кезден бастап жеті күн ішінде танысу үшін кеме журналын және кеме журналынан үзінді жазбаны өзі куәландырып беруге міндетті.

2. Кеме журналы жойылған (жоғалған) жағдайда кеме журналының жойылуының (жоғалуының) мән-жайы мен себептері теңіздегі наразылық туралы мәлімдемеде баяндалуға тиіс.

#### **523-бап. Теңіздегі наразылық туралы акт жасау**

Теңіздегі наразылық туралы мәлімдемені қабылдауға уәкілетті тұлғалар кеме капитанының мәлімдемесі, кеме журналының деректері, кеме капитанынан және қажет болған жағдайда кеме экипажының басқа мүшелерінен сұрастыру негізінде теңіздегі наразылық туралы акт жасайды.

#### **19-параграф. Қолданылатын құқық**

**524-бап. Сауда мақсатында теңізде жүзу саласында шетелдік элемент қиындатқан қатынастарға қолданылуға тиісті құқықты айқындау**

1. Сауда мақсатында теңізде жүзу саласында шетелдіктердің немесе шетелдік заңды тұлғалардың қатысуымен не шетелдік элемент қиындатқан қатынастарға қолданылуға тиісті құқық Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, осы Кодекс, Қазақстан Республикасында күшіне енген халықаралық шарттар және сауда мақсатында теңізде жүзудің танылған үрдістері негізінде айқындалады.

2. Осы Кодексте көзделген шарт тараптардың келісімімен тандап алынған елдің құқығымен реттеледі.

Шарт тараптарының тұтас шарт үшін де, оның жекелеген бөліктері үшін де қолданылатын құқықты тандап алуына болады.

Шарт тараптарының келісімімен құқық таңдау тасымалдаушыны жолаушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян, жүктің немесе багаждың жоғалуы, кем шығуы немесе зақымдануы (бүлінуі) үшін осы Кодексте белгіленген жауапкершіліктен не оның жауапкершілігін шектеуден босатпайды.

3. Шарт тараптарының шартқа қолданылуға тиісті құқық туралы келісімі болмаған жағдайда:

- 1) теңіз тасымалы шартында - тасымалдаушы;
- 2) теңізде агенттік ету, тайм-чартер және бербоут-чартер шартында - кеме иесі;
- 3) сүйретіп жүзу шартында - сүйретіп жүзетін кеме иесі;
- 4) теңіз делдалдығы шартында - сенімгер;
- 5) теңіз сақтандыру шартында - сақтандырушы болып табылатын тарап құрылған, тұрғылықты жері немесе қызметінің негізгі орны бар елдің құқығы қолданылады.

### **525-бап. Кемеге меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар**

1. Кемеге меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар, сондай-ақ олардың пайда болуы мен тоқтатылуы осы кеме мемлекеттік тізілімге енгізілген елдің құқығы бойынша айқындалады.

2. Жасалып жатқан кемелер тізілімінде тіркелмеген жасалып жатқан кемеге құқық, егер кеме иесі жасау туралы шартта өзгеше көзделмеген жағдайда, кеме иесі жасауға қабылдаған немесе кеме жасалып жатқан елдің заңымен айқындалады.

### **526-бап. Кеме экипажы мүшелерінің құқықтық жағдайы**

1. Кеме экипажы мүшелерінің құқықтық жағдайы мен кеме иесі пайдалануға байланысты кеме экипажы мүшелерінің арасындағы қатынастар кеме туы елінің заңымен айқындалады.

2. Егер кеме иесі мен шетелдіктер болып табылатын кеме экипажы мүшелерінің арасындағы қатынастарды реттейтін шартта өзгеше көзделмеген жағдайда, кеме иесі мен кеме экипажы мүшелерінің арасындағы қатынастар кеме туы елінің құқығымен реттеледі.

Кеме иесі мен кеме экипажы мүшелерінің арасындағы еңбек қатынастарына қатысты қолданылуға тиіс құқықты еңбек шарты тараптарының таңдауы кеме экипажы мүшелерінің құқықтарын шектеуге, тараптардың келісімі болмаған кезде құқығы

қолданылуға тиіс елдің заңдарында белгіленген еңбек жағдайларының нашарлауына және кепілдіктердің бұзылуына әкеп соқпауға тиіс.

### **527-бап. Суға батқан мүлікке құқық**

1. Ішкі теңіз суларында немесе аумақтық теңізде суға батқан мүлікке меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтар, сондай-ақ суға батқан мүлікке байланысты туындайтын қатынастар аумағында мүлік суға батқан елдің құқығы бойынша айқындалады.

2. Ашық теңізде суға батқан кемеге, ондағы жүк пен өзге де мүлікке меншік құқығы мен басқа да заттық құқықтар кеме туы елінің құқығы бойынша айқындалады.

### **528-бап. Жалпы авария**

1. Жалпы авариядан туындайтын қатынастар тараптардың қолданылуға тиіс құқық туралы келісімі болмаған жағдайда, жалпы авария туғызған оқиғадан кейін портында кеме рейсін аяқтаған елдің құқығымен реттеледі.

Белгілі бір елдің азаматтары немесе азаматтығы жоқ адамдары болып табылатын адамдар арасындағы жалпы авария бойынша қатынастарға сол елдің құқығы қолданылады.

2. Егер жалпы авария Қазақстан Республикасында бөлінетін болса, оны бөлу тәртібі осы тараудың он бірінші параграфына сәйкес реттеледі.

### **529-бап. Кемелер соқтығысқан жағдайда туындайтын қатынастар**

1. Кемелердің ішкі теңіз суларында және аумақтық теңізде соқтығысуынан туындайтын қатынастар аумағында соқтығысу болған елдің құқығымен реттеледі.

2. Кемелердің соқтығысуы ашық теңізде болған және дау Қазақстан Республикасының сотында қаралатын жағдайда осы тараудың он екінші параграфында белгіленген ережелер қолданылады.

3. Бір мемлекеттің туын көтеріп жүзіп жүрген кемелердің соқтығысуы жағдайында туындайтын қатынастарға, кемелер соқтығысқан жерге қарамастан, кеме туы елінің құқығы қолданылады.

### **530-бап. Теңіздің кемелерден аққан мұнаймен ластануынан залал келтірілуі кезінде туындайтын қатынастар**

Теңіздің кемелерден аққан мұнаймен ластануынан залал келтірілген кезде осы тараудың он үшінші параграфында белгіленген ережелер:

1) Қазақстан Республикасының аумағында теңіздің кемелерден аққан мұнаймен ластануынан келтірілген залалға;

2) олар қай жерде қолданылса да, мұндай залалды болғызбау немесе азайту жөніндегі ескерту шараларына қолданылады.

### **531-бап. Теңізде қауіпті жүктерді тасымалдауға байланысты залал келтірілуі кезінде туындайтын қатынастар**

Теңізде қауіпті жүктерді тасымалдауға байланысты залал келтірілген кезде осы тараудың он үшінші параграфында белгіленген ережелер:

1) Қазақстан Республикасының аумағында, соның ішінде аумақтық теңізде келтірілген залалға;

2) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде, соның ішінде аумақтық теңізде қоршаған ортаның ластануынан келтірілген залалдан өзге залалға, егер мұндай залал Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемең бортында тасымалданатын қауіпті және зиянды заттардан келтірілген болса;

3) олар қай жерде қолданылса да, залалды болғызбау немесе азайту жөніндегі ескерту шараларына қолданылады.

### **532-бап. Кемеңі және өзге де мүлікті құтқарудан туындайтын қатынастар**

1. Кемеңі және өзге де мүлікті аумақтық суларда құтқарудан туындайтын қатынастарға қолданылуға тиіс құқық туралы тараптардың келісімі болмаған жағдайда, аумағында құтқару орын алған елдің құқығы қолданылады, ал егер құтқару ашық теңізде жүзеге асырылса және дау Қазақстан Республикасында қаралса, осы тараудың он төртінші параграфында белгіленген ережелер қолданылады.

2. Құтқарушы және құтқарылған кемелер бір мемлекеттің туын көтеріп жүзген жағдайда, құтқару қайда орын алғанына қарамастан, кеме туы елінің құқығы қолданылады.

3. Құтқарған кеме иесінің, оның капитанының және кеме экипажының басқа мүшелерінің арасында сыйақыны бөлуде кеме туы елінің құқығы қолданылады, ал, егер құтқару кемеден жүзеге асырылмаған болса, құтқарушы мен оның қызметкерлері арасындағы қатынастарды реттейтін шартқа күшінің ықпалы болатын заң қолданылады.

### **3-бөлім. Жүктерді тікелей аралас тасымалдау**

#### **14-тарау. Жүктерді тікелей аралас тасымалдау саласындағы басқару**

#### **533-бап. Жүктерді тікелей аралас тасымалдау саласында реттеу және бақылау мәселелері жөніндегі уәкілетті органның құзыреті**

Уәкілетті органның құзыретіне:

1) тікелей аралас тасымалдар саласында халықаралық ынтымақтасуды жүзеге асыру;

2) тікелей аралас тасымалдарды жүзеге асырудың тәртібін белгілейтін заңнамалық және өзге де актілердің, нормалардың жобаларын әзірлеу;

3) тікелей аралас тасымалдарды дамытудың тұжырымдамаларын және мемлекеттік ұлттық бағдарламаларын әзірлеу, инвестициялық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік саясатты қалыптастыру және жүргізу;

4) құзыретіне сәйкес тікелей аралас тасымалдарды дамытуды мемлекеттік қолдау бағдарламаларын жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасы экономикасының және тұрғындарының тікелей аралас тасымалдарға және олармен байланысты қызметтерге қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;

- 6) тікелей аралас тасымалдардың қызмет етуі және дамуы үшін қолайлы экономикалық және өзге де жағдайларды қамтамасыз ету;
- 7) көліктік қызметтерді тұтынушылар құқықтарының сақталуына бақылау жасау;
- 8) тікелей аралас тасымалдар саласында техникалық регламенттер әзірлеу жатады.

### **534-бап. Қазақстан Республикасының аумағында тікелей аралас тасымалдар саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын талаптар**

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, қызметі тікелей аралас тасымалдар саласында қызмет көрсету болып табылатын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы аралас тасымалдар операторы бола алады.

2. Тікелей аралас тасымалдар операторы тікелей аралас тасымалдар саласында зияндар мен залалдарға ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді Қазақстан Республикасының заңнамасына және жасалған шарттарға сәйкес қамтамасыз етеді.

### **535-бап. Баға белгілеу**

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше көзделмесе, аралас тасымалдар операторының қызметтеріне, аралас тасымалдар пункттері иелерінің және тікелей аралас тасымалдарға қатысушы өзге де тұлғалардың қызметтеріне баға тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

2. Тікелей тасымалдарға қатысушы тасымалдаушылардың қызметтеріне баға индекстің 19-бабының 1, 2, 6-тармақтарына сәйкес белгіленеді.

### **536-бап. Жүктер күзету**

1. Жүктерді жол бойына күзету осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

2. Тікелей аралас тасымалдауға қабылданатын тез бүлінетін, қауіпті, сондай-ақ міндетті ілесіп жүруді талап ететін жүктердің тізбесін белгілеу көліктің әрбір түрінде қолданылатын тасымалдау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Тікелей аралас тасымалдар операторы жүк иесімен, жүк алушымен және (немесе) тасымалдаушымен келісімдер шартымен тасымалданатын жүктер мен көлік құралдарын күзетуді ұйымдастыруға құқығы бар.

## **15-тарау. Жүктерді тікелей аралас тасымалдарды ұйымдастыру**

### **537-бап. Тікелей аралас тасымалдарды жүзеге асырудың құқықтық негіздері**

1. Жүктерді тікелей аралас тасымалдау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасасылған тікелей аралас тасымалдау шартының негізінде жүзеге асырылады.

2. Тікелей аралас тасымалдарды ұйымдастырғанда тікелей аралас тасымалдар операторы тікелей аралас тасымалдар шарты бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында үшінші тұлғалармен шарт (шарттар) жасасуға құқылы. Тікелей аралас тасымалдар операторы шартты (шарттарды) үшінші тұлғалармен (тасымалдаушылармен, ақтару пункттерінің иелерімен және т.б.) өз атынан жасасады.

3. Тікелей аралас тасымалдар операторы әр тасымалдаушымен жеке жасасатын



тасымалдаудың жеке шарттарының негізінде көліктің әртүрлі түрлерімен жүзеге асырылатын жүктерді тасымалдау осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

### **538-бап. Тікелей аралас тасымалдар операторының негізгі құқықтары мен міндеттері**

#### **1. Тікелей аралас тасымалдар операторының:**

1) егер көліктік экспедиция шартымен өзгеше көзделмеген жағдайда, көліктің оңтайлы түрін, тасымалдаушылар мен тасымалдау маршруттарын өзінің қалауы бойынша таңдауға;

2) тікелей аралас тасымалдарды жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тасымалданатын жүкті кедендік ресімдеуге беруді ұйымдастыруға;

3) егер тікелей аралас тасымалдар шартында тікелей аралас тасымалдар операторы өз міндеттерін жеке өзі орындауы тиіс деп көрсетілмесе, өзінің міндеттерін орындауға басқа тұлғаларды тартуға;

4) тікелей аралас тасымалдар шартын бұзғаны үшін өзінің жауапкершілігін сақтандыруға;

5) форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайда ол жайында екінші тарапты ақылға сыйымды мерзімде ескерте отырып, тікелей аралас тасымалдар шартын орындауды тоқтатуға құқығы бар;

6) тікелей аралас тасымалдар шартымен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтары бар.

#### **2. Тікелей аралас тасымалдар операторы:**

1) тікелей аралас тасымалдар шартына сәйкес клиенттің мүддесін сақтай отырып, тікелей аралас тасымалдар шартымен белгіленген жүк тасымалдарымен байланысты қызметтерді тиісінше орындауға немесе ұйымдастыруға;

2) тікелей аралас тасымалдарды жүзеге асырғанда қатерлерді азайту мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың болуы міндетті жағдайларда тасымалдаушылардың лицензияларды тапсыруын талап етуге;

3) клиентке алынған ақпараттың анықталған кемшіліктері хабарлауға, ал ақпарат толық болмаған жағдайда, клиенттен қажетті қосымша деректер сұратып алуға;

4) тікелей аралас тасымалдар шартымен көзделген жағдайларда жүк жөнелтушіге көлік құралдарының, ақаусыз және аталған тасымалдарға жарамды күйде, келісілген мерзімдерде уақтылы берілуін қамтамасыз етуге;

5) тікелей аралас тасымалдар саласында қызметті жүзеге асыруда тікелей аралас тасымалдар шарттарының және өзге де шарттардың ережелерін сақтауға;

6) шартты орындаудан бір жақты бас тартқанда, басқа тарапқа шартты бұзудан туындаған залалдарды өтеуге міндетті;

7) тікелей аралас тасымалдар шартымен көзделген өзге де міндеттер.

### **539-бап. Клиенттің негізгі құқықтары мен міндеттері**

#### **1 . К л и е н т т і ң :**

- 1) егер тікелей аралас тасымалдар шартымен өзгеше көзделмеген жағдайда, көлік құралдары мен тасымалдау маршруттарын өзінің қалауы бойынша таңдауға;
- 2) егер тікелей аралас тасымалдар шартымен мұндай көзделген жағдайда, оператордан жүкті тасымалдау барысы туралы ақпарат беруін талап етуге;
- 3) тікелей аралас тасымалдар шартына сәйкес тікелей аралас тасымалдар операторына нұсқау беруге;
- 4) форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайда екінші тарапты ақылға сыйымды мерзімде ескерте отырып, тікелей аралас тасымалдар шартын орындауды тоқтатуға құқығы бар;
- 5) тікелей аралас тасымалдар шартымен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтары бар.

#### **2 . К л и е н т :**

- 1) тікелей аралас тасымалдар шартымен белгіленген қызметтерді орындағаны немесе орындалуын ұйымдастырғаны үшін тікелей аралас тасымалдар операторына сыйақы төлеуге;
- 2) жүкті тасымалдауға көрсетілген көлемде және тікелей аралас тасымалдар шартына сәйкес тікелей аралас тасымалдар операторымен келісілген мерзімде беруге;
- 3) егер оларды тікелей аралас тасымалдар операторының ресімдеу міндеті шартта көзделмесе, тікелей аралас тасымалдар операторына жүкке қажетті құжаттарды, ал Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығарғанда - басқа қажетті құжаттарды беруге;
- 4) егер ол оның міндеттерін орындау үшін қажетті болса, тікелей аралас тасымалдар операторына сенімхат беруге;
- 5) тікелей аралас тасымалдар операторына құжаттарды және жүктің қасиеті, оны тасымалдау ерекшеліктері туралы басқа ақпаратты, сондай-ақ тікелей аралас тасымалдар операторының тікелей аралас тасымалдар шартымен көзделген міндеттерді орындауы үшін қажетті өзге де ақпаратты беруге;
- 6) тікелей аралас тасымалдар операторына тікелей аралас тасымалдар шартымен белгіленген шығындарды өтеуге;
- 7) шартты орындаудан бір жақты бас тартқанда, тікелей аралас тасымалдар операторына шартты бұзудан туындаған залалдарды өтеуге міндетті;
- 8) тікелей аралас тасымалдар шартымен және заңнамамен көзделген өзге де міндеттер.

### **540-бап. Жүктерді аралас тасымалдауда жүзеге асырылатын қызметтер**

Тікелей аралас тасымалдар мына қызметтерді, көрсету арқылы жүзеге асырылады:

- 1) өз атынан тасымалдау шарттарын жасасу;
- 2) жүктерді жөнелту жерінен тағайындалған жеріне дейін тасымалдауды ұйымдастыру;

- 3) жүкті жол бойына ілесіп жүруді және/немесе күзетуді ұйымдастыру;
- 4) буып-түю (ашу), таңбалау, дестелеу, сұрыптау және сақтау;
- 5) клиенттерді жүкті тасымалдау үшін қажетті алынбалы жабдықпен және контейнерлермен қамтамасыз ету;
- 6) клиентке және тасымалдаушыға бекіту-пломбалау құрылғыларын беру;
- 7) жөнелтілімдерді жинақтау (жүкті біріктіру, бөлу);
- 8) тиеу-түсіру жұмыстарын орындау;
- 9) тасымалдаушыға жүкті беру және тасымалдаушылар арасында жүкті алу;
- 10) жүктің барар жерін ауыстыруға өтінімді ресімдеу;
- 11) тасымалдаушымен жүкті тиеудің және бекітудің техникалық шарттарын әзірлеу және келісу;
- 12) жүктерді бекіту, жабу және байлау, осы мақсаттар үшін қажетті құралдарды беру;
- 13) клиенттің шарттары бойынша жүктерді тасымалдаудың оңтайлы схемасын таңдау;
- 14) жүктің жол бойына жүріп өтуіне бақылау жасау;
- 15) тасымалдау құжаттарын ресімдеу;
- 16) жүкпен-ілесіп жүру және күзету;
- 17) жүк тасымалдарын орындағаны үшін тасымалдаушылармен есеп айырысуды жүзеге асыру;
- 18) жүкті сақтандыруды ұйымдастыру;
- 19) кеден құжаттарын ресімдеуді, халықаралық тасымалдарда кедендік рәсімдерді орындауды, төлқұжат-визалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- 20) жөнелтушіге жүктелетін баж салығын, алымдар мен басқа шығыстарды төлеу;
- 21) жүкті тасымалдау бойынша есеп пен есептілікті жүргізу;
- 22) көлік құралдарын тиімді тиеуді, жүктерді орналастыру және бекіту схемаларын есептеу;
- 23) жүктің қозғалуы (жөнелтілуі, орналасқан жері, келуі) туралы, соның ішінде жүктің шекарадан өтуі туралы, сондай-ақ жүктің ақтару пункттерінде басқа көлік құралдарына қайта тиелгендігі туралы хабардар ету;
- 24) қызмет түрлері, тарифтер туралы ақпарат және өзге де шұғыл ақпарат;
- 25) жеткізу мерзімі аяқталған соң жоғалтылған жүкті іздестіруге жәрдемдесу;
- 26) коммерциялық актілердің және өзге де құжаттардың негізінде кінә қоюды ресімдеу;
- 27) жүк тасымалдары саласындағы консультациялық қызметтер;
- 28) экспорт немесе импорт үшін талап етілетін құжаттарды алу;
- 29) жүктің санын және жай-күйін тексеру;
- 30) жүк тасымалдарымен байланысты өзге де қызметтер.

#### **541-бап. Тікелей аралас тасымалдар құжаты**

1. Тікелей аралас тасымалдар құжатына тікелей аралас тасымалдар операторы немесе оның уәкілетті тұлғасы қол қояды. Тікелей аралас тасымалдар құжатындағы қол қолмен жазылуы, факсимиле түрінде басылуы, перфорациялануы, мөртабан арқылы, символ түрінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қандай да болмасын механикалық немесе электрондық құралдардың көмегімен қойылуы мүмкін.

2. Жүк жөнелтушіні таңдауы бойынша тікелей аралас тасымалдар операторы тікелей аралас тасымалдаудың тікелей немесе айналым құжатын беруі мүмкін.

3. Тікелей аралас тасымалдар құжаты түпнұсқа болып танылатын үш данада жасалады, оның біреуі тікелей аралас тасымалдар операторында қалады, екіншісі клиентке қол қойылған күннен бастап 5 күн ішінде тапсырылады, ал үшіншісі жүкпен тікелей аралас тасымалдың бүкіл маршрутында ілесіп жүреді.

4. Жөнелтілімдерді жинақтағанда (жүкті біріктіргенде) тікелей аралас тасымалдар құжаты 3 данадан артық берілуі мүмкін. Бұл ретте оның әрбір данасында:

- 1) "түпнұсқа" деген жазба;
- 2) түпнұсқаның жалпы саны;
- 3) осы түпнұсқаның нөмірі көрсетілуі тиіс.

5. Тікелей аралас тасымалдар құжаты мынадай деректерден тұруы тиіс:

1) жүктің жалпы сипаты, жүкті сәйкестендіру үшін қажетті негізгі маркалары, тиісті жағдайларда - жүктің қауіпті сипаты көрсетілуі, орындардың немесе заттардың саны және жүктің брутто салмағы немесе оның өзгеше түрде көрсетілген саны мұның өзінде бұл деректер клиент берген түрде көрсетіледі;

2) жүктің сыртқы жай-күйі;

3) тікелей аралас тасымалдар операторының атауы және орналасқан жері;

4) жүк жөнелтушінің және жүк алушының атауы;

5) тікелей аралас тасымалдар операторының жүкті қабылдаған орны және күні;

6) тағайындалу пункті (жүкті жеткізу орны);

7) жүкті тағайындалған жеріне жеткізу мерзімі;

8) тасымалдау маршруты, тікелей аралас тасымалдау барысында көліктің әрбір түрімен жеткізілетін болжамды мерзімі, көліктің пайдаланылатын түрі және жүкті а қ т а р у п у н к т т е р і ;

9) тікелей аралас тасымалдар құжаттың берілген орны мен күні;

10) оператордың немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның, сондай-ақ клиенттің (жүк жөнелтушінің) қолы;

11) тікелей аралас тасымалдар құжатына енгізілуі тараптардың келісімі бойынша тікелей аралас тасымалдар саласында қызметтер көрсету мақсатында қажетті деп танылған өзге де ақпарат.

6. Тікелей аралас тасымалдар операторы клиент тапсырған жүк туралы деректерде

дәлсіздіктерді немесе бұрмалауларды анықтаса, оператор немесе оның атынан әрекет ететін тұлға тікелей аралас тасымалдар құжатына дәлсіздіктерді немесе бұрмалауларды көрсететін қосымша түсінік енгізуі және ол туралы клиентке хабарлауы тиіс.

#### **542-бап. Тікелей аралас тасымалдардың айналым және айналым емес құжаты**

1. Тікелей аралас тасымалдардың айналым құжаты ордерлік құжат немесе ұсынушыға арналған құжат түрінде ресімделеді.

2. Ордерлік құжат түрінде ресімделген тікелей аралас тасымалдар құжаты ондағы тапсыру жазбасы арқылы беріледі.

Ұсынушыға арналған құжат түрінде ресімделген тікелей аралас тасымалдар құжаты тапсыру жазбасыз беріледі.

3. Тікелей аралас тасымалдардың айналым құжаты бойынша жүкті алу құқығын тікелей аралас тасымалдар айналым құжатының түпнұсқасына ие тұлға иеленеді.

Тікелей аралас тасымалдардың айналым құжаты бойынша жүк алушыда тапсыру жазбасы тиісті ресімделген құжаттың түпнұсқасы болуы тиіс.

4. Жүк алушы тікелей аралас тасымалдардың айналым құжатының түпнұсқасын қайтарғаннан кейін беріледі.

5. Тікелей аралас тасымалдардың айналым емес құжатында жүк алушы көрсетілуі тиіс. Жүк тікелей аралас тасымалдардың айналым емес құжатында көрсетілген тұлғаға немесе ол туралы тікелей аралас тасымалдар операторы немесе оның атынан әрекет етуші тұлға дер кезінде жазбаша түрде хабарландырылған басқа тұлғаға беріледі.

#### **543-бап. Жүкпен жүретін қосымша құжаттар**

Тікелей аралас тасымалдар шартымен жүкпен жүретін құжаттарды алу міндеті тікелей аралас тасымалдар операторына жүктелетін жағдайларды қоспағанда, клиент қажетті жағдайларда тікелей аралас тасымалдар операторына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген жүкпен жүретін қосымша құжаттарды (сәйкестікті растау саласындағы құжаттар, фитосанитарлық сертификаттар және т.б.) беруге міндетті.

#### **544-бап. Жүкті дайындау және тікелей аралас тасымалдар операторына тапсыру тәртібі**

Клиент (жүк жөнелтуші), егер тікелей аралас тасымалдар шартымен өзгеше көзделмеген жағдайда, тікелей аралас тасымалдар операторына тапсыру сәтіне қарай жүкті тасымалдауға дайындауға міндетті. Бұл жағдайда клиенттің шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жүкті тікелей аралас тасымалдар операторына тапсыруға дайындау шарттарын сақтауы міндетті.

Клиент (жүк жөнелтуші) тікелей аралас тасымалдар операторына құжаттарды және жүктің қасиеті және оны тасымалдау шарттары туралы ақпаратты, сондай-ақ тікелей аралас тасымалды жүзеге асыру үшін қажетті өзге де ақпаратты беруге міндетті.

Қауіпті жүкті тасымалдағанда клиент (жүк жөнелтуші) тікелей аралас тасымалдар құжатында жүктің қауіптілік сипаты туралы белгі соғуы тиіс.

Жүктердің әртүрлі түрлерін тасымалдауға дайындау және тапсыру тәртібі көліктің тиісті түрінде қолданылатын Жүктерді тасымалдау ережесімен реттеледі.

#### **545-бап. Тікелей аралас тасымалдар операторының жүкті қабылдау тәртібі**

1. Тікелей аралас тасымалдар операторының жүкті қабылдауы деп тікелей аралас тасымалдар операторының жүкті тікелей қабылдауын, сондай-ақ егер бұл тікелей аралас тасымалдар шартымен көзделмесе, тасымалдаушының жүкті жөнелту пунктінде қабылдауын түсіну керек.

2. Жүкті қабылдағанда тікелей аралас тасымалдар операторы, егер бұл тікелей аралас тасымалдар шартымен көзделмесе, орындардың ұсталуы және тиеу бірліктері үшін жауапкершілікті өзіне қабылдамай, жүкпен ілеспе құжаттарының дұрыс ресімделуін, жүктің сыртқы жай-күйін, оның орамасын, жүктің мөлшерін тікелей тексеруге міндетті.

3. Тікелей аралас тасымалдар құжатында тікелей аралас тасымалдар операторының жүктің сандық сипаты, оның орамасы туралы нақтылаулардың (қосымша түсініктердің) және клиент берген өзге де ақпараттың болмауы, жүктің тиісті түрде берілді деп санауға негіз болып табылады. Тікелей аралас тасымалдар операторы өзіне жүктің күтіп-ұсталуын, салмағын және (немесе) массасын, құнын растаумен байланысты міндеттемелерді, егер бұл тікелей аралас тасымалдар шартымен тікелей көзделген жағдайда ғана қабылдайды.

Жүктің әртүрлі түрлерінің массасын белгілеу тәртібі тиісті көлік түрінде қолданылатын Жүктерді тасымалдау ережесімен белгіленеді.

#### **546-бап. Жүктерді тікелей аралас тасымалдау және ақтару пункттері**

1. Тікелей аралас тасымалдар жүктерді қабылдау, беру үшін ашық темір жол станциялары, теңіз және өзен порттары, кеме тұрақтары, автостанциялар, әуежайлар арқылы жүзеге асырылады.

Жүктерді ақтару, қабылдау және беру тікелей аралас тасымалдар пункттерінің тізіліміне енгізілген пункттер арқылы жүзеге асырылады.

2. Жүктерді қабылдау, беру және ақтару үшін ашық тікелей аралас тасымалдар пункттерінің тізілімін тиісті пункттердің иелері жариялайды. Аталған пункттер жазбаша нысанда тапсырылған, ол туралы уәкілетті органға хабарлама берілген сәттен бастап тікелей аралас тасымалдарға енгізілген болып саналады.

3. Тікелей аралас тасымалдар пунктіне жанасатын кірме жолдардың иелері осы пункттерге көлік құралдарын өткізуді соттың шешімі немесе уәкілетті органның акті бойынша ғана тоқтатуға құқығы бар.

#### **547-бап. Жүкті тасымалдауға кедергілер**

Тікелей аралас тасымалдарға қатысушы тасымалдаушы тікелей аралас тасымалдар операторына тасымалдауға және жүктерді уақтылы беруге кедергі келтіретін оқиғалар туралы олар туындаған сәттен бастап тәулік ішінде хабарлауға міндетті.

#### **548-бап. Жеткізу мерзімдері**

Тікелей аралас тасымалдар шарты бойынша жүкті жеткізу мерзімі көліктің әрбір түрімен жеткізу мерзімімен, жүкті ақтару және тікелей аралас тасымалдар операторына тасымалдарды ұйымдастыру үшін қажетті уақытпен белгіленеді. Жеткізу мерзімдері тікелей аралас тасымалдар шартына сәйкес және тиісті көлік түрінде қолданылатын жүктерді тасымалдау ережесі ескеріліп белгіленеді.

#### **549-бап. Тікелей аралас тасымалдар операторының қызметіне төлем жасау мерзімі**

Тікелей аралас тасымалдар операторының тікелей аралас тасымалдар саласында қызмет көрсетуімен байланысты шығындардың құнын, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе тікелей аралас тасымалдар шартымен өзгеше көзделмеген жағдайда, клиент тікелей аралас тасымалдар құжатына қол қойылған сәттен бастап 10 күн ішінде төлейді.

Клиенттің маршрутты өзгерту, жеткізудің соңғы пунктін өзгерту, жүк алушыны ауыстыру, жүк тасымалдауды тоқтата тұру туралы нұсқауларымен және шарттың басқа ережелерінің өзгеруінен туындаған тікелей аралас тасымалдар операторының қосымша шығыстарын клиент нұсқаулар берген сәттен бастап 5 күн ішінде өтейді.

#### **550-бап. Жүкті клиентке (жүк алушыға) беру тәртібі**

1. Тікелей аралас тасымалдар операторының жүкті беруі деп тікелей аралас тасымалдар операторының жүкті тікелей клиентке (жүк алушыға) немесе жүкті алуға уәкілетті тұлғаға, сондай-ақ тасымалдаушының жүкті тікелей аралас тасымалдар шартында көзделген тағайындалу пунктінде беруін түсіну керек.

2. Жүкті клиентке (жүк алушыға) немесе жүкті алуға уәкілетті тұлғаға беру клиенттен (жүк алушыдан) қабылданған ретпен жүк орындарының саны және (немесе) м а с с а с ы б о й ы н ш а б е р і л е д і .

3. Ақтарылып, үйіліп немесе цистерналарда тасымалданатын және кем шығу белгісіз келген жүк, егер клиенттің (жүк алушының) немесе жүкті алуға уәкілетті тұлғаның оны анықтау құралдары болмаса, клиентке (жүк алушыға) немесе жүкті алуға уәкілетті тұлғаға массасы анықталмай беріледі.

4. Жүктің берілуі тікелей аралас тасымалдар құжатында қол қойылып тиісті белгімен (клиенттің (жүк алушының) мөрімен немесе мөртабанымен) расталады. Тасымалдаушының жүк алушыға жүкті беру реті көліктің тиісті түрінде қолданылатын Жүктерді тасымалдау ережесімен белгіленеді.

#### **551-бап. Жүк алушының жүкті алудан бас тартуы және жүктің барар жерін ауыстыру**

Клиент (жүк алушы), егер жүктің қасиеті бүлінуі немесе зақымдануы салдарынан жүкті тікелей тағайындалуы бойынша толық немесе ішінара қолдану мүмкіндігін жоятындай өзгерген болса, егер тікелей аралас тасымалдар шартында өзгеше көзделмеген болса, жүкті қабылдаудан бас тарта алады. Тікелей аралас тасымалдар құжатында клиент (жүк алушы) немесе жүкті алуға уәкілетті тұлға алудан бас тартудың себебі қысқаша баяндалған түсініктеме жасалады. Бұл жағдайда клиент (жүк алушы)

жүкке қатысты жазбаша нұсқаулар беруге міндетті.

Егер клиент (жүк алушы) жүкті алудан бас тартса, ол тікелей аралас тасымалдар операторына сақтауға шығарылған, жүкті сатумен, кәдеге жаратумен, оны қайтарумен немесе барар жерін ауыстырумен байланысты қосымша шығыстарды өтеуге міндетті.

### **552-бап. Қауіпті жүктерді тікелей аралас тасымалдауда қызметті жүзеге асыру тәртібі**

Тікелей аралас тасымалдар операторының қауіпті жүктерді тасымалдаумен байланысты шартпен белгіленген қызметтерді орындауы немесе ұйымдастыруы осы Кодекстің 34-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

### **553-бап. Жүкті кедендік ресімдеу**

Тікелей аралас тасымалдау саласында қызметті жүзеге асырғанда Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы қозғалатын жүкті кедендік ресімдеу Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

### **16-тарау. Жүктерді тікелей аралас тасымалдау саласындағы жауапкершілік**

#### **554-бап. Жүктерді тікелей аралас тасымалдау саласындағы жауапкершілік**

1. Тікелей аралас тасымалдар саласындағы тікелей аралас тасымалдар шарты тараптардың осы Кодекске қайшы келмейтін жауапкершіліктерін белгілеу жөніндегі ш а р т т а р д а н т ұ р у ы т и і с .

2. Тікелей аралас тасымалдар шартына сәйкес алынған міндеттемелер бойынша тікелей аралас тасымалдар операторы клиент алдында толық көлемде жауап береді. Міндеттемелер үшінші тұлғалардың (тасымалдаушылардың, аралас тасымалдар пункттерінің иелерінің және басқалардың) кінәсі бойынша бұзылған жағдайда, тікелей аралас тасымалдар операторы кейіннен олардан кері тәртіппен өндіріп алуға құқылы.

3. Егер жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының, тікелей аралас тасымалдарға қатысушы үшінші тұлғалардың кінәсі бойынша тасымалдаушылардың біреуі тікелей аралас тасымалдар операторының немесе өзге де тасымалдаушылардың не болмаса тікелей аралас тасымалдар операторы тасымалдаушының алдына жауапты болса, ол кінәлі тарапқа кері талап қоюға құқығы бар.

4. Осы тараудың ережелерімен реттелмеген бөлікте тікелей аралас тасымалдар саласында осы Кодекстің 1-бөлімінің 7-тарауының және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормалары қолданылады.

### **555-бап. Жауапкершіліктен босату**

1. Тараптар жауапкершіліктен осы Кодекстің 57-бабында көзделген негіздер б о й ы н ш а б о с а т ы л а д ы .

2. Тікелей аралас тасымалдар операторы жүк иесінің, жүк алушының алдында жүктің сақталуы үшін, соның ішінде мына жағдайларда:

1) міндеттемелер жүк иесінің, жүк алушының кінәсі бойынша орындалмаған немесе т и с і н ш е о р ы н д а л м а ғ а н ;

2) жүк ақаусыз, клиент (жүк жөнелтуші) орнатқан ақаусыз бекіту-пломбалау



құрылғыларымен, сондай-ақ жүктің сақталуы қамтамасыз етілетін шараларды куәландыратын басқа белгілері бар вагонда, контейнерде келген;

3) жүктің ерекше табиғи қасиеттерінің салдарынан сақталмаған;

4) жүкті жүк иесі, жүк алушы жолсерігінің ілесіп жүруімен тасымалдаған;

5) тасымалдау мерзімі және температуралық режимі сақталғанда тез бүлінетін жүк  
б ү л і н г е н ;

6) жүктің жүк иесі берген көліктік ыдыстың жасырын кемшіліктері салдарынан сақталмаған жағдайларда жауапкершіліктен босатылады.

3. Тасымалдаушы тікелей аралас тасымалдар операторы алдындағы жауапкершіліктен осы баптың 2-тармағында көрсетілген негіздерден басқа, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайларда да босатылады.

### **556-бап. Тікелей аралас тасымалдар операторының жауапкершілігі**

1. Тікелей аралас тасымалдар шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны және тиісінше орындамағаны үшін тікелей аралас тасымалдар операторы осы Кодекске сәйкес белгіленетін негіздер бойынша және мөлшерде мүліктік жауапты болады.

2. Тікелей аралас тасымалдар операторы клиент (жүк иеленуші немесе жүк алушы) алдында жүктің сақталуы үшін, сондай-ақ жүкті тасымалдауға қабылдаған сәттен бастап оны жүк алушыға берген сәтке дейін жеткізіп беру мерзімін өткізіп алғаны үшін  
ж а у а п т ы б о л а д ы .

3. Тікелей аралас тасымалдар операторы ол шартты орындауға тартқан үшінші тұлғалардың міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін  
ж а у а п т ы б о л а д ы .

4. Тікелей аралас тасымалдар кезінде келтірілген зиянды, егер зиянды туғызған мән-жайлар оның қарауында болған уақытта болатын болса, аралас тасымалдар тікелей аралас тасымалдар операторы осы Кодекстің 49-бабында белгіленген мөлшерде өтейді.

Жүктің құны тікелей аралас тасымалдар операторына тапсырғанға дейін тікелей аралас тасымалдар шартында мәлімденуі және тікелей аралас тасымалдар құжатына  
е н г і з і л у і т и і с .

5. Тікелей аралас тасымалдар операторы жүктің жоғалуынан, кем шығуынан немесе зақымдануынан (бүлінуінен) туындаған, белгіленген зиянның орнын толтырумен қатар, тікелей аралас тасымалдар операторы клиентке жоғалған, кем шыққан немесе зақымданған (бүлінген) жүкті тасымалдау үшін төлемақыны, егер бұл төлемақы жүктің  
қ ұ н ы н а к і р м е с е , қ а й т а р а д ы .

6. Егер жүк жүкті жеткізу мерзімі аяқталғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде жеткізілмесе, жоғалған болып саналуы мүмкін.

Егер жүктің жоғалуын, кем шығуын немесе зақымдануын (бүлінуін) жүкті қабылдаған кезде жай тәсілмен анықтау мүмкін болмаса, бұл туралы хабарлама тікелей аралас тасымалдар операторына жүкті қабылдаған күннен бастап 5 күнтізбелік күннен кешіктірмей берілуі мүмкін. Тікелей аралас тасымалдар операторының мұндай

хабарламаны алу күні хабарламаның күні болып саналады.

7. Егер жүк тікелей аралас тасымалдар шартымен тікелей белгіленген мерзім шегінде жеткізілмесе, аралас тасымалдар операторы клиентке осы Кодекстің 52-бабының 2-3-тармақтарына сәйкес белгіленген мөлшерде айыппұл төлейді.

Жүктің жеткізілу мерзімін өткізіп алғаны үшін тікелей аралас тасымалдар операторының жауапкершілігі тікелей аралас тасымалдар шартына сәйкес тасымалдау төлемақыларының жалпы сомасынан асып кете алмайды.

Егер тікелей аралас тасымалдар операторы тікелей аралас тасымалдар шартында көзделген тәртіппен мұндай қызметтердің көрсетілуі туралы клиентке уақтылы хабарласа, жеткізілген, бірақ тікелей аралас тасымалдар операторына тиесілі сыйақыны төлемеуі себепті тікелей аралас тасымалдар шартында көрсетілген жүк алушыға немесе ол уәкілеттік берген адамға берілмеген жүк жоғалған болып саналмайды.

Егер жүкті беру кезінде тікелей аралас тасымалдар шартында көрсетілген жүк алушы немесе ол уәкілеттік берген адам тікелей аралас тасымалдар операторына жазбаша түрде хабарламаса және кем шығудың немесе зақымданудың (бүлінуінің) жалпы сипатын көрсетпесе, өзге дәлелдер болмаған кезде, олар жүкті зақымдалмаған түрде алды деп саналады.

3. Тікелей аралас тасымалдар операторы жүкпен жүретін қосымша құжаттарды жоғалтқан немесе тиісінше пайдаланбаған жағдайда зиянның орнын толтырады.

### **557-бап. Клиенттің жауапкершілігі**

Клиент (жүк жөнелтуші, жүк алушы) оның кінәсінен аралас тасымалдар тікелей аралас тасымалдар операторына келтірілген зиян үшін жауапты болады.

Егер жүктің беруге дайын болу шарттарына сай келмеуіне байланысты жүк берілмесе, клиент (жүк жөнелтуші) тікелей аралас тасымалдар операторына зиянның, соның ішінде көлік құралының тиеуге берілуіне байланысты зиянның және өзгелерінің орнын толтырады.

Клиент жүктің қасиеттері, оны тасымалдау шарттары, мәлімделген және нақты тапсырылған жүктің сәйкессіздігі туралы құжаттарды және басқа шүбәсіз ақпаратты, сондай-ақ тікелей аралас тасымалдар шартында көзделген міндетті тікелей аралас тасымалдар операторының орындауы үшін қажетті өзге ақпаратты беру жөніндегі міндетін бұзуына байланысты тікелей аралас тасымалдар операторына келтірген зиян үшін жауапты болады.

### **558-бап. Тасымалдаушылардың жауапкершілігі**

1. Жүкті беретін тарап оның жоғалуы, кем шығуы немесе зақымдануы (бүлінуі) үшін оны бергенге дейін, ал жүкті қабылдаушы тарап оны қабылдаған кезден бастап жауапты болады.

2. Тікелей аралас тасымалдарға қатысушы тасымалдаушы тікелей аралас тасымалдар операторының алдында жүктің сақталуы үшін, сондай-ақ жүкті қабылдаған кезден бастап оны басқа тасымалдаушыға немесе жүкті алушыға берген кезге дейін

оның жеткізілу мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болады.

3. Тікелей аралас қатынаста тасымалданған кезде жүктің жоғалуы, кем шығуы немесе зақымдануы (бүлінуі) үшін тасымалдаушылар тікелей аралас тасымалдар операторы алдында бірлесіп жауап береді.

4. Жеткізілу мерзімін өткізіп алғаны үшін тікелей аралас тасымалдар операторы алдында соңғы тасымалдаушы, егер мерзімін өткізіп алу оның кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, жауапты болады.

### **559-бап. Тікелей аралас тасымалдарға қатысушы тұлғалардың жауапкершілігі**

1. Тікелей аралас тасымалдар кезінде жүктерді ақтару нормаларын орындамағаны үшін кінәлі тарап құқықтары бұзылған тараптың пайдасына мынадай мөлшерлерде айыппұл төлейді:

1) тасымалдауы тек контейнерлерде белгіленген жүктер үшін - брутто массасы 5 тоннаға дейін, қоса алғанда, әрбір контейнер үшін 0,5 айлық есептік көрсеткіш, брутто массасы 5-тен 10 тоннаға дейін, қоса алғанда, әрбір контейнер үшін бір айлық есептік көрсеткіш, брутто массасы 10 тоннадан артық әрбір контейнер үшін екі айлық есептік көрсеткіш;

2) тасымалдауы рефрижераторлық вагондарды және тасымалдағыштарды қоспағанда, тек вагондарда, белгіленген жүктер үшін - әрбір вагон үшін 5 айлық есептік көрсеткіш;

3) тасымалдау рефрижераторлық вагонда мен көлікте жүзеге асырылатын жүктер үшін - жүктің әр тоннасы үшін 0,2 айлық есептік көрсеткіш;

4) қалған жүктер үшін - жүктің әр тоннасы үшін 0,1 айлық есептік көрсеткіш.

2. Теңіз көлігінен ішкі су көлігіне және кері қарай қайта тиелетін жүктерді ақтару нормаларын орындамағаны үшін кінәлі тарап әр тонна үшін 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді.

3. Ақтаруды жүзеге асыратын ұйымдарға тәуелді себептер бойынша вагондарды жүк тиеуге, жүк түсіруге, ақтаруға берудің мүмкін болмауы салдарынан вагондардың, контейнерлердің порттарда және темір жол станцияларында жүк тиеуде, жүк түсіруде, ақтаруда тұру уақыты үшін олардан вагондардың, контейнерлердің меншік иелері белгілейтін мөлшерде олардың пайдаланылғаны үшін төлемақы алынады.

4. Тікелей аралас тасымалдарға қатысушы тұлғалардың міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін шартта, осы бапта көзделгендерден басқа, тұрақсыздық айыбын өндіріп алудың өзге түрлерін, мөлшерлерін және негіздемелерін белгілеуге құқығы бар.

5. Халықаралық қатынаста тікелей аралас тасымалдар саласында қызметтер көрсеткенде тікелей аралас тасымалдар операторының тікелей аралас тасымалдар шартымен көзделген міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік шегі бір орын немесе тиеу бірлігі үшін 666,67 асуы мүмкін емес.

### **17-тарау. Жүктерді құрама тасымалдау**

## **560-бап. Жүктерді құрама тасымалдауды жүзеге асыру**

1. Жүктерді құрама тасымалдау - көліктің бірнеше түрін қолдану арқылы жүкті бір көлік құралында ("есіктен есікке дейін") тасымалдаудан тұратын жүктерді тікелей аралас қатынаста тасымалдау түрі. Көлік құралдары тікелей аралас тасымалдау маршрутының белгілі учаскелерінде арнаулы немесе әмбебап темір жол вагондарында, теңіз және өзен кемелерінде, паромдарда тасымалданады.

Құрама тасымалдар көлік құралдарын тасымалдаудың мына схемалары бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

1) арнаулы құрылымдағы вагондардан тұратын маршруттық поездардағы көлік бірліктерін тасымалдау;

2) арнаулы "доңғалақ-қалта тәріздес вагондарға" тиелген жартылай тіркемелерді тартқыштарсыз және жүргізушілерсіз немесе олармен тасымалдау (контрейлерлік тасымалдар);

3) механикаландырылған тәсілмен тиеген және түсірген кезде алынбалы шанақтарды, контейнерлерді арнаулы және әмбебап вагондарда тасымалдау.

Темір жол вагондарында, паромдарда және кемелерде көлік құралдарын орналастыру және бекіту тиісті көлік түрлерінде жүктерді тиеудің техникалық шарттары талаптарына толық сәйкестікпен жүзеге асырылады.

2. Құрама тасымалдар мына негізгі талаптарға жауап беруі тиіс:

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін көлік құралдарының тасымалдарын жүзеге асыру;

тасымалдау процесі және көлік құралдарының орналасқан жері туралы дәл және уақтылы ақпарат беру;

бүкіл маршрут бойына "есіктен есікке дейін" схемасы бойынша автомобиль көлігімен тасымалдау жылдамдығына сай келуі немесе одан асып түсуі тиіс жылдамдығының көтерілуін және құрама тасымалдарының көліктік инфрақұрылымы әлуетінің барынша пайдаланылуын қамтамасыз ету.

### **4-бөлім. Қорытынды ережелер**

#### **561-бап. Осы Кодексті қолданысқа енгізудің тәртібі**

1. Осы Кодекс 2010 жылдың 10 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін осы Кодекстің 346-бабы 1-тармағының екінші бөлігін қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

2. Адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін өнімге және оның өмірлік циклы үдерісіне қауіпсіздік талаптарын белгілейтін Тиісті техникалық регламенттерді және олармен үйлестірілген стандарттарды қолданысқа енгізгенге дейін мемлекеттік реттеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Кодекске қайшы келмейтін бөлігінде басқа да нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Техникалық регламенттердің және олармен үйлестірілген стандарттардың қолданысқа енгізілуіне қарай оларды қайталайтын немесе оларға сәйкес келмейтін

қолданыстағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер мен өзге де нормативтік актілердің күші жойылуға тиіс.

3. Күші жойылған деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңестің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 447-құжат; 2001 ж., N 23, 309, 321-құжаттар; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 18, 110-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 15, 63-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат);

2) "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қолданысқа енгізу туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 21 қыркүйектегі қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңестің Жаршысы, 1994 ж., N 15 202-құжат);

3) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңестің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7 - 8 , 23 - құжат );

4) "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 246-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат);

5) "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 315-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 18, 110-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3 , 22 - құжат );

6) "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 320-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат )

7) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 2, 16-құжат; 2004 ж., N 20, 116-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 11, 36-құжат; 2006 ж., N 3 , 22 - құжат );

8) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 134-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат);

9) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі

Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 15, 88-құжат;  
2006 ж., N 3, 22-құжат).

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК